


A portrait of a man with dark hair, wearing a dark suit, white shirt, and dark tie. He is looking slightly to the right of the camera with a neutral expression. The background is a soft, out-of-focus grey.

**КЕМЕЛ  
ТОҚАЕВ**  
—  
**ДАРА ТҰЛҒА**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ  
—  
ДАРА ТҰЛҒА



Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022

ӘОЖ 82-4  
Қ 29

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген*

Қ 29 **Кемел** Тоқаев — дара тұлға. — Алматы: Қазақ университеті, 2022.  
— 172 б.

Бұл жинақ журналист, жазушы, қазақ прозасында детектив жанрының негізін салушы қаламгер, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (бұрынғы С.М.Киров атындағы ҚазМУ) 1948 жылғы түлегі Кемел Тоқаевқа арналды. Жинаққа сара сөздің сардары, белгілі публицист Кемел Тоқаевтың ұлт руханиятына сіңірген еңбегіне арналған естеліктер, университет қорында сақталған архив құжаттары топтастырылған.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 82-4

## КІРІСПЕ

Келесі жылы, яғни 2023 жылы майдангер-жазушы, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1948 жылғы түлегі, қазақ әдебиетінде тыңға түрен салғандай жаңа бағыттың негізін салып, іргесін бекітіп, керегесін кеңейтіп берген қаламгер, Алаш ардақтысы, текті әулеттің өкілі Кемел Тоқаевқа 100 жыл толады. Ұсынылып отырған жинақта жазушының өмір жолының белестері мен шығармашылығы туралы бірге жүрген замандастарының, жақсылығы мен қайырымдылығын көрген қаламгер інілерінің естеліктері мен эсселері, әдебиеттанушы мамандардың оның шығармашылығы туралы жағымды оң пікірлері, студент болған жылдарындағы өмірінен тайға таңба басқандай етіп дерек беретін кейбір архивтік құжаттар топастырылып беріліп отыр.

Мұндағы материалдардың оқырмандар үшін қандай маңызы бар дейтін болсақ, оны бірнеше тұжырым арқылы беруге болады. Алғашқы тұжырым мынадай.

Кемел Тоқаев туралы айтылған, жазылған материалдардың бірінде оның Жетісу жеріндегі атақты Жолбарыс бидің тікелей ұрпағы екені жөнінде айтылады. XVIII ғасырда жоңғарлар тарапынан ел басына қатерлі күндер туғанда Жолбарыс би Жылқайдарұлы өзінің үзеңгілес серіктері — Балпық би, Ескелді би, Қаблиса жыраулармен бірге елдің азаттығы мен бостандығы үшін толарсақтан саз кешіп, ел басқарып сөзін сөйлесе, қол бастап қан майданға кіреді. Елін бақытты ету жолында өмірін арнайды. Елі үшін адал қызмет ету — тек тектілерге тән қасиет. Осы қасиет бірнеше ғасыр бойы үзілмей ұрпақтан-ұрпаққа тарала келе, Жолбарыс бидің тікелей ұрпағы — Кемел Тоқаевтың бойынан табылады. Жинақтағы материалдардың бәрі дерлік Кемел Тоқаевты адами қасиеттерге өте бай тұлға, шығармашылығы өте терең қаламгер ретінде бағалайды. Қан майданда жүріп бірнеше орден-медальдарға ие болуы оның нағыз батырға лайықты ерліктерін дәлелдейді. Жинаққа енген естеліктер мен эсселерде Кемел Тоқаевтың ең алдымен адамгершілік жағынан сипатталуы оның арғы бабасы секілді тектілік қасиетті бойына сіңіргенін көрсетеді. Сонымен бірге осы асыл қасиет Тоқаевтар отбасында берік орнығып, отбасы мүшелерінің бәрінің бойына сіңдіріледі.

Екіншіден, жазушы Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың негізін қалаушы ретіндегі рөлі туралы пікірлер. Бұл жерде мынадай ойлар келеді. Адам бойында жазушылық не ақындық өнер болып, ескі сүрлеумен жүре беруге болады. Ал тыңнан түрен салу тек қайраткердің, өзіне берік тұлғаның ғана қолынан келеді. Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыптарға арналған романдар жазу арқылы жаңа бағыт ашқан Ілияс Есенберлиннің жолы қандай ауыр болса, детектив бағытына бет бұрып, жаңа бағытқа жол ашқан Кемел Тоқаевтың да жолының оңай болмағаны белгілі. Солай бола тұрса да, алған бетінен қайтпаған қаламгер өз жұмыстарының нәтижесін көрді. Бұл бір жағынан қайсарлық болса, екінші жағынан — жазушы бақыты. Кітаптарының оқырмандар сұрауына орай, жыл сайын қайта-қайта баспадан шығуы жазушыға қанат бітіретіні белгілі жағдай. Содан болу

керек, қаламгердің детектив жанрындағы тың еңбектері жиі шыға бастайды. Жинақтағы материалдардан осыны айқын көреміз.

Жинақтағы материалдардың бір бөлігін Кемел Тоқаевтың қандай студент болғанын айғақтайтын архивтік құжаттар көрсетеді. 1942 жылғы құжаттың өзінде жас Кемел Тоқаев С.М.Қириов атындағы ҚазМУ ректорына өтініш жазып, өзінен емтихан алуды (экстерн түрде), тарих-филология факультетінің журналистика бөліміне қабылдауды өтінеді. Және де оның өтініші қабылданып, емтихандарды ойдағыдай тапсырған жас Кемел студент атанады. Мұндай табандылық пен қайсарлық, өзіне деген сенімділік текті жігіттің бойынан табылса керек.

1945-1948 жылдардағы университет қабырғасындағы оқу барысын көрсететін құжаттардан алғыр студенттің қалай оқығанын көреміз. Дипломға қосымша ретінде берілген құжатта 36 пән көрсетілсе, болашақ жазушы бәрін «өте жақсы» мен «жақсы» деген бағаларға тапсырады. Бұл да Кемел Тоқаевтың ата-баба аруағы алдындағы намысын қолдан бермегенін, жоғары білімнің өз қоғамы үшін ауадай қажет екенін сезінгенін және болашақ ұрпақтары үшін үлгі-өнеге болатынын білгендігі деп қабылдаймыз. Мұндай қасиеттердің тек тектілерге тән екенін тарих әлдеқашан дәлелдеп қойған. Біз дәл қазір оның ақиқат екеніне көзімізді жеткізіп отырмыз.

Бұл жинақтың қазіргі таңда қазақ қоғамындағы өскелең ұрпақ үшін тағылымдық-тәрбиелік маңызы өте зор. Жазушы Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы және оның ұстанған өмірлік қағидалары баршаға үлгі болмақ.

I бөлім

## ҚАЛАМГЕР МҰРАСЫ



## ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ АТАСЫ – КЕМЕЛ ТОҚАЕВ

Рафаэль НИЯЗБЕК,  
ақын, жазушы

Кемел Тоқаев – дарға түссе

Соғыс қасіретін суреттеген тақырыпқа жазушы Кемел Тоқаев та қалам тартқан. Бірақ ол соғыс шындығын басқа қырынан көрсетуге тырысты.

Өйткені үстем ұлт өкілдері бір бұйданың жетегінде жүрсек те, шовинистік көзқарасын сұрапыл соғыста да өзгертіп, рухани жаңғыра қоймаған-ды. Өзге ұлттың солдаттары ел басына түскен ауыртпалықты бірге көтерісіп, бірге қайғы-қасірет шегіп, тар жол, тайғақ кешіп жүрсе де, оларды адам санатына қоспады. Соғыс құрбаны деп қарады. Сөйтіп, қайдағы қиын барлауға жұмсап, «өлмесең — өмірем қал» деп жат пиғыл ұстанды. Олардың жұмыр басын қатерге тігіп, жасаған көзсіз ерліктерін де елемеді. Бұның ақ-қарасын айырып, ашып жазуға ешкімнің батылы жетпеді. Ал жазушы Қ.Тоқаев соғыстың осы бір шындығын шырқын бұзбай, астарлап шебер суреттей білуімен ерекше көрінді. Өйткені ол түлкі құрсақ болып жұпыны тірлік кешсе де, ділі шырайлы, тілі шұрайлы кезде әдебиетке келген еді. Соның әсері тимей қалған жоқ, әрине. Соның нәтижесінде талантын жылдар жаныған тарлан жазушы өзінің күш-қуатына сеніп, әдебиет әлеміне бұрын тосын көрінген детектив жанрына түрен салып, іргесін бекітіп, сапасын аса жоғары деңгейге көтере білді. Рас, тұңғыштың жолы қашанда ауыр болған. Сонау аштық жылдары әке-шешеден ерте айырылып, тағдыр тауқыметін көп тартып, көз жасына суарылып жетілген ол қандай жағдайда да жасып, мойымады. Қарағайға қарсы біткен қайсар бұтақтай тағдырына қасқайып қарсы жүрді. Мұратына жетпей мұқалмауды ойлады. Ертеде бір жетім айтқан екен: «Өмір деген өксік қой, өксіп жүріп өстік қой» деп. Ал түбіт мұрты жаңа тебіндеп шығып, жиырмаға толар-толмас көк өрім балауса шағында соғысқа аттанып, небір сұрапыл күндерді бастан өткеріп, қайғы жұтқан сайын қатайып, өксік атқан сайын өркештеніп үйренген Кемел бұл салада да өзінің кім екенін, қандай азамат тұлға екенін айқын көрсетті. Сөйтіп, ол шытырман оқиғаға құрылып, әртүрлі шеберлік үлгіде шынайы жазылған шоқтықты кітаптары жарық көрген сайын қалың қауымның сүйіспеншілігіне бөленіп, биіктен-биікке көтеріле берген...

Ол шын мәнінде текті буынның бекзат болмысына көлеңке түсірмей, тереңнен толғай білетін тегеурінді өкілі еді. Оның қалам тартқан қай туындысы да тартымды жазылып, қоғам назарын өзіне аударып, шығармашылық әлемі кемелденіп, шоқтығы көрініп тұратын болды. Сол кезде бүкіл баспа ісін басқарған Шерияздан Елеукуенов Кемел Тоқаевтың 450 мың данамен тараған бір кітабын тілге тиек ете отырып: «Әуезов шығармалары да мұндай тиражбен шықпаған еді», — деген еді.

Қ.Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейге көтеріліп, шиыршық атқан аса шебер үлгіде жазған көлемді туындысының бірі — «Солдат соғысқа кетті» романы. Қанға бөккен майдан даласы жан-жақты суреттеліп, ара-арасында солдат күнделігімен тұздықталып отыратын бұл көлемді туындыны көкірегің ыза-кекке толып қызынып, бұрқанбай оқу әсте мүмкін емес. Өйткені романның алғашқы беттерінде: «Қызыл вагондар жол бойын тұтас алып самсап тұр. Бәрінің есігі айқара ашылған. Қанша кісі кірсе де, апыр-топыр жұтып жіберетін түпсіз апан

секілді», — деген суреттеменің арғы тұңғық астарында сұмдық бір сырдың ұшқындап жатқанын сезіп, шыбын жаның шырқырап қоя береді. Өйтпегенде қайтеді — қызыл вагондар шойын жолдың бойымен сырғып жүйткіген күйі солдаттарды тиеп алып барып, қанды қырғын майдан даласына — араны ашылған ажалдың аузына топырлатып тоғытып тастап кетіп жатса...

«Мұхамед самолет құлдилап бергенде ішін тартып, демін тоқтатып тұрып атып қалды.

Бұл оның жауға атқан алғашқы оғы еді... Жауға атқан алғашқы оғының дарығанын байқады. Ұшқыш бір сәтке самолетті игере алмай бұлталаңдап, шайқалып барып шапшаң көтерілді. Ұшқыш өзін атқан нысананы анық байқаған секілді. Ызалана шүйлігіп пулеметтен оқты боратып өтті. Мейірманов пен Мұхамед те қатарласа үсті-үстіне атып жіберді. Ұшқыштың жарқыраған көзілдірігін қан жуып кетті.

Мұхамед орнынан атып тұрып:

— Жарайсың, бауырым! Самолетті атып түсірдің! Нағыз батырсың! — деп досын құшақтай алды. Жау самолеті жүгері алаңынан асып барып тоңқалаң асты. Жалын аралас қара түгін бұрқ етіп аспанға көтерілді. Власов жүгері арасынан қуана жүгіріп шықты.

— Жолдастар, мен жау самолетін қираттым. Атып түсірген — мына мен! Мен! — деп, тұмсығымен жер тірей тоңқалаң асқан самолетке мойындарын созып қарап қалған солдаттарды жағалай құшақтап айқайлап жүр».

Бірақ сол арада бұның рас-өтірігін тексеріп, шындыққа көз жеткізуге ешкім ұмтылмады. Бәрі «Сен нағыз геройсың!» деп, Власовты жапа-тармағай дәріптеуге көшкен. Өйткені ол кезде бұл саржағалардың өтірігі де өрге жүзіп, айдын асырып тұрған.

Алайда құрсағында жетіліп туған Мұхамед бұл әділетсіздікке көпе-көрінеу төзбеді. «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген ата қазақтың азаматы болсам, бұған қалай шыдауым керек деп ширыққан. Сол бойда екеуінің винтовкасын тексертіп, шенділермен көп ырғасып, айтысып-тартысып, ақырында жау самолетін атып түсірген Мейірманов екенін дәлелдеп шығады.

«Мә, қараңыз! — деп затворын сарт еткізіп қайырып тастады. — Ствол таза, оқ атылмаған. Ал мынау сержант Мейірмановтың винтовкасы. Дәрінің ізі де, иісі де бар. Сонда Власов самолетті несімен атып қиратып жүр?»

«Тура айтқан туғанына жақпайды» деген — осы. Мұхамедтің әділ сөзі онсыз да төңірегінен жау іздеп жаланып жүрген Власовты кектендірмей қоймайды. Оны оның: «Сен сволочьтың кім екенінді енді білдім. Майдан кең, біз әлі кездесеміз. Айтпады деме, қан қақсатамын! Зарлайсың!» деген сөзінен аңғару қиын емес-ті. Кейде өмірде адам айтса нанғысыз жағдайлар болып жатады. Жау самолетін атып түсірген Мейірмановқа түсінде біреу келіп: «28 октябрьде өлесің», — дейді. Бұның шындығына көз жеткізбек болып оны қауіпсіз жерге оңаша қамап, сыртынан күзетеді. Алайда Мейірманов дәл сол күні жұмбақ жағдайда қаза табады. Ол неден өлді, кім өлтірді — ешкім білмейді. Өйткені бұл кезде соғыстың ішінде тағы бір майдан астыртын жүріп жатқан.

Арада екі жыл өткенде бұл майданның сыры ашылған. Ашқан командованиенің ерекше тапсырмасын орындаған Мұхамед болатын. Сөйтіп, ол Польша жерінде Ломда қаласының түбінде Мейірмановты өлтірген Власовпен бетпе-бет кездескен еді.



Рас, соғыста солдаттар арасында егесіп, шекісіп қалу сияқты әртүрлі келеңсіз жайттар болмай тұрмайды. Бірақ мәселе мұнда емес. Мәселе автордың ел басына екіталай күн туғанда екі майданда да қатар соғысып, кейін жеңген жағына оңай сытылып шығып кетуді көздеген Власов сияқты сатқындардың бетпердесін ашып, көрбілтеленбей айқын көрсетуінде болып тұр. Соғыс тақырыбына бұрын да талай шығарма жазылған-ды. Алайда солардың бірде-бірінде әлгіндей зымыстандардың екіжүзділігі бұлай шындық тұрғысында бедерлі бейнеленіп, ашық айтылмаған еді.

Осы орайда, мына бір жайтты еске сала кеткім келеді. Қай тақырыпқа қалам тартса да, тереңнен толғап жазатын Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде бұрын болмаған детектив жанрының негізін қалап, күш-жігерін жұмсап, тың бағыттың сапасын аса жоғары деңгейге көтеріп, сол жанрдың атасы атанған еді. Енді, міне, соғыстың қаһарлы күндері кең қамтылып, жан-жақты суреттелген мына романы арқылы ол тың бағытқа тағы да түрен салып, өз мүддесін көздеп екі майданда да қатар соғысқан екіжүзді сатқындардың бетпердесін сыпырып, сойдақтаған қанды іздерін қорықпай ашық жазған тұңғыш автор екенін және көрсетті.

Замана тудырған ұлы тұлға Д.Қонаев ел басқарып тұрған кезінде атаман Дутовтың көзін құртуға қатысқан чекистердің ерлігі мен Орал қаласында ақ гвардияшыларға қарсы шайқасқан жергілікті халықтың күресін бейнелейтін фильмдер түсіріңдер деп тілек білдірген. Сөйтіп, бұл екі фильмнің де сюжетін өзі айтып берген. Бірінші тапсырмасы бойынша картина жедел түсіріліп, «Атаманның ақыры» деген атпен экранға шықты. Екінші картинаға да қыруар қаржы, көп күш-қайрат жұмсалып, «Уральск в огне» деген атпен тез түсіріліп біткен еді, бірақ жолы болмады. Фильмнің бас кейіпкері — Орал казактары армиясының қолбасшысы, генерал Тольстовтың ағылшын тілшісіне берген сұхбатында:

«Если мне пришлось бы возвращаться опять в Россию, я бы поставил в Эрмитаж скелет последнего туземца (қазақтарды айтып отыр) как уникальный памятник для потомства», — деген бір ауыз сөзі картинаның бағын байлады. Генералдың бұл сандырағын әдепкіде фильмнен қиып тастамақ та болды. Сонда да картинаның өне бойына тілінген таспадай тартылып өрілген әлгіндей жат пиғыл, суық көзқарастың ызғарын бәрібір жұмсарта алмады. Бұның өзі, түптеп келгенде, фильмнің омақаса құлауына әкеп соқты. Ал Дінмұхамед Қонаев әйгілі актер, белгілі режиссер Шәкен Аймановқа идеясын айтып түсірткен бірінші фильм экранға шыққан бойда бағы жанып жүре берген. Бірақ фильмде Қасымхан Чанышев деген өмірде болған адамның есімі өзгертіліп, атаман Дутовты өлтірген Қасымхан Шадияров болып көрсетілді. Оның экрандағы тұлғасын сомдаған — атақты актер Асанәлі Әшімов.

Бұл жөнінде жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Көсемәлі Сәттібайұлы былай деп қалам тербейді: «Жазушы Кемел Тоқаев арада он бір жыл өткенде, яғни 1981 жылы «Жазушы» баспасынан 49 000 данамен шыққан «Соңғы соққы» романында атаман Дутовты атып өлтірген басқа адам екені туралы ақиқат Ресейдің федералдық қауіпсіздік қызметінің Орталық архивінен табылған және онда «При входе к Дутову я передал ему записку, тот стал ее читать, сидя на стуле за столом. Во время чтения я незаметно выхватил револьвер и выстрелил в грудь Дутову. Дутов упал со стула. Бывший тут адъютант Дутова бросился ко мне, я выстрелил в упор ему в лоб. Тот упал, уранив со стула горевшую свечу. В темноте я нащупал Дутова ногой и выстрелил в него еще раз», — деп жазған М.Қожамяровтың хатын пайдалана отырып, именбей ашық айтты» («Тұңғыш». «Алматы ақшамы», 16 маусым 2016 жыл).

Сөйтіп, жазушы Кемел Тоқаевтың туралып кетсе де, турасын айтып жазған романында атаман Дутовты атып өлтірген Шадияров емес, Қожамияров болып бедерлі бейнеленіп, аласапыран уақыттың бір қалтарысында ұмытылып қалып қойған азамат ердің есімі қайта жаңғырып, шындық салтанат құрған еді.

Тоқетерін түйіп бір-ақ айтқанда, Кемел Тоқаев оқиғаларды ойдан шығарып, жасанды тартыс құрып, шығарма жазған емес. Ол көңілін тербеген көркем туындысын мына қылмыс әлемі мен жықпыл қатпары көп жымысқы қоғамның тұңғыық сырына жіті үңіліп, сезіп-түйсінгенін жүрегінен өткізіп барып өркештеніп отырып жазады. Бәлкім, содан шығар, оның қаламынан туған қай шығармасынан да тұтас бір дәуірдің шындығы сахараның жусанды жотасындай білемденіп көрініп жатады. Сөйтіп, оқушы жүрегіне сара жол тауып, қолдан-қолға өтіп, ел аралап кете барады.

«Егемен Қазақстан», 2 қазан 2018 жыл



## ҚАЛАМГЕР ҚАЗЫНАСЫ

**Жақау ДӘУРЕНБЕКОВ,**

жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ана тілі» баспасының директоры

Жақында «Ана тілі» баспасынан Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша қазақ прозасында детектив жанрының негізін салып, қасқа жолын қалыптаған қаламгер Кемел Тоқаевтың шығармалары жарық көрді.

Бұл — көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың 95 жылдығына орай шыққан мерейтойлық бес томдық.

Кемел Тоқаевтың сүбелі шығармасы — «Солдат соғысқа кетті» романы бірінші томға берілді. Романаға берілген «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан политрук Қасым Болтаевқа арнаймын» деген эпиграммаға қарап, автордың бұл шығармасына айрықша шынайылықпен, көкейін тескен тебіреністі күймен толғай қалам тербегенін көреміз. Көлемді шығарманың құрылымдық жүйесі де «Солдат күнделігінен» үзінділерімен тұздықтала отырып, майдандағы қаһарлы күндер психологиясы



Жақында «Ана тілі» баспасынан Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша қазақ прозасында детектив жанрының негізін салып, қасқа жолын қалыптаған қаламгер Кемел Тоқаевтың шығармалары жарық көрді. Бұл көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың 95 жылдығына орай шыққан — мерейтойлық бес томдық.

Кемел Тоқаевтың сүбелі шығармасы «Солдат соғысқа кетті» романы бірінші томға берілді. Романаға берілген «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан политрук Қасым Болтаевқа арнаймын» деген эпиграммаға қарап, автордың бұл шығармасына айрықша шынайылықпен, көкейін тескен тебіреністі күймен толғай қалам тербегенін көреміз. Көлемді шығарманың құрылымдық жүйесі де «Солдат күнделігінен» үзінділерімен тұздықтала отырып, майдандағы қаһарлы күндер психологиясы мен панорамасы тәптіштей таратылады. Оқиғалардың желісі майдандағы өмірдің жан-жақты суреттеу арқылы бір қырынан көрінеді. Соғыстың ортінде кеп түскен өрімдей жас жауынгерлердің образы көз алдына келеді, соғыстың қай-жақсы жақтары мен қатерлі жағын аңғартады. Жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан киналысы, ажал аузындағы арпалыс, жүзінген аяқ пен жанының денесінің қана боялған көріністерінің қалпында берілгені сондай, сол сұрапыл шайқастың күзгеріне айналсақ. Жаралған бомба мен жауған оқтын ортасында жүрген жауынгерлердің сын сағатта өзін қалай ұстап, қалай көрсететіні, олардың арпалысқан бір-біріне ұсымайтын көзқарасы, өмірге құштарлығы, батылдығы мен батырлығы, соған қоса кейбір кейіпкерлерінің қорқақтығы мен сарқылдығы, тұпаймаи пенделігі секілді, айтуір адамда болатын қасиеттердің бәрі романда шынайы суреттеледі.

Көлемді шығармалар жинағының бірінші томға «Солдат соғысқа кетті» романымен қатар «Түнде атылған оқ», «Тасқын» повестері берілген. Екінші томға берілген қаламгердің көзекті құралы шығармасы — «Соңғы соғыс» романы. Күрделі деп ерекше атауымыздың мәні мынада. Адаммен қаламгердің тапқан тақырыбының терең зерттеушілікпен барып, өткен өмірдің қиын-қысталаң шағындағы дерегі мен дәйегі, шындығы мен аңыз араласып кеткен оқиғалардың тінін ашуға таясалмай барғаны тәнті етсе, дәуір тынысына сай дүбірлі оқиғаларын, оған қатысты жанлардың қарекеті мен жүрегінің құпия сырларын аша отырып суреттей білетін қаламгерлік табандылығы қалпысыз шеберлігімен баурап алады. Осы тақырыпты игеру жолында қандай қиындықтар мен келерілерін барын біле тұра қаламын қайсарлықпен сілтей білуіне қарап қаламгердің рухани қуатының қандай болғанын бағалау қиын бола қоймас. Шындағында, бұл романның оқиғалары мен кейіпкерлерінің нақтылығы мен деректілігі — өткен өмірдің құпия жетік білуге пара-пар дерліктей еді.

Үшінші томның үлесіне «Ұясынан безген құс» романы мен «Қастандық» повесі тигітті. Жалпы, шығарма оқиғалардың өмірдегі болмысын терең әрі өзіндік тұрғыда танып білетін, шылауында кетпей оның логикалық қисыны мен дамуын зерделей алатын қаламгер әр шығармаға шынайы шындықты арқа етуі — оның қаламгерлік кредосы дегуге болады. Оқымның баурап әкелетін «Ұясынан безген құс» туындысынан да осы бір ізгілікті әрі иланымды

ұстанымды көреміз. Мұндағы ағайын арасының татулығы, қызғанаушылық, қырық бойлауының, көреалмаушылық, маскүнемдік, зинакорж секілді адам қасиеттері мен қиындықтарды оқиғалардың тұздығы ете отырып, Шегебай мен Ноиярдың «оқымды білдіретін жыл» жүрістерін әзікерлейтін мұқият қызықкерлерінің еңбегін боямсыз суреттейді. Мұндағы «Ұясынан безген оқымды...» сөзі ұлт ұжымын қалдыруға ұласып жатқанын менсенеу — шығарманың тастықын толғады.

Қаламгердің көп тер төккен тақырыбы, қазақ прозасына тән үрдіс әкелген шығармалары негізінен қысқа мәлім — шығарма оқиғалы повестері. Бұл повестері — байыпшы зер салуды, қаламгер ізденісін тұрақтылығы мен табиғилығымен айқын айғақтайтын жемісті еңбектер. Бұл прозаға келген жана жанр, күрделі де тәрбиелік мәні зор, оқымның баурау жағынан ұтқан да ұшыр детектив жанрының шебері ретінде танылған қаламгердің шығармашылық ізденісі жемісті де жемісті жылдары ілетті. Қаламгердің бұл шығармалары («Сарғабанда болған оқиға», «Қошпенді үйін қонысы қайда?», «Тұрды жағалау», «Қомексіз із», «Солдат көбірінің басында») төртінші томнан орын алды.

Бесінші томнан оқымнан көңілді қызғартатын сауалдарға жауап жазуға шақырылған, толғау-ойларды қалауына таба алады дер едік. Мұндағы Кемел Тоқаев өміржолы, отбасы, өткен мен қорғен жапың ұлы, мемлекет жемісті қолға қайраткері, қазақ дипломатиясының көрнекті тұлғасы Қасымжолар Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғауы» эссесі ерекше қызығушылық тудырады және асқан ықыласпен оқылады деп білеміз. Әке мен анаға деген перзенттік махаббатпен төгілген толғауда ата-анасын сүйіп, оны құрметтеп өткен, олардың жасылығы мен қуанышын іскерлікпен еске алған, оны өмір бойы ұлық тұтып үкілей білген ұлдың сағынышқа толы көңілінің мөлдір моңаштары қазақ бетіне қаз-қалпында түскен, баянсыз әсерлі де айрықша кәсіреті. Жүректі тербей, көңіле нұр қайды, перзенттік адалдықтың осынышалықтатты мен парасаттылығы, тағы шықтай тзылалы еріксіз тәнті етеді. Баяндауы байыпты, толғауы тебіреніске толы өмірбаяндық эссенің жалғыз керемет, оған алар әсер де айрықша боларына көміл сенімдіміз.

Әрбір шығарма қаламгердің жан толқынсынан барып тұрады. Ондағы кейіпкерлер, оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғансыз қаламгердің өмірлік танымымен талғамының, сарптауы мен саралауының жемісі мен жемісі.

Кемел Тоқаевтың болмысын, қаламгерлік қарымын тану үшін жазғандарын оқу керек. Ал оқиғаның жанын өз дәуірінің мөлдір моңаштары қазақ бетіне қаз-қалпында еңбегіне риясыз ықыласы болары сөзсіз.

Бес томдық — қаламгердің кемел қазынасы.

**Жақау ДӘУРЕНБЕКОВ,** жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ана тілі» баспасының директоры

мен панорамасы тәптіштей таратылады. Оқиғалар желісі майдандағы өмірді жан-жақты суреттеу арқылы бар қырынан көрінеді. Соғыстың өртіне кеп түскен өрімдей жас жауынгерлердің образы көз алдына келеді, соғыстың қайғы-қасіреті мен қатыгездігі жаныңды түршіктіреді. Жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан қиналысы, ажал аузындағы арпалыс, жұлынған аяқ пен жаншылған денелердің қанға боялған көріністерінің қаз қалпында берілгені сондай — сол сұрапыл шайқастың куәгеріне айналасың. Жарылған бомба мен жауған оқтың ортасында жүрген жауынгерлердің сын сағатта өзін қалай ұстап, қалай көрсететіні, олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын көзқарасы, өмірге құштарлығы, батылдығы мен батырлығы, соған қоса, кейбір кейіпкерлерінің қорқақтығы мен сатқындығы, пұшайман пенделігі секілді, әйтеуір, адамда болатын қасиеттердің бәрі романда шынайы суреттеледі.

Қаламгердің шығармалар жинағының бірінші томына «Солдат соғысқа кетті» романымен қатар, «Түнде атылған оқ», «Тасқын» повестері берілген.

Екінші томға берілген қаламгердің кезекті күрделі шығармасы — «Соңғы соққы» романы. «Күрделі» деп ерекше атауымыздың мәні мынада: алдымен қаламгердің таңдаған тақырыбына терең зерттеушілікпен барып, өткен өмірдің қиын-қыстау шағындағы дерегі мен дәйегі, шындығы мен аңызы араласып кеткен оқиғалардың тінін ашуға тайсалмай барғаны тәнті етсе, дәуір тынысына сай дүбірлі оқиғалардың, оған қатысты жандардың қарекеті мен күресінің құпия сырларын аша отырып суреттей білудегі қаламгерлік табандылығы қапысыз шеберлігімен баурап алады. Осы тақырыпты игеру жолында қандай қиындықтар мен кедергілердің барын біле тұра, қаламын қайсарлықпен сілтей білуіне қарап қаламгердің рухани қуатының қандай болғанын бағалау қиын бола қоймас. Шындығында, бұл романның оқиғалары мен кейіпкерлерінің нақтылығы мен деректілігі — өткен өмірдің құйын желін құрықтай білумен пара-пар дерліктей еді.

Үшінші томның үлесіне «Ұясынан безген құс» романы мен «Қастандық» повесі тиіпті. Жалпы, шытырман оқиғалардың өмірдегі болмысын терең әрі өзіндік тұрғыда танып-білетін, шылауында кетпей, оның логикалық қисыны мен дамуын зерделей алатын қаламгер әр шығармаға шынайы шындықты арқау етуі оның қаламгерлік кредосы деуге болады. Оқырманын баурап әкететін «Ұясынан безген құс» туындысынан да осы бір ізгілікті әрі иланымды ұстанымды көреміз. Мұндағы ағайын арасының татулығы қызғаныштың құрық бойламайтыны, көреалмаушылық, маскүнемдік, зинақорлық секілді адами қасиеттер мен құндылықтарды оқиғалардың тұздығы ете отырып, Шегебай мен Нояндардың «жымын білдірмейтін жылан» жүрістерін әшке-релейтін міліса қызметкерлерінің еңбегін боямасыз суреттейді. Мұндағы «Ұясынан безген оңбайды...» сөзі ұлт ұясын қадірлеуге ұласып жатқанын меңзеу — шығарманың тас түйін толғамы.

Қаламгердің көп тер төккен тақырыбы, қазақ прозасына тың үрдіс әкелген шығармалары — негізінен көпке мәлім шытырман оқиғалы повестері. Бұл повестері байыппен зер салуды, қаламгер ізденісінің тұрақтылығы мен табандылығының айқын айғағындай болған жемісті еңбектер. Бұл прозаға келген жаңа жанр, күрделі де тәрбиелік мәні зор, оқырманды баурау жағынан ұтқыр да ұшқыр детектив жанрының шебері ретінде танылған қаламгердің шығармашылық ізденістегі жемісті де жеңісті жылдары іспетті. Қаламгердің бұл шығармалары («Сарғабанда болған оқиға», «Көшкен үйдің қонысы

қайда?», «Таудағы жаңғырық», «Көмескі із», «Солдат қабірінің басында») төртінші томнан орын алған.

Бесінші томнан оқырман көңілді қызықтыратын сауалдарға жан-жақты жауап-сырларды, толғам-ойларды қалауынша таба алады дер едік. Мұндағы Кемел Тоқаевтың өмір жолы, отбасы, өткені мен көргені жайлы ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ дипломатиясының көрнекті тұлғасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» эссесі ерекше қызығушылық тудырады және асқан ықыласпен оқылады деп білеміз. Әке мен анаға деген перзенттік махаббатпен төгілген толғауда ата-анасын сүйіп, оны құрметтеп өткен, олардың жақсылығы мен қуанышын іңкәрлікпен еске алған, оны өмір бойы ұлық тұтып үкілей білген ұлдың сағынышқа толы көңілінің мөлдір моншақтары қағаз бетіне қаз қалпында түскен, баян-сыры әсерлі де айрықша қастерлі. Жүректі тербеп, көңілге нұр құяды, перзенттік адалдықтың осыншалық пәктігі мен парасаттылығы, таңғы шықтай тазалығы еріксіз тәнті етеді. Баяндауы байыпты, толғауы тебіреніске толы өмірбаяндық эссенің жазылуы керемет, одан алар әсер де айрықша боларына кәміл сенімдіміз.

Әрбір шығарма қаламгердің жан толқынысынан барып туады. Ондағы кейіпкерлер, оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанысы қаламгердің өмірлік танымы мен талғамының, сараптауы мен саралауының желісі мен жемісі.

Кемел Тоқаевтың болмысын, қаламгерлік қарымын тану үшін жазғандарын оқу керек. Ал оқыған жанның өз дәуірінің болмысын көркем сөзбен кестелеген қаламгердің еңбегіне риясыз ықыласты болары сөзсіз.

Бес томдық — қаламгердің кемел қазынасы.

«Егемен Қазақстан», 18 қыркүйек 2018 жыл



## СЛАВНЫЙ СЫН ЖЕТЫСУ

**Наталья ТОЛМАЧЕВА**

В сш им. Кемеля Токаева г. Уштобе прошли праздничные мероприятия, посвященные 90-летию со дня рождения писателя, воина, патриота своей Родины, чье имя на протяжении долгих лет с честью и гордостью носит это учебное учреждение.

Кемель Токаев родился 2 октября 1923 года в селе Кальпе Каратальского района. За тот небольшой период, отмеренный судьбой, прожив всего 63 года, он очень много сделал для страны и своего народа. Рано оставшись без родителей, Кемель ага познал все тяготы сиротской жизни. Началом семейной трагедии стали последствия проводимой повсеместно коллективизации в сельском хозяйстве, когда велась борьба как с богатыми крестьянами, так и с середняками. Люди, испокон веков занимавшиеся животноводством, в то время в считанные часы лишались всякого личного подворья и, вместе с тем, оставались без средств к существованию. И чтобы как-то выжить, они оставляли родные места, спасаясь от голодной смерти. К сожалению, не обошла эта участь и семью К. Токаева.

Пытаясь выжить, они с большим трудом перебралась в Бишкек, где вскоре из-за невыносимых жизненных условий сначала заболела мама Кемеля, которую разбил паралич, а затем в семью пришло еще большее горе. Зимним днем, когда Кемель со старшим братом Касымом ушли в город в надежде найти что-нибудь съестное, а отец, заработав в хозяйском доме, где их приютил местный житель, старые сапоги, отправился на базар, чтобы обменять их на хлеб, младшая сестренка мальчишек, игравшая возле печки, на глазах своей матери, оступившись, упала в огонь, сгорев заживо. Женщина, прикованная к постели, ничем не могла помочь ребенку и через несколько минут тоже умерла, не вынеся весь этот ужас. А Кемеля с Касымом отец домой тогда так и не дождался. После он долго искал сыновей, но безрезультатно. Ему не было известно, что милицейский патруль, приняв их за беспорядочников, не слушая объяснений детей, доставил задержанных в детприемник, а оттуда — в детский дом. Так Тока — глава семейства, после длительных неудачных поисков сыновей, узнав от соседей лишь то, что ребят увезли на повозке против их воли какие-то незнакомцы, подумав, что это были преступники или рабовладельцы, с которыми не составляло особого труда столкнуться в то смутное время, потерял к жизни всякий интерес. И однажды он сказал об этом хозяину дома Якову, помогавшему ему в этой беде. Он попросил Якова позаботиться о детях, если когда-нибудь они вернуться. А сам, в ту же ночь, покинул пристанище и исчез без следа. Через некоторое время о произошедшем узнал старший из сыновей, которому удалось сбежать из приюта. А когда он возвратился назад, страшное известие дошло и до Кемеля.

Эпизоды этих тяжелых событий, ворвавшиеся в жизнь Кемеля Токаева, с болью в сердце вспоминали его родственники и земляки на проходившем творческом вечере в актовом зале школы, организованном в честь юбиляра. Воскрешались в памяти годы Великой Отечественной войны, когда в феврале 1942-го был убит его единственный брат Касым. Но в борьбе с фашистами Кемель тоже никогда не жалел своих сил, и, проливая кровь, как и все наши солдаты, он служил Отчизне верой и правдой, участвовал в обороне Сталинграда, прошел с танковым полком по бранным полям Белоруссии, Украины и Польши. К концу 1944 года был награжден двумя орденами Великой Отечественной войны, медалями «За отвагу», «За взятие Сталинграда» и другими боевыми наградами. Но до Берлина он не дошел, так как в боях на польской земле был тяжело ранен. Разрывная пуля немецкого снайпера попала в правую ногу бойца. Он долго лечился в госпиталях Гомеля и Омска. В победном 1945 году, со второй группой инвалидности, молодой парень после перенесенной операции, вынужденный пользоваться костылями, поступил в Казахский Государственный университет им. Кирова и впервые за 22 года жизни у него появилась надежда на светлое будущее.

Преподавательский состав являлся весьма сильным. Лекции читали известные ученые, писатели и журналисты. В то время Кемелю ага посчастливилось слушать лекторские чтения и классика казахской литературы Мухтара Ауэзова. С отличием закончив учебное заведение, он приступил к трудовой деятельности, пройдя путь от корреспондента, редактора газеты «Қазақстан пионері» и ответственного секретаря «Социалистік Қазақстан» до главного редактора ведомостей Президиума Верховного Совета КазССР. При этом, главным делом его жизни являлось художественное творчество, где К.Токаев преуспел как выдающийся писатель и был признан основоположником де-

тективно-приключенческого жанра в казахской литературе. Произведения писателя издавались многочисленными тиражами и переводились на разные языки и вошли в золотой фонд отечественной культуры.


В ходе проходившей встречи теплые слова посвятили своему земляку начальнику отдела культуры Ж. Тебериков, писатель К. Караман, восьмиклассник СШ имени Дзержинского Курмет Жигер, председатель попечительского совета частного благотворительного фонда им. К. Токаева В. Спиридонова и другие гости. Также исполнялось много музыкальных произведений, посвященных юбиляру. В завершении представитель фонда и директор школы А. Шмелева надели чапаны родственникам Кемель ага, прибывшим с его малой Родины — М. Амирбековой и Розе Каликызы.

Следующий день проходившего торжества ознаменовался открытием аллеи памяти Кемеля Токаева. В праздничной церемонии приняли участие аким района Султан Дюсембинов, секретарь раймаслихата Бахыт Смаилов, заместитель председателя райфилиала НДП «Нур Отан» Кудайберген Амринов, председатель районного совета ветеранов войны и труда Сеилхан Бекон. В торжестве участвовали дочери Токаева: Карлыга Кемелевна и Карлыгаш Кемелевна, а вместе с ними его зять и внуки. Во время выступления руководитель района в очередной раз подчеркнул высокие заслуги Кемель ага. Выступавший заметил, что и как человек, и как гражданин Кемель Токаев всегда будет являться достойным примером в деле патриотического воспитания подрастающего поколения, служа мериллом всех высочайших моральных и духовных ценностей. Потом С. Дюсембинов объявил о присвоении звания «Почетный гражданин Каратальского района» старшей из дочерей юбиляра Карлыге Избастиной, вместе с символической лентой надел на нее и традиционный чапан. Затем чапаны были одеты на ее супруга Темиртая Избастина, являющегося послом Казахстана в Болгарии, и ее сестру Карлыгаш Кемелевну. Карлыга Избастина, поздравив присутствовавших со светлым праздником, прочла обращение Касым-Жомарта Токаева к участникам праздничного мероприятия, где он благодарил за добрую память об отце и проведение юбилейных торжеств в его честь фонд им. К. Токаева, акиматы Алматинской области и Каратальского района, а также школу, носящую имя уроженца Жетысу. В своей телеграмме политик отметил, что его отец всегда возлагал большие надежды как в произведениях, так и в жизни на подрастающее поколение, и что мысли и идеи его востребованы и в современную историческую эпоху.

В честь юбилея Кемеля Токаева состоялись и другие торжественные церемонии: награждение ветеранов войны и труда, чествование команд-победителей чемпионата района по футболу. Также за успехи в учебно-воспитательной работе и активное участие в работе благотворительного фонда имени К. Токаева подарки были вручены и ряду учителей. Затем награды получили победители конкурса научно-исследовательских работ «След на Земле», посвященного дню рождения писателя, где победителями стали: А. Малдыбекова, Т. Валитова, М. Хайбулина, Б. Жуманова, А. Мурзаканова, И. Жужа, Н. Ауельбекова, А. Аяпова и Н. Коргамбаев.

После поминального обеда началась большая концертная программа, подготовленная продюсерским центром «Зодиак» г. Алматы, где участвовали ансамбль «Жұлдыздар», Ермек Мукашев и другие звезды казахстанской эстрады, а также цирковые артисты.

«Огни Алатау», 19 октября 2013 года



## ГВАРДИЯ СЕРЖАНТЫ (Жазушы-майдангер Кемел Тоқаев туралы толғау)

**Бақытжан ҚАНАПИЯНОВ,**  
Қазақстан жазушылар одағы басқармасының хатшысы

Қазақ даласындағы алапат ашаршылық жылдары ата-анасынан ерте айырылған он жасар Кемел Тоқаев ағасы Қасыммен бірге балалар үйіне, әуелі Меркідегі, кейіннен Шымкент қорғасын зауытының жанындағы жетім балаларға арналған интернатқа тап болады. Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған уыздай жас Қасым інісіне қамқорлық жасауды өз мойнына алады. Ол темірдей тәртіпті сүйетін. Сондықтан мектеп-интернатта көптеген қоғамдық тапсырмаларды қалтқысыз орындап, мұғалім-тәрбиешілері мен өз құрбы-құрдастарының арасында абыройлы болады, сол арқылы кішкентай Кемелге үлгі көрсетеді. Ата-ананың мейірімі мен жүрек жылуынан ерте ажырап, қатал тағдырдың қыспағына түскенімен, ағалы-інілі балаларға оқу аса қиындық тудырмайды. Ал соғыс басталардан азғана бұрын, мектеп пен фельдшерлік училищені бітірген Қасым Свердловскіге жолдамамен барып, жас офицерлер даярлайтын қысқа курстан өтеді. Кемел Тоқаевтың мұрағатында ағасының жарық дүниедегі жалғыз жақын адамына, бауырына деген ағалық қамқорлыққа, мейірім мен жылылыққа толы хаттары сақталған. Қасым майданға аттанарда ағайындылардың ажырасу сәті ауыр болды. Қоштасу сөздері айтылған жоқ. Екеуі интернат ауласындағы сәкіде көздерін жерден алмай, тозығы жеткен бәтеңкелеріне қарап отырды. Бұл бір-бірімен мәңгілік қоштасуы екенін екеуі де сезгендей еді. Ағасы орнынан тұрып, қолсағатына қарады

да, Кемелге әскери комиссариатқа баратын уақыт таяғанын айтты. Інісінің қош айтысқан көзқарасын байқаған ол сағатының бауын ағытып, оның білегіне тақты.

- Ескерткіш ретінде тағып жүр!
- Ал сен ше?
- Менде басқасы, командир сағаты болады.

Олар бір-бірін қатты қысып құшақтады, сосын Қасым әскерге аттанатын басқа да жолдастары отырған жүк машинасына бет алды...

Жетім балалардың барағына әбден қас қарая оралған Кемел көз жасын тыя алмай, түні бойы жылап шықты. Қолсағаттың тықылы соғысқа аттанған ағасын әлсін-әлсін есіне салды, толықсып туған ай оңтүстік түнінің кеңістігіне үрейлі сәулесін шашып тұрған еді. Сыныптастары – балалар үйі тәрбиеленушілерінің қолы жете бермес, ағасынан қалған осы сағатты өмір бойы оның көзінде көріп жүрді.

Бір жарым жылдан кейін оның өзіне де майданға аттану кезегі келіп жетті. Кемел Тоқаев сержанттар даярлайтын қысқа мерзімді курсқа жіберіліп, оны тамамдағаннан кейін Совет армиясының жауынгеріне айналды.

Ағасы Қасым 1942 жылы 22 ақпанда Ржев түбіндегі шайқаста қаза тапты. Артынан келген «қара қағазда» оның қай жерде опат болғаны нақтылы айтылмаған еді. Тек «Социалистік Отанымызды – КСРО-ны қорғауда ерлікпен қаза болды» деген бір ауыз сөз ғана жазылған.

Арада ондаған жыл өткенде Ресейдегі Қазақстан елшілігінің қызметкерлері мен «Мемориал» қоғамы мұрағатының арқасында Тверь облысы Ржев ауданындағы Трубино деревнясында жерленгені туралы нақты дерек табылды. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!» деген, шынында да, осы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әке туралы ой-толғау» деген кітабында былай деп жазады: «Студент кезімде мен әкемнен оның өмірінің ең бір қиын кезеңі жайында сыр тартып сұрадым. «Мен үшін аса ауыры ағамның қазасы туралы «қара қағаз» алғандағы алғашқы минуттар болды», – деді ол.

Әкем ағасының хаттары мен Совет армиясы лейтенантының формасымен түскен суреттерін көзінің қарашығындай сақтап жүрді. Суреттің сыртына өз қолымен қарындашпен «Інім Кемелге ескерткішке» деп жазыпты. Әкем ағасының түсіне жиі енетіні, өмірдегі тосын жайлардан сақтандырғысы келгендей, ақыл-кеңес айтатыны туралы ылғи әңгімелейтін еді. Кей кездері маған ол ағасының ғайыптан тіріліп келетініне үміттенетін тәрізді көрінетін. Мұндай сәттерде әкем: «Мүмкін, ол ауыр жарақат не контузия алғаннан кейін госпитальдардың бірінде адасып қалған шығар, соғыста не болмайды дейсің. Мен өзім Гомель, Омбы, Алматы госпитальдарында ауыр жараланып жатқанда, аяғы мен қолдарынан айырылған көптеген жас жауынгерлердің үйлеріне қайтқысы келмей, шағын станса мен вокзалдарда із-түзсіз жоғалып кеткенін көзіммен көрдім», – деуші еді. Оның майданда қаза болғаны жайлы ресми хабар алғаннан кейін ғана мына жер-жаһанда Тоқаевтар әулетінен жалғыз өзі қалғанын мойындаған еді».

Соғысқа жаңадан аттанғандар мінген эшелонды, олардың ішінде сержант Кемел Тоқаев та бар, жау ұшақтары майдан шебіне жете бере оқтың астына алды. Жиырмаға да толмаған жас жауынгерлердің көпшілігі үрей мен қорқыныштан бір уыс болып бүрісті де қалды, жаңбырша жауған снарядтардың



азынаған үні мен ысқырығы жер жарады, жараланған сарбаздар айқайлап, тіпті еңкілдеп жылай бастады. Қайраттанып, тас түйін бекінген Кемел басқа да полктастарымен бірге вагонды тастай қашып, ашық даладағы дөңестің баурайына бой жасырды. Жау ұшақтарының бірі жер бауырлай ұшып, Кемелдің үстінен пулемет оғын төпелетті. Зулаған оқтар жас сержантты жанамалап өтіп, топыраққа бұрқ-бұрқ сіңіп жатты. Бұл соғыстағы алғашқы жауынгерлік сынақтың нақ өзі еді. Отты қырғыннан аман қалған командирлер полк штабымен байланысқа шығып, әскери бөлім орналасқан жерге бару үшін топтасуға бұйрық алды.

Кемел Тоқаев «Солдат соғысқа кетті» кітабында өзі құрамында соғысқан полктың көп ұлттан құралғанын жазады. Басым көпшілігі орыстар болғанымен, украин, белорус, өзбек, қазақ, татар және басқа да халықтардың өкілдері де бар еді. Барлық жауынгерлердің басын біріктірген ортақ мақсат Отанды қорғау, фашистерді тізе бүктіру болатын.

Сержант Кемел Тоқаев шайқасқан бөлімше танк десанты тобының құрамына қарайтын. Олардың міндеті жүйткіп келе жатқан танктен секіріп түсе қалып, шабуылға шығу, автоматтан оқ жаудырып, шынжыр табандылар өтіп кеткеннен кейін ұрыс даласында жаяу шұбырған жаудың көзін жою еді. Егер танкистер қорғана алатын бронь астында болса, ал жаяу әскердің шабуылға шығуын күтіп тұрған десантшылар бастырмалата берілген жауап соққы кезінде мүлдем қорғансыз қалатын. Сондықтан қарсы алдыңнан қарша боран оққа ілініп қалмау үшін ерекше қырағылық пен сақтық қажет еді.

Кемел Тоқаев бірде үш күнге созылған ұрыстан соң ротасының азықсыз қалғанын айтады. Дала асханасы жолай әлдебір кедергіге кез болып, алғы шепке жете алмай қалса керек. Бұл соғыс кезінде жиі болып тұратын үйреншікті шаруа еді, сосын бәрі өз қалпына түсетін. Бірақ бұл ретте жауынгерлерге үш күн бойы нәр татпай шайқасуға тура келді. Дағдылы ботқа мен бұқтырылған ет жемеген асқазан шұрылдап тұрса, жауынгерлік рухты нығайтатын күш-қуат қайдан келсін. Жау бекінген нүктелерді ұзақ барлаудан шаршаған Кемелдің де әл-дәрмені құриды, жаңа шабуыл алдындағы аял мен тыныс кезінде жауынгерлерге азық тауып беру үшін бір амал істемесе болмайды. Сөйтіп, таң алдында екі серігін ертіп, хутор жаққа бет алады. Келе жатып, кеше түнгі шайқаста қаңғыған снарядтан жарақат алып, жан тапсырғалы жатқан атқа кезігеді. Шешім табан астында қабылданады. Кемел интернат өмірін еске түсіріп, кезекшілік кезінде аспаздарға қыстық ет қорын жасауға көмектескенде үйренген әдісімен атты союға кіріседі. Жас етті өз ротасының бекінісіне сүйреп әкелген соң, сарбаздарына бірнеше шелек тауып әкелуді, оған су құйып, жылқы етін асуды бұйырады. Бұл ұсыныс бәріне бірдей ұнай қоймағанымен, аштық не істетпейді. Екі-үш сағаттан кейін ет те пісіп, араны ашылған солдаттар бас қоя жеуге кіріседі. Жауынгерлер полктас қазақтың тапқырлығына дән риза болып, көпке дейін алғыс айтып жүрді. Ал ол болса: «Оқ пен оттың ортасында жүріп-ақ бәріңе ұлттық тағамнан дәм татырдым», — деп әзілдей жауап қайтаратын. Ол әрең дегенде келіп жеткен дала асханасынан түз сұрап алып, қазы айналдыруға кіріседі. Оны сүрлеу үшін танкінің үстіне жайып кептіріп, аз-кем тыным алған кезде экипаж мүшелерінің қарнын тойдырып қояды.

Кемел Тоқаев танк полкінің құрамында соғыса жүріп, Белоруссия, Украина және Польша жеріне дейін жетеді. Ал оған дейін Сталинградты қорғауға

қатысқан. 1944 жылдың соңына қарай майданда көрсеткен ерлігі үшін ер-жүрек жауынгер екі мәрте «Отан соғысы» орденімен және бірнеше медальмен марапатталады. Міне, сөйтіп, небары 20 жастағы гвардия сержанты Кемел Тоқаев, бүгінгі өлшем тұрғысынан алғанда, төрт елдің аумағындағы жан алып, жан беріскен шайқастарға қатысқан.

Ол Берлинге дейін жете алмады, өйткені поляк жеріндегі ұрыстардың бірінде ауыр жараланды. Өзінің естелігіне қарағанда, неміс мергені танктің үстінде отырған азиялық жауынгерді, шамасы, оптикалық нысанаға алып, дәл көздеп атқан тәрізді. Оның тұтқиылдан жеткен жарылғыш оғы сержант Кемел Тоқаевтың оң аяғына тиеді. Кемел танктің үстінен жерге шалқалай құлап, ес-түссіз сұлап түседі. Түн тыныштығын тек қана бұл дүниеге жат әлдебір дыбыстар ауық-ауық бұзады. Ол құлағына болар-болмас шалынған ағасының сағатының тықылынан есін жиып алады. Сағаттың секундтық тілі өтіп жатқан уақыт бойымен жүйткіп қана қоймай, есін жиған жас солдаттың санасында қаза тапқан ағасы Қасымның өшпес бейнесін қайта жаңғыртты. Ол Кемелге «сен жараланғаныңа қарамастан, өмірге оралуға тиіссің, ажал біткенге қасақана өмір сүруге міндеттісің» деп бұйырып тұрғандай еді. Түнгі ауада қалықтаған қуатты дыбыс ашаршылық жылдары ағасы екеуі Қазақстанның оңтүстігін кезіп, жан сауғалап кеткен кездегі Қалпе ауылындағы қобыздың мұңлы үнін еске салды. Сол бір ауыр жылдары барша туған-туыстары опат болды, ал осы бір үндер жадында өшпестей сақталып қалған еді. Аян бергендей болып, жаныңды рахатқа бөлейтін үндер мына жұлдыздарға да, айға да, бұлттарға да және түпсіз тұңғиық аспан кеңістігіне де токкато аккордтарындай жайылып, сіңе берді. Бұл поляк костеліндегі орган аспабының дыбысы болатын: он сағат бойы ес-түссіз жатқан Кемелді әскери санитарлар зембілге салып, жаралыларды уақытша қабылдау бекетіне айналған хостелге әкелген шақта католик шіркеуінің священнигі органда ойнап отырған-ды.

Ал гвардия сержанты Кемел Тоқаев болса жау территориясында жараланбағанына, сөйтіп, абырой болғанда, тұтқынға түсіп қалмағанына тәубе етіп, балаша қуануда еді. Небары жиырмадағы балаң жігіт болғанымен, бейбіт өмір мен соғыс жылдарындағы тағдыр тауқыметі оны ерте есейткен-ді.

Жара аса ауыр болып шықты, етігінің іші қанға толып қалыпты. Сүйек опырылып сынып кеткендіктен, аяқты аман сақтап қалу мүмкіндігі шамалы болатын. Дәрігерлер оны кесу керек деп ұйғарды, алайда жас сержант жалына жүріп, олардан бұлай істемеуді өтінді. Дәрігерлер оның жан шырылына құлақ асып, жас сарбаздың аяғын кесу болашағына балта шапқанмен бірдей екенін түсінеді. Сөйтіп, ол Гомельдегі әскери госпитальге жіберілді. Көп қан жоғалтып, әлсіреген ол сонда емделіп, өзіне-өзі келді. Әскери-медициналық комиссия сержантты әскер қатарына жарамсыз деген түпкілікті шешім шығарды. Бұдан кейін Омбыдағы әскери госпитальда айлап жатып, ұзақ емделуге тура келді. Мұндағы дәрігерлер де аяғын кесу жөнінде қайта-қайта есіне сала берді, алайда ол бұған үзілді-кесілді қарсы болып, емді жалғастыруды талап етуден танбады, осы табандылығы ақыры сәттілікке ұласты. Бағына қарай, сол жылдары, соғыс аяқталып қалған шақта, сынған сүйекті басқа жолмен емдеумен шұғылданатын талапты жас хирургтің назарына ілінді. Ол өз бетінше батыл қадамға барып, сүйекті арнайы аппаратпен созып-тарту арқылы қалыпқа келтіруде тәжірибе жасап жүрген еді. Арада отыз жыл

өткенде бұл әдіс, Илизаровтың тәсілі ретінде әлемдік медицинада мойындалды. Осы аппаратты ойлап тапқан қорғандық Гавриил Илизаров өнертапқыштық жетістігі үшін Лениндік сыйлыққа ие болды. Шын мәнінде клиникалық тәжірибе-сынақпен айналысатын ол Кемел Тоқаевқа сым-шабақ тормен шандып тастау арқылы аяқты сақтап қалуға тырысып көретінін айтты. Тапқыр дәрігер жас организм төтенше жағдаятпен өзі күресіп, сүйек өз бетінше бітіп кетуі ықтимал деген болжамға сүйенген-ді.

Кемел Тоқаев аурухана төсегіне таңылып, Омбы госпиталында үш ай жатты. Жай жатқан жоқ, жаралы аяғын жаңа әдіс бойынша жаттықтыра берді. Ақыры үміт те ақталды — ұзақ емдеуден кейін балдаққа сүйеніп тұратын халге жетті. Осылайша аяғын аман сақтап қалды.

Омбыдан кейін ол Алматыдағы әскери госпитальға жөнелтіліп, ірі ғалым-медик, академик Александр Сызғановтың жетекшілігімен сүйекті жасанды түрде өсіріп, қалыпқа келтіретін ем курсың жалғастырды. Сөйтіп, жарты жылдан соң балдақпен ептеп жүре бастады.

Марқұм ағасы Қасымның арманын сол жылы жүзеге асырып, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсті. Университет табалдырығын әскери киіммен, балдаққа сүйеніп жүріп аттады.

Емтихан қабылдаушылар арасынан Будданың бейнесіне сәл-пәл ұқсайтын қараторы жанның жүзі есінде қалыпты. Бұл Мұхтар Омарханұлы Әуезов еді, ол кісі үміттендіре күліп қарап, жас майдангердің студент болуға деген ұмтылысын қолдайтынын сездірді.

Мұхтар Әуезов қазақ фольклоры туралы мақалаларының бірінде қазақ эпосы мен аңыздарында тек қиял-ғажайып желі ғана емес, мейірімділік пен зұлымдықтың мәңгілік арпалысы, текетіресі сияқты шытырман оқиғалы жанрға негізделген қызғылықты сюжет те бар екеніне тоқталған болатын. Бұл шығармаларда арам ниетті әзәзілдер мен перілер аяқтан шалмақшы болып қанша әрекеттенсе де, жамандық пен жақсылық айқасында періште пейілді, таза ниетті жандар үнемі жеңіп шығып отыратын. Мүмкін, көркем сөздің ұлы шеберінің сабақтары мен құлағына құйған дәрістері сол кездегі жас студент Кемел Тоқаевтың болашақ шығармашылығының тақырыбын тауып, шытырман оқиғалы детектив жанрын таңдауына, сол арқылы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңа үрдістің негізін салуына түрткі болған да шығар. Бұдан кейін әлденеше мың таралыммен жарық көрген кітаптары бұл таңдаудың дұрыстығын дәлелдеді, өйткені детектив шеберінің қаламынан туған дүниелерді Қазақстанмен қатар, басқа елдердің де оқырмандары сүйіп оқып, жоғары бағалады. Ал жазушы үшін ең басты нәрсе — өз оқырманын табу.

Алайда мұның бәрі кейіннен — ХХ ғасырдың екінші жартысында жүзеге асады. Алда шабыт құшағында таңды таңға ұрып, жазушылық кәсіппен айналысу және республикалық газет редакторы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасы ведомостарының бас редакторы, бұдан кейін Қазақстан жазушылар одағындағы әскери-патриоттық тәрбие кеңесінің жетекшісі және әдеби кеңесшісі міндеттерін атқару сияқты күнделікті журналистік жұмыс, сондай-ақ алғашқы және кезекті кітаптарының беттеріндегі баспахана бояуының ұмытылмас иісін сезіну қуанышы күтіп тұрған-ды...

Кенес өкіметінің идеологиялық талаптарымен қарапайым оқырманның талап-тілегі үнемі үйлесе берген жоқ, оқырман қашанда өзінің рухани сұранысын сусындатуға ынталы. Осы жағынан келгенде Тоқаев кітаптары қандай қоғам тиімді, қызығушылықпен оқылатын. Таралымдары да мол болды. Детективтік дүниені тек қасаң сөздермен емес, көркем тілмен де өрнектеуге болатынын Тоқаев шығармалары дәлелдей алады. Жазушы туындыларының өзіндік сипаттары қандай деген мәселеге келетін болсақ, ең алдымен мынандай жайттарға назар аударамыз. Біріншіден, кейіпкердің адами болмыс-бітімі мен мінез-құлпының қоса ашылып отыруы. Оған дәлел — мына төмендегі бір екі мысал. «Өңі жұқалау келген ақ құба әйел. Реңі бөтен емес. Қыр мұрынды әдемішеңің өзі. Көк бастаннан бөлің қынамалап тіккізген пешенті бар, етегі кендеу. Иегі көтеріп, қасын көріп, көрбес сөйлейді» (18-б. Тоқаев Қ. Повестер. — Астана: Елорда, 2007. — 368 б.) деген қысқаша суреттеуде кейіпкер әйелдің тұрпаты оқырманның көз алдына елестей алатындай денгейде. «Сұяқ болып, арысқа келген жас жігіт. Кімде де, жүріс-тұрысы да бірқалпыты, өзгермейді. Үстінде сәнмен тіккен жалпақ қалталы, қысқа пальто, алтын түйме қадалған ақ көйлектің жағасы пальто омырауынан көрініп, өңін ашып, тұла бойын жинақылап, жарасты көрсетеді» (Сонда, 210-б.) деген суреттеу арқылы кезекті кейіпкердің оқырманның танып алатынында сөз жоқ. Екі үзінді де артық-ауыс сөздерден ада, сурет дәл де ықшам.

Бұдан шығатын қорытынды — К.Тоқаевтың сөзбен сурет салуға да назар аударған, көркемдіктің мәнін түсініп, игере білген жазушы екендігі.

Біз Кемелдің бір ғана шығармасы арқылы оның детективтік жанры игеру барысындағы кейбір ізденістеріне ғана тоқталып өттік. Нақ осы айтылған жағдаяттарды «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ», «Таудағы жаңғырық», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы» және басқа шығармалардан композициялық-сюжеттік құрылымдарына қарата айтуға болар еді.

Кемел Тоқаев — детектив жанрын қылмыскерді іздеу тақырыбымен ғана шектеп қалмай, оның аясын да кеңейте түсуді көздеген қаламгер. Оған дәлел — жазушының «Солдат соғысқа кетті» романының тақырыбы мен ондағы бір-бірімен қабаттаса дамып жататын оқиғалар тізбегі. Өзі де соғысқа қатысқан майдангер жазушы бұл шығармасында Ұлы Отан соғысын кезіндегі Кеңес жауынгерлерінің ерлік істерін суреттеуді мақсат етеді. Бірден ашып айту керек: басқа повестеріндегі емес, осы туындысының тілдік тіні көркем образдылық жағынан жұтаңдау, бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға онша құлшы-

# СОҒЫС ШЫНДЫҒЫНЫҢ ҰШҚЫНДАРЫ



«КЕМЕЛ ТОҚАЕВ – ҚАЗАҚ  
ДЕТЕКТИВІНІҢ АТАСЫ» ДЕГЕН  
ТҰЖЫРЫМНАН ШЫНДЫҚ ҰШҚЫНЫ  
ТӨБЕ КӨРСЕТЕТІН СӨЗСІЗ. НЕГЕ  
ДЕСЕҢІЗ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЖОЛЫН БІРЫҢҒАЙ ОСЫ ЖАНРҒА  
АРНАП, ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН  
СОЛ БАҒЫТТА ЖҰМЫС ІСТЕП  
КЕТКЕН ӨЗГЕДЕЙ ҚАЗАҚ  
ҚАЛАМГЕРІ ЖОҚҚА ТӘН. БАСҚА  
ЖАНРДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН  
ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНАН  
АРАКІДІК ДЕТЕКТИВКЕ ҚАРАЙ АТ  
БАСЫН БҰРЫП ҚОЯТЫНДАРДЫҢ  
КЕЗДЕСІП ҚАЛАТЫНЫ РАС. НЕМЕСЕ  
БІРЫҢҒАЙ ОСЫ ЖАНРДА ЖАЗҒЫСЫ  
КЕЛГЕН ТАЛАПКЕРЛЕР БОЛСА,  
КӨРКЕМДІК ТАЛАПТАРЫНЫҢ ТИІСТІ  
ДЕҢГЕЙІНДЕ КӨРІНЕ АЛМАЙ  
ЖАТАДЫ.

ны танытпаған тәрізді. Бәлкім, бұл асығыстықтың да ізі болуы мүмкін.

Бірақ романды оқу барысында соғыстың қатгез кескінін көрсететін баталдық көріністер сол бір қанды жылдарға қарай жетелеп ағетеді. Қарапайым әскерилер мен командирлердің ерлік ниетімен қанға қызыққан оқиғалар арқылы суреттеу соғыс шыңындағы алаш кетпеген сыйайы. Өйткені, кейбір бояуы қалың туындылардағдай мұндағы Кеңес жауынгерлері адам сенбес ерлік жасап жатпайды немесе енебояы кеңестік идеологиямен сұрабынған мінсіз жауынгер болып көрінебеді. Кейіпкерлердің бойында табигилық басым. Майдан рухын ағартатын ситуациялар мен оқиғалардың дамуы да логикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да сендіре алады.

К.Тоқаев бұл туындысында да өзінің детективші қаламгер екенін ерікісіз салып отырады. Оқиғаны ширектіруге қызмет ететін, былайша айтқанда бестселлер жарыны тән жұмбақшылдық сипаттағы үгіткер дежонк емес. Оқырманның көз алдынан көлденеңі өтетін орта деңгейдегі командирлер мен қатардағы жауынгерлік құрамның ала-құла бейнесі. Қан майданда жүрген әр адамның «Өлімге аман көзді емес» деген тілегін жазушы кейіпкерлерінің адами психологиясынан шығарып, шкі тарыстың негізіне айналады біледі.

Ұлы Отан соғысына арналған прозалық туындыларымыздың басым көпшілігінде Кеңес жауынгері Отанына шын берілген қаһарман әрі интернационалист болып суреттелмеуші ме еді. Бір қызғы Кемел Тоқаев кеңес адамдарының мінсіз бейнесін жасауға ұмтылмайды, жалал интернационализмді насихаттаудан аулақ.

Автор шығарманың идеялық астарына соғыс жағдайындағы әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты шетін мәселелерді де кіргізіп отырады. Кейбір орыс әскерилерінің қыр-аңғанын көзге қазақ жігіттеріне үстем көзқарасын қарауы оқиғаны жалғз қоюлау мақсатында алынбаған, соғыс кезіндегі ұлтаралық, нәсілдік теңсіздікті білдіретін ашы да болса өмір шындығының үшкіндері. Мысалы, Власов сияқты кеудемасқ, мақтаншыл жауынгердің Мейрманов деген қазақтың атып түсірген самолетін өзіне жазып алуға тырысуы, кейбір офицерлердің ұлты орыс емес жауынгерлерге күдіктеніп, астамшылықпен қарауы романның мазмұнына байтаа түспесе, жатқызылмайды.

Бұдан шығатын қорытынды — өзі детективист болғанымен, К.Тоқаевтың көркемдік ұстанымы реализм ауылынан алыс кетпей, шынайылық арнасынан табылатындығы.

Кемел ағамыздың қай шығармасы болсын ақын фильм жасауға сұранып тұратын. Өйткені жағдайдың бірі өз заманында қазақ кинематографистері оларға назар аудармады, аңылас қоймады. Өйтпес Кемелдің шығармаларын негізге ала отырып, детективтік жанрдағы фильмдер жасауға, сөйтіп үлкен аудиторияға шығарып, үлкен бәделге ие болуға мүмкіндіктер бар еді. Рас, «Сарғабанда болған оқиға»ның желісімен түсірілген фильм жазан шыққан жоқ, бірақ жазушының идеялық рухын жеткізудің оңайға соқпағаны байқалады.

Өзі қан майданды көшіп, одан аман-есен келген Кемелге жаранат салдарынан бір аяғын аздап сылтып басабын, ұақыты алатын сыйдау сөзге мүлде үйірліп жоқ, салмақты кісі еді. Сондықтан да, оның қаншама қантөгісті бастан кешкен майдангер жазушы екендігін біреу біліп, біреу білмеуі.

Басқа қазақ детективістерінің шығармалары өз кезінде нақ Кемел Тоқаев туындыларындай жаппай сұранысқа ие бола алмағандығы, осы жанр бойынша ол кісі шыққан көркемдік пен бәдел біліктігін күні бүгінге дейін ешқайсысымыздың жете алмай келе жатқанымыз тағы да шындық.

Нұрдәулет АҚЫШ, жазушы,  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және  
өнер институтының бас ғылыми  
қызметкері.

Кеңес өкіметінің идеологиялық талаптарымен қарапайым оқырманның талап-тілегі үнемі үйлесе берген жоқ, оқырман қашанда өзінің рухани сұранысын сусындатуға ынталы. Осы жағынан келгенде Тоқаев кітаптары қолдан-қолға тимей, қызығушылықпен оқылатын. Таралымдары да мол болды.

Детективтік дүниені тек қасаң сөздермен емес, көркем тілмен де өрнектеуге болатынын Тоқаев шығармалары дәлелдей алды. Жазушы туындыларының өзіндік сипаттары қандай деген мәселеге келетін болсақ, ең алдымен мынандай жайттарға назар аударамыз.

Біріншіден, кейіпкердің адами болмыс-бітімі мен мінез-құлқының қоса ашылып отыруы. Оған дәлел — мына төмендегі бір-екі мысал.

«Өңі жұқалау келген аққұба әйел. Реңі бөтен емес. Қыр мұрынды әдемішенің өзі. Көк бастоннан белін қынамалап тіккізген пешпенті бар, етегі кеңдеу. Иегін көтеріп, қасын керіп, кербез сөйлейді» деген қысқаша суреттеуде кейіпкер әйелдің тұрпаты оқырманның көз алдына елестей алатындай деңгейде.

«Сұңғақ бойлы, арықша келген жас жігіт. Киімі де, жүріс-тұрысы да бірқалыпты, өзгермейді. Үстінде сәнмен тіккен жалпақ қалталы, қысқа пальто, алтын түйме қадалған ақ көйлектің жағасы пальто омырауынан көрініп, өңін ашып, тұла бойын жинақылап, жарасты көрсетеді» деген суреттеу арқылы кезекті кейіпкерді оқырманның танып алатынында сөз жоқ. Екі үзінді де артық-ауыс сөздерден ада, сурет дәл де ықшам.

Бұдан шығатын қорытынды — Қ.Тоқаевтың сөзбен сурет салуға да назар аударған, көркемдіктің мәнін түсініп, игере білген жазушы екендігі.

Біз Кемекеннің бір ғана шығармасы арқылы оның детективтік жанрды игеру барысындағы кейбір ізденістеріне ғана тоқталып өттік. Нақ осы айтылған жағдаяттарды «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ», «Таудағы жаңғырық», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы» және басқа шығармалардың композициялық-сюжеттік құрылымдарына қарата айтуға болар еді.

Кемел Тоқаев — детектив жанрын қылмыскерді іздеу тақырыбымен ғана шектеп қалмай, оның аясын да кеңейте түсуді көздеген қаламгер. Оған дәлел — жазушының «Солдат соғысқа кетті» романының тақырыбы мен ондағы бірбірімен қабаттаса дамып жататын оқиғалар тізбегі. Өзі де соғысқа қатысқан майдангер жазушы бұл шығармасында Ұлы Отан соғысын кезіндегі кеңес жауынгерлерінің ерлік істерін суреттеуді мақсат етеді. Бірден ашып айту керек, басқа повестеріндегідей емес, осы туындысының тілдік тіні көркем образдылық жағынан жұтаңдау, бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға онша құлшыныс танытпаған тәрізді. Бәлкім, бұл асығыстықтың да ізі болуы ықтимал.

Бірақ романды оқу барысында соғыстың қатыгез кескінін көрсететін батылдық көріністер сол бір қанды жылдарға қарай жетелеп әкетеді. Қарапайым әскерилер мен командирлердің ерлік қимылдарын шиыршық атқан оқиғалар арқылы суреттеу соғыс шындығынан алшақ кетпеген сыңайлы. Өйткені кейбір бояуы қалың туындылардағыдай мұндағы кеңес жауынгерлері адам сенбес ерлік жасап жатпайды немесе өне бойы кеңестік идеологиямен суарылған мінсіз жауынгер болып көрінбейді. Кейіпкерлердің бойында табиғилық басым. Майдан рухын аңғартатын ситуациялар мен оқиғалардың дамуы логикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да сендіре алады.

Қ.Тоқаев бұл туындысында да өзінің детективші қаламгер екенін еріксіз еске салып отырады, оқиғаны ширықтыруға қызмет ететін, былайша айтқан-

да, бестселлер жанрына тән жұмбақшылдық сипаттағы үлгілер де жоқ емес. Оқырманның көз алдынан көлденеңдеп өтетін орта деңгейдегі командирлер мен қатардағы жауынгерлік құрамның ала-құла бейнесі. Қан майданда жүрген әр адамның «өлмей, аман қалсам екен» деген тілегін жазушы кейіпкерлерінің адами психологиясынан шығарып, ішкі тартыстың негізіне айналдыра біледі.

Ұлы Отан соғысына арналған прозалық туындыларымыздың басым көпшілігінде кеңес жауынгері Отанына шын берілген қаһарман әрі интернационалист болып суреттелмеуші ме еді?! Бір қызығы, Кемел Тоқаев кеңес адамдарының мінсіз бейнесін жасауға ұмтылмайды, жалаң интернационализмді насихаттаудан аулақ.

Автор шығарманың идеялық астарына соғыс жағдайындағы әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты шетін мәселелерді де кіргізіп отырады. Кейбір орыс әскерілерінің қыр елінен келген қазақ жігіттеріне үстем көзқараспен қарауы оқиғаны жалаң қоюлату мақсатында алынбаған, соғыс кезіндегі ұлтаралық, нәсілдік теңсіздікті білдіретін ащы да болса өмір шындығының ұшқындары. Мысалы, Власов сияқты кеудемсоқ, мақтаншақ жауынгердің Мейірманов деген қазақтың атып түсірген самолетін өзіне жазып алуға тырысуы, кейбір офицерлердің ұлты орыс емес жауынгерлерге күдікпен, астамшылықпен қарауы романның мазмұнын байыта түспесе, жұтаңдатпайды.

Бұдан шығатын қорытынды – өзі детективист болғанымен, К.Тоқаевтың көркемдік ұстанымы реализм ауылынан алыс кетпей, шынайылық арнасынан табылатыны.

Кемел ағамыздың қай шығармасы болсын экшн фильм жасауға сұранып тұратын. Өкінішті жағдайдың бірі – өз заманында қазақ кинематографистері оларға назар аудармады, ықылас қоймады. Әйтпесе Кемекеңнің шығармаларын негізге ала отырып, детективтік жанрдағы фильмдер жасауға, сөйтіп, үлкен аудиторияға шығарып, үлкен беделге ие болуға мүмкіндіктер бар еді. Рас, «Сарғабанда болған оқиғаның» желісімен түсірілген фильм жаман шыққан жоқ, бірақ жазушының идеялық рухын жеткізудің оңайға соқпағаны байқалады.

Өзі қан майданды кешіп, одан аман-есен келген Кемекең жарақат салдарынан бір аяғын аздап сылтып басатын, уақытты алатын сылдыр сөзге мүлде үйірлігі жоқ, салмақты кісі еді. Сондықтан ба, оның қаншама қантөгісті бастан кешкен майдангер жазушы екенін біреу біліп, біреу біле бермейтін.

Басқа қазақ детективистерінің шығармалары өз кезінде нақ Кемел Тоқаев туындыларындай жаппай сұранысқа ие бола алмағаны, осы жанр бойынша ол кісі шыққан көркемдік пен бедел биіктігіне күні бүгінге дейін ешқайсымыздың жете алмай келе жатқанымыз тағы да шындық.

«Қазақ әдебиеті», 8 мамыр 2015 жыл



## ӨШПЕС ӨНЕГЕ ИЕСІ

Данияр ҚАСЫМОВ,  
тарихшы, «Strategy – 2050»  
ақпараттық агенттігінің бас редакторы

Қасым ақын айтпақшы, «Күндей күркіреп өткен» қан-қасап соғыстағы Ұлы Жеңістің әр жылы келген сайын бүкіл Еуропаны түгелге жуық тізерлетіп, табанына салған фашистік айдаһардың белін сындырып, Отан үшін от кешкен әкелеріміз бен аталарымыздың теңдесі жоқ ерлігін еске алып, басымызды иеміз.

Айбынды Қызыл армияның сондай аты өшпес қаһармандарының арасында қазақтың көрнекті жазушысы Кемел Тоқаевтың да болғанын бүгінде зор мақтаныш етеміз. Ресей қорғаныс министрлігінің құпия беті жақында ғана ашылған мұрағаттарындағы Кемел Тоқаевтың майдандағы ерліктері туралы құжаттар қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін салушы адамның жауынгерлік өмір жолына жаңаша қарауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл жолдың өзі де, тегінде, желісі таңғажайып құрылған, бірақ шынайы қасіреттер мен жеңістерге толы шытырман оқиғалы романға ұқсайды.

Батырдың да өмір жолы балалықтан басталатыны белгілі ғой. Кемелдің балалық іздері Алматы (бұрынғы Талдықорған) облысының Қаратал ауданындағы Қалпе ауылында қалған. Ол орташа шаруа отбасының екінші перзенті. Өзімен тетелес ағасы Қасым ата жолымен кемпір-шалдың баласы есебінде солардың қолында тәрбиеленес керек.

Кемел Тоқаев қаршадай кезінен еңбекке етене араласып, әкесінің шаруашылық жұмыстарына қолғабыс етумен пісіп-жетілді. Алайда жаппай қолға алынған ұжымдастыру науқаны қазақ халқының тарихындағы қайғы-қасіреттің жаңа бетін ашып беріп, дала жұртының тең жартысын жалмаған ашаршылыққа ұрындырды. Сөйтіп, сол кездегі Орта Азияда саны ең көп этнос болған қазақтар өз республикасында тұрып-ақ ойсыраған аз халыққа айналды. Аштықтан пана іздеген Тоқаевтар отбасы уақытша Фрунзе қаласына (қазіргі Бішкек) қоныс аударып, Кемелдің ата-анасы дәулетті бір адамның үйіне жалшылыққа тұрды. Аштық есеңгіретіп, жол азабы титықтатқан жандарға осының өзі зор қуаныш болса керек.

Біршама уақыттан соң Кемелдің айдай сұлу мейірімді анасы тұрмыс тауқыметінің азабынан ауырып, сал боп қалады. Сонымен қоса, адам айтқысыз бақытсыздық және келді – отағасы ұлдарымен бірге күнкөріс қамында жүргенде бір үйдің жас нәресте жалғыз қызы шарасыз жатқан анасының көз алдында ошаққа құлап кеткен. Әлдене бақытсыздықты жүрегі сезіп, жан таппай үйіне жеткен сорлы әке тірідей күйіп өлген қызы мен сол сұмдыққа шыдамай жан тапсырған әйелінің үстінен түседі. Дәл сол күні ағасы Қасыммен бірге базардан қайтқан Кемел милиция күзетінің қолына түседі де, оларды панасыздар деп есептеген заң қызметкерлері екеуінің дәлелді сөздеріне қарамастан, балалар үйіне өткізеді. Көзі көрген қасіреттен есеңгіреген Тоқа енді екі ұлын жер-көктен іздеп таба алмай, сол кезде өктеп тұрған бандиттерге жем болған шығар деген оймен дүниеден баз кешеді. Беті ауған жаққа кете барады және содан соң оның өзін де көрдім деген жан болмайды.

Кемел мен Қасым тәртібі темірдей қатты жетімханаға тап болса керек. Әрі-беріден соң, екеуінің келісімі бойынша, ағасы жетімханадан қашып шығып, із-түзсіз қалған отбасын іздеп табатын болады. Жол азыққа азын-аулақ нан кептіріп алып, ақыры Қасым бостандыққа шығады. Сол беті Фрунзедегі қара орындарына жетіп, болған жайларды үй иелерінен естиді. Табан аузында естияр жанға айналған Қасым балалар үйіне қайта барып, түннің бір уағында жағдайды жолдастарына айтып береді. Өтірік ұйықтаған боп жатып, оның бәрін Кемел де естісе керек. Сөйтіп, ағайынды екеуі жанашыр жақыны жоқ, тұлдыр жетімге айналды. Бүкіл КСРО-дағы өздеріндей миллиондаған жетімектер сияқты олардың да жаңа өмірге бейімделуіне тура келді. Екеуі де оқуды жақсы оқыды, күні кешегі панасыздар ұжымында қабілет-қарымдарын таныта білді. Кейініректе Шымкент қорғасын зауытының жанындағы интернатта тәрбиеленді (айтпақшы, бұл Ұлы Отан соғысы жылдарында майданды оқ-дәрімен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарған кәсіпорын). Кемел көбіне-көп гуманитарлық пәндерге бейіл болушы еді. Ал қарапайым қазақ ауылынан шыққан балаға орыс тілі алынбас қамалдай болды. Болашақ жазушының оны майдан аудиториясында игеруіне тура келді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» дейтін кітабының ең бір тебіренерлік тұсы, сірә, бауырлардың қоштасу сәті болар. Бәлкім, Кемел мен Қасым енді қайтып кездеспейтіндерін сезгенге ұқсайды. Ағасы әскери қызметке соғыс басталмай тұрып кеткен, ол Свердловскідегі саяси жетекшілер курсына алынған. Содан ол 1942 жылғы 22 ақпанда Ржев түбіндегі қан-қасап шайқаста қаза болып, Тверь облысы Ржев ауданының Трубино қыстағындағы бауырластар зиратында жерленген. Ал 2009 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы Тимурмен бірге Ресей қорғаныс министрлігі арқылы



саяси жетекші Қасым Болтаевтың сүйегі жатқан жерді іздеп тапты. Ескерткіштің басына бауыры — Кемел Тоқаевтың зиратынан алынған қазақ жерінің бір уыс топырағы жеткізілді.

Соғыс басталған соң, 18 жастағы Кемел Тоқаев әскерге алынды. Ол кезде Орта Азия мен Қазақстанның мың сан жігіттері Фрунзедегі жаяу әскерлер училищесінде оқып, тәжірибе алатын. Болашақ жауынгер және жазушы өзінің балалық шағын өткізген қаламен осылайша қайта табысты. Ардагерлердің айтуынша, жас жауынгерлерді нағыз соғыс өнеріне майдан көрген тәлімгерлер тәрбиелесе керек. Үш айдан соң сержант дәрежесіндегі Кемел Тоқаев майданға аттанды.

Ол өзінің жауынгерлік жолын Сталинград шайқасынан бастады. Бұл — ХХ ғасыр тарихындағы әбден зерттеліп, зерделенген алапат әскери оқиға. Еділ бойындағы тас қамалда болған бітіспес шайқаста бүкіл дүниенің тағдыры шешіліп жатты. Сол ұлы шайқастың от-жалынында одақтас республикалардан жасақталған миллиондаған адамдар ажал құшты. Дегенмен қазақстандықтар үшін бұл сұрапыл ұрыстың маңызы айрықша еді, өйткені Еділдің арғы жағалауында Ұлы дала жатқан еді. Кемел Тоқаев осынау отты сұрапылдан абыроймен өтіп, өзінің тұңғыш марапатына — «Сталинградты қорғағаны үшін» медаліне ие болды. Одан әрі ол Польшаға дейін жетіп, сол жерде ауыр жаракат алғанымен, жауынгерлік жолын жалғастырып, тағы да көптеген наградаларды, соның ішінде екі рет «Отан соғысы» орденін кеудесіне тақты.

Күллі адамзаттың қас дұшпанымен арпалыста асқан ерлігімен көзге түскен сержант Тоқаев Қызыл армияның өзіндік бір беткеуістары — танк десантына алынды. Оның майдан жолының басым бөлігі 7-ші жеке гвардиялық Қызыл тулы Ломжин қарқынды танк полкімен байланысты. Кеңес танкішілері неміс «фаустниктерінен» көп жапа шегетін әрі оның жөні де бар еді. Тіпті кере қарыс сауыттың өзіне болымсыз жарықшақ түссе болды, танкінің экипажы тірідей өртеніп кететін. Ал танк үстінде автоматшылар болса, қара дулығалы жігіттер алаңсыз шайқасатын. Бірақ қорғаусыз қалған десанттар танкішілердің қауіпсіздігі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалатын. Кеңестік жаяу әскердің осынау жанкешті тобына екінің бірі алына бермейді, оған тәуекел еткен әрбір ерікті өзін Қызыл армияның ең таңдаулы жауынгері ретінде көрсете білуі керек еді.

Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» деген кітабында осының бәрі жақсы жазылған. Меніңше, романның ерекше құндылығы — оны тек майдан кешкен солдаттың ғана емес, соғыс сұрапылының қақ ортасынан шыққан адамның жазғанында болса керек. 1943 жылғы жаздың оқиғаларын бозбала жауынгердің көзімен сипаттай келіп, Кемел Тоқаев былай деп жазды:

«Біздің гвардия танк полкі Оңтүстік майданнан оралды. Көп жолдастар оралмады. Ұрыс алаңында қаза тапты. Сондағы күндерді ойлап отырып, өзінің дозақ отынан қалай шыққаныңа, аман қалғаныңа таңғаласың. Төңірегіңдегілер жапырылып қырылып жатты, ал сен тірі қалдың. Тіпті мүмкін емес сияқты. Бірақ шындық солай».

Сержант Кемел Тоқаев екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Марапаттың қадір-қасиетін атының өзі-ақ айтып тұр. Ал енді қазір сол ұрыстардың егжей-тегжейі белгілі болып, құжат арқылы расталып отыр. Міне, мынау — 7-ші жеке гвардиялық Қызыл тулы қарқынды танк полкі бойынша «Күпия» белгісімен 1943 жылғы 5 тамызда шыққан №7 Н бұйрықтан алынған ең жарқын мысал.

«9. Автоматшылар бөлімшесінің командирі, гвардия сержанты Тоқаев

Кемел. 1943 ж. 17 шілдеден 1 тамызға дейінгі ұрыстардың күллі барысын- да үздіксіз танкілердің қасында болды, оларды қорғай жүріп, өжеттігі мен батылдығын танытты. Қарша бораған артиллерия шабуылы жағдайында танктермен байланысты үзген жоқ және мылтық пен пулемет оғының астында істен шыққан танкілер мен олардың экипаждарының жай-күйін анықтау және танкілерге өткелек жол табу жөніндегі командованиенің бұйрықтарын орындады. Өз автоматының оғымен 20-ға жуық фашисті жер жастандырды.

1923 ж. туған, қазақ, БЛКЖО мүшесі, Қызыл армияда – 1942 жылдан, әскерге Алматы қаласының Ленин аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылған».

Өлім құшудың немесе жарымжан болып қалудың қаупі төніп тұрған сол күндердегі шайқастар жағдайының өзіндегі таңғаларлық ерлік. Бір айға жетер-жетпес уақыттың ішінде гвардия сержанты Тоқаев «Ерлігі үшін» медалін екінші рет тақты. Мұрағат құжатынан тағы бір үзінді келтірейік.

«14. Автоматшылар бөлімшесінің командирі, гвардия сержанты Тоқаев Кемел, бұрын «Жауынгерлік ерлігі үшін» және «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталған.

Полктің жауынгерлік қимылдары кезінде үнемі алғы шепте болды. Аса күрделі жағдайларда, оқ пен бомба үздіксіз жауып тұрғанда танкілермен жаяу байланыс орнатты. Ұрыс барысында су шебінен жылдам өтуге тура келгенде командованиенің бұйрығы бойынша тез арада өткел тауып, танкілерді кедергілерден алып өтті».

Ал енді қай жағынан да ең мәртебелі марапат туралы. Әңгіме II дәрежелі «Отан соғысы» ордені жайында. Бұған егжей-тегжейлі тоқталайық. Нағрада сұрапыл 1942 жылы И.Сталиннің тапсыруы бойынша армия мен флоттың ерекше көзге түскен әскери қызметшілерін марапаттау үшін тағайындалған болатын. Орденнің (КСРО-да тұңғыш рет) күрделі жарғысы болды, яғни оған не үшін ұсынылатыны нақты түрде тіркеп жазылатын. Оның I дәрежелісі — офицерлерге, II дәрежелісі — жауынгерлер мен кіші командирлерге тиесілі болды. Бұл орден айрықша құрметтелді, себебі ол дұшпанмен бетпе-бет шайқастағы ерекше табыстар үшін берілетін. 1945 жылғы қаңтарда Польша жерінде аса ауыр кескілескен ұрыстар болды. Қызыл армия батысқа, түп-тура Үшінші рейхтың қақпасына қарай сенімді түрде шеру тартып бара жатты. Бұл кезде гвардия сержанты Тоқаев тәжірибелі майдангер, оқпана бауырластығының «кәрі шөңгесі» болып үлгерген-ді. Марапат парақшасынан мынадай үзіндіні оқиық:

«Кеңестік Отан үшін болған ұрыстарда Тоқаев жолдас полк комсомол бюросының мүшесі ретінде өзінің жеке басының өнегесімен автоматшылардың 4-ші взводының жеке құрамын жауынгерлік істерге жігерлендірумен болды.

1945 жылы қаңтардың 21-інде солтүстік-батыс Еглиевец ауданында немістер түн жамылып біздің шептерге қарсы шабуыл жасады. Автоматшылар өз танкілерін табандылықпен қорғады, ал содан соң шабуылға шығып, немістерді тойтарып тастады. Тоқаев жолдас дұшпанның бекінісіне бірінші боп бұзып кіріп, өз автоматының оғымен бес немісті жойды және жаралы бір немісті тұтқынға алды».

Халқымыздың жарқын перзентінің майдан жолына көз жіберсеңіз, болашақ жазушының жаумен өте лайықты, тіпті ерлікпен күрескенін көруге болады. Қандай соғыста болсын бұл оңай емес. 1945 жылғы қаңтардың сол

бір қиын-қыстау күндерінде болашақ жазушының аяғына жарылғыш оқ тиіп, қатты жараланды. Жаралы аяқты кесу мәселесі тұрды, бірақ Кемел Тоқаев өзінің толық мағынасындағы өмірге деген құқығын қорғап қалды. Сол кезде алыс тылда, Омбы қаласында кеңестік медицинаның әйгілі шамшырақтары шоғырланған болатын (мәселен, онда аты аңызға айналған танкіші әйел Мария Логунова протездің көмегімен жүріп үйренді). Сол кезде әлі жап-жас, бірақ кейін әлемге аты жайылған ортопед-дәрігер Гавриил Илизаров та сонда болатын. Әбден майып болған қазақ жігітін қатарға қосқан да — сол.

1945 ж. 16 маусымындағы №761 эвакуациялық госпитальдың ауру туралы куәлігінің көшірмесі. 1494 эвакуациялық госпитальдың комиссиясы.

Атағы: гвардия сержанты, бойы — 172 см, салмағы — 60 кг, кеуде ауқымы — 95 см. 1945 ж. 21 қаңтарда оң аяғынан жараланған. Хирургиялық операция жасалған және жараны жуып-тазалаған. Орама гипс салынған.

Аурудың объективті белгілері: оң аяқ тізесінің үстіңгі жағында Н тәрізді 15x4 см көлемді тыртық бар. Тыртықтың ортасында ірің бөлініп тұратын екі жыланкөз тесік бар. Тыртық оқтың кірген және шыққан тұсында. Балтыр тұсы буындарының қозғалысы дұрыс, одан төменгі тобығының бүгілуі — 100 градус, табанның бүгілуі — 110 градус, балдақпен жүре алады. Оң аяғын кесуден бас тартты.

Арнайы тексеріс нәтижесі: 1945 ж. 25 мамырындағы рентгенограмма. Сирақтың екі сүйегі де сынған, сынықтар бүйірінен және ұзынынан жылжып, бірігіп кеткен. Жұмсақ тіндерде орналасқан бірнеше ұсақ сүйек сынықтары бар.

Аурудың атауы: оқ тесіп өткен сирақ сүйегінің сынуына байланысты оң аяқтың қозғалысының тежелуі, остеомиэлиттің ауыр түрі.

Емдеу: физиотерапия, сүйекті таңу.

КСРО ХҚК-нің 1942 ж. №386 аурулар тәртібі бұйрығының 49-бабының II-III бөлігі негізінде бұдан әрі әскери қызмет атқаруға жарамайды. Айрықша есепке алынып, алты ай сайын кейін куәландырылып отырады. Мүгедектік тобы — екінші, үш айдан кейін қайта куәландырылады.

Жаяу жүре алмайды.

Қасында адам жүрудің қажеті жоқ.

Аурудың негіздемесі: КСРО-ны қорғау кезінде жараланған.

Соғыстан соң Кемел Тоқаев журналист болуды қалады. Жеңісті 1945 жылы ол С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне қабылданды (ол кезде журналистика осы факультеттің бір бөлімшесі болатын). Сабәққа балдақпен бара жүріп, Кемел Тоқаев университетті үздік бітірді де, тез арада болашағынан үміт күттірерлік журналист әрі жазушы ретінде қалыптасып үлгерді. «Жұлдызды жорық» (1954), «Тасқын» (1958), «Болашақ туралы ойлар» (1965) сынды алғашқы әңгімелер мен повестерінің жинақтары, газеттерде жарияланған көптеген мақалалары әп-сәтте сыншылардың оң қабағына ілініп жатты. Өмір көрген жауынгер әрі жазушы ретінде ол қылмыспен күрес жайында бірталай тартымды да тағылымды шығармалар жазды. Оны жұрт қазақ әдебиетіндегі детективтік жанрдың негізін салушы деп атайтын болды. К.Тоқаевтың кітаптары оңайшылықпен қолға түспейтін, іздеп жүріп оқитын қастерлі дүниеге айналды. Әсіресе «Ұшқын», «Көмескі із», «Сарғабандағы оқиға», «Соңғы соққы» деген хикаяттары мен әңгімелері оқырман қауымның сүйіспеншілігіне бөленді. Ол республика ІІМ-інің байқауларында үш мәрте жоғары марапатқа ие

болды. Қазір де Кемел Тоқаев қазақ әдебиетін дамытуға елеулі үлес қосқан, өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер ретінде оқырмандардың есінде. Өкінішке қарай, қазіргі әдебиетшілер оның осы бір айрықша жанрадағы жазушылық өнерін өрге бастырып, жалғастырып әкете алмай келеді.

Менің атам — майдангер әрі ұстаз және әкем бір кезде Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің хорында еңбек еткен сазгер әрі мәдени қайраткер Кемел Тоқаевтың әдеби мұрасын зор ілтипатпен бағалайтын және оның соғыс пен бейбітшілік, жақсылық пен жамандық туралы терең толғанысты әңгімелеріне тәнті болушы еді. Қазір тоқырау кезеңі деп аталып жүрген сол жылдарда милицияның қарапайым қызметкерлері, тергеушілер, криминалистер өздерінің жеке кітап қорларын Кемел Тоқаевтың тамаша туындыларымен толтыруды үлкен абырой деп білуші еді.

Көзінің тірісінде Кемел аға ешқашан да өзінің жауынгерлік ерліктерін алға тартып, пендешілік танытқан емес, қайта оларын кейін іркіп, маршалдардың, генералдардың, қарапайым жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің еңбегін асқақтатып отырушы еді. Ұлы Жеңіске жеткізіп, КСРО-ның әлемдік аренадағы құдірет-күшін танытқан солардың өшпес ерлігі деп білетін. Және, керісінше, соғыстан кейін саңырауқұлақша қаптап кеткен қаукөрік, жасанды батырларға жиіркене қарайтын. Автоматтың немесе пулеметтің құрылысын білмейтін, соғыс жылдарының тауқыметін жылы пештің қасында отырып өткізген сондайлардың енді келіп жас ұрпаққа өздерінің «ерлігі» жайында әңгіме соғатынын, мерекелі даталарда басшылардан кәдімгідей сый дәмәтетінін естігенде орнында отыра алмай кетуші еді.

Кемел Тоқаев бір кездегі ұлы елдің нағыз азаматы, халқының шынайы патриоты болатын. Оның жауынгерлік ерліктерінің куәсі — әскери мұрағаттарда, ал әдеби ерлігінің куәсі — мың сан кітаптарында. Халқымыздың даңқты ұлының өшпес өнегесі, өлмес өмірі осындай.

«Қазақ әдебиеті», 6 мамыр 2016 жыл



## КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ТУРАЛЫ БІР ОЙ

Алмабек ИБРАЙЫМОВ

Шытырман хикаялы проза жанрында қалам тартқан жазушылардың арасында шоқтығы биік тұлғалардың бірі Кемел Тоқаев еді. «Әке туралы толғаныс» кітабын оқи отырып, Кемел Тоқаевтың балалық шағының да ел басына күн туып, қилы замандар мен күрделі кезеңдерге тап болғанын, ағасы Қасым екеуінің бір күнде ата-анасынан, кейіннен соңынан ерген қарындасынан айырылған ауыр трагедияны бастан өткергенін аңғарамыз. Алапат аштықтан енді ғана ес жия бастаған кезде сұрапыл соғыстың ызғары келіп жеткен еді. Жар сүйіп, балалы-шағалы бола алмай, дүниенің ешбір қызығын көріп үлгерместен қан майданға аттанып, қыршынынан қиылған мыңдаған боздақтардың бірі болған Қасым соғыстан қайтпады. Он сегізге енді толар-толмастан өзі де майданға аттанады да, ажал аузынан аман қалып, ауыр жарақатпен елге

оралады. Соғыс жылдарында жас Кемел «Жығылсаң, нардан жығыл» дегендей алабөтен қырғын Сталинград окобынан бір-ақ шығады. Сондықтан орыс жазушысы Виктор Некрасовтың «В окопах Сталинграда» деген романы сияқты Кемел Тоқаевтың да соғыс туралы жазған туындысы окопта жазған репортаждай оқылатыны жасырын емес.

Романда оның алаулаған Сталинградтың қызыл жиегін көрген алғашқы әсері ерекше баяндалады. Бұл көрініс оның «Солдат күнделігінен» деген романында арнайы қосымша суреттеледі. Белгісіз солдаттың беймәлім күнделігінің соңында «18 октябрь 1942 жыл» деген мерзім көрсетілген. Соған қарағанда мұны Кемел Тоқаевтың алғаш майдан шебін көрген сәті деп топшылауға болар, сірә?

Сұрапыл соғыс жылдарын артқа тастаған Кемел енді оқу-білімге деген ерекше құштарлықпен өз туған жеріне оралады. Қайсар мінезі мен еңбекқорлық қасиетінің арқасында жоғары білім алған, ұлы Әуезовтің көзін көрген Кемел Тоқаев өзі жастайынан қалаған журналистика саласында ұзақ жылдар қызмет етті. Қалың оқырмандарын қызықтыра білетін тартымды романдар мен повестерін жазды.

Кемел Тоқаев өз ағасын ешқашан да ұмытқан емес. Ол жөнінде белгілі академик Серік Қирабаев былайша еске алады: «...Осы отырыста ол аяғының жаралану жағдайларын, Сталинград, Белоруссия, Украина, Польша жерлерінде соғысқан күндері жайлы әңгімеледі. Соғыстың қиындығы мен жас кезінде басынан өткен ауыр жылдарды жазушы сияқты әңгімелегеніне сүйсініп қалып едім. Бойында жазушылық дарын барын кейін байқадық қой. Ұзақ отырыстағы әңгіме біріне-бірі жалғасып, өзінің жетімдік өміріне ұласты. Аштық кезінде бұл отбасы Фрунзеге (қазіргі Бішкекке) көшіп келіп, сол жерде ата-анасынан, қарындасынан айырылыпты. Қасым деген ағасымен екеуі балалар үйінде тәрбиеленгенін де осы тұста естідім. Ағасын аузынан тастамайтын. «Өзіме қамқор болған ағаның майданда қаза болуы мені шын жетім етті. Оны ұмыта алатын емеспін. Жаңа туған тұңғыш ұлымның Жомарт деген атына Қасым ағамның атын қосып атап жүрмін» деп еді. Осы әңгімені көңілі босап, көзіне жас үйіріліп, егіліп айтты. Кейін үйінде болғанда кішкентай Қасым-Жомартты көрсетіп, «Менің ағамның атын қойған ұлым — мынау» деп көрсеткен».

Бұл сөзді Қасым-Жомарт Кемелұлы да «Әке туралы толғаныс» кітабында жазған: «Әкей өмір бойы ағасын сағынып іздеумен өтті, оның қайтып ораларына шексіз үміттенді, бірақ мұның орындалмайтын арман екенін білді. Алайда ғайыптан, бәлкім, мүлде басқаша боларына сенгісі келді, өйткені Қасым Тоқаевтың жерленген жерін нақты білген жоқ қой. «Қара қағазда» бұл туралы ештеңе айтылмаған, тек қана социалистік Отаны — КСРО-ны қорғау кезінде ерлікпен қаза тапты делінген».

Шығармаларында соғыс жылдарының сұрапыл кезеңдерін көрсете білген Кемел Тоқаев баспасөзге тән даңғазалық пен бос шелектей қаңғырлаушылық, қызылсөзділік, жағымпаз жылмақайлық әуенге қарсылық білдіргендей. Халық қаһарманы, әйгілі партизан, жазушы Қасым Қайсенов баспасөзге берген бір сұхбатында: «Маған үйір боп, табандылық танытып, мен туралы қазақша, орысша кітап жазған Кемел Тоқаевтың еңбегін жоғары бағалаймын», — деген екен. Осы кітапты жазу үшін Кемел Тоқаев Қасым атамен бірге Украинаға дейін бірге барып, партизан достарымен де кездескен екен.

«Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне жұмыс бабымен ауысқан соң, Кемел Тоқаев шығармаларының мазмұнын өзгертті. Ол құқық қорғау қызметкерлерінің қылмыскерлерге қарсы күрестегі ауыр еңбегін көрсететін кітап жазуға бет бұрды. Біздің өмірімізден өзгеше, құпиясы мол, адамдардың психологиясы мен іс-әрекеті де күрделі саланы зерттей бастады. Қылмыскерлердің жасырынуы мен оны іздеушілердің табанды күресінің детективтік сырына қанықты. Милиция қызметкерлері мен чекистерден де адал достар тапты. Солардың мәліметтерін алып, шығармаларына кейіпкер ете білді. Сөйтіп, ол қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған детективтік әдебиеттің бастаушысы әрі негізін салушысы болды.

Детективтік салада жазушының «Тасқын», «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» сынды көптеген шығармалары жарық көрді.

Қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленген, қазақ әдебиетіндегі алғашқы детективтік шығарма — «Соңғы соққы» романы. Бұл роман жарық көргеннен кейін жазушы өзінің «Солдат соғысқа кетті» атты тарихи романын дүниеге әкелді. Романдағы көріністер еш боямасыз, шынайы, әдеби көркем тілмен суреттеледі.

— Ұнатқан қызыңды бетінен сүйіп көрдің бе?

— Былай қолынан ұстағаным болмаса, сүюге ұялатынмын.

Бұл диалогқа құрылған әскери училищені бітіруіне он шақты күн қалғанда емтихан тапсыруларына рұқсат берілмей, майдан шебіне аттанып бара жатқан екі қазақ жігітінің әңгімесі еді. Бірі — атымен аталатын Мұхамед. Екіншісі — тегімен аталатын Мейірманов. Бұлар Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романының (1983) кейіпкерлері.

Ол Қазақстан Ішкі істер министрлігі мен Жазушылар одағы бірігіп өткізген алғашқы байқауда (1956) бірінші бәйгені жеңіп алады. Кейіннен осы шығармашылық сайыста тағы да үш рет (1972, 1977, 1980) жеңіске жеткен көрінеді. Құқық қорғау қызметкерлерінің жанқиярлық еңбектерін бейнелеген көркем туындылар жазғаны үшін «Милиция қызметінің үздігі» белгісімен марапатталады.

Жоғарыда сөз болған байқаудың тұрақты әділқазылар алқасында болған Қалмұқан Исабаев: «Кемел бірінші бәйге алды. Бірақ өзі қандай таза, адал адам десеңізші», — деп таңғалып кетеді. Байқаудың қорытындысы жарияланған соң Кемелге: «Бірге істеп жүрміз, маған неге ескерте салмадың?» десе, Кемел: «Жабық сайысқа қатысқан соң олай істеуге болмайды ғой», — депті. Мінекей, Кемел Тоқаев осындай таза, адал, кіршіксіз адам болған. Ол ешкімге де салмақ салмапты, тіпті таныстықты да пайдаланып көрмеген адам деседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев әкесі туралы жазған естелігінің соңғы сөзінде «...Екі ескерткіш тастың қасында ұзақ үнсіз тұрамын. Себебін білмеймін, зират басында менің ойларым шашырап, бұлдырланып, дерексіздене бастайды. Олардан арылу үшін ұзақ уақыт бойы аспанға қараймын, маған сонау жақта, тым алыста қымбатты ата-анамның да жандары жайлы орын тапқан сияқтанады. Шексіз ғарышта тыным тапқан екеуінің жұмыр жердің бетінде тіршілігін жалғастырып жатқан балалары мен немерелеріне жан жылуын жолдап жатқанына сенгім келеді» деп жақсы сөз жазыпты. Бұл жазушының текті ұрпағының дәл қазіргі дүниенің жалған екеніне көзі жеткенін, көкке қарағанда ата-ана рухының өзін жебеп жүргенін сезгені болар?..

Кемел Тоқаевтың шығармаларын араға біраз уақыт салып, қайта парактар болсақ, оның көпшілік байқай қоймайтын, өз заманында мән бермеген қырлары ашылып, бейне бір жаңа, тың туындылармен сырласып отырғандай күй кешетінііз жасырын емес. Кемел Тоқаев — даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызға қосқан оның да мол үлесі бар. Өнегелі өмір жолы, еңбекқорлығы мен адами қасиеттері жас ұрпаққа үлгі болуға лайық. Ал оның туындылары әдебиет тарихындағы асыл қазына, өшпес мұра болмақ. Біз сол өткен ғасыр тоғысындағы тұлғалы азаматтардың Отан, ел алдындағы адал, ардақты, жанқияр еңбегін жете бағалай алмай келе жатқан сияқтымыз.

Abai.kz., 14 қыркүйек 2018 жыл



## «ТҮНДЕ АТЫЛҒАН ОҚ» – ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНЫҢ ТӨРЕСІ

Жанерке АХМЕТ,  
ҚазҰУ-дың 4-курс студенті

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының қарымы қандай? Қаламы детектив жазуға қабілетті қай қаламгерді атай аласыз? Осындай сұрақтар туындаған кезде ойланып-ақ қаласыз. Неге? Өйткені бүгінгі күннің детективтері бұрынғы Кемел Тоқаев бастаған кемел тұлғалар көтерген зәу биікке көтеріле алмағаны анық нәрсе.

Былай қарасаң, детектив жанры сырттай қарағанда шым-шытырық оқиғаларға құрылған әдебиеттің оңай жанры секілді көрінеді. Ал оған ішкерілей енсең, нағыз «инемен құдық қазғандай» бейнетті жанр екеніне көз жеткізуге болады. Детективті ішкі қуаты мол, интеллекті жоғары, қиялы ұшқыр қаламгерлер ғана індетте жазып, оны оқырмандарға қызықты етіп жеткізе алады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ детективінің көрнекті өкілі Кемел Тоқаев — керемет суреткер, сұңғыла жазушы. Әлем детективінде Артур Конан Дойлдың аты қандай танымал болса, қазақ детективіндегі Кемел Тоқаевтың да орны сондай биік. Кемел Тоқаев қалың оқырман сүйіп оқитын детектив жанрына тереңінен сүңгіп, маңызын, қаймағын сүзіп, болашаққа теңдессіз мұра ретінде роман, повесть, хикаят, әңгімелерін жазып қалдырды. Оның қаламынан туған шым-шытырық оқиғалардың қай-қайсысы да оқырманды ойландырады, шығармалар тереңіне тартып әкетіп, қызықтыра түседі. Оқиға қалай аяқталар екен, кейіпкерлердің тағдыры қалай түйінделер екен деп шығарманың соңына жеткенше тыным таппайсың, безек қағасың. Осының өзі-ақ Кемел Тоқаевтың нағыз шебер екенін айғақтай түседі. Тоқаев туындыларындағы әдеби болжам да шындықпен тоқайласты, ақиқатқа айналды.

Қаламынан төгілген әр шығармасы шым-шытырық сюжетке, ұлттың болмысын ұлықтауға, батырын қастерлеуге құрылған қаламгердің өмір есігін ашқанына — 95 жыл. Кемел Тоқаев — Қаратал баурайында дүниеге келген, еліміздің сол жылдардағы үш негізгі басылымында жауапты қызмет атқарған,

он шақты шығармалар жинағының авторы, қажырлы еңбегіне орай марапаттарға ие болған, әдебиет әлеміне өлшеусіз үлес қосқан, «ел мүддесін майданда — қарумен, бейбіт күнде — қаламмен қорғаған» майдангер һәм кемеңгер тұлға.

Оның алғашқы «Жұлдызды жорық» деп аталатын шығармалар жинағы 1954 жылы жарыққа шықты. Осылайша Тоқаев қасиетті әдебиет әлемінің табалдырығын аттады. Бұдан кейін де оның қаламынан «Көмескі із», «Тасқын», «Сарғабанда болған оқиға», «Арнаулы тапсырма», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» секілді шығармалары бірінен соң бірі жарыққа шығып, қалың оқырманның әділ әрі оң бағасын алды. Қазақ детективінің қорына қарымды қаламгердің

«Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы» секілді романдары қосылып, қазақ әдебиетінің қоржынын қампайтты. Соғыс туралы шығармаларды сол соғыстың бел ортасында қан кешкен адамдар ғана жандандырып жаза алады. Детектив әдебиетінің бойына қан жүгіртіп, жан бітіретін де — солар, соғыс көргендер. Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсеновтің шығармалары неге шынайы? Себебі олар отты жылдары майдан даласының нағыз қаһармандарына айнала жүріп, қаламын ақиқатқа суарды. Осы қатарға Кемел Тоқаев, Қалмұқан Исабаевты да қосуға болады. Олар да Отан үшін от кешкен, кеудесін оққа төсеген нағыз ерлер, қаламына бірде-бір өтірік қоспаған жалынды жазушылар.

Кемел Тоқаевтың бүгінде лайықты бағасын алған, шытырман да шынайы оқиғаға негізделген шығармаларының бірі — «Түнде атылған оқ». Осы повесінің қызықты сюжеті мен толымды мазмұнына аз-кем тоқталып өтсек.

«Түнде атылған оқ» — кең пішілген, детектив жанрында жазылған повесть. Шығармада тәртіп сақшыларының қылмысты ашудағы табанды қимылдары, аңыз болар ерен істері суреттеледі. Отан алдындағы парыз, адалдық, тергеу кезіндегі қара қылды қақ жарған әділдік — кітапқа енген шығарманың негізгі арқауы.

«Түн. Дала шырғай қараңғы. Жауын себелеп тұр.

...Мүлгіген орман үсті бір сәтке жарқырап ашылып, қайта түнерді. Мырзаш қосауыз мылтығын асып, босағада тұрған. ...Кісі түскен орман тұсын шапшаң болжап алды да, солай қарай беттеді. ...Мырзаш қарт «Қорқау үңгірден» шамалап, төте жолмен қия тартып келеді. Тоқтап-тоқтап құлақ түреді. Әлден уақытта жылым жақтан біреудің ырсылдап, ентіккен үні естілді. Мырзаш дауыстады.

— Ей, бұ қайсың? Бермен қарай жүр. Ар жағың жылым, өлесің.

...Түнде атылған оқ қара орманды жаңғыртты. Мырзаш кеудесіне біз сұғып алғандай сезінді. Жандырып күйдіргендей. Сол сәтте есінен айырылып, талықсып құлап бара жатты...»

Шығармада сипаттап жазылғандай, оқиғаның басы қарсы жақтан келген жансыз — кінәсіз, өзіне жаны ашыған Мырзаш қартқа оқ атып, оны жаракаттауынан өрбиді. Мырзаш қарттың бар ойы: жоғарыда аталған «Қорқау үңгір» қара орманның сол жақ тұмсығында орналасқан. Ашаршылықта қорқау қасқыр ұя салып, күшіктесе керек. Ар жағы жылым, батпақ болғандықтан, келе жатқан адам тайып мерт болмасын деген қамқорлығы еді. Бірақ бірінші адамның арам ойынан екінші бейкүнә адамның зардап шегуі — өмір заңдылығы. Ары қарай дәл сол күні дұшпан жақтан парашютпен келген Якутов-Наматхан құрықталады. Оқиға тергеумен жалғасып, қызықты өрбиді.



Мырзаш қарттың жұбайы Қалампыр кемпірдің қылмыскерді мейіріммен үйіне кіргізуі, бәрі сәтімен жалғасын табады. Тіпті Бақытжан мен Алтыншаш есімді жігіт пен қыздың арасындағы кіршіксіз сезім мен жүрек жартысына деген адалдық, тұрақтылық та әсерлі, қызықты орын алған. Мысалы: «Біз жігітімізді қара жұқа қосып, жасырып, бүркеп жүрсек, бұл қыз оны студент кезінен біледі екен ғой. Неге айтпаған? — деді. — Атқарып жүрген жұмысына бөгет жасамайын деген ойы шығар. Қыз ақылды екен. Мен бұл хатты иесіне табыс етейін, — деп, Талғат газет қиындысын қалтасына салды». Бұл жерде Алтыншаштың, қазақ қызының образын екі ауыз диалогпен ашып тұр. Қазақ қызының ұлт мүддесіне, ерінің мүддесіне деген адалдығы. Ал оқиғаның шарықтау шегі Черноноссов есімді қылмыскерді құрықтау барысындағы қызықты сюжеттермен негіз тапқан. «Бұл мезгілде Черноноссов бақ ішінде, шөптің арасында тығылып жатқан еді. Қалаға келгеніне бірер сағаттай өткен. Соңына түскен қуғыншыны байқай қоймады. Оның үсітне «қауіп жоқ» деген шартты белгіні білдіретін терезенің қақпағы жабық еді. Черноноссовта үйдің екінші кілті болатын. Есікті жайлап ашып, түпкі үйге кіре бергенде қарулы, мығым қолдар тапжылтпай ұстап, қолына кісен, мойнына темір мойынтұрық салды. Осының бәрі бірер секундтың ішінде жасалды. Жағасындағы улы ампулды шайнап үлгермеді. Машинаға алып келгенде Черноноссов өз қолымен жолда «атып тастап» кеткен Бақытжанды көрді. Артқы кабинада жайбарақат отыр. Түнде оқ атылмағанын, алданғанын Черноноссов сонда ғана ұқты». Міне, повесть осылай қорытындыланады. Яғни оперативтік топтың жүйелі жоспары, тынымсыз адал еңбектерінің нәтижесінде қылмыскер құрықталады. Шығарманың жүрегі қызықты сюжеті болса, 62 тамыр — шығарманың кейіпкерлері. Жазушы бұл шығармадағы кейіпкерлердің кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, сол заманның өзгешелігін танытып, типтік сипаттарымен қатар, өзінің басына ғана тән ерекшеліктерін де анық байқатып сипаттаған. Ең бастысы, реализм бар. Мысалы, қылмыскер Черноноссов — айлакер, қу, алдымен қисық мұрын Пәшкенің баласы, одан соң Аркадий Антонович, үшінші Ашырапов сынды жалған аттарды жамылған тыңшы және кісі өлтіруші. Аңғал, надандығымен оның қолындағы қаруына айналған Глинов, қызға тән ақымақтығымен Черноноссовтың қолынан өлім құшқан Зинаида Рябова. Қызының артынан жоқтап қалған ана Таисия Каменовна. Ал жағымды кейіпкерлер, оперативтік топ мүшелері — майор Бөгембаев, Талғат, Бақытжан, Нәсір өз қызметтеріне адал, еңбекқор әскерилер. Қазақ шаңырағындағы ата-әже образын ашқан — Мырзаш ата мен Қалампыр әжей. Алтыншаш — ақылына көркі сай ару. Тіпті Черноноссов пен Талғаттың бір поезда келгенін аңғарған да, Талғаттың ішпеген, сау екенін көзінен байқаған да, еріне демеу бола білген де Алтыншаш еді. Бұл кейіпкерлердің әрбір айтқан сөздері мен қимыл, іс-әрекеттері шынайы болған оқиғаға, бұлтартпас деректерге негізделген. Ешкіөлместің баурайында орын алып, Таразы қаласы, Мәскеу, Құшай селосы, Көктал, Көлбастау сынды үлкен қалалар мен кішігірім ауылдар арасында өрбіген бұл детективті шығарманың негізгі мақсаты — қызметтеріне адал тәртіп сақшылары мен көңілдері дархан, таза адамдардың қоғамға кесірін тигізетін қылмыскерді құрықтау барысындағы ең ұтымды тұстарын қалың оқырманға шынайы жеткізу. Ол осы шығармасы арқылы өзі өмір сүрген қоғамның қасіреті болған жат тірлікті шытырман оқиғаларға желі етіп, сабақ алар салмақты мұра қалдырды. Оқиға барысы ешкімге ұқсамайтын

кейіпкерлер болмысымен, әсте қайталана бермейтін ұтымды диалогтармен, мағынасыз тірлікке емес, заман шындығына құрылған ащы шындықты астарлап, бірақ миға сіңімді, ойға қорытатындай жеткізілуімен ерекшеленеді. Шериаздан Елеукенов айтпақшы, «Осы жаппай оқылатын жанрдың майын ішкен Кемел Тоқаев енді детектив формасын ар-ождан, құлық тақырыпты проблема көтеру мақсатына пайдаланған. Әдетте бөгде әңгіме шытырман оқиғалы шығарманың заңына қайшы келіп, шиеленіскен жұмбақ жағдайлардың шешілу қарқынын бәсеңдетеді. Детектив шығарманың шеңбері қылмыстың жасалуы мен әшкерелену шеңберінен аспауы тиіс. Сонда да Кемел апас-құпас оқиғалары шапшаң алмасып, тартысы қатты бұралған домбыра ішегіндей шертіп тұрған сюжеттен саңылау тауып, ұлы Абайдың «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесен істің бәрі бос» деген ойын дамытатын тақырыптың жаңа бір қырын тауып, үлкен әңгіме қозғайды».

Рас, Кемел Тоқаев — қаламы қарулы, майданда қалам мен қаруды қатар серік еткен, детективтері арқылы оқырманнан лайықты бағасын алған талантты жазушы. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің баға жетпес бай мұралары. Келешек детектив жанрының жалынын тартып мінер жас жазушылар Тоқаев шығармаларын өздерінің темірқазығы етіп ұстанатыны бек анық. Кемел ағамыздың бір кемел ісі болса, ол — уақыттан оза білгенінде, болашақты бес саусағындай тани алғанында дер едік. Ондай қабілет басқа қаламгерлер үшін арман ғана. Ендеше Кемел Тоқаевтың шытырман шығармалары шындықтың туын желбіреткен, оқыған жанды елжіреткен, кеше де, бүгін де, болашақта да оқырманның ой-сезімін сәулелендіретін, ізгілейтін, қиялына қанат бітіретін баға жетпес байлық деуге толық негіз бар.

«Айқын», 16 қыркүйек 2018 жыл



## ДЕТЕКТИВТІҢ КЕМЕЛІ

**Б.СӘРСЕНХАН**

24 қыркүйек күні «Ана тілі» баспасынан Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасы бойынша қазақ прозасында детектив жанрының негізін қалаған қаламгер Кемел Тоқаевтың бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Қазақ прозасында тың жанрдың жолашары бола білген қаламгер шығармашылығы шытырман оқиғаларымен, қараңғыдан жарыққа бастаған фибратты дүниелерімен ерекшеленеді. Майдан даласын көзімен көріп, көңілге түйгенін ақ қағазға төккен жазушы шығармалары соншалық шынайы, тағылымды. Көзі тірісінде таралымы 400 мыңға жеткен жазушының кітаптары бүгінде өз оқырманын тапқаны мәлім.

Ғылым ордасының кіші залында өткен бес томдық кітаптың тұсаукесер рәсімінің тізгінін жазушы Әлібек Асқаров қолға алып, жазушының сан қилы өнегелі еңбек жолы жайлы баяндады. Алғашқы сөз кезегін алған Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет өз кезегінде:

«Кемел ағамыз ішкі мәдениеті мол, адамгершілігі жоғары адам болатын. Детектив жанрын қара нардай сүйреп өрге шығарып, қалыптастыруда еңбегі ерен. Қалихан Ысқақ, Рамазан Тоқтаров, Асқар Сүлейменов секілді жазушылармен «Қаламгерде» отырғанын талай көргенбіз. Көңілі таза, қулық-сұмдықты білмейтін, сәби жүректі жан болатын. Кемел ағамыздың өзі өмірден өтіп кеткенмен, шығармалары халқына жетіп жатыр. Шығып жатқан жинақ жастарға дүмпу, серпіліс туғызатын жинақ болады деп ойлаймын», — деді ағынан жарыла.

Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қуатжан Серікқазыұлы тұсаукесер кешке арнайы келіп, құттықтау сөз сөйледі. Ол өз сөзінде: «Кемел ағамыз қазақтың ұлттық санасын сақтауға өте көп еңбек сіңірген. Шытырман шығармалары оқырманын терең логикаға, ұшқыр ойға жетелейді. Бала күнімде Кемел ағамыздың кітабын оқып, мектеп бітіргендей сезімде болғанмын. Ол кітапты менен кейінгі барлық бауырларым оқыған болатын. Сонда осы кітап жадымда ерекше сақталып қалған», — деді.

Мұнан соң «Ана тілі» баспасының директоры Жақау Дәуренбеков сөз сөйлеп, ақын Рафаэль Ниязбек жырдан шашу шашты.

Жарыққа шығып отырған бес томдықтың бірінші кітабында Кемел Тоқаевтың құнды шығармасы — «Солдат соғысқа кетті» романы берілген. Романдағы басты кейіпкер Мұхамед — жазушының өзі. Ауылдан алыс майдан даласына аттанған Мұхамедтің адалдық жолындағы күресі, соғыс кезіндегі аярлықтарды әшкере еткені шығармада шынайы суреттеледі. Қаһармандыққа таласып, өзді-өзін алдаған қатардағы солдаттың ашкөздігін айтып, шын батырдың үнін оқырманға жеткізеді. Осы романмен қатар, бұл томға «Түнде атылған оқ», «Тасқын» повестері енген.

Екінші томнан орын алған кезекті күрделі шығарма — «Соңғы соққы» романы. Қаламгердің бұл шығармасынан оның қандай мехнатты тағдырды бастан кешкенін білуге болады. Не жазса да, соңғы күшіне дейін сарқып, өз болмысын қаламмен біріктіретін жазушының бұл туындысынан шынайылық пен адалдық лебі еседі.

Үшінші томға «Ұясынан безген құс» романы мен «Қастандық» повесі енген. Оқырманын баурап әкететін «Ұясынан безген құс» туындысынан да осы бір ізгілікті әрі иланымды ұстанымды көреміз.

Қаламгердің көп тер төккен тақырыбы — қазақ прозасына тың үрдіс әкелген шығармалары, көпке мәлім шытырман оқиғалы повестері. Кемел Тоқаевтың бұл шығармалары («Сарғабанда болған оқиға», «Көшпенді үйдің қонысы қайда?», «Таудағы жаңғырық», «Көмескі із», «Солдат қабірінің басында») төртінші томға енген.

Бесінші томнан атақты партизан, Халық қаһарманы Қасым Қайсенов жайлы повесть пен «Замандастар сыры» атты жазушы Кемел Тоқаев жайлы қаламдастар лебізін оқи аламыз.

Жазушы жайлы өз ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ дипломатиясының аса көрнекті тұлғасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» эссесінде шынайы мағлұматтар берілген. Күйбің тірліктің қамытын аркалап жүрсе де, адалдық пен ар сақтауды ұмытпаған жазушы болмысын танып разы боласың. Эсседі Кемел Тоқаевтың жазушылық, майдангерлік, қайраткерлік қырлары көрініс табады.

Ғылым ордасындағы кештен соң, жазушы тойы Қазақстан жазушылар одағының «Әдебиетшілер үйінде» жалғасын тапты. Өзі қызмет еткен қасиетті қара шаңыраққа жиылған көпшілік жазушының өмір жолымен, шығармаларымен танысты. Жазушы хақында деректі фильм тамашалады. Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен ән шырқалып, күй шертілді.

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының қаламгер Кемел Тоқаевтың 95 жылдық еске алу кешіне арнайы жолдаған құттықтау хатын министрліктің жауапты хатшысы Қуатжан Серікқазыұлы көпшілік алдында оқып берсе, Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың құттықтау сөзін облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев жеткізді. Мұнан кейін сөз алған Жазушылар одағының басқарма төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет қаламгер мерейтойына деген өз тілегін жеткізе келе, мемлекет және қоғам қайраткері Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқыды.

Кеште сөз алған Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шаханов:

«Кемел ағамызбен қатар жүріп, сырлас болдым. Ол кісі ылғи шындық биігінен көрінетін дара азамат еді», – деді. Ақындар Рафаэль Ниязбек пен Шәмшібай Сариев жырдан шашу шашып, кештің көркін ашты.

Кеш жиналған көпшілік қауымның көңілінен шықты.

«Ақпарақ», 28 қыркүйек 2018 жыл



## ЖАҚСЫЛЫҒЫН ЖАР САЛМАҒАН ЖАН

**Мәткерім ӘКІМЖАНОВ,**

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі

Ол халқының тағдыры үшін, ертеңгі нұрлы болашақ үшін адал еңбек етті. Уақыттың талап-тілегін азаматтықпен адал атқарды. Ел мүддесін, Отан мүддесін майданда қарумен, бейбіт күнде қаламмен қорғады.

Мен өзімнің қаламгерлік ұзақ өмірімде талай-талай адамдар туралы мақалалар, очерктер, кітаптар жазған адаммын. Бірақ сонау бала кезімнен, дәлірек айтқанда 1953 жылдан бері білетін, талай жерде дәмдес болған осы бір абзал аға туралы бірде-бір рет қалам тартпаппын. Өмірдің ағысы солай болды ма, әлде өзімнің ықтиятсыздығымнан ба, ол жағын түсіне алмадым. Соның реті енді келгендей. Әңгіме көрнекті жазушы, ардақты азамат, жауынгер патриот Кемел Тоқаев туралы болғалы отыр.

1953 жылдың күзінде сонау Талдықорған ауданының Шұбар орта мектебінде оқитын екі дос – Ғазиз Саурықбаев пен мен, 9-сыныпты қалада жалғастырмақ болып Алматыға келдік. Ғазиз Алматы ет комбинатына жақын жердегі ТЭЦ-тің дәл түбінде тұратын апайының үйіне, мен Ұйғыр көшесі жағындағы Сәдуақас Оспановтың пәтеріне тұмсық тіредім. Оқас (Сәдуақас) ағамыз Алматы қаржы техникумын бітірген, кейіннен Ұзынағаштағы аудандық банк бөлімшесінің бастығы қызметін атқарған абыройлы әрі қайырымды

адам еді. Әсіресе жеңешем өте аяулы адам болатын. Мен сол жолы астанадағы №18 орта мектептің 9-сыныбына қабылдандым да, Ғазиз көп ұзамай ауылына қайтып кетті. Ол кейін Талдықорғанның Қапал жағындағы «Зерносовхоз» дейтін жерге барып қоныс тепті. Келіншегі Күләшпен қазір де сонда тұрады.

Бір қызығы, Ғазиз Саурықбаев досымның ТЭЦ жақта тұратын әлгі апайы өзім қатты сыйлайтын Кемел Тоқаевтың да туысы еді. Ол кезде Кемекең «Қазақстан пионері» газетінде редактор қызметін атқарды. Әйтеуір, осы бір алақандай газеттің біздің бала жүрегімізге балдай жағатыны әлі күнге есімде.

Кемел ағамен кеңірек таныстығымыз 1960 жылдардың басында басталды. Мен ол кезде «Лениншіл жас» газетінде жауапты хатшы болып істейтінмін. Кемекең болса Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысында» бас редактор еді. Бұл кезде мен Кемекеңнің «Тасқын» және «Көмескі із» атты шытырман оқиғаларға толы повестерін оқып қойғанмын. Маған әсіресе оның алыстан орағытпай, шұбырынды шешендікке салынбай, қазақтың қарапайым тілімен баяндайтын ұтқыр ойлары, өткір диалогтары ұнаған. Оқиғаларды ойдан шығаратын жасанды тартыс дегеніңіз Кемекеңде мүлдем кездеспейтіні де есімде.

Жас алшақтығынан болды ма, Кемекеңмен көп сырласқан емеспін. Ол маған қол жетпес құз секілді, аса айбынды көрінетін. Оның үстіне курстас досым Қоғабай Сәрсекеев секілді қалың топтың ішіне қаймықпастан кіріп кететін батылдығым да жоқ, тартыншақтау болдым. Осының сырын өзім де түсінбеймін. Әлде жастайымнан жетім қалып, қатал тағдырдың түртпегін көп көргендіктен басылып қалдым ба екен? Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Мәскеуге іссапармен баруымыз жиілеп кетіп еді. Билет керек кезінде табыла бермейді. Сондай қысылған кезде мен ылғи Кемел ағама телефон шалатынымын. Өзінің жақын санайтын адамдарынан жақсылығын аямайтын Кемекең екі ауыз сөзге келместен Жоғарғы Кеңестің брониан билет алып беріп жүрді. Осы әдет бір емес, бірнеше жылға созылды. Мазалай бергеніме қысылып та жүрдім. Бірақ қол қысқа, амалым бар ма, өтініш айтпай тұра алмайсың.

Ол кезде жазушының шығармалары баспасөз беттерінде жиі шығатын. Кезекті бір шығармасының үзіндісін «Лениншіл жас» газетінде жариялауға себепкер болғаным бар.

«Мен дайын, жолдас полковник!» деп аталатын сол үзіндіні өз қолымен сеніп бергені тап бүгінгідей есімде. Қазақта «Сынықтан басқаның бәрі жұғалды» деген мәтел бар. Оқтай атылған тура сөз. Олай дейтінім, Кемекең еліктеп мен де шытырман тақырыпқа бет бұруды ойлап жүрдім. Кемекең дидарласа қалғанда оқиғалы жанрдың өте ауыр екенін, шығарма негізінен болған оқиғаларға, бұлтартпас деректерге сүйеніп жазылатынын, түптің түбінде оқушы қауым осы тарихи немесе деректі кітаптарды көбірек оқуға қарай ауатынын жиі еске салатын. Ағаның сол айтқандары аумамай келді. Ол халқының тағдыры үшін, ертеңгі нұрлы болашақ үшін адал еңбек етті. Уақыттың талап-тілегін азаматтықпен адал атқарды. Ел мүддесін, Отан мүддесін майданда қарумен, бейбіт күнде қаламмен қорғады. Өзінің 63 жылдық қысқа ғұмырында адамгершілік атты ұлы идеяға дақ түсірмей, өз Отанының шын патриоты бола білді.

Жоғарыда мен Кемекеңе ұқсап детективке бет бұрғым келетінін айттым ғой. Ол менің қолымнан келмеді. Бірақ бәрібір осы қызығы мол жанрдан қол

үзіп кете алмадым. Сол кезде газет оқырмандарын көбірек тарту үшін шытырман оқиғалы шығармаларды оқта-текте аударып басып отыратын әдет бар болатын. Сол дәстүр бойынша 1971 жылы мен де Геннадий Голышевтің «Шатун» повесін «Саяқ» деген атпен аудардым.

Ол кезде қазіргідей қаптаған газет жоқ. «Лениншіл жас» жұртшылықтың сүйіп оқитын газеті болғандықтан тез тарайтын. Әдетте сағат сегіз болмай газет дүңгіршектерінің алдында тізіліп тұратын оқырмандарды көретінбіз.

Сағат тілі дәл 9-да Кемел ағам телефон соқты. Баяғы байсалды әрі қысқа сөйлейтін қатқылдау даусын бірден таныдым.

— Құптаймын, құттықтаймын! Нұрмолда Алдабергенов туралы очерктеріңді онша қабылдай қойған жоқ едім. Ол кісі туралы ақсақалымыз Сәбит Мұқанов та, Сәуірбек Бақбергенов те жазды. Байқайсың ба, дақпырт көп. Ал мына аудармаң, әсіресе орыс мінезін, Тайга тіршілігін қазақ жұртына дәл жеткізе білгенің үміттендіреді. Империя алтынын Тайгадағы сарқырамаға тығып, Австралия асырып жібермек болған ақгвардияшылар операциясының жолын кесу қандай әсерлі шыққан, — деді.

Мақтағанды кім жек көрсін, әжептәуір риза болып қалдым. Әрқашанда шындықтан асып көрмеген асыл ағамның сараңдау болса да, жылы жүрегінен шыққан сөзі кейін менің Майн Ридтің «Оцеола — семинолдар көсемі», Сэтон Томпсонның «Кішкентай жабайылар», Уильям Фолкнердің «Сарторис», «Аю», «Аруақты қорлау», КСРО бас прокуроры болған Анатолий Безруковтың «Қылмыскерлер» повесі мен романдарын сәтті аударуыма жол ашты.

1973 жылдың күзінде Кемел Тоқасов өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Ол кезде тойды қазіргідей ашылып-шашылып үлкен мейрамханаларда өткізу деген өте сирек болатын. Кемел ағамыз да өзінің пәтерінде ақ дастарханын жайды. Ол атақты әнші апамыз Роза Бағлановамен көршілес тұратын еді. Барған сайын алыстап бара жатқан сол бір бақытты күндерге көз жіберсем, жүрегім сыздайды. Бақандай 40 жыл өтіп кеткен. Кемел ағамның ер тұлғасы мен Тұрар жеңгемнің ақсарылау, шуақты жылы жүзі көз алдымнан кетер ме! Сол дастарханда Мәскеудің халықаралық қатынастар институтында оқитын ұлы болды ма, болмады ма — есімде қалмапты. Бірақ бойжетіп қалған екі қызы — Салтанат пен Қарлығаның әкелеріне деген ілтипаты есімде сайрап тұр.

Отырыстың көрігін қыздырған жазушылығымен де, әншілігімен де аты шығып жүрген Совхозбек Тоғысбаев болды. Кейінірек совхозын «таратып» жіберіп, Бек Тоғысбаев атанғанда құрдастары біраз жылға дейін «бұл қалай?» деп әзілдеп жүрді. Бектің баритон даусы бірден баурап алатын. Ол қыза келіп халық әндерін аңыратқанына талай рет куә болдық. Әсіресе әлемге әйгілі «Фигаро» және «Вернись в Соренто» әндерін итальянша құйқылжытқанда кім де болса аузын ашып қалатын. Бек ағамыздың итальянша не айтып тұрғанын қайдан білсін, асқақ естілетін әуені үшін дүркіретіп қол шапалақтайтын.

Бек ағамыздың үйіндегі домбырасын бір-екі қағып көрді де, жаратпай тастады. Көршілерінен алдырған домбыра да көңілінен шықпады. Біздің үй де Кемекең үйінен онша алыс емес еді. Әдемі кештің әрін домбыра кіргізетінін білген соң, мен өз үйімдегі қолдан жонып жасаған кішілеу домбырамды алып келдім. Бекеңе менің домбырам ғана сәл-пәл ұнағандай болды. Әнші ағамыз әнді ал келіп аңыратсын! Сапар Байжанов ағамыздың да бірқақпайы бар болатын. Ол да арасында қосылып отырды. Кемекең өзінің Сапар Байжанов, Мүсілім Базарбаев, Баймырза Дәуренбеков сияқты жақын достарын шайға

шақырғанда мені де қалдырмайтын. Сондайда басымнан кешкен бір қызық жағдайды айта кетейін.

Қонаққа құр қол бара алмайсың. Ол кезде дәулетіміз де шағын. Не аларымызды білмей қиналатын едік. «Алматы» қонақүйінің бірінші қабатындағы «Сувенир» дүкенінде таза алтын сағаттар, күмістен құйылған алты адамдық ыдыстар толып тұратын. Бағасы қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Қаз мойынды, бүйірі үнді әшекейіне толы жез құмыра біз үшін қолжетімділеу көрінді. Жеңгемізге ұсынатын бір десте гүлімізге қосып соны алдық. Сөйтсек, сол жолы шақырылған қонақтардың бәрі де сыйлыққа әлгіндей құмыра алыпты. Мұндайға ағамыз мән бермегенмен, Тұрар жеңгем ылғи күлімдеп жүретін қалпымен жұмсақ қана жымың етіп: «Қарық қылдыңдар ғой құмыраға», — деді. Естімеген болып өте шықтық. Әрқашан да мұнтаздай сұлу киінетін Мүсілім Базарбаев ағамыз сәл қызарғандай болды.

Осындай аз-кем қиыншылығы мен қызыққа толы базарлы өмір дүркіреп өтіп жатты.

Бірде АПН тілшісінің СОКП орталық комитеті саяси бюросының мүшесі Д.А.Қонаевпен жүргізген бір беттік сұхбаты келе қалды. Сұхбатпен қоса, Димекеннің үлкен суреті қоса беріліпті. Ол кезде «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары қызметіндемін. Бастығым науқастанып үйінде жатқан. Дереву телефон соғып, не істерімді білмей қиналып отырғанымды жеткіздім. Қиналатыным, ол кезде мұндай аса жауапты материалды «Лениншіл жас» секілді жастар газеті Қазақстан компартиясы орталық комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі президиумының органы болып саналатын аға газеттен бұрын жариялауға болмайтын жазылмаған заң бар. Бас басылым «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») ешқашанда мұндай ресми материалды жастар газетінен көшіріп басуға тиісті емес. Тәртіп сондай. Не істеу керек? «Былай жүрсең арба сынады, былай барсаң өгіз өледі». Бастығым мұны менен де жақсы түсінеді. Бірақ шешімді жауабын ол кісі де айта алмады. «Газетке қол қойып отырсың ғой, өзің біл» деді де, телефон тұтқасын қоя салды. Науқастанып жатқан адамды мазалағанымға өзім де ыңғайсызданып қалдым. Ол кісінікі дұрыс. Ал «Социалистік Қазақстан» газетінің басшылары не дер екен? Басқадан гөрі газет редакторының бірінші орынбасары Балғабек Қыдырбекұлына батылдау едім, телефон шалдым. Ол кісі: «Материал біздің поштаға түскен жоқ, Мәткерім. Сондықтан саған былай істе деп ешқандай ақыл айта алмаймын», — деген тұжырымды ойын айтты. Бәкеңдікі де жөн сөз. Бірақ материалды жатқызып қоюға болмайды. Сондықтан «не бел кетер, не белбеу кетер» деген тәуекелмен сұхбатты нөмірге салғызып жібердім. Таңертең Димаш ағамыздың жымып отыратын жылы жүзі газет бетінде жарқ етіп шыға келді. Былайғы жұрт нені біледі, ал газет қызметкерлері у-шу. Шулай берсін дедім де, отыра бердім. Бұл дүрмек осымен қалатын да еді, егер пысықай біреулер отқа май құйып жібермегенде.

Сағат 10-нан аса бергенде Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысының көмекшісі Көрік Дүйсеев телефон соғып, «Сені сағат 12-ге хатшы шақырып жатыр» деді. Көрікті жақсы білемін, өзіміз үйлендірген қатарлас жігіт. Бірақ неге шақыратынын ашып айтпады. Айтпағанмен ішім сезеді. Ойым онға, санам жүзге бөлініп, жанашыр ағам Кемекенге хабарластым. Ол кісі кесіп бір-ақ айтатын әдетімен:

— Мұндай сөзді ертерек айтар болар, қазір сағат он бір болып қалды. Жарайды, қорықпа, бара бер, — деді.

Саттар Нұрмашұлы Имашевтің алдында бірінші болуым. Үкімет үйінің күн-шығыс қанатындағы шағындау бөлмесінде күтіп отыр екен. Кісіге сығырайып ұзақ қарайтын жылы жүзді, толық денелі адам еді. Біраз үнсіздіктен кейін ғана қолындағы ұшталған бір уыс қарындаштарын үстелге тықылдатып отырып:

— Әй! — деді. — Өткенде түк таппағандай Ісләм Жарылғаповтың «Тілім өлсе, өлгенім өзімнің де» деген өлеңін жариялаған кезде үндемеп едім. Сонда сені «ұлтшыл» деп талай адам звондаған. Бақытың бар екен, бала, 37-нің заманы болса, сенімен бүйтіп сөйлеспеген болар едік, — деді. Үлкен адамның өзімсіне сөйлегеніне ішім жылып қалды.

— Ал бүгінгің мынау, — деді.

— Қып-қызыл жалаудай жанып тұратын кезің емес пе! Сенің жасыңда Ғани Мұратбаев қандай еді, есіңе түсірші. Сенің бағатының ұлтшылдық бықсық емес, отаншылдық болуы керек! — деп бір тоқтады. — Әзірге ауызша сөгіс беремін, жүре бер.

Осының алдында Фрунзе (қазіргі Медеу) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Крашенинникова бюрода менің партиялығымды қарағалы жатыр дегенді естігенмін. Абырой болғанда, Саттар Нұрмашұлының қабылдауынан кейін мұның бәрі жайына қалды. Мен саған жақсылық жасадым деп Кемел ағам айтқан жоқ, жақсылығыңызды ұмытпаспын деп мен айтпадым.

Кемел ағам бір күні телефон соғып, мені өзі істейтін «Жаршыға» аға редакторлық жұмысқа шақырды. Шынымды айтайын, «Лениншіл жастай» көңілді ортаны қимадым. Оның үстіне аға редакторлық менің баяғыда жүріп өткен жолым. Тым ресми ортада тас мүсіндей қатып, қозғалмай отыруға төзімім жете ме, жоқ па деп ойладым. Сондықтан бірден жауап бере алмадым.

Ұмытпасам, 1975-тің жазында болар, бір оңаша кездескенде Кемекең әлгі ұсынысын тағы да айтты. Бұл жолы да тәуекел ете алмадым. Жастардың ортасындағы абыройлы қызметімді қимадым. Ол кезде «Лениншіл жас» газетінің беделі биік болатын. Ол Әбдісаттар Бөлдекбаев, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Тельман Жанұзақов, Әбіш Кекілбаев, Әбілфайыз Ыдырысов, Қалихан Ысқақов, Рымғали Нұрғалиев, Фариза Оңғарсынова т.б. түлеген құт мекен еді, қаламгерлердің нағыз ұстаханасы болатын. Кемел аға алдымен «Қазақстан пионерінде», одан кейін «Лениншіл жас» пен «Социалистік Қазақстан» газеттерінде қызметтер атқарды.

Кемел Тоқаев өзі өмір сүрген қоғамның қасіреті болған жат тірлікті шытырман оқиғаларға желі етіп, сабақ алар, салмақты мұра қалдырған дарын иесі еді. Оның қаламынан туған еңбектерінде отаншылдық рух, ұлттық патриотизм тайға таңба басқандай көрініп тұратын.







## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ӘКЕ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫРЫ

**Оралбек БОТБАЙ,**

Аймақтық менеджмент академиясының профессоры, филантроп,  
«Құрмет» орденінің кавалері

«Алматыға табан тіреген сәтімде ата-анам жерленген Кеңсай бейітіне міндетті түрде барамын. Аспанға ұзақ көз алмай қараймын, маған сонау жақта, тым алыста қымбатты ата-анамның жандары жайлы орын тапқандай көрінеді». Бұл — Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ата-анасына деген сағыныштан туған ойлары. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әке туралы ой-толғау» атты кітабында сонау кеңес заманында күн кешкен қазақ отбасының өмір жолы, 30-жылдардағы аштық тартқызған нәубет, өмірдің сан түрлі сынақтары мен қуаныштарын жазады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкесі Кемел Тоқаев майдангер-жазушы, журналист болған. 1923 жылы Алматы облысының Қаратал ауданында дүниеге келген. Сол тұста әр қазақ отбасының басынан кешкен Ұлы Отан соғысының зардабы, қала берді, бала кезден иектеп алған жетімдіктің ащы дәмін Кемел Тоқаев та татқан. Ұжымдастыру тұсында Кемел Тоқаевтың отбасына аштықтан бас сауғалау үшін туған мекендерін тәрк етуге тура келеді.

«Отбасы аштықтан бас сауғалап, күн кешу үшін Фрунзе (қазіргі Бішкек қаласы) қаласына дейін жетіп алу туралы шешімге келеді, аштық әр қазақ отбасының басына түскен нәубет еді. Фрунзеге жетер жол ауыр әрі азапты болды», — деп жазады Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің «Әке туралы ой-толғау» кітабында.

1933 жыл Тоқаевтар әулетіне аса ауыр сынақпен келеді. Қ.Тоқаевтың пештің жанында ойнап жүрген туған қарындасы отқа түсіп, қаза болады. Қайғылы оқиға Кемелдің анасының көз алдында болған, бала қайғысына шыдамаған анасы да көп ұзамай көз жұмады. Кемел мен оның үлкен ағасы Қасым жетім деп ойлаған милициялардың нұсқауымен балалар үйіне тапсырылады. Қайғылы оқиғадан кейін Кемел Тоқаевтың әкесі қайғыға шыдас бермей, із-түзсіз жоғалып кеткен деген деректер келтіріледі.

Біраз жыл өтеді. Кемел Тоқаев Фрунзедегі училищені тамамдап, Сталинград майданының құрамына кіретін әскери бөлімшеден бір-ақ шығады. Кемел Тоқаев үш ай майданда болды, ауыр жарақат алып, елге оралды. Алайда емхана төсегіне таңылып жата бергенді жөн санамаған жас жігіт бастапқыда Бірінші Украина құрамына, кейіннен Екінші Беларусь майданы құрамына кірген 7-ші гвардиялық танк полкі құрамына қабылданады. «Ауылдан шыққан әкем орыс тіліне шорқақ еді. Қатал өмірдің ағынымен соғыс оның алғашқы өмір мектебі болды, ерлік пен жанқиярлықтан сабақ алып қана қоймай, орысша да үйренді. Грамматикалық мысалдарды өзінің әдемі жазуымен тізген блокноттары сақтаулы. Тұтас абзацтарды жаттап алып, белгілі орыс жазушыларының көркем шығармаларын да конспектілеген», — деп жазады Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің әкесі туралы естеліктерінің бірінде.

Сұрапыл соғысқа Кемел Тоқаевтың өзі ғана емес, туған ағасы Қасым Болтаев та қатысқан екен. Алайда талай қазақты жер жастандырған соғыста Кемел ағасынан айырылып қалады. Қасым Болтаев соғыста жанқиярлық ерлікпен қаза тапқан деседі. Кемел Тоқаевтың туған ағасына деген бауырлық махаббаты мен сағынышы турасында Серік Қирабаевтың мынадай естелігі бар екен: «Осы отырыста ол аяғының жаралану жағдайларын, Сталинград, Белоруссия, Украина, Польша жерлерінде соғысқан күндері жайлы әңгімеледі. Соғыстың қиындығы мен жас кезінде басынан өткен ауыр жылдарды жазушы сияқты әңгімелегеніне сүйсініп қалып едім. Бойында жазушылық дарын барын кейін байқадық қой. Ұзақ отырыстағы әңгіме біріне-бірі жалғасып, өзінің жетімдік өміріне ұласты. Аштық кезінде бұл отбасы Фрунзеге (қазіргі Бішкек) көшіп келіп, сол жерде ата-анасынан, қарындасынан айырылыпты. Қасым деген ағасымен екеуі балалар үйінде тәрбиеленгенін де осы тұста естідім. Ағасын аузынан тастамайтын».

Қасым-Жомарт Кемелұлының есімін ағасының құрметіне қойған екен. Ол туралы «Өзіме қамқор болған ағаның майданда қаза болуы мені шын жетім етті. Оны ұмыта алатын емеспін. Жаңа туған тұңғыш ұлымның Жомарт деген атына Қасым ағамның атын қосып атап жүрмін» деп еді. Осы әңгімені көңілі босап, көзіне жас үйіріліп, егіліп айтты. Кейін үйінде болғанда кішкентай Қасым-Жомартты көрсетіп, «Менің ағамның атын қойған ұлым — мынау» деп көрсеткен». Бұл туралы Қ.Тоқаев әкесі туралы естелік кітабында да жазады. «Әкем ағасы ғайыптан тайып бір таңғажайып болып келе қалатындай көретін. Мұндай сәттерде ол: «Мүмкін, ол ауыр жарақат алып немесе контузиядан госпитальдердің бірінде адасып қалған болар, соғыста бәрі де болады ғой», — деп еске алады Қасым-Жомарт Кемелұлы әкесінің бауыры туралы естеліктерін.

Соғыстан қайтқаннан кейін майдангер Кемел Тоқаев 22 жасында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түскен. Жоғары оқу орнын тамамдағаннан кейін «Қазақстан пионері», «Жас ұлан», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» басылымдарында қызмет істеген. Кейіннен республиканың Жоғарғы Кеңесі президиумында қызмет еткен.

Кемел Тоқаевтың журналистік қызметінен бөлек, жазушылығы бір төбе. Бүгінде оны қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаушылардың бірі деп атайды. Ақиқатында солай. Жазушының «Тасқын», «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» сынды туындылары дәл осы детектив жанрына құрылған. Осының ішінде «Соңғы соққы» романы қазақ әдебиетінде тұңғыш детектив туынды болып, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленген туынды. Бұл романның ізін ала бере «Солдат соғысқа кетті» деген тарихи романы жарық көреді. Аталған роман 1956 жылы Қазақстан Ішкі істер министрлігі мен Жазушылар одағы бірігіп өткізген алғашқы байқауда бас жүлдені еншілеген.

Романның басты ерекшелігі — құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерен еңбегін ту ету, аталған роман үшін К.Тоқаев «Милиция қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Әкесінің шығармашылығы туралы естеліктерінің бірінде Қасым-Жомарт Кемелұлы мынадай ой айтады: «Өзінің алғашқы кітабы жарық көргеннен үш жылдан кейін әкем милиция қызметкерлерінің ауыр еңбегі туралы өте қызықты шығармасын аяқтайды. Кітаптың атауы өте сәтті шыққан, бір сөзден тұрса да, қаншама мәнге ие: «Тасқын» (1958 жылы жарық көрген). Бұл кітап жарық көргенге дейін қазақ тілінде дәл осындай жанрдағы кітап болмаған, әкем бұл бағытқа алғаш қалам сілтеген жан». Біраз уақыт өткеннен кейін Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкесінің жазған кітабына АҚШ қызығушылық танытқан. «Соңғы соққы» романының екі данасын АҚШ конгресінің кітапханасы мен Иллион университеті сұратқан.

Кемел Тоқаев сондай-ақ деректі зерттеулерімен де детектив жанрының дамуына өз үлесін қосты. Мұрағаттан сирек деректерді іздеп тауып, мұндай еңбегі үшін мемлекеттік марапатқа ие болған.

1952 жылы Кемел Тоқаев медицина институтының студенті болған Тұрар Шабарбаевамен шаңырақ көтерген, төрт баланы өсіріп, баптады. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Мәткерім Әкімжанов өзінің бір естеліктерінде Кемел Тоқаевтың шаңырағында қонақта болған күндерінің бірін еске алады. «1973 жылдың күзінде Кемел Тоқаев өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Ол кезде тойды қазіргідей ашылып-шашылып үлкен мейрамханаларда өткізу деген өте сирек болатын. Кемел ағамыз да өзінің пәтерінде ақ дастарханын жайды. Ол атақты әнші апамыз Роза Бағлановамен көршілес тұратын еді. Барған сайын алыстап бара жатқан сол бір бақытты күндерге көз жіберсем, жүрегім сыздайды. Бақандай 40 жыл өтіп кеткен. Кемел ағамның ер тұлғасы мен Тұрар жеңгемнің ақсарылау, шуақты жылы жүзі көз алдымнан кетер ме! Сол дастарханда Мәскеудің халықаралық қатынастар институтында оқитын ұлы болды ма, болмады ма — есімде қалмапты. Бірақ бойжетіп қалған екі қызы — Салтанат пен Қарлығаның әкелеріне деген ілтипаты есімде сайрап тұр», — деп жазады жазушы.

Кемел Тоқаев 1986 жылдың қарашасында өмірден өтті. Ал Қасым-Жомарт Кемелұлының анасы 2000 жылы шілдеде дүние салды. Қасым-Жомарт Тоқаев өз естеліктерінде әкесінің балалары үшін жанын беруге дайын болған ерекше мейірімін жылылықпен еске алады. Қасым-Жомарт Кемелұлы ата-анаға деген ыстық сағынышын: «Шексіз ғарышта тыным тапқан екеуінің жұмыр жердің бетінде тіршілігін жалғастырып жатқан балалары мен немерелеріне жан жылуын жолдап жатқанына сенгім келеді», — деп жазған еді. Кемел

Тоқаев Қазақстан тәуелсіздігін алып, өз алдына егемен мемлекет болғанын көрген жоқ, өмірден өтіп кетті. Алайда тұяғы — ұлы бүгінде тәуелсіз Қазақстанның мемлекет басшысы атанды, бұған дейінгі қызметтерінде де абыройлы, даңқты болды, бүгінде барша қазақтың сенім артар тұлғасына айналды.

qasym.kz., 2 мамыр 2019 жыл



## КЕМЕЛ АҒАНЫ КЕҢІНЕН ТАНИ ТҮСТІК

**Несіпбек АЙТҰЛЫ,**

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Ұзақ жылдар тележурналистика саласында еңбек етіп, соның қыр-сырын жетік меңгеріп, мәнді, мағыналы туындыларымен көптің көңілінен шығып жүрген талантты інім, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Махат Садықтың майдангер-жазушы Кемел Тоқаев жөнінде түсірген деректі фильмін көріп терең ойға қалдым. Уақыт алыстаған сайын таудай тұлғалардың сан тарау қырлары, жарқын келбеті жарқырап ашыла түседі екен.

Кеше ғана Жазушылар одағында бірге қызмет еткен Кемел ағаны толық танып білмеген екенбіз. Қысқа өмірде адам жанын зерттеп, түсіну кейде тіптен мүмкін емес сияқты. Бір қарағанда өте қарапайым, шыншыл, көп ашыла бермейтін ағаның тауқыметті тағдыры, ішкі жан азабы, ғұмырлық философиясы өте тереңде көрінеді... Біз Кемел Тоқаевты шебер журналист, қазақ әдебиетіндегі дегертив жанрының негізін қалаған қабырғалы қаламгер ретінде таныдық.

«Ер — елдің қорғаны, намыс — ердің қорғаны» дейді дана халқымыз. Көненің көзі, әкесі Тоқаның артында қалған жалғыз тұяғы, жазушы Кемел Тоқаев, шынында да, кесек тұлға еді. Өмір дариясына салған қайығын аласұрған тағдыр толқыны асықтай иіріп, оңды-солды қанша лақтырса да, жанын таза, жүрегін жылы, арын биік ұстай білген азамат. Өзінің ауыр да қасіретті өмір жолында қаламына сүйеніп өтті. Шығармаларына тұтас ұлттың тағдырын арқау етті. Өйткені ұлттың басына төнген қасірет елін сүйген кез келген азаматты айналып өтпесі белгілі.

1932 жылдағы ашаршылық Тоқаевтың да айналасын көктей орып, тыптыл отап кеткен. Зұлмат жылдар жас Кемелге де жетімдік зарын барынша тарттырады. Ағасы Қасым екеуі Түркістандағы балалар үйін пана тұтады. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, соғыс қасында қалған жалғыз сүйеніші Қасымнан да айырады. Қасым майдан төрінде ерлікпен қаза табады. Ағасының ізімен майданға аттанған Кемелдің өзі де қанқұйлы соғыстың бел ортасында жүріп, талай ерлік көрсетіп, ауыр жараланады. Майданнан оралған соң да қоғамдық қызметке белсене араласып, әдебиет әлемінің киелі есігін еркін ашып кіреді. Махат осынау күрделі тағдырды арқалаған кесек тұлғаны шеберлікпен жарты сағаттық фильмге сыйғыза білген. Аз сөзбен көп ойландырады. Кемел ағаның кеңістігін Халық қаһарманы Қасым Қайсенов, Қазақстанның халық жазушылары Мұзафар Әлімбаев, Әзілхан Нұршайықов,

# Кемел ағаны кеңінен тани түстік

Узақ жылдар тележурналистика саласында еңбек етіп, соның қыр-сыры жетік меңгеріп, мәнді, мағыналы тұжырымдармен көптің көңілінен шығып жүрген талантты іні, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Махат Садықтын майдангер жазушы Кемел Тоқасев жөнінде түсірген деректі фильм көріп терең ойға қалдым. Уақыт алыстаған сайын таудай тұлғалардың сан тарау қырлары, жарқын кәлібеті жарқырап шыла түседі екен.



Кеше ғана Жазушылар одағында бірге қызмет еткен Кемел ағаны толық танып білмеген екен біз. Қазақ өмірде адам жанын зерттеп, түсінуде қолдан мұра келетін саяхатшы, шанышыл, көп өте қарапайым, шанышыл, көп метті тағдыры. Иәкі жеті азыбы, гүмбірлік философиясы өте геті шебер журналист, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаған қабырғалы қаламгер ретінде танылды.

1932 жылдағы апаршалық Тоқастың да айналсын көктей орап, тып-тыныш отап кеткен. Зұлмат жылдар жас Кемелге жетімдік арзын барынша тарттауғалы. Ағасы Қасым екеуі Түркістандағы балалар үйіне паналенген. Соғыс қасында қалаңгер жетімдік сүйеніші Қасымнан да айырыла. Қасым майдан торінде ерікпен қаза табады. Ағасының імен майданда аттанған Кемелдің ортасында жүріп, талай еріксіз алаңдап ораптан соң да қоғамдық қызметке белсенді араласып, еркін ашып кіреді. Махат осынау тұлғаны шеберлікпен жазып саттық фильмге сыйғағы білген. Аз сөзбен, көп ояландырады. Кемел ағаның кеңестігі Халық Мұңайыр Әбішев, Әзілхан Нұршайын замандасы Баймырза Дәуренбеков, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әкім Тарази,

философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Қалмырзаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеев сынды белгілі тұлғаларды. Жазушының өмір жолындағы айқын ідері «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы», «Ұядан безген құс», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Түнде атылған оқ», «Тасқын», тағы басқа шығармаларында сайрап жатыр. Өз бетінше білім алып, өмірдің талай қиын-қыстау өткелінен өткен Кемелдей кең тынысты қаламгердің шытырман оқиғаларға толы, шұрайлы тілді, шұрайлы кәлібетті шығармалары күн өткен сайын жас ұрпақты адалдыққа, батылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелей беретіні сөзсіз.

Әсілі, детектив жанрындағы шиеленісті шығарманы жазу үшін қырандай қырағылық, қасқырдай қайсарлық, шынайы шеберлік қажет. Қайсар қаламгердің кітаптарын қайта қолға алғанда сұрапыл соғыстың ішінде жанында бірге жүргендей күй кешесің, өзімен қайта тілдесесің. Соғыс көріп, балалық шағы жетімдік пен жоқшылықта өткен қатал тағдыр Кемел ағаның сағын сындыра алмады. Керісінше, төске салған шарболаттай шыңдай шығарды. Жанына ауыр жара алмады. Отан үшін адал перзент, отбасы үшін аяулы жар, ұрпақ үшін үлгілік әке бола білген үлкен жүректі жайсаң ағаның өмір жолы артында үрім-бұтағы барда, қара ормандай қазақ халқы барда, қарлармен бірге жалғаса бермек... Осындай парасаты биік тұлғаның нарқын асырып, парқын білер Махаттай талантты бауыр алғанын басқа айтарымыз жоқ. Ұлтының азаттығы жолында күрескен ардагер ағалардың азаматтық қасиеті, асқақ абыройы кейінгі інілеріне жұғысты болғай!

Несібек АЙТҰЛЫ,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

еңбек ардагері, жазушының замандасы Баймырза Дәуренбеков, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әкім Тарази, философия ғылымының докторы, профессор Әбдеш Қалмырзаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеев сынды белгілі тұлғалардың пікірлері арқылы жарқырата ашқан. Жазушының өмір жолындағы айқын іздері «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы», «Ұядан безген құс», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Түнде атылған оқ», «Тасқын», тағы басқа шығармаларында сайрап жатыр. Өз бетінше білім алып, өмірдің талай қиын-қыстау өткелінен өткен Кемелдей кең тынысты қаламгердің шытырман оқиғаларға толы, шұрайлы тілді, шұрайлы келбетті шығармалары күн өткен сайын жас ұрпақты адалдыққа, батылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелей беретіні сөзсіз.

Әсілі, детектив жанрындағы шиеленісті шығарманы жазу үшін қырандай қырағылық, қасқырдай қайсарлық, шынайы шеберлік қажет. Қайсар қаламгердің кітаптарын қайта қолға алғанда сұрапыл соғыстың ішінде жанында бірге жүргендей күй кешесің, өзімен қайта тілдесесің.

Соғыс көріп, балалық шағы жетімдік пен жоқшылықта өткен қатал тағдыр Кемел ағаның сағын сындыра алмады. Керісінше, төске салған шарболаттай шыңдап шығарды. Жанына ауыр жара салса да, асыл мұратынан тайдыра алмады. Отан үшін адал перзент, отбасы үшін аяулы жар, ұрпақ үшін үлгілік әке бола білген үлкен жүректі жайсаң ағаның өмір жолы артында үрім-бұтағы барда, қара ормандай қазақ халқы барда жылдармен бірге жалғаса бермек... Осындай парасаты биік тұлғаның нарқын асырып, парқын білер Махаттай талантты бауырға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ұлтының азаттығы жолында күрескен ардагер ағалардың азаматтық қасиеті, асқақ абыройы кейінгі інілеріне жұғысты болғай!

«Айқуп», 10 желтоқсан 2019 жыл



## МАЙДАН ТУДЫРҒАН СӨЗ

Ұларбек НҮРҒАЛЫМҰЛЫ,  
жазушы

Тақырып біреу болғанмен, тарқату әрқилы, оқиға біреу болса да, сезіну мен сезіндіру өзгеше. Сондықтан да ол — әдебиет. Сондықтан да ол өміршең. Жауынгер жазушы Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы жайында жазу себебімізді тек қазіргі ұрпақ кешегі соғыстың қиындығын сезініп, бүгінгі бейбіт күннің қадірін ұғыну үшін деп жалпылама сипаттар болсақ, онымыз тым жалаң пайым болар еді. Өйткені ол жалын атқан жастық шағын «жалмаған» соғыс туралы жазуға жүз ойланып, мың толғанып, тіпті сонау бала күнінде көрген ең қиын, ең ауыр сәттерін соғыстағы бастан кешкен түрлі жағдайлармен ұштастыра сомдап, санасында сартап қылып «сүрлейді». Соғысты көргендер де, көрмегендер де, майдан туралы том-том кітаптар жазып жатқанда Кемел қаламы бұл тақырыпқа қозғала қоймапты. Ойланып, толғанып, қай тұсынан, қалай кірісудің бәрін көкірек көмбесінде әбден пісіріпті. Деректе бұл роман 1983 жылы кітап болып басылғаны көрсетілген.

Яғни дүниеден өтерінен үш-ақ жыл бұрын жарық көрген екен.

Бұл романда өлім мен өмір арпалысқан айрықша сәттегі адам болмысы, жау қолында қалып бара жатқан жолдасымен қарым-қатынасы, жанындағы адамның атқан оғын иемденіп, атаққа кенеле қойғысы келетін аярлық — бәрі-бәрі табиғи қалыпта көз алдыға көлденең тартылады. Тіпті кейбір күрделі психологиялық жағдайларды айрықша тоқтала суреттеуі оның тек соғыста ғана емес, осынау бейбіт тіршілігімізде де көзге көрінбейтін өзгеше формада өрбіп жататын жайт екенін көрсетсе керек. Сонымен бірге Қазақстанда жүргізілген ұжымдастыру кесірінен болған қасіретті, тіпті соғысқа қатысты біраз құпияны ашып көрсету романның негізгі мақсаттарының бірі болғандай. Сондықтан да соғыс жайындағы бұл роман тарсылдаған мылтық даусы мен «ура-лаған» ұрандардан тұрмайды. Шымыр өрілген шынайы оқиғалармен шығар-

Нәсанә Шағабәт — газеттегі мақаласы

маны ілгерілете отырып, соғыстың жалпы жағдайына байыпты барлау да жасайды. Бұл, әрине, оңай емес. Мұны өз деңгейінде орындап шығуға жазуы жолға түскен жорғадай тайпалып, әсіресе қазақ әдебиетіне таңсық көрінген детектив дейтін жанрды әбден меңгерген Кемел қаламының кемеліне келген шағы керек-тұғын.

Көрнекті әдебиеттанушы, ғалым Шерияздан Елеукуенов «Кемел Тоқаевтың соғыс туралы бұл туындысы окоптан жазған репортаждай оқылады» депті. Өзіңді баяндалып отырған оқиғаның ішінде жүргендей сезіндіретін бұл шығарма жайында біз Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде жазылған «Тағдыр мен майдан» кітабымызда кеңінен тоқталған едік. Бұл мақаламызда романның тұтас тұла бойы, оқиға желісіне тоқталмай, оқырманға айрықша әсер ететін және соғыс майданында ғана айтылған қадау-қадау ойларға тоқталғанды жөн санадық.

«Ұят өлімнен жоғары тұрады». Әдетте «Өлімнен ұят күшті» деген сөз бар. Мұны әркім әрқалай түсінеді. Ұрлық секілді ұятты іс жасап, елдің алдында масқараң шығып тірі жүргенше, өліп қалғаның артық деген мағынада келеді. Ал, қызық болғанда, бұл мәтелдің соғыс жағдайында біз ойламаған басқаша қыры ашылған сыңайлы.

«Мұхамедтің қасына танауы делдиіп ентіге жүгіріп келген Фаткуллин:

— Жолдас сержант, темекі тартуға бола ма? — деді. Фаткуллин бөлімшеде өзімен-өзі жүретін, ешкіммен жұмысы жоқ, момын, жуас жауынгер саналатын. Осы сайға орналасқалы бері бір сәт тыным тапқан жоқ. Әрқайсысының қасына бір жүгіріп барады. Өлімнен қашып, оқ тимейтін «күтты орын» іздеп жүргенін Мұхамед енді ғана сезді.

Өлімнен қорықпайтын адам жоқ. Бәрі өлімнен қорқады. Бірақ сол үрейін бүркегісі келеді, қатер төніп тұрса да, салмақты, сабырлы болуға тырысады, берекесі кетіп, шошынып айқайламайды, өкіріп жыламайды. Өйткені ұяты өлімнен жоғары тұрады. Фаткуллин де өзінің қорыққанын жасырмақ болады. Мұхамед жымия күліп:

— Солдаттар мосы асып, шай қойып жатыр. Сенің тартқан темекіңнің әлсіз отын немістер көріп қояды деймісің, — деді.

Фаткуллин жан-жағына алақтай қарап:

— Ә, солай екен-ау, — деді де, өзінің сұрауын ақтамақ боп, — жай қыр үстінде жалаңаш, ашық жерде тұрған соң айтып жатқаным ғой, — дей салды.

— Именбей тарта бер».

Өлім алдында тұрса да, қорыққанын білдіріп қоюға ұялады. Бұл қандай күй, қандай сезім? Адам баласының құпияға толы болмысының осы бір қыры сағат, минут сайын ажал оғы атқылап жатқан майдан даласынан өзге жерде көрініс беруі ойыңа келіп, қағаз бетіне түсіру мүмкін еместей. «Ұят өлімнен жоғары тұрады». Міне, бұл нағыз майдан тудырған сөз. Өлгі мәтеліміздің әуелгі шынайы мағынасы осы шығар, бәлкім? Осылай айтқанда оның бетіндегі шаңы сүртіліп, жарқырап, жаңғырып шыға келгендей. Керек десеңіз, мәтелдің түпкі мәніне барар тура жолды ашып, нұсқап тұрғандай ма, қалай? Автор, әрине, біз айтып отырған мәтел мағынасы туралы ойды мақсаттамаған да. Ол өзі анық сезінген адам бойындағы сирек жағдайда көрініс беретін құбылысты ғана айтып өтті.

«Өзіңе атылған оқ». «Мұхамедтің қасына етпетінен бұғына түсіп жатқан Қойбағаров алға көз тігіп:

— Немістер кетті, — деп мылтығын жатқыза қойды. — Айналаның бәрі жұмбақ, қайда не барын білмейміз. Тым құрыса таң атқанға дейін мұрша берсе екен.

— Әрбір артық қимыл, дабырлаған сөз өзіңе атылған оқпен тең. Осыны ұғып қой! — деп Мұхамед Фаткуллинге бұрылды. — Жүреңнен отырсың. Немісті қалай көресің? Аспанға атпақсың ба? Бұғынбай еңсеңді көтер. Мылтығыңды кезеп ұста! Фаткуллин тыпырлай тұрып:

— Немістер келсе атам ғой! — деді».

Бұл өзінің қыбыр еткен қимылынан қапы кеткен қаншама жолдастарын көрген көзден шыққан сөз. Ал жайшылықта да біз қаншама артық қимылымыздан өзімізге «оқ» тиіп жатқанын біле бермейміз.

Құпия болған қуаныш жасы. Бұл бұған дейін ойға келмеген, егер Кемелдің кермек балалық шағын білмей, «Солдат соғысқа кетті» романын оқымай жүрсек әлі де, тіпті мәңгіге білмей өтетін құбылыс екен. Бейнелеп айтқанда, тумысынан басталған тұл жетімдік тұрмысына сіңіп кеткен бейбақ баланың таңғалысы сіз бен бізді таңғалдырмай қоймайды.

Мұхамед жеті тәулік бойы жау тылында қоршауда қалған үш танкисті құтқаруға тапсырма алып, түн ішінде ұрланып келіп, қапыда немістерге оқ жаудырып, жолдастарын құтқарып алады. Өмірден күдері үзіліп, бір-бірімен іштей қоштасып жатқан үшеуі құтқарылғанда қуанғандарынан жылап жібереді. Біздің назарымызды аударған түс — Мұхамед бұлардың жылауын түсінбей қалады. Себебі:

«Мұхамед балалар үйінде жүргенде кісімсінген әлдебіреу қатты ұрып тастағанда не жазықсыздан таяқ жегенде балалардың көгерген етін сипалап отырып, мұңын шағуға кісі таппай булығы ұзақ өксіп жылағанын талай мәрте көргені бар. Жәбір көргендер ғана жас төгеді деп ұғатын. Қуанған кісі де жылайды екен-ау деп таңғалды. Ол қуаныш жасын бірінші рет көрген еді» дейді романда. Осы тұста, құрметті оқырман, ойыңызда «Мұхамед деген кім?» деген бір сауалдың төбесі көрінуі мүмкін. Бірден жауап берейік. Мұхамед деген — Кемел Тоқаевтың өзі еді. Балалық шағы өте қиын, тар кезеңге тап келген Кемелдің он жасқа жетер-жетпес шағында әке-шеше, қарындасынан бір-ақ күнде аса аянышты жағдайда айырылып, өзі Қасым деген ағасымен сонау Бішкек түбіндегі жетімдер үйінде жан сақтаған тарихын біреу білсе, біреу білмес. Сол балалар үйінде ержетіп, майданға жасы толғанда жер бетіндегі жалғыз жанашыр жақыны, ағасы Қасым соғысқа кетіп, оны сағына аңсап, сарыла күтіп жүргенде бір жарым жылдан соң одан да қаралы қағаз келеді. Өзегінде өкініш пен кек қайнап, сол ағаның ізімен енді өзі де майданға аттанып, қанды қасап соғыстың ортасында жүрген беті осы еді.

Жаңағы үш орыс жолдасын құтқарған Мұхамед жайлы автор: «Осы бір сәтте қазақтың кішкентай қара домалақ баласы бұл үшеуіне қиядағыны қияннан шалатын, қиырдағыны қиналмай алатын алғыр да өжет жас қайрат иесіндей көрінген еді», — дейді. Бұл жүрегі қазақ деп соққан намысқой жастың өзінің ерлігіне, өзін биік ұстағанына деген риза көңілі еді.

Ал жоғарыда біз сөз еткен қуаныш жасы таяқ жемей, ұрыс естімей өткізген әр сағаты қуанышқа баланатын балалар үйінде ержеткен адам ғана сезінетін сирек құбылыс. Бұған дейін адамдар қиналған, қайғырған көңіл күйде ғана жылайды деп ұғып келу дегеніңіз адам айтса нанғысыз ауыр хал. Бұл — осы жасқа келгенше айналасынан көз жасы төгілердей қуанышты сәт



көрмей, сұрқайлықтан ғана сақтануға қабілеті жетіле түскен суық сананың ойда-жоқта селт етіп сезінген жылылығы. Адам бойындағы осындай бір құбылыс болады екен ғой деп ұққан ол сол сәтте алда қолы жетер бір байлықты көргендей болды. Ол — қуаныш жасы.

Мұны жантану, психология ғылымдарын зерттеушілер жүйелі зерделеп пайдаға асырар болса, бүгінде сәби жүрегін уайым мүжіген талай жеткіншектің қуаныш жасын ертерек сезіндіруге түрлі жағдайлар жасалар ма еді. Ол өз кезегінде бала психологиясына, өміріне пайдалы болатынына күмән жоқ. Алайда, осы жантану ғылымының өзі сала-салаға бөлініп, әдебиеттен іргесін аулақ салған осы уақытта кермек тағдырынан керемет құпиялардың кілтін тапқан жазушы жаңалығын керекке жарата қояды дегенге сене алмайтын секілдіміз.

Жантәсілім алдында немесе туған ана мен тұңғыш бала. Тағы да Ш.Елеуменов «Аты да, таланты да Кемел» деп аталатын мақаласында «Солдат соғысқа кетті» романынан үзінді келтіре отырып, мына бір жайды баяндайды:

«Тек қанды көйлек досы өлім аузында: мамам байғұс зарығып, мені босқа күтіп, екі көзі төрт болады-ау деп өзінен гөрі анасын қимайтын жерінде роман әңгімешісінің тамағына тас тығылып қалғандай қалпын сезінесің. Кемекеңнің досы, отставкадағы полковник, «Тоқаевтың үш сыйлығы...» деген мақала жазған («Қазақ әдебиеті», 23 қазан 1998 жыл) жазушы Қалмұқан Исабаевтан осы психологиялық көрініс жайында пікір айтуын сұрағанымда былай деп еді: соғыста қатты жарақаттанып, әл үстінде жатқан жас солдат үнемі «Мама!» — деп шешесін шақырып, айқайға басып жатады. Ал мосқалдаулары тұңғыш баласының атын атап қоштасады...» дейді.

Осы бір көп адамға ортақ тылсым психологиялық күйді роман әңгімешісі бірде белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовқа да айтып беріпті. Үйінде қонақ болған Әзілханға өзінің жауынгер жолдастары туралы әңгімелеп отырып, Виктор Акимов деген досының жаны үзіліп бара жатқанда соңғы рет: «Мама мені сағынатын болды-ау!» дегенін айтып, «Сол сөз өмір бойы құлағымда келеді...» деп көзіне жас алыпты.

«Сол сәтте Тұраргүл орнынан тұрып:

— Қой, Кемеш, босама, — деп шашынан сипап, күйеуінің басын кеудесіне қысты.

Кемелдің жанының нәзіктігіне, дос дегенде ішкен асын жерге қоятын адалдығына және оның жан жарының күйеуіне деген жан тебіренерлік ілтипатына тәнті болып, менің де жүрегім елжіреп кетті. Қалтамнан орамалымды алып, аузымды сұрткен болып, жасаурап кеткен екі көзімнің құйрығын құрғаттым...» деп жазады майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов.

Майдан дәлелдеген екінші хал, яғни жігіт шақтан өтіп, отбасы, балалышағалы болғандардың өлім сәтіндегі күйі туралы да романда суреттеледі.

«Окоп ішінде ыңырсыған, қиналған дауыс естілді. Алиев қасына жетіп кеп еңкейе қарады. Қойбағаров окоп түбіне шалқасынан құлаған. Тұла бойы топырақ араласқан қан. Снаряд сол жақ қолы мен қабырғасын жұлып кеткен. Шикі өкпе көрініп тұр...

— Ойпырмай, мына жел дегенің ұстараның жүзіндегі өткір екен-ау. Өкпемді қарып күйдіріп барады. Шинелімді қымтап жіберші, — деп талып кетті. Әлден соң тілінің ұшымен кезерген ернін жалап жатып көзін ашты.

Бабахунов флягін тосып, аузына су тамызды. Су жұтылмай, езуінен ағып жатыр. ...Қойбағаров ұзақ қарап жатып:

— Міне, қалқам, енді келмес сапарға жол тарттық, — деп, кәдімгі дені сау кісідей сөйлеп кетті. — Ақылжаным жас еді. Артта қалған жалғыз тұяғым — сол. Соған ие болғай дегейсің. Жарыма, ақылдыма тілегім — осы. Аманатымды жеткіз, қалқам! — деп көзін жұмып тына қалды» дейді.

Бұлар, міне, нағыз майдан тудырған сөз, майдан сезіндірген құбылыстар емес пе? Дәл осындай бір тұста Мұхамедтің «Мен өлсем сұрайтындай, мені жоқтап сағынатындай кімім бар, мүмкін, маған осы да жақсы болған шығар, ендеше мен алаңсыз алғы шепке ұмтыла беруім керек» дейтін кездері баяндалады. Әрине, сүйегінді қаритын сөз.

Тағдыр мен мінез. Жазушы Кемел Тоқаев сөзге сараң болғаны туралы қаламдас дос, інілері естеліктерінде көп жазыпты. Осы романды оқып отырып, сол мінездің сырынан да ұшық ұстағандаймыз.

«18 қаңтар 1943 жыл. Сталинград майданы.

...Әдетте солдаттар жолығыса қалған санаулы минуттар ішінде аты-жөнін, қай жақтан екенін жамырай сұрасып қалады. Ауылда кімдердің қалғанын әңгімелеп, әке-шешесін, сүйікті жарын, туған-туыстарын еске алысады. Мұндай сұрақ маған ауыр тиетін. Балалар үйіненмін деп айту өзіме қорқынышты көрінеді... Мұндай сұрақтан қашатынмын. Жігіттермен ашылып сөйлесе қоймаған соң, өз жөндерін айтуға онша әуестене қоймады, құлқы да болған жоқ. Бабахунов, мен, Тохидзе үшеуімізден басқа бөлімшеде тағы бес адам бар...» Бұралаң жол. Біз сөз еткен романдағы Мұхамедтің басынан өткерген біраз жайы осы «ағамның кегі», «азаматтық борышым» деп соғысқа аттанған бір әулеттен қалған жалғыз дән, жалғыз дарақ — Кемел Құдайдың қуатында өлмеді, аман қалды. Жалындап тұрған жас сарбаз бірден көзге түсіп, 226-шы атқыштар дивизиясының бөлімше командирі болады. Үш айдан соң ұрыста жараланып, әскери госпитальға түседі. Алайда жарақатынан толық жазылмаса да, алғы шепке аттануға өзі тілек білдіреді. Сөйтіп, ол 7-ші гвардияшылар танк полкына қосылып, Беларусьта, Украина мен Польша жерінде болып, кескілескен майдандарға қатысады. Майданда жүріп екі мәрте «Ерлігі үшін» медалін алады. Соғыста екі жарым жыл болып, әлденеше рет ауыр жараланып, II дәрежелі мүгедек болған ол жаралы солдаттармен бірге елге қайтты. Мүгедек болса да, аман келгеніне қуанған жақындары жаралы солдаттарды қарсы алып, үйді-үйіне алып кеткенде, ол жалғыз өзі қос балдағына сүйенген қалпы Алматы вокзалында тұрды...

Не керек, сүтпен бітіп, сүйекке сіңген қайсарлықтың арқасында кесілу керек деген аяғын кестірмей, емделіп жазылды. Шынайы жазылған романдағы Мұхамедтің тіршілігін шынайы өмірдегі Кемелдің ізіне жалғап әкелетер болсақ, сонау жетімханадан басталған аса күрделі де бұралаң жол оны соғыстың қанды соқпағына сала отырып, 1945 жылы Алматыдағы сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне бастап келеді. Емтихансыз қабылданып оқуға түседі.

Шындық. Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі детективтің атасы саналады. Оның қаламгерлігі жайында айтқанда жұрттың аузына бірден детектив түседі. Алайда қаламгердің соғыс тақырыбында жазған дүниелері оның нағыз майдангер жазушы екенін де танытады. Оның соғыс жайында жазған шығармалары жалаң дидактикаға әуестенбейді және соғыс романтикасына берілмейді. Керісінше, оған объективті түрде қарап, ол кезде айтыла бермейтін жеңістің аса зор шығынмен келгенін жазуға тырысады. Оның осы көзқарасы соғыс

жайлы біраз сорақылықты ашып жазған әйгілі В.Быковтың «В тумане», «Сотников», «Стужа» повестеріндегі сұрықсыз, бірақ нәзік, көңілсіз, бірақ жан толқытар көріністер мен ондағы қилы тағдырлармен астасып жатады.

«В тумане» повесіндегі кейіпкерлердің өмір үшін күресі, кімнің сатқын, кімнің дос екенін, я сатқындық пен достықтың арасы бір-ақ қадам екені қалай суреттелсе, Кемел шығармаларындағы соғыс бейнеті одан бір пәс те төмен суреттелмеген. Бірақ соғыс тақырыбын ашық жазды деген В.Быковтың өзі Н.Никулиннің «Соғыс туралы естелік» кітабының қолжазбасын оқыған соң, 1996 жылы былай деп хат жазыпты: «Қымбатты Никулин! Соғыстың сұрықсыз келбетін, ұмытыла бастаған шындығын жазғаныңызды оқу оңай болмады. Тіпті мен соғыс ардагері болсам да... Мына қолжазба кітап болып шықса екен деген тілегімді жасыра алмай, сол үміттен айырыла алмай оқыдым. Әрине, Кеңес өкіметі кезінде бұл кітап КГБ қарамағынан құтылмайтын еді, ал қазір баспалар өз кірістері үшін жанталасып жүр. Кімге керек? Егер бұл қолжазба ақша әкелмейтін болса, ешкім қарамайды...

Әрине, соғыстың шындығы, я соғыс туралы шындық ғылыммен де, өнермен де ашылмай, осылай белгісіз болып кетеді. Жастардың, кейінгі толқынның өз шаруасы бастарынан асып жатыр, ал соғысты көріп, соны иығымен көтергендер бәріне түсіністікпен қарайды. Соғыстың осы ауыр, қатал шындығын жасырғысы келетіндер көп пе деп қорқамын».

Соғыстың ащы шындығын айту, әрине, қиын. Ал біз сол зұлматқа өзінің де аса ауыр тағдыры қамшының таспасындай қатар өріліп, талант пен талғам түйіскен тұста оған уақыт мүмкіндік берсе, майдан тудырған сөздің осыншама өміршең болатынын көргендейміз. Шығарманың шынайылығы сонша – қан майданда көрініс беретін қылыш жүзіндегі қызғаныш, оқтың ортасындағы опасыздық сынды былайғы өмірде адам баласының ойына келе бермейтін жағдайларға қарап отырып мың-миллион өрмектің шатысуынан да күрделі пенде болмысына шыт жаңа қайта үңілгің келеді.

«Егемен Қазақстан», 19 шілде 2019 жыл



## ҰОС АРДАГЕРІ, ЖАЗУШЫ, ҚАЗАҚ ДАРАБОЗЫ – КЕМЕЛ ТОҚАЕВ

Асылбек **ТОЙБЕК**

Кемел Тоқаев балалық шағында тағдырдың тоқпағы мен соқпағын көп көрді. Қабырғасы қатпаған қаршадай шағында ата-анадан ерте айырылып, ағасы Қасыммен бірге балалар үйінде тәрбиеленді. Алапат аштықтан кейін сұрапыл соғыс келіп, жалындаған жастық шағында майданға кете барды.

Жастайынан тағдырдың ащы дәмін татқан Кемел Тоқаев Фрунзе жаяу әскер училищесінде шамалы уақыт шыңдалады. Оны бітірген соң, Сталинград майданына жіберілген. Қан майданда қайсарлығымен, қайраттылығымен көзге түсіп, 226-шы атқыштар дивизиясының бөлімше командирі болады.

Оқ пен оттың ортасында жүріп, үш айдан кейін жарақат алып, әскери госпитальға түседі. Күрескер Кемел қоярда-қоймай сұранып, майдан шебіне қайта оралады. Бұл жолы Украина және Белорус майданының құрамына кірген 7-ші гвардиялық танк полкінде елді жаудан азат етеді. Жаужүрек жауынгер поляк жерінде тағы қатты жараланып, Омбы, Гомель қалаларындағы госпитальда ем қабылдайды.

— Әкем соғыстың қасіретін көп тартты. Оның барлық қаупінен өтті. Қорқыныш пен қайғыны жеңе білді. Әкеміз өзге де майдангерлер секілді соғыс туралы, ерліктері мен наградалары туралы айтқанды жақсы көрмейтін. Жақында мен Омбыда 1945 жылдың ақпан-маусым айларында ауыр жарақаттан кейін ем қабылдаған соғыс ардагерлерінің госпиталь қабырғасында менің әкеме мемориалдық тақта орнатылғанын білдім. Омбы облысы мен қаласының басшылығына сол үшін ризашылығымды білдіремін, — деді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Соғыстың соңына дейін Отан алдындағы борышын адал өткерген Кемел Тоқаев елге оралған соң, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Әдебиетіміздің алып классиктерінен білім алады. 1948 жылы оқуын ойдағыдай тәмамдаған соң, бұқаралық ақпарат құралдарында абыройлы қызмет етеді. Сол жылдардан бастап жазушылық қабілеті таныла бастайды. Оның қуатты қаламынан «Жұлдызды жорық» «Қыс қарлығашы», «Болашақ туралы ойлар», «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға», «Солдат соғысқа кетті», «Тасқын» деген секілді шоқтығы биік бірнеше повесть, роман туған. Оның кітаптары дүкен сөрелерінде шаң басып тұрған емес. Оқырман іздеп жүріп оқитын. Шығармаларына тұл жетімдіктің қасіретін тартқан кездері арқау болды. Кемел Тоқаевтың ғұмырына арналған «Тағдыр мен майдан» атты кітаптың авторы Ұларбек Нұрғалымұлы жазушының шығармасы туралы былай дейді.

— «Солдат соғысқа кетті» деген романын өмірінің айнасы деуге болады. Өмірбаяндық емес, көркем шығарманың деңгейінде жазылған. Сондықтан ол жерде бас кейіпкер Кемел Тоқаевтың бала кезінде кешкен қиындықтарын еске салады. Бас кейіпкер — Мұхамед деген жігіт. Орыс офицерлерін құтқарып алады. Лирикалық кейіпкер. Кемел Тоқаевтың өзі деуге болады. Құтқарып алған адамдар қуанған кезде жылап жібереді. Сонда Мұхамед «Адам қуанған кезде жылайды екен ғой» деп айтады, — деді ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлы.

Белгілі жазушы Әкім Тарази Кемел Тоқаевпен Жазушылар одағында бір кабинетте отырып, жұмыс істеген. Мінезі өте сабырлы, сөзі салмақты болатын дейді. «Өмірде қолдау танытып жүретін арқа сүйер ағамыз еді» деп еске алады.

— Ол кісі үлкен аға болды. Бірдеңе сұрағым келеді. Мына бала қызық екен ғой деп айтпасын деп сұрамаймын, отырамын, ұяламын. Ол кісі өзі бастаса тыңдаймын... Ол кейін Орталық партия комитетіне кетті. Маған көп қамқорлық жасады. Шақырып алатын, қиын жағдай болып жатқан жоқ па деп сұрайтын. «Сен ұялма, айт маған» деп қамқорлық жасайтын. Бір кісінің артынан жамандаған емес, — деді ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Әкім Тарази. Амангелді Кеңшілікұлы «қазақ әдебиетінде кенжелеп дамымай қалған детектив жанрының негізін салып, оны биік белеске көтерген Кемел Тоқаев» дейді. Соғыс шебінен шығып, әдебиет майданына енген жауынгер

жазушының шығармалары шынайылығымен, оқиғаны оқырманның көз алдына әкелетін шебер жазылған шұрайлы тілімен ерекшеленетін дейді.

— Кемел Тоқаевтың «Сарғабанда болған оқиға», «Түндегі жаңғырық» деген повестері, әңгімелері шын мағынасында детектив жанрындағы шедеврлер. Неге? Өйткені бұл шығармаларда, әрине, Кемел Тоқаевтан кейін де осы салаға ат ізін салған, осы салада өзінің бағын сынаған жазушылар болды. Бірақ олардың көбісінің шығармалары көркемдік деңгейге, көркемдік проза деңгейіне жете алмай қалды. Сондықтан Кемел Тоқаевты детектив жанрының дарабозы деп айтуға болады, — деді жазушы, әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы. Кемел Тоқаев адамдық пен адалдықтың, мамандықтың туын жоғары ұстап, абырой биігінен көрінді. ҚР Жоғарғы Кеңесі ведомстволарының бас редакторы, Қазақстан жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, Ұлы Отан соғысының 1-ші және 2-дәрежелі ордендерімен, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, КСРО Ішкі істер министрлігінің Құрмет грамоталарымен және арнаулы төсбелгісімен марапатталған. Басты марапат халық танытқан құрмет еді.

«Алматы» арнасы, 9 мамыр 2020 жыл



## ОСНОВОПОЛОЖНИК ДЕТЕКТИВНОГО ЖАНРА В КАЗАХСТАНЕ

Ирина КАРЯКИНА

Вчера в областной универсальной библиотеке имени С. Сейфуллина состоялась презентация книги «Кемел ағаның аманаты» Бактыкали Сагымкожаулы, исследователя творческого наследия известного казахского писателя Кемеля Токаева.

В ней приняли участие общественные деятели, представители творческой интеллигенции и средств массовой информации.

Открывая мероприятие, приуроченное к 30-летию Независимости Казахстана, руководитель управления культуры, архивов и документации области Марлен Кольбаев отметил, что целью встречи является пропаганда творчества Кемеля Токаева среди молодого поколения и в целом широких слоев населения.

В ходе мероприятия с приветственным словом к участникам встречи обратился автор презентуемой книги Бактыкали Сагымкожаулы. В своем выступлении он отметил, что в казахской литературе ранее не было детективного жанра, и первым, кто начал писать в этом направлении, был Кемель Токаев.

— Ни до, ни после него этот жанр не развивался в нашей стране. Кемель Токаев был человеком с непростой судьбой. В книге описаны разные периоды его жизни, начиная с малых лет. Также в издании можно найти моменты его рабочей поездки по нашей области. Он побывал в Каратальском, Жамбылском и Балхашском районах. Увидеться с ним было большой радостью для местных жителей. В презентуемой книге так же описаны моменты его нелегкой судьбы, когда после возвращения с войны он занялся поиском своих родственников. С этой целью он побывал в Каратальском районе, в с. Баканас Балхашского района, поиск его увенчался успехом. Изначально он хотел узнать о своих предках, родословной, о месте, где родился. Ведь для казахов родственная связь очень важна. В казахской литературной среде имя фронтовика и журналиста Кемеля Токаева широко известно. Его по праву считают основоположником детективного жанра в Казахстане. Молодое поколение должно знать о таких талантливых людях. На создание книги ушло два года, — рассказал Б. Сагымкожаулы.

В завершение участники презентации отметили особую значимость данного труда, который получил высокую оценку читателя.

Отметим, выдающийся писатель, драматург Кемель Токаев родился 2 октября 1923 года в селе Кальпе Каратальского района Алматинской области. Является основоположником детективного жанра в казахской литературе. Писатель участвовал в Великой Отечественной войне, в частности, боях за освобождение Украины и Белоруссии в составе 26-й стрелковой дивизии, а затем 7-го гвардейского танкового полка.

В 1948 году окончил Казахский государственный университет по специальности «Журналистика». Занимал ответственные должности в редакциях газет «Лениншіл жас» (в настоящее время «Жас Алаш»), «Пионер Казахстана» («Ұлан»), «Социалистический Казахстан» («Егемен Қазақстан»). Из-под его пера вышли в свет такие произведения, как «Звездный поход», «Зимняя ласточка», «Ночной выстрел», «Особое поручение», «Случай в Саргаване», «Меченое золото», «Последний удар», «Солдат ушел на войну» и другие.

«Огни Алатау», 21 октября 2021 года

## АДАЛДЫҚТЫ АМАНАТТАП...

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ

Кемел Тоқаев – дара тұлға

Тарихта Уинстон Черчилль деген жазушы жоқ, тарихта Уинстон Черчилль деген сұңғыла саясаткер, ағылшын халқының атақты перзенті бар. Ол — өткен XX ғасырдағы сұрапыл Екінші дүниежүзілік соғыстың басты көсемдерінің бірі, сол уақыттағы қоғам дамуын күрт өзгерткен, келешек онжылдықтардың келбетін де кескіндей алған саясат серкелерінің бірі. Сол ұлы Уинстон Черчилль: «Бір адам жазғанының жақсы не жаман, ұзын не қысқа болғанына қарамастан, жазуды жақсы көреді екен; онда ол, сөз жоқ, шығармашылық бақытының дәмін тата алады. Алдында ақша қардай ақ парак, қолыңда жүрдек қалам, төрт сағат бойы ешкім мазалай алмас оңашада ертеңгілік күннің нұр-шұғыласын жамылып отырып жазу жазу... Бұл деген енді нағыз керемет! Бұл өмірде жаның қалар жұмысқа өзінді ұмытып, бар ынтаңмен кіріскеннен артық арман қылар нәрсе бар ма екен, сірә? Басқа нәрсенің бәрі адыра қалсын!...» — деп жазыпты. Байқайсыз ба, ол кәдімгідей қаламгер болған, жасампаздық (творчестволық) еңбектің, шалқар шабыттың да ләззатын жете сезінген десек, асыра айтпаймыз. Алайда ол «басқа нәрсенің бәрін адыра қалдырып» жазудан жан рақатын қаншалықты тапса да, шын жазушы, қалам қайраткері бола алған жоқ. Мұның өзі Уинстон Черчилльдей ұлы, қайраткер дарынға да шын жазушы болу үшін арнайы шығармашылық — суреткерлік талант қажет екенін айғақтаса керек.

Әйгілі Черчилльдің осы бір ойлы, шырайлы сөзі біздің есімізге неге оралып отыр? Бұған басты себеп — бір сүзіп сұрыптағанда өз басым жақсы танып, ағалық шарапатын да көрген жазушы ағамыз Кемел Тоқаевтың жақында «Соңғы соққы» атты романы қолыма түсіп, қайта оқып шығуым. Менің білуімде, бұл — белгілі қаламгердің 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген, сол кездің талабынан келгенде де тәп-тәуір бендірілген соңғы сүбелі шығармасы. Таралымы — 49 000 дана. Алғашқы бетін ашып парақтай бастағаннан-ақ роман қатты қызықтырып, қойнауына тарта жөнелді. Бір күн демей-ақ қояйын, екінші күні оны оқып бітірдім. Жазушы бұл жолы да өз дағдысынан, таңдаулы тақырыбынан, шеберлік қарымынан, суреткерлік стилінен айнымаған. «Соңғы соққы» — тарихи-деректі болғанмен, көлемді де көркем, шытырман сюжетті шығарма. Тіпті автор Кеңес өкіметі үшін қиын-қыстау кезең 1920-1921 жылдардың 7-8 айындағы қым-қуыт оқиғасын, шекаралық Жаркент өңірінің қайнаған тыныс-тіршілігін ойып алып, көшіріп шыққандай көрінері бар. Бейне бір дайын тұрған сюжет: чекистердің батылдыққа толы өмірі, бас кейіпкер — Жаркент уездік милициясының бастығы, қаһарман Қасымхан Чанышевтың ел үшін бас тігіп ерлік жасаған көңілі. Бұл аз десеңіз, романда танымал тұлғалар: Ораз Жандосов, Бари Шагабутдинов, М.В.Фрунзе, Д.М.Фурмановтармен де тілдесеміз, барлаушылармен, көршілес Қытай адамдарымен, атақты генерал, атаман Дутовпен де жүздесеміз. Осы тұрғыда алып Арыстан (Лев) Толстой айтқандай, «Көркем туындыда ештеңені де ойдан шығарып, қиялдан қиыстырып, әдемілеп, әспеттеп жатудың қажеті шамалы; өйткені өмірдің өзі соның бәрінен де күрделі, көркем, тек талғап ала білсеңіз жеткілікті» екеніне куә боласыз. Заңғар суреткер өмірдің

сұлу да, сұмдық та шындық, берен де терең болмысына бағып, әрине, асыра-жасыра айтып отыр. Әйтпесе қалтқысыз, қапысыз көшіре білушілердің дені жазушы болып кетер еді ғой. Демек, бейім адамға да бөлекше бітім, қалам қайраткері болу үшін ерекше көргіш көз, әрбір кейіпкеріне, әрбір оқиғасына, ой орамына, табиғаттың боранына, тағдырдың құндағы мен жүректің жұмбағына лайық, сұлу, сәйкес сөз керек. Бұлар да аз бірақ. Елдің перзенті болып саралайтын адал халықтық ниет, таза тілек, сол кез-кезеңдегі өмірді өліп-өшіп сүйіп қана қоймай, кешегі күнді, тарихты бүгінгі күнге, тіпті болашаққа қызмет еткізетін жалынды жүрек қажет.

Біздіңше, «Соңғы соққы» романын тарихи дерегі, танымдық берері мол, көркемдік кенен қазынаға да жолықтырып, ең бастысы — келешекке қорек болар, ұмытылмас сабақ — тағылымға молықтырып, сарабдал да сәтті шығарма еткен факторлар, міне, осындай қасиет-себептер Кемел Тоқаев бізге «Атаманның ақыры» атты кинофильмінен де жақсы таныс, еліміз тарихындағы белгілі оқиғаны ширықтыра өрбітіп отырып, кең қамтып, жан-жақты және талай тың жаңалықтар арқылы шынайы таныстырады. «Оқшау хабарлар» ортақ сюжеттен деректер беретін дәлме-дәл хроникалық жазбалар болса, «Түнгі көлеңке», «Қаптағы қан», «Арпалыс», «Ауыр күндер», «Махмұд», «Дүрбелең», «Жұмбақ жандар», «Ұрланған өлік», «Қызыл командир», «Қарлығаштар», «Жолбарыс асуы», «Тұтқынның жауабы», «Құлжаға сапар», «Арбасу», «Алғашқы тапсырма», «Соңғы соққы», тағы басқа да тараулар кейіпкерлердің келбетін ашып қана қоймай, тағдыр шешті, тайғақ кешті елдік қам-қарекеттің, халық ортасына, ұлттар арасына от салған қауіпті қылмыстық-бандиттік жорық-сүрендердің алдын алып, шекаралық өңірде ғана емес, күллі Жетісу өмірінде бейбітшілік, береке орнатқан операцияның бағыт-барысын, «салқын ақыл, нұрлы қайрат, жылы жүрек» — есті ерлікпен шешім табуын келісті жеткізеді. Мұнда Кеңес өкіметіне қарсы арпалысқан ақ гвардияшылардың, қанқұйлы қазақтардың жанталасқан күресі, ескілік пен жаңаның өлмей беріспес тіресі, елді алаңдату мен қылышты жалаңдату, әдейі қойылған өрт пен анттан, мұратты мақсаттан таймас серт, Ораз Жандосовтай еңіреген ерлердің шуақ-шапағаты мен жастардың маздақ махаббаты да бар.

«Надежда түн қараңғысында көк қасқырдай жортқан бұл адамдардың арасынан бір кісіні таныған еді. «Шал» деп бүркеншік атпен атап жүргені басқа емес, өзінің туған әкесі болатын. Бандылардың қарасы үзіліп, тоғай ішін мол тыныштық басқанда екеуі қол ұстасып, алды-артына қарамай ауылға қарай тұра жөнелген. Әнуар әлде нәрсе есіне түскендей жолда тоқтай қалып:

— Бұлардың арасында сендердің селоларыңның орыстары жоқ па? — деп тағы сұраған.

— О не дегенің, болса айтпаймын ба? — деп тітіркеніп кетті. Ыза боп жылап жіберді. Өзінің ең сүйікті жақын адамына «ол менің әкем еді» деп айтуға аузы бармады. Бұл тіршілікте арым, барым алдыңда, ақ пейілімнен айнымаймын деген жігітіне алғаш рет өтірік айтты...»

Жоғарыда айтқан бағалау-байыптауларымыздың шындығы «Қаптағы қан» тарауынан келтірілген осы үзіндіден-ақ жақсы байқалып тұрса, «Ұрланған өлік» тарауындағы баяндалатын жағдай тіпті жосықсыз екенін танимыз. Қазақ ауылында бұрын-соңды ұшыраспаған өрескел, ерек оқиға. Әлгіндегі үзіндінің өзі-ақ романның шым-шытырық мазмұнды шығарма екенін бір көрсетсе, мына тарау тұтастай алғанда романның детектив жанрынан



жаралғанын айқын аңғартады. «Махмұд мылтық тарс атылғанда не болғанын біле алмай, есеңгіреп қалған жайы бар еді. Алақанымен ақырын кеудесін, қолдарының қарын сипалады. Денесі сау. Оқ тимеген. Мылтық атып қорқытып, жасытып алмақ болғанын сезді. Үрке қоймаған сабырлы қалыппен басын шайқап мырс етті.

«Сөйлесуге, келісуге келген дәрежелі, салмақты адам ба десем, Жаркентті жағалап жүрген көп қарақшылардың бірі екенсің, адвокат мырза!» — деп, Махмұд мұны Құлжада Фатих Аллаяридің үйінде көргенін енді ғана есіне түсірді. Ионаға қазақ сөздерінің астарлы мағынасын түсіндіріп, өзінің білімді, оқыған кісі екенін білдіріп отырған. «Адвокат мырза» дегенде, Әукен сескеніп, дағдарып қалғандай болды...».

Көріп отырғанымыз — романның жоталы кейіпкерлерінің бірі, батыр қазақ Махмұд Қожамяров. Ол бейтаныс жау ортасына тыңшы әрі байлардың, миллион сом ұсына алатын бағландардың бірі болып келіп отыр. Ол осы мақсатына жетіп, осындағы банды басшыларымен аса қажет келісімге де қол жеткізеді. Сөйлесуге келген шіркеу попы делдалдықта жүргендей. Бандылар атынан тілдескен, өкілдік еткен — сол. Махмұд ажал аранынан алыстадым-ау деп, сәл серпілгенде терезеден әйнекке үңіліп қарап тұрған Егорды байқап қалды.

«Бұл сорлыға не жоқ? Тыныш қана жатпай ма екен! — деп төсекке жانتая берді».

Махмұд осылай ойлап, жасаған жорамалына сенгенмен, кейіннен бас бандит осы «бейшара» Егор болып шығады. Ал мұндай айлалы, ақылды жаудың қауіпті де күшті екеніне дау бар ма?! Бұл да олқы соққандай, Садық мырза кімді өлтіріп, жерлегенін білу үшін күдікті мола басына келгенде, қабірдегі өлік қолды болыпты. Бұларға өлікті ұрлап әкеткені шошынар ғана емес, түсініксіз жағдай болып та қалды.

Романның екінші бөлімінде «Оқшау хабарлар» беру тоқтатылғанмен, есесіне бас кейіпкер Қасымхан Чанышевтың жазбасынан үзінділер эпиграфтар ретінде ұсынылып отырады. Мәселен, «Ол кезде мен уездік милицияның бастығы едім. Маған берілген бірінші тапсырма Қытай Республикасының Іле округінде тұрған ақтардың атаманы Дутовпен танысып, оның сеніміне кіру, ақтар күшінің қанша екенін анықтау еді» дегендей. Шынында да, Қасымхандар нақты өмірде де, шығармада да ақылды да ардақты нағыз ержүрек қаһармандар екеніне куә боламыз. Бұл жерде өз өкіметін орнатып, елдің көпшілігін (кедейлерін-ақ дейік) соңына ерте білген тас кедей Мырқымбайларды, Сәбит Мұқановтарды былай қойып, текті Ораз Жандосовтай арыстарды, ауқатты Қасымхан Чанышевтай ардаларды өз жолына түсірген Кеңес өкіметінің саясатына қоса, идеологиясы да мықты болғанын мойындауға тура келеді. Құр күш қолдану, билігін пайдаланып қорқытып жұмсау, тапсырма беру әдетте табысқа жеткізбейді. Жұртты екі-үш жылда ілгері бастаған жолдарының дұрыстығына сендіріп, ұлы идея — ұлан мақсат-мұрат үшін өз жүрек қалауларымен жұмыс істеп қана қоймай, жан қиюға дейін жеткізу — бұл енді бөлек еті тірілік, кемел мәдени ірілік. Ақиқатына көшсек, Аманкелді Имановтарға қоса, Михаил Фрунзе, Ораз Жандосовтар қолдап, қайрат көрсеткендіктен де берік орнаған өкімет. Жүзеге асқан жеңіс десек, қателесе қояр ма екенбіз?!

Міне, Жетісу облысының басшысы, Жетісу қызыл сұңқарларының көсемі Ораз Жандосов маңызды неше түрлі мәселелерді жиып қойып, қарбаласта қат-қабат жұмысын тастап, Жаркентке сапарға шықты. Сол кездегі басты көлік — атпен. Неге? Бұл жерде де ол мейлінше іскер, ерекше батыл, мемлекеттік деңгейде ойлап, мәселе шешетін жаңашыл қайраткер екенін көрсетті. Бес жүз шақырымдық алыс, қауіп-қатері мол жолға жалғыз өзі аттанды. Құпия деуге де болады. Өзінің Жандосов екенін жасырып, жұртқа білдірмей... Телі-тентектер көп екенін айтпағанда, жау да, бандиттер де қаптап жүрген заманда. Жандосовтыкі жаужүректік пе? Иә. Тәуекелшіл де жайсаң жан. Кемел десең де болады. Қам-қарекеті кемеңгерлік десең де артық емес. Ол сөйтіп Жаркентке жетті, Қасымханмен жеке сөйлесті. Сондағы Қасымханға үлкен өтініші әрі қабылдап-қабылдамауға ерікті тапсырмасы — қатерлі жаудың қақ ортасына кіріп, сеніміне ие болып, тұрақты армия ұстап отырған атаман Дутовтың көзін жою. Қасымхан осылай етсе ғана шекара да, ел де зор қауіптен, жаңа қантөгістен құтылып, бейбіт өмірге көшеді. Әйтпесе Верный бүлігінен де зор соғыс өрті қауламақшы. Мұның мыңдаған адам өліміне соқтыратыны өз алдына, жалпы, Кеңес өкіметінің тірегі де шайқалтып жіберуі әбден мүмкін. Ендеше бір генерал Дутовты атып өлтіру — басын кесіп алып, ақтардың зор күшінің денесін жансыз қалдырумен бірдей. Жазушы Кемел Тоқаевтың жазғанына жүгінсек, бұл тіпті де орталықтың — Мәскеудің миынан туған тапсырма емес. Жандосовтай ердің облыстық партия комитеті бюросына құптатып, ел үшін қабылдаған ерекше шешім, ерлігіндей қабылданса орынды.

Бұл жерде ерге де, елге де сарқылмас қуат берген, сынбас қанат бітірген күш — ұлы Лениннің жарқын жолына деген, нұрлы келешекті орнатуға мен де тікелей үлес қосып жүрмін деген ұлы сенім. Нақ осы себептен де атақты бай баласы, кінәз тұқымы Қасымхан Чанышев Құлжаға аса ауыр да жауапты тапсырманы абыройлы орындаймын, жаудан өлмеймін, жауды жеңемін деп аттанады.

«Сапар оң болсын! — деп Ораз қолын қысып қоштасты. — Мұндай ұлы іс революция ісіне берілген қызыл қырандарымыздың, жаужүрек ұлдарымыздың қолынан ғана келеді. Мен бұл операцияны «соңғы соққы» деп атар едім. Ал, қызыл қыраным, сау бол! Дәл қазір мені шығарып салмай-ақ қой. Көзге көріне беріп қайтесің. Ар жақтан оралған соң, осы бір күндерді еске алып, жайласып, қызықтап отырыс жасаймыз...

Сол күні түстен кейін Ораз Жаркенттен жүріп кетті».

Көңілде пісірілген жоспарды жүзеге асыру қолға алынып, сол күні түнде-ақ сенімді қос серік — Махмұд Қожамяров пен Мұқай Байсымақов Қытайға аттандырылды. Қасымхан болса бірер күннен кейін еңбек демалысына шығып, Құлжаға жүретін болды.

Сонымен ел тарихындағы ерекше бір ерлік іс, қиын да қастерлі операция осылай басталды. Қасымхан алдымен Құлжадағы өзі өскен үйіне барды. Бай баласы болуы, Жаркентте Кеңес өкіметіне қарсы отряд құрып, әрекет етіп жүргенін атаманға сендіре айтуы, Дутовтың сенімді адамы, поп Ионаны бұрыннан тануы, мұны сынау үшін жіберген Дутовтың адамын жұмысқа алуы т.б. жағдайлар — бәрі-бәрі көмектесті. Бірақ бұл сәттілік жалғаса бермеуі мүмкін. «Қасымхан қаракетінен» қатты үміттенген Дутов сәл күдік туса, бұлардың алдап жүргенін білсе, керемет жоспардың бірден күйрейтіні күмәнсіз.

Демек, ерте де емес, кеш те емес, дер кезінде батыл қимылдау қажет. Қасымхан, Махмұд, Мұқайлар солай қимылдап, 6 ақпан күні Сүйдіндегі казактарға, генерал Дутовқа сұрапыл «соңғы соққы» берілді.

«Дутовтың пәтерінен үш рет атылған наган даусын естіп, Байсымақов күзетшіні атып салды. Қарауыл үйінен сыртқа лап қойған солдаттарды наганмен есік пен терезені атқылап, кейін ысырдым. Қожамияров жолдас шығысымен біз дереу атқа отырып, қамал қақпасына шықтық...

Қамалдан ұзап шығып, қауіпсіз-ау деген жерге келгенде Қожамияров маған мынаны айтты: Дутовқа кірісімен мен оған хатты бердім. Ол стол басында орындықта отырып, хатты оқи бастады. Хатты оқып жатқан кезде байқатпастан револьверімді суырып алып, Дутовтың кеудесінен атып жібердім. Дутов орындықтан құлап түсті. Жүгіріп шыққан Дутовтың адъютанты маған қарай ұмтылды, оны қақ маңдайдан атып жібердім. Ол құлаған кезде стол үстінде тұрған майшам жерге түсіп, өшіп қалды. Қараңғыда Дутовты аяғыммен сипалап жүріп тауып алдым да, желкесінен тағы аттым...» Қамал ортасындағы атаман үйінің өртенуі Жетісу жеріне ақ гвардияшылар тарапынан үнемі төніп келген соғыс ошағының сөнуді еді. Тарихтағы бір ұлы ерлік осылай жүзеге асты.

## 2

Айтпақшы, менің жазушы Кемел Тоқаевтың осы «Соңғы соққы» романын Кеңес өкіметі кезінде бұдан отыз жеті жыл бұрын, 1981 жылы алғаш оқығаным да жадыма түсіп отыр. Сол кезде де авторға разы болғаным, қысталаң тарих — өмір сырын бір танып, қиын тағдыр — өмір қырына бір қанып, көл-көсір көркемдік әсер алғаным да есімде. Оқырман ретінде байып, жүрегімде бір сенім үміті тұтанып, бір нұрлы сәуле жанғаны да. Содан бері арада төртінші он мыңжылдықтың соңғы жылдары өтіп жатса да, соңғы соққымен және жүздескенде, осы ескі әсер — қабылдауым қайта жаңғырып, көңіл көзімнің алдында жанданып тұра қалды десем, бекер айтпаспын. «Әке-шешенің қадірін балалы болғанда білерсің» дегендей, жас ұлғайған шақта өткен өмірімнің тым қымбат екенін, сол өткен жылдарда көрген қызық, оқыған, ұмытылмаған, өн бойы «толған сыр мен сымбат» (Абай) екенін ұғына түсерің, сірә, саналы адам тіршілігінің бір заңдылығы болар. Осы тұрғыдан келгенде Уинстон Черчилль байыптағандай, жаның тебіреніп, жай шығарма жазу бағытын — шабытты бастан өткерудің өзі керемет екені өз алдына, халық кәдесіне асқан, арада талай уақыт өтсе де, ескірмеген, елге керек, шын көркем шығарма жаза білу екі есе бақыттылық емес пе? Менің «Соңғы соққы» романын қайтадан оқи отырып бірінші түйгенім — осы шығарманы жаратқан Кемел ағам, міне, осындай өтпес бақыт, кетпес бақ, өлмес шығармашылық иесі.

Халық үшін, қарапайым оқырмандар үшін мынаны басын ашып айтуға тура келеді: Кемел Тоқаев өмірді сүйіп, күйіп өткен ғашықтық, махаббат, шабыт иесі ғана емес, сол тәтті де ащы, жақсылық пен жамандығы егіз, бақ пен сора теңіз, қызығы мол, қиындығы зор өмірді нәзік жүрегінен өткізіп, сұрыптап — сұлу жаратып, келісті кестелей, жүйелі дестелей білген жазушылық талант иесі. Тапшы, тақ-тұқ талант емес, қуатты да жомарт қалам қайраткері. Өйткені «Соңғы соққы» романына дейінгі аралықта мөлдір бұлақ бастау Жамбыл облыстық газетіндегі алғашқы журналистік қадамдар мен 1954 жылы жарық көрген тұңғыш кітап — «Жұлдызды жорықтағы» жазбалар ғана

емес, «Көмескі із» әңгімесінен сабақталған талай-талай кесек туындылар; бетегелі белдер мен шалқар көлдер, берекелі елдер мен небір ерлер жатыр. Ал бұларды тиянақты оқып, қайта көңілге тоқып шығатын болсаңыз, өзгеше бір жаңа да жасампаз өмірге: шығармашылық әлемге тап болып, таңданып, тамсанып, көңіліңнің шаңын шайып, рухани байып, түлеп қана қоймай, тіршіліктің тың тосын қат-қабатын, түрлі сан мен санатын ашып, жайнаған жанатына жолығып, көкке көтерер қанатына мінумен қатар, сөз зергері — жазушылықтың да жаңа бір қыр сымбаттарын аңдарың бар. Айталық, ол алуан қызық пен қиыншылықтарды бастан кешкен автор — адамға ғана медеу, демеу, тірек қана емес, қалың қазақ деген халыққа да дер кезіндегі демеу, шер кезіндегі рухани тіреу, зор жәрдем көмек. Мен және бір рет жазушы Кемел Тоқаевтың күллі шығармаларымен таныса отырып, олардың да осындай екіжақты: оқырман ел мен автор елге де етене қуат, төгілген шуақ, қымбат қасиеті мен сыр-сипатын, құзыреті мен құдіретін көрдім... Мұны өзі көзі тірісінде-ақ халық қаламгері деңгейіне жеткен, көтерілген жазушыға өмірге, тақырыпқа ғашық болып жазу, сөз кенін шабыттанып қазу, арнайы да айрықша қабілет талантқа қоса, тағы бір нәрсе де аса қажет екенін аңғартқандай. Ол не нәрсе? Ол бастан кешкен, кешер де, бай қиын қызық та жасын тағдыр. Иә, жазушылықта тағдырға да талай жайт — атап айтқанда: тікелей бақталайы, ашылуы қатысты. Міне, осы тұрғыдан келгенде де Кемел Тоқаевтың маңдайының бағы бес елі, қаламгерлік тағы еселі екенін білеміз.

Мен білеміз деп отырғанмен, мұны өте кеш білгенімізді мойындауға тура келеді. Оның себебі — әдетте жазушыларымыздың шығармаларын оқимыз да, жақсы не жаман, ұнады не ұнамады деп баға береміз де, неліктен солай екеніне мән бере бермейміз. Ол оқырман үшін дұрыс та шығар. Алайда сыншылар үшін, әдебиеттің мүддесін, келешегін көздейтін ұлтжанды қаламгерлер үшін мұны білудің де пайдасы зор. Біз бүгінгі таңда ақсақал, ағалар қатарына қосылғандар — Кемел ағалар әдебиетіміздің аға, белді буынына айналып, бұрқыратып жазып жүрген кезінде олардың шығармалары неге өміршең екеніне, неліктен осылай жазғанына, жаза алғанына ой жүгірте бермеппіз. Бұл тараптан келсек, қазіргі күні де Кемел Тоқаев шығармаларында өзгеше өзіндік өң, қайталанбас таңба-ажар, әсіресе әдебиетіміздің бүгінгі болашағы — жас қаламгерлерімізді жетілдіріп, түлетер тағылым-тәлім көп екенін байқар едік. Нақ осыны мен өзім жаңадан тауып жатпай-ақ, жазушы ағамыздың ұлы — Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әке туралы толғаныс» («Парасат», 2005 жыл) атты кітабындағы мына бір шындыққа толы жолдарды алға тартсам, әбден қанағат секілді: «Ешкім оқып жазушы болмайды. Жазушылық — Жаратқанның берген сыйы. Сол сыйдың қадір-қасиетін біліп, соған лайық еңбек ете білген адам ғана дегеніне жетеді. Кейбіреулер осы Құдай берген қабілетін дұрыс пайдалана алмайды. Себебі ол адамда өмірбаян болмайды, жазатын шығармасына арқау боларлық өмірлік материал өте аз. Әлем әдебиетінің тарихында тегеурінді, талантты болғанымен, ұзаққа көсіліп шаба алмай, орта жолда болдырып қалған қаламгерлер аз емес. Керісінше, талантты әлгіден кем болғанымен, өмірден көргені, көңілге түйгені көп жазушының даңқ тұғырына өрмелеп шыққаны туралы біраз мысал келтіруге болар еді. Мен әкемді осы екінші топтағы қаламгерлер санатына қосар едім».

Тап басып айтылған, суреткерлік өмірден, тәжірибесінен алынған, мейлінше шындыққа сәйкес пікір.

Жайсаң жазушылыққа жету үшін терең білім, жан аямаған ізденіс, тынымсыз еңбек ету керектігі өзінен-өзі түсінікті. Шың шығарма шабыттан туатыны, жалын жүрек, қайратты білек — өмір қазанында қорытылып, талант диірменіне тартылып жаралатыны да даусыз. Бірақ осы бойға біткен асыл дән — таланты өшпеуі, өлмеуі, өрлеуі үшін адам ауыр да азапты, қызық та ғажапты тағдырды бастан кешпесе, бәрі бекердей. Нақ осы өлшем-өреден келгенде келешек жазушы Кемел Тоқаевқа өрім бала кезінен бесенесіне бұйырғаны тек қиындық, азап, ауыртпалық десек, асыра айтпаспыз. Ол жарық өмір есігін ашқан 1923 жылды да жеңіл емес деп білсек, 1927 жылы елді зорлап ұжымдастыру, 1928 жылы ірі байларды, орта дәулетті шаруаларды да кәмпескелеп, жер аудару науқаны қызу жүргізілгені белгілі. Әпербақан Голощекиннің тайрандап билік басына келуінің өзі қазақ халқы үшін жеке бір қасірет кезеңі. 1932-1933 жылдардағы алапат аштық. 1937 жылғы «халық жауларын» қуғындап, атып-асу. Бұл іс жүзінде халық достарын қырып, шын мәніндегі халық жауларының дәуірлеген уақыт болғаны мәлім. Бұдан құтылып, енді ес жия бергенде тарихтағы ең сұрапыл — Екінші дүниежүзілік соғыс өрті тұтанды... Осының бәрін бала, жасөспірім Кемел, әрине, көппен бірге көрді; Алматы облысының Қаратал ауданынан Қырғызстанға, Бішкекке қоныс аударған әке-шеше, жалғыз ағасы Қасыммен бірге көрді. Болашақ жазушы тауқыметтің ең зорын, қасіреттің ең ауырын, міне, осы Бішкекте (ол кезде әлі Фрунзе) бастан өткерді. Адам амал жоқ төзетін өмір ауыртпалығынан, титықтатқан ауыр еңбектен Кемелдің анасы сал ауруына шалдығадy. Мұның өзі жарын сауықтырып, балаларын қайтсем асыраймын деген әке Тоқа үшін жығылғанға жұдырық болады. Бұл — бұл ма, еңбегіне тиген ескі етікті нанға айырбастау үшін базарға кеткен әке артынан қаңғалақтап Қасым ағасымен бірге Кемел де базарды бетке алады. Жолда милиция патрулі кездесіп, бұлардың айтқанына сенбей әрі көнбей, қаңғыбас тұл жетімдер деп есептеп, бұларды арбаға отырғызып, жетім балалар үйіне өткізеді. Сөйтіп, бұлар әке-шешесі бар болса да, амалсыздан тірі жетімге айналады. Мұның өзі де ештеңе емес екен: осының артынша бұлардың жалғыз қарындастары қатты суықтан қорғалап, пеш жанында ойнап отырып, аяғы тайып, жанып тұрған отқа түсіп, өртеніп өледі. Өртеніп жатқан перзентіне ешбір көмек бере алмаған сал ана сол жерде күйіктен өліп кетеді. Әйелі мен қызынан бір айырылғаны аздай, қос ұлынан және айырылған әке ұзаққа барар ма? Көп ұзамай ол іс-түзсіз жоғалады. Енді тағдырдың осындай тауқыметіне не айтарсыз? Екі-үш жас ересек Қасым ағасы пана болмаса, сол заманда Кемелдің де аман қалуы неғайбіл-тін.

Күндей күркіреп соғыс басталды. Кемел Тоқаұлы үшін өмірдегі ең қиын, ең ауыр сәт — жалғыз ағасы Қасымның 1942 жылы майданда қайтыс болуы еді. Жетім қалған Кемел үшін өмірді жеңілдетудің жолы — жақсылыққа бет бұрып, терең білім алу-тын. Осы орайда, ағасы екеуі тап келген Шымкент мырыш зауыты жанындағы жетім балалар интернаты шынайы білім алу, өмір сүруді үйрену мектебіне айналады. Сол бозбала шақта-ақ тегінде бекзаттық бар Кемел ержеткен соң, қандай да бір институтта оқып, журналист немесе тарихшы маман болуды армандайды. Фрунзе жаяу әскер училищесін бітірген соң, Кемел де соғысқа аттанды. Ол соғыстың бар ауыртпалығын бір адамдай бастан кешті. Қорқынышты білсе де, қорқақ болған жоқ. Нағыз қаһарман бола алды десек жарасар. Оның «Солдат соғысқа кетті» деген романы тү-

гелдей дерлік өмірбаяндық шығармаға жатса, осындағы негізгі кейіпкер — Мұхамед бастан өткерген ерлік, куә болған қызғаныш, ездік, азаматтық, айқас пен шайқас, неше қилы от кешу автор Кемел Тоқаевтың да санамен ұғып, жүрекпен сезініп, қаламмен қағазға түсірген өмір белестері, қан майдан суреттері дей аламыз.

Соғысқа баруға қуанатын адам бола ма? Болады екен. Ол — ағасы Қасымды өлтіргені үшін қасақы жаудан кек алуға шын құмартып жүрген Мұхамед Жолбарысұлы.

Соғыстан ажалдың көзіне тік қарап, өлмей, жеңіске жете біліп, жараланса да, жер жастанбай қайтқан, әрқашан өмір әнін айтқан қазақ ұлы кім? Ол — және де Мұхамед Жолбарысұлы.

Төрт жыл бойы жер-дүниені отқа қақтап, бейбіт өмірді оқпен таптап, күркіреп өткен сұрапыл соғыс туралы шынайы шындықты жеткізіп, шын шығарма болып түзілген шоң туынды — «Солдат соғысқа кетті» романының соңы шытырмандық бітім танытып, бір құпия қыры анықталмай, «жұмбақ әйелдің» сыры ашылмай аяқталады.

Адам қаны су боп аққан соғыс өмірінің шындығын қалтқысыз жеткізу, көркемдікпен бейнелеу — әрине, жазушы Кемел Тоқаевтың беріректе, қаламгер болып әбден қалыптасқан кезде қолға алған әдеби шаруасы. Ол бұл шығармасын майданда өткерген өз өмірін өзек ете отырып, жастық кешу ғұмырының іздері көркем шежіреде қалуын ғана көздемей, соғыс туралы үстірт, жеңіл, әйтпесе оны тек совет әскерінің жеңісі, мереке ретінде бердерлеген насихаттық жасанды шығармаларға наразылық ретінде де жазған болуы керек. Өйткені үлкен өмір мектебінен өтіп қана қоймай, қатал соғыс мектебінен де өткен адамға әділдік пен шындық, адамдық пейіл мен шынайы мейір аса қымбат қана емес, негізгі қасиет те болатын. Шынында да, осындай бей-берекет, бақытсыз балалық шақты бастан кешкен, жас кезінде қиянат пен асыра сілтеуді, қатыгездік пен қасіретті көп көрген, мұны айтпағанда, сұмдық соғыста күнбе-күн ажалмен беттесіп, отаншылдық пен опасыздықты қатар көңілден өткізген адамның айнымауы, адам қалпында қалуы — қайран қаларлық құбылыс емес пе?! Сонда бұл қандай феномен?! Бұл, расында да, қарапайым қазақ халқының ғасырлар бойы тарихтан тағылым ала білген, бай күнде тасымаған, жарлы күнде жасымаған даналығынан бала Кемелдің бойына сіңген қасиет болса керек. Екіншіден, Алаш арыстары «Елге қызмет істеу — мінезден» деп тамаша пайымдағандай, Кемел Тоқаевтың өмірден ертерек ұққан, жамандық пен жақсылық күресінде жақсылық жағына шыққан мінезінен екені дәлел тілемесе керек.

Әке тәрбиесі, әсері арқылы жетіліп, ата жолын қуған, Алашқа қызмет етуге белін буған ұл Қасым-Жомарт Кемелұлы жоғарыда айтылған кітабында әділ де әдемі айтқандай, «Университеттегі жылдар ауыр да азабы көп өмірінің ең бақытты шағы болғанын әкем үнемі айтып отыратын. Бұл түсінікті де еді. Себебі (осыған дейінгі жер басқан) 22 жылдың ішінде оның көңіліне алғаш рет болашағының жарқын болатынына деген үміт оянды...»

Үміт қана ма, жоқ, Кемел Тоқаев бойында өзіне деген, талабы мен талантына деген зор сенім де бүр жарған еді. Ал оянған үміт, бүр жарған сенім көп ұзамай-ақ қаз басып, қанат қақтырып, студенттік өмір, журналистік қызмет саласында жаңа жарқын қадамдар басуға ұласқан. Мұның ілкісі 1948 жылы 25 жасында университетті бітіріп, Жамбыл қаласына жолдамамен барып, бір жыл облыстық газетте еңбек ету болса, ол іле Алматы қаласына қайтып

оралып, сол кездегі «Қазақстан пионері» редакциясына жұмысқа орналасады. Осылайша оның қызықты да бейнетті, қиын да зейнетті шығармашылық ғұмыры басталып, таланты кең өріс ашады. Алғашқы әңгімелері, «Жұлдызды жорық» кітабы бұл тұрғыдағы ізденіс іздері, қабілет-қарымын сынауы, байқауы болатын. Осынау тұңғыш прозалық тәжірибесін баз бір әріптестері қатты сынағанымен, бұл авторды жасыта алған жоқ, қайта қаламын ұштауға қайсарландырып, әдебиеттегі өз дара сүрлеуін, сара соқпағын табуға құлшындыра түсті. Өйткені оның таланты енді буынын бекіте жетіліп, желек жайған, ол бастан кешкен тағдыр шындығы, өмір жүгі қанша кітап жазса да жетерлік болатын.

Кеңес өкіметі кезінде қазақ әдебиеті қаншалықты қатты дамып, жан-жақты өркендеп, алтын ғасырын бастан өткеріп, асып-тасып жатқан жеке бір сөз өнері қағанатына айналса да, осы өрелі дамып-өркендеудегі толқын-толқын жалғастық, бірінен-бірін тудырар сабақтастық заңдылығын танып кәдеге асыру, қаламгерлердің шығармашылық лабораториясын, шеберлік құпиясын зерделеп құнттау, яғни әдеби-баспагерлік мәдениет жағы кемшін еді деу ақиқатты айғақтауға ғана сайса керек. Мәселен, туған әдебиетіміздегі детектив жанры қашан тұсау кесті, қалыптасты дер болсақ, оның негізін қалаушы, атасы Кемел Тоқаев болса, ол өзінің қай шығармасын қашан жазды, шеберлік жөнінен бірте-бірте қалай өсті, халыққа ең танымал туындысы қайсысы, ол өміріндегі өзінің басты шығармасын беріп үлгерді ме дегендей сұрақтар бой көрсетсе, осы күнге дейін бұларға кенеулі жауап беріп, уәж қайтаруымыз қиын-ау. Мен сондықтан өз әкесінің шығармашылығын, шынында да, жақсы білетін Қасым-Жомарт Кемелұлының байлам-баптауына тағы бір рет жүгінуді жөн көрдім: «Алғашқы кітабы жарық көргеннен үш жыл кейін әкем милиция қызметкерлерінің ауыр еңбегі туралы өте қызықты туындысын аяқтады. Кітаптың атауы өте сәтті болды, ол көп мағынаны бір ғана сөзге сыйғызып тұрды — «Тасқын». Бұл кітапты тек қазақ оқырмандары ғана емес, Қырғызстан, Өзбекстан және Моңғолияның көркем әдебиетті сүйетін қауымы жылы қабылдады... Шындығында, бұл кітапқа дейін қазақ әдебиетінде осы тектес туындылар болмаған тәрізді, әкем осы белесті бірінші болып бағындырды. Жанрды сәтті таңдау, қиын тақырыпты шеберлікпен игеру, роман фабуласының оңтайлы болуы — осылар кітапқа табыс әкеліп қана қоймай, әкемнің қазақ әдебиетіндегі орнын да анықтады. Ол біздің әдебиеттегі детективтік жанрдың негізін қалаушы ретінде танылды. Осы кітабы үшін Кемел Тоқаев алғаш рет милиция органдарының қызметін көрсетуге арналған көркем шығармалардың республикалық байқауында бірінші сыйлық алды».

Асылы, қандай да бір ақыл-ойлы, қабілетті, өмірдің бір кетігін тауып қаланған, өнерден де жақсы хабардар, білімді-білікті адам кім болса да, алдымен сыншы десек қателеспейміз. Ол өзінің қандай кісі екенін, қоғамда не бітіргенін, не бітіре алатынын жіті аңғарып қана қоймай, айналасындағы басқалардың да кім екенін, нендей істі қандай деңгейде атқарғанын байсалды байыптай алады. Нақ осы тұрғыдан келгенде Қасым-Жомарт Кемелұлының жазушы Кемел Тоқаевқа әке ретіндегі айрықша құрмет, перзенттік сезім аясында қалып қоймай, сауатты оқырман, «Өнер алды — қызыл тіл» қазынасынан талғап сусындаушы сыншы ретінде өте әділ, дәл де дәрменді баға бергеніне разылық білдірер едік. Нақты айтқанда, бұл халықтық бағаға өз басымыздың әдебиет сыншысы ретінде де қосып-аларымыз шамалы.

Жалпы, шынайы әдеби туынды жазудың, қандай да бір өнер саласында сәтті қадам жасаудың, тіпті мына өмірде де табысқа жетудің басты шарты — білім, мамандық, қабілет-қарым, жан аямай тер төгу екені өзінен-өзі түсінікті, өзіңді-өзің танып-табу болып табылады. Жас қаламгер Кемел Тоқаев ақ қағаз бетін бекер қаралап, осы ретте көп адасқан жоқ. Жоғарыда айтылғандай, ол «Тасқын» романынан бастап-ақ өзін-өзі тапты, жеке бір жанрдың ауыр жүгін жалғыз өзі қыңбай көтеріп, қазақ әдебиетінде шытырман оқиғалы (детектив) шығармалар әлемін түзді, қалыптастырды. Бұл жанрда оның жолы болды деп айту да дәл пайымдау емес; шындығында да, ол осындай қым-қуыт оқиғалы, шым-шытырық та шиеленіскен тартысты, көбінесе-ақ батырлық пен қорқақтық тайталасып, тіпті білікті ақыл мен нәзік түйсік қажет, тіпті жеке адам, тіпті адамдар тағдыры қыл үстінде тербетілер өмір шындығы шиыршық атар шығармаларды жазу үшін жаратылған еді десек жаңылыспаспыз. Мұның ақиқаты — тиісті жанр талаптарына сай классикалық детективтік шығармаларды кез келген талантты жазушы түгіл, Лев Толстой, Джек Лондон, Мұхтар Әуезов сияқты алыптар да жаза алмайтынында. Себебі мұнда сюжет шағын да шытырмандығына сәйкес, ширақ та шырайлы, дәл де дәрменді берілуі шарт. Қанша көркем өрсең де, мұнда көсілген өмір өң-өрнектері түгіл, ұзақ кейіптеу мен мол бояулы бедерлер артық; эпикалық баяндау мен тамылжыған пейзаж — табиғат суреттері де көп қажет емес. Сондықтан да басты әдіс-тәсіл — қысқа да нұсқа бейнелеу. Атақты Антон Чехов: «Қысқалық — таланттың сіңлісі», — деп айтқандай, тандап алған тақырыбың — шытырман оқиғаларды өмірдегі және табиғатына лайық шымыр да шебер суреттей алмасаң, онда жаңа жасампаз шығарма жаратудан үмітінді үзіп, жазушылықпен қоштаса бер.

Берекелі 1956 жылы жазылып бітіп, келесі 1957 жылы жарық көрген «Тасқын» романының ә дегеннен елең еткізіп, авторының атын да шығарып, халыққа затының да кеңінен танылуында осындай сыр бар. Ол аталмыш жанрдағы көлемді туынды бола тұра, барлық талаптар жағынан да қазақ әдебиетіндегі жаңа, қиын, күрделі жанрға толық сай, қазақ әдебиеті көгінде жарқ етіп көзге түскен ай шығарма болып еді. Біздің мұнымыз тіпті де көтере айтылған қызыл сөз емес. Бұл сол кездегі, яғни 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың бас кезіндегі рухани өмір шындығы. Бір-біріне «осындай кітап шығыпты» деп, алған әсерлерін айтып жүрген халықты куәге тартпағанда, сол кездегі мектеп оқушысы, мен өз жеке басымның «Тасқынды» қызыға, қатты риза болып оқығанымды айта аламын. Әрине, қомақты кітаптың ішінде жазушының басқа да тамаша шығармалары: «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға», «Көшкен үйдің қонысы қайда?», «Ұясынан безген құс» тәрізді повестері болғанын, олармен де қуана танысқанымды ұмытқан жоқпын. Содан бері арада 50-60 жыл өтті, мен қазақтың және шетелдердің мыңдаған жазушыларымен жүздесіп, ең кемі он мыңдаған повесть, әңгіме, романдарды оқыдым. Алайда адамның жас кезіндегі тоқығаны мен алған әсерінің орны ерекше екені ақиқатқа сайса керек, қазақтың Шерлок Холмсы деп бағалануға лайық лейтенант Талғат Майлыбаевтың білгірлігі мен жүндес қолды қорбиған «қыли баронның» жауыздығы, майор Кузьменко, жас Нұржандардың тау өзені жарқабағын жағалап, тығылған алтынды іздеп жүргені әлі есімде қалыпты.



Жоғарыда шет-жағасын айтып кеткенімдей, үйдегі кітапханамнан Кемел Тоқаевтың «Соңғы соққы» романы табылуы мені аталмыш романға қоса, жазушының ұлы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әке туралы толғанысымен» танысып, мақаламның осы жолғы бас кейіпкерінің күллі шығармашылығымен қайта табысуға жетеледі. Бұл жолғы көзімнің жеткені — Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романына қоса, барлық шығармаларының дерлік көнермегені, олардың арада уақыт сынынан сүрінбей өтіп, нақ бүгінгі күні жазылғандай мазмұндық-көркемдік жаңалық танытып, дана болмыс, даралық бітім байқатуы. Бұл айтқанымызға қаламгердің қайсыбір туындысы да, «Көмескі із», «Солдат қабірінің басында» әңгімелері мен ілгеріде мен атын атап, затын түстеген роман, повестері түгел дерлік бұлтартпас айғақ, дархан дәлел бола алады.

Айтпақшы, алдын ала таратып алар бір жайт — Кемел Тоқаевтың детективтік туындыларының тұңғышы — «Тасқын» романы да емес, 1954 жылдың соңғы желтоқсан айында кіндік кескен «Көмескі із» атты әңгімесі. Оның әңгіме делінгенмен, шынайы повесть жүгін еркін көтеріп тұрғанын көреміз. Тіпті автордың бұл жолы мазмұндық-мағыналық тұрғыдан халықаралық тақырыпқа да құлаш ұрғанын байқаймыз.

«Снаряд жарықшағы тиіп, қайтыс болған барлаушылар тобының командирі Сүлейменовтің планшетінде құпия соғыс картасы жоқ болып шықты. Онда жаудың қорғаныс бекінісін және Н. әскери құрамының шабуыл алдындағы күшін толық көрсететін соңғы мәліметтер бар еді. Бұл жайсыз оқиға майдан штабына шұғыл хабарланды. Бірнеше сағаттан кейін құрама штабының жаңа қоныс аударған жеріне тергеуші майор Родионов келді...»

Ахуал аса ауыр. Уақыт тым тығыз. Құпия карта қайткенде де жау қолына түспеуі керек. Оны кім ұрлады? Тікелей неміс агенті ме? Жоқ әлде өз ішімізден шыққан опасыз ба?

Қалай болғанда да, бұл күтпеген, төтенше оқиға. Детектив іздесеңіз — нағыз көкесі. Ал мықты болсаң, осы шым-шытырықтың ішіне кіріп, титтей күмән-айғақтың жібінен ұстап, саумалап жаңылмай, «қолға түсіп» тұрған жазықсыздарды күйдірмей, түп иесін тап.

Әдеттегі оқиғалардай емес, жағдай өте қиын болып шықты. Әрине, майор Родионовты түрлі ой қамалады. Әуелі сырт естуіне сүйеніп бірнеше долбар жасады. Алайда іс жүзіндегі тергеу осы естуіне ештеңе қоспады. «Куәгер сөзінде алшақтық жоқ. Мұндай істе асығыстық қатеге апарып соғатынын өз тәжірибесінен білетін Родионов өткен түнгі қарауыл бастығын тағы да шақыртты». Лейтенант Маляр кірді. «Көзі қызарып, ұзын кірпігі әлсін-әлсін жыпылықтайды. Жастыққа тән таңдаудан да, талғаудан да безгендей, босап күрт түскен. Інісінің өлімі, қарауыл бастығы болған кездегі осы сәтсіз оқиға жас адамды іштей жеп, тонап, тоздырып кеткендей. «Бұлай күйіну тәсіл шығар» деп күдіктенді Родионов.

Жалпы жағдай, екі бірдей адам: капитан Сүлейменов пен сержант, кіші Маляр өлгені белгілі болғанмен, тергеуші қолына түскен ештеңе жоқ. Сондықтан оның жұрттың бәрінен күдіктенуі жөн ден шығар. Түнгі сағат он екі. Смена ауыстыру уақыты. Сержант Маляр постыны қабылдап алған соң, бұл аға сержант Ефремовпен бірге қарауыл үйіне оралған. Бір снаряд түсіп жарылған. Алыстан алты стволдық неміс минометінің үні естілген. Сол жақтан қызыл жалын лаулап көтеріліпті... Дәті шыдамаған Маляр штабқа қарай

жүгіріп жетсе, постыда ешкім жоқ. Өлген Сүлейменовке тап болып, Ефремов екеуі оны штаб блиндажына кіргізді. Планшеті ашық. Ал емен түбіндегі шұқырда өліп жатқан інісін ертесіне табады. Бәлкім, ол постыны тастап, қорқақтық жасаған да шығар, бірақ лейтенант Маляр туған інісі болғандықтан, оның бетін бәрібір топырақпен жабады.

Міне, осындай жағдайда тергеуші не істеуі керек? Амал жоқ, ағайынды екі Малярдан күдіктенеді. Әсіресе құпия соғыс картасын ұрлаған оның інісі болуы мүмкін. Өйткені Сүлейменовтің түнде штабқа келетіні қарауыл бастығы мен штаб постысында тұратын күзетшіге ғана белгілі. Бірақ үшінші адам және бар. Бәрібір күдік — бұлтартпас дәлел емес. Майор ертеңіне штабтың бұрынғы тұрған жеріне барып қайтуды ұйғарды. Сөйтіп, ол «ескі» қонысқа да келді. Тапқаны — тек аз уақыт бұрын тартылған «Беломор» папиросының қалдығы. Мұндай папирос тек Малярда ғана бар болса, өзімен бірге жүрген Маляр мұнда қалайша бұрын келіп, тартып үлгерді? Демек, оны тастаған — өзге біреу. Кім? Енді «Кіші Малярдың денесі көмілген топырақты ашпас бұрын», Родионов тағы да төңіректі мұқият қарап шығуды ойлады. Өлік жатқан жерден он қадам жүргенде көмескі, бірақ жаңа ізді көрді. Бір ғажабы — сол аяқтың таңбасы жоқ. Түскен көмескі ізге қарағанда, бұл жақты шарлаған жан қырқыншы размерлі етік киеді. Салмағы алпыс сегіз килограмм. Орта бойлы. Бет әлпеті, шашының түсі белгісіз. Бұл сырды өліктің өзі ашып беретініне сенген тергеуші кіші Малярдың денесін көмген топырақты аса ұқыппен сыпырды. «Бетіне жапқан брезентті көтергенде өлік қарысып жатыр екен. Өмірінің соңғы минутында қинала, тістеніп құлаған тәрізді. Созған салалы саусақтары түйіле жұмылып, кеудесінің үстінде жатыр. Родионов әлсіз жұмырық арасынан екі тал қылды суырып алып:

— Енді шашының түсі, бет әлпетінің қандай екенін білуге болады, — деп көтеріле сөйледі. Арнаулы таблицасы ақ шаштың ұшы қырқылмағанын және ұқыпты күтетін адамдыкі екенін бірден есептеп шығарды. Шашты алдырмай ұзын қоятын кім? Әрине, бұл — әйелдердің ісі. Егер де картаны ұрлаған әйел десек, сонда оның салмағы алпыс сегіз килограмм болғаны ма?

Жұмбақ ой шарпыған Родионов ілмегі шала ілінген жейденің сары түймесін көтергенде өлік кеудесінде бос жатқан картаны көрді. Құпия соғыс картасы».

Тергеуші Родионов мықты екен. Дұрыс бағытта қимылдап, қазірдің өзінде ең басты шаруасын бітірді. Құпия соғыс картасын тапты. Бірақ алдында әлі жұмбақ көп. Қартаны ұрлаған, кіші Малярды өлтірген кім? Әлде ағасы ойлап қалғандай, картаны ұрлаған кіші Малярдың өзі ме? Сонда опасыз болып шыққаны ма? Жо-жоқ, асықпайық. Ең негізгісі — жаңылысып адаспайық. Екі тал шаш бар. Дәрігерлік сараптама нәтижесі не айтады? Осының бәрінің ізіне түсірген — көмескі із.

Міне, бұл әңгіме неге «Көмескі із» аталған?!

Мәселені осылай шешпей, бітірмей қалдырса, кіші Малярға опасыздық таңбасы өшпестей болып басылады.

Біз әңгімені ары қарай оқығанда оқиғаның шын ақиқатын, капитан Сүлейменовті кім өлтіріп, картаны кім ұрлағанын білеміз. Ол ғана емес. Қараңғы түнде оқыс оқиғаға куә болған кіші Малярды да өлтірген — сол адам. Ол — және әйел. Ол және сталинградтық соғыс ардагері Белованы өлтіріп, құжатын иеленіп, кеңес әскері қатарында Белова болып еркін жүрген америкалық барлаушы әйел Лей болып шықты.

Осының бәрін ашқан, Лейдің капитан Сүлейменов пен кіші Малярды да өлтіргенін мойындатып, сержант Малярдың опасыз емес, ақ ерлік өліммен қаза тапқан ардақты азамат екенін де анықтаған тек майталман тергеуші Виктор Родионов қана ма? Жоқ, жазушы Кемел Тоқаев та осының бәрін ойланып-толғанып анықтады, жаудың жолын кесті, жұмбақ қылмыстың түйінін шешті. Тек осы ғана емес. Полковник Ильин болып Родионовқа тапсырма берген, қос Малярдың да кінәсіз екенін көрген, ең соңында Белова — Лей болып та қам-қарекет еткен жазушы Кемел Тоқаев.

Иә, жазушы қандай бір тақырыпты да шеберлікпен қаузап, терең игеріп, қоясын ашып, өн бойында қанша шуағы болса, соның барлығын халық, оқырман кеудесіне шашып, көсемді көсем, шешенді шын шешен, қарапайым қазақты соғыста қаһарман, қанішерді бейбіт өмірде де бандит етіп бейнелей алса ғана мұратқа жетеді. Ол тіпті де солардың — қаптаған кейіпкерінің рөлін ойнамайды, солар болып өмірдің сырын, ізгіліктің құнын біледі, солар болып қайғырып жылап, солар болып қуанып күледі. Ең бастысы — өмір сүреді. Міне, сондықтан да замандас әріптестері орыстың әйгілі эпопеясы — «Соғыс және бейбітшіліктегі» даңқты қолбасшы Михаил Кутузовты Лев Толстойдың өзі деп білсе, ешбір жаңсақтық жоқ. Тіпті француздың ұлы қаламгері Флобердің «Мадам Бовери — менмін» десе, онысы сәл де өтірік емес. Нақ осы сияқты «Соңғы соққы» романындағы Алаш арысы Ораз Жандосов, қаһарман Қасымхан Чанышев, атаман Дутовтарды да, «Тасқын» повесіндегі қанқұйлы қылмыскер Петрушкин, «Сарғабанда болған оқиға» повесіндегі тергеуші капитан Талғат Майлыбаев, «Түнде атылған оқ» повесіндегі шетел барлаушысы Черноносков, тағы басқаларды да солардың өздерімен бірге жазушы Кемел Тоқаев деп танысақ, түк те жаңылыспаймыз.

Әрине, мұның бәрі — қаламгердің Алла тағала бойына бітірген талантының жемісі.

Әрине, мұның бәрі — жазушы бастан кешкен тағдырдың жемісі.

Әрине, мұның бәрі — жазушы адамгершілігінің, жомарт мінезінің, абзал азаматтығының жеміс-жеңісі.

«Убийство перед закатом» и другие приподнимают над суетой, персонажи динамичны, — сказывался двадцатилетний журналистский опыт, когда газету с его легкой руки ждали сотни и тысячи юных читателей республики. Ныне конкурсу художественных произведений в жанре детектива, с 1994 года, присвоен именной статус, в память о Кемеле Токаеве и его произведениях «Сарғабанда болған оқиға» («Происшествие в Саргабане»), «Таңбалы алтын» («Меченое золото»), «Түнде атылған оқ» («Ночной выстрел»), вошедших в золотой фонд казахской тюркской литературы. К творчеству К. Токаева обратились главные режиссеры театров и его пьесы «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім». «Сикырлы сырлар» стали любимыми для казахстанского зрителя. Каждый, кто прочтет книги Кемеля Токаева, станет по-другому смотреть на счастье жить, беречь ближних и ценить каждую минуту для креативных дел. Для молодых и будущих журналистов это — бесценный подарок.

«Қазақ университеті», 4 қыркүйек 2018 жыл

## КЕМЕҢГЕР КЕМЕЛ АҒА

Бақытқали АЙЖІГТОВ,  
қаржыгер

Төртінші-бесінші сыныпта оқитын болуым керек. Онда біз Балқаш ауданының орталығы Бақанас селосында тұрамыз. Түстен кейін оқимын. Бірде сабақтан келсем, үйде қонақтар бар екен. Қой сойылып, бауырсақ пісіріп, ет асылып жатыр. Шешем «үйге кір, шешін, үлкендермен амандас» деді.

Үйге кірдім, үлкен жер үстелді жағалай біраз кісі отыр екен. Иманқұл аға Жексенбике апамызбен, әкейдің немере апасы Бастықыз, Мықтыбек атамыз (жезде) және де әкеміздің шешесі Аққайша. Төрте жантайып бейтаныс кісі жатыр, мен танымадым. Жағалай қол беріп амандасып болғаннан кейін Иманқұл аға бейтаныс кісіге қарап: (сол кезде ол кісі тікесінен отырады) «Кемел, мына бала Сақымқожаның тұңғышы – аты Бақыт» деді, ана кісі қайта мені қолымды алып, аман бол балам, азамат бол, деп маңдайымнан сүйді. Содан кейін мен де бір бұрышқа жайғастым. Ұзақ әңгіме айта алды. Сонда бір есте қалған әңгіме. Кемел ағаның айтқаны, «бауыр деген қалаққа ғана тән сөз екен, өйткені адамның дене мүшесіндегі ағзалардың бәрін ауыстыруға болады, тек бауыры ғана ауыстыра алмайсың» деді. Сондадан да біз бауырмыз, осыған лайық болуымыз керек. Мен осы сөздің мағынасын кейін өсе келе түсіндім. Қандай мағынасы терең сөз. «Біз жалайырдың ішіндегі Жылқайдарымыз» деді. Кемел аға сөзін жалғастырып, үлкен атамыз Қосай (күшік), Жылқайдардың алты баласы болған, соның бір баласы Жолбарыс (батыр, би, әулие), бұл кісіден мен және Бақбақты кеңшарында тұратын Кеңесбек деген бауырымыз. Екінші баласы – Сатыбалды, одан сіздер, яғни сіз, Иманқұл ағаға қарап, Сақымқожа Нұртай, Қоғалбай, мына отырған Бастықыз апамыз деді. Жолбарыс атамыздың ұрпақтары Қаратал өзенінің бойын, Қалпенің маңында қоныстанған, ал Сатыбалдының ұрпақтары Іле өзенін бойлап, Көкжиде деген жерде Айнакөл деген көл бар, соның жағасын мекендеген.

Мен қазір ойлап қарасам, ол кісі сонау Қаратал өзені мен Іле өзенін жайлаған бауырлары туралы айтқан екен. Атына сай дана кісі екен. Көп әңгімелер айтылды, түн ортасынан ауып кетті, содан Иманқұл аға «ертең жұмыс, балалар да демалсын» деп бата қайырды, Кемел аға да бірге тұрып кетпекші болып жиналды. Әкей «үйге қоныңыз» деп еді, «Жоқ, мен Иманқұл ағаның үйіне тоқтадым, үлкен шаңырақ қой, сендер де біліп қойындар, Иманқұл ағаның ағасы, бауырымыз соғыста қаза болды. Кемелде Қазақстанның Мәскеудегі он күнделігіне, Кремльде ән шырқаған кісі. Және де ертең Ақкөлге Нұртайдың үйіне барам деді. Сумкасын ашып, кітап алды, бірінші бетіне жазды: «Түнде атылған оқ».

Міне, содан бері қайта жәл өтті, ол кісінің келбеті осы күнге дейін жағалыда, кеше ғана болған сияқты. Кейбір кездері мен оның жаузын санап жатпай келсем, мүмкін, сол кісінің берген батасының шаңырағы ымыр. Бірақ басқа мамандықты таңдадық. Кейбірде түс көрем, осы жақын арада мынадай түс көрдім: «Қорға шығасы, қорған алдында жолбарыс жатыр, жанында шаңырақтар ақпайды, маған жолбарыс қарды да жата бері, қорға кірдім онда бір жолбарыс, тура осындай жағдай, шопшап кеттім. Сонда артымадан бір ауақ шықты «қорғақта телам, Жолбарыс аты го!» деді. Бағыт жоқ, үлкенде естіген Кемел ағаның дауысы. Бұл менің Кемел ағаны көрген сәтіннен естен кетісі естелігі. Егер мен ол кісінің жанында өмір бойы жүрсем не болар еді деп ойлаймын. Содан кейін мектеп бітірдім, әкесіме кеттім, оқу оқыды, әкей қайтыс болды. Туған-туыстың арасын жалтап тұрған алтын көмір екен ғой ағаларымыз.

Тағы бір айтылған жағдай, қазір ойласам, аманат қалдырған сияқты. Тоқай, Бұқаш бірге тұған, соң Бұқаш әкеміз мына Көкжиде елі мекенінде жерленген еді. Бүгінгі күні Көкел аманат әйелсіз. Жексенбілеріміз көрі-көрсендерімізде әкеміз Иманқұл бақимыз болды. Қазір шаңырақта түні түтетін Мейрамбек отыр. Еліміз түсіміз, Кемел ағаның тағы бір бауырының үйіне қойбай қара шаңырақты аңсағанын. Біз де Бақанасқа барған сайын, қара шаңыраққа сөзін кестіретін.

Мен Кемел ағаның «Түнде атылған оқ» повесін он шақты рет оқып шықтым. Адам-адам бір оқып қомалап, кітапханада састаулы. Одан кейін де Кемел ағамыздың «Таудай жанармыс», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға» атты повестері осы күнге дейін қызығатын оқимын. Үйде састаулы: Қазақстан бір сөз бір, «оқиға әкелен қалай тұр» деді. Осындай кездерде, жасы, ақалды, айна жаузын, қотам қайтқы кері Кемел ағамыздан туған Қасым-Жомарт бауырымызға арнайым ақ жол тілепміз.

ЕР МҰРАТЫ – ЕЛ МҰРАСЫ

## Кемеңгер Кемел аға

Төртінші-бесінші сыныпта оқитын болуым керек. Онда біз Балқаш ауданының орталығы Бақанас селосында тұрамыз. Түстен кейін оқимын. Бірде сабақтан келсем үйде қонақтар бар екен. Қой сойылып, бауырсақ пісіріп, ет асылып жатыр. Шешем үйге кір, шешін, үлкендермен амандас, – деді.

Үйге кірдім, үлкен жер үстелді жағалай біраз кісі отыр екен. Иманқұл аға Жексенбике апамызбен, әкейдің немере апасы Бастықыз, Мықтыбек атамыз (жезде) және де әкеміздің шешесі Аққайша. Төрте жантайып бейтаныс кісі жатыр, мен танымадым. Жағалай қол беріп амандасып болғаннан кейін Иманқұл аға бейтаныс кісіге қарап: (сол кезде ол кісі тікесінен отырады) «Кемел, мына бала Сақымқожаның тұңғышы – аты Бақыт» деді, ана кісі қайта мені қолымды алып, аман бол балам, азамат бол, деп маңдайымнан сүйді. Содан кейін мен де бір бұрышқа жайғастым. Ұзақ әңгіме айта алды. Сонда бір есте қалған әңгіме. Кемел ағаның айтқаны, «бауыр деген қалаққа ғана тән сөз екен, өйткені адамның дене мүшесіндегі ағзалардың бәрін ауыстыруға болады, тек бауыры ғана ауыстыра алмайсың» деді. Сондадан да біз бауырмыз, осыған лайық болуымыз керек. Мен осы сөздің мағынасын кейін өсе келе түсіндім. Қандай мағынасы терең сөз. «Біз жалайырдың ішіндегі Жылқайдарымыз» деді. Кемел аға сөзін жалғастырып, үлкен атамыз Қосай (күшік), Жылқайдардың алты баласы болған, соның бір баласы Жолбарыс (батыр, би, әулие), бұл кісіден мен және Бақбақты кеңшарында тұратын Кеңесбек деген бауырымыз. Екінші баласы – Сатыбалды, одан сіздер, яғни сіз, Иманқұл ағаға қарап, Сақымқожа Нұртай, Қоғалбай, мына отырған Бастықыз апамыз деді. Жолбарыс атамыздың ұрпақтары Қаратал өзенінің бойын, Қалпенің маңында қоныстанған, ал Сатыбалдының ұрпақтары Іле өзенін бойлап, Көкжиде деген жерде Айнакөл деген көл бар, соның жағасын мекендеген.

Мен қазір ойлап қарасам, ол кісі сонау Қаратал өзені мен Іле өзенін жайлаған бауырлары туралы айтқан екен. Атына сай дана кісі екен. Көп әңгімелер айтылды, түн ортасынан ауып кетті, содан Иманқұл аға «ертең жұмыс, балалар да демалсын» деп бата қайырды, Кемел аға да бірге тұрып кетпекші болып жиналды. Әкей үйге қоныңыз деп еді, жоқ, мен Иманқұл ағаның үйіне тоқтадым, үлкен шаңырақ қой, сендер де біліп қойындар, Иманқұл ағаның ағасы, бауырымыз соғыста қаза болды. Кемелде Қазақстанның Мәскеудегі он күнделігіне, Кремльде ән шырқаған кісі. Және де ертең Ақкөлге Нұртайдың үйіне барам деді. Сумкасын ашып, кітап алды, бірінші бетіне жазды, балам Бақыт Кемелдегі. Мен қарасам – повесті «Түнде атылған оқ».

Міне, содан бері қайта жәл өтті, ол кісінің келбеті осы күнге дейін жағалыда, кеше ғана болған сияқты. Кейбір кездері мен оның жаузын санап жатпай келсем, мүмкін, сол кісінің берген батасының шаңырағы ымыр. Бірақ басқа мамандықты таңдадық. Кейбірде түс көрем, осы жақын арада мынадай түс көрдім: «Қорға шығасы, қорған алдында жолбарыс жатыр, жанында шаңырақтар ақпайды, маған жолбарыс қарды да жата бері, қорға кірдім онда бір жолбарыс, тура осындай жағдай, шопшап кеттім. Сонда артымадан бір ауақ шықты «қорғақта телам, Жолбарыс аты го!» деді. Бағыт жоқ, үлкенде естіген Кемел ағаның дауысы. Бұл менің Кемел ағаны көрген сәтіннен естен кетісі естелігі. Егер мен ол кісінің жанында өмір бойы жүрсем не болар еді деп ойлаймын. Содан кейін мектеп бітірдім, әкесіме кеттім, оқу оқыды, әкей қайтыс болды. Туған-туыстың арасын жалтап тұрған алтын көмір екен ғой ағаларымыз.

Тағы бір айтылған жағдай, қазір ойласам, аманат қалдырған сияқты. Тоқай, Бұқаш бірге тұған, соң Бұқаш әкеміз мына Көкжиде елі мекенінде жерленген еді. Бүгінгі күні Көкел аманат әйелсіз. Жексенбілеріміз көрі-көрсендерімізде әкеміз Иманқұл бақимыз болды. Қазір шаңырақта түні түтетін Мейрамбек отыр. Еліміз түсіміз, Кемел ағаның тағы бір бауырының үйіне қойбай қара шаңырақты аңсағанын. Біз де Бақанасқа барған сайын, қара шаңыраққа сөзін кестіретін.

Мен Кемел ағаның «Түнде атылған оқ» повесін он шақты рет оқып шықтым. Адам-адам бір оқып қомалап, кітапханада састаулы. Одан кейін де Кемел ағамыздың «Таудай жанармыс», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға» атты повестері осы күнге дейін қызығатын оқимын. Үйде састаулы: Қазақстан бір сөз бір, «оқиға әкелен қалай тұр» деді. Осындай кездерде, жасы, ақалды, айна жаузын, қотам қайтқы кері Кемел ағамыздан туған Қасым-Жомарт бауырымызға арнайым ақ жол тілепміз.

Бақытқали АЙЖІГТОВ,  
қаржыгер

Қасым Мәскеу – ерте мұса

«Балам Бақытқа Кемелден». «Түнде атылған оқ» повесі екен. Маңдайымнан сүйді де, «Үлкен азамат бол» деді. Міне, содан бері қанша жыл өтті, ол кісінің келбеті осы күнге дейін жадымда, кеше ғана болған сияқты. Кейбір кездері мен өзімді жазушы санап жазғым келеді, мүмкін, сол кісінің берген батасының шапағаты шығар. Бірақ басқа мамандықты таңдадық. Кейбірде түс көрем, осы жақын арада мынандай түс көрдім: «Қораға шықсам, қораның алдында жолбарыс жатыр, жанында ішек-қарны ақтарылған жылқылар, маған жолбарыс қарады да, жата берді, қораға кірдім, онда бір жолбарыс, тура осындай жағдай, шошып кеттім. Сонда артымнан бір дауыс шықты: «Қорықпа, балам, Жолбарыс атаң ғой» деді. Баяғы жас күнімде естіген Кемел ағаның дауысы. Бұл менің Кемел ағаны көрген сәтімнің естен кетпес естелігі. Егер мен ол кісінің жанында өмір бойы жүрсем не болар еді деп ойлаймын. Содан кейін мектеп бітірдім, әскерге кеттім, оқу оқыдық, әкей қайтыс болды. Туған-туыстың арасын жалғап тұрған алтын көпір екен ғой ағаларымыз.

Тағы бір айтылатын жағдай, қазір ойласам, аманат қалдырған сияқты. Тоқай, Бұқай бірге туған, сол Бұқай әкеміз мына Көкжиде елді мекенінде жерленген еді.

Бүгінгі күні Кемел ағамыз айтқан Жылқайдардың қара шаңырағындағы әкеміз Иманкүл бақилық болды. Қазір шаңырақта түтін түтетіп Мейрамбек отыр. Енді түсіндім, Кемел ағаның тағы бір бауырының үйіне қонбай, қара шаңырақты аңсағанын. Біз де Бақанасқа барған сайын қара шаңыраққа соқпай кетпейміз.

Мен Кемел ағаның «Түнде атылған оқ» повесін он шақты рет оқып шықтым. Анда-санда бір оқып қоямын, кітапханамда сақтаулы. Одан кейін де Кемел ағамыздың «Таудағы жаңғырық», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға» атты повестерін осы күнге дейін қызығып оқимын. Үйде сақтаулы. Қазақтың бір сөзі бар, «Жақсы әкеден асып ұл туар» дейді. Осындай кемеңгер, асыл, ақылды, дана жазушы, қоғам қайраткері Кемел ағамыздан туған Қасым-Жомарт бауырымызға әрдайым ақ жол тілейміз.

«Jetisy», 6 сәуір 2019 жыл



## ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ ДАРАБОЗЫ

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Ұлттық академиялық кітапханада қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаған жазушы Кемел Тоқаевты еске алуға арналған «Дидары дүниенің — детективте» деген әдеби кеш өтті.

Жазушы әдебиетке ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасымен келді. Оның алғашқы жинағы 1954 жылы «Жұлдызды жорық» деген атпен жарық көрген. Содан бастап қаламгердің шығармалары оқырмандардың оң ықыласына бөленді. Әдебиетсүйер қауым Кемел Тоқаевты қазақ детективінің негізін қалаушы деп біледі. Сөз зергерінің «Түнде атылған оқ», «Қастандық» деген туындылары оны бұл жанрды жоғары көркемдік деңгейге жеткізген автор ретінде танытты.

Әдеби кешке келген зиялы қауым өкілдері жазушының шығармашылығы туралы парасатты ой қозғады.

Белгілі қаламгер Алтыншаш Жағанова Кемел ағаның мінезі биязы, мәдениетті адам екенін айтса, ақын Баянғали Әлімжанов қаламгердің кітаптарын қызығып оқығанын әңгімеледі.

«Сағат Әшімбаев ағамыз бір күні детектив жанры жөнінде мақала жазуды тапсырды. Сонда байқағаным, оқырмандардың 60 пайыздан астамы көркем шығармадан гөрі детективтік жанрдағы кітаптарды оқиды екен. Соның ішінде алғашқы кезекте Кемел ағамыздың туындылары түр. Ол кісінің повестерін талдап, салыстыра отырып, көлемді мақала жазып шықтым. Өмірде ағаның көзін көрдім. Әңгімені өте қызықты, тартымды айтатын» деп өткен күннен естелік өрбітті.

Танымал ғалым Тұрсын Жұртбай суреткердің шығармасы арқылы бір кино түсіруге болады деген пікірін айтты.

«Кемел Тоқаевтың киноға шығаратын кемел бейнесі бар. Адамның қасиеті болмаса, жазушы болмас еді. Маған Кемел ағаның «Соңғы соққы» романы ұнады. Сызып тұрып, өте қызығып оқыдым. Бірқалыпты, ұстамды жазылған шығарма» деді. Ал дарынды сатирик Көпен Әмірбек:

— Кемел Тоқаев — өзінің дара жолын тапқан жазушы. Қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанрын алғаш әкелген қарымды қаламгер ретінде қоғамға танылды, есімі жұрттың есінде қалды. Шығармашылық талантымен бірге бойындағы тазалық, адалдық, шыншылдық қасиеттерімен дараланды. Шығарманың ерекшелігі сондай — кездесулерде жиылған жұрт басқаға сұрақ қоймаса да, Кемел ағамызға сұрақ жаудырып, алғыстарын айтып жатады, — деп сөзін қорытты.

Түйіндей келгенде, өмірде жазушылығымен қатар, адамдық қасиетімен де үлгі болған ардақты азамат туралы айтылар дүние көп екеніне көзіміз жетті.

«Қоғам», 5 қазан 2019 жыл



## ПУЛЬС НАРУЧНЫХ ЧАСОВ

Бахытжан КАНАПЬЯНОВ

### О ратном подвиге казахского писателя-фронтовика Кемеля Токаева

Кемель Токаев (1923-1986) известен как крупный литератор и общественный деятель. А когда-то, лишившись родителей в годы голодомора в казахской степи, он, десятилетний мальчик, вместе со своим старшим братом Қасымом оказался в детском доме.

Незадолго до начала войны Қасым отправили в Свердловск на краткосрочные курсы подготовки молодых офицеров. В архиве Кемеля Токаева сохранились письма старшего брата, пронизанные заботой о младшем — единственном на всем белом свете родном человеке.

Печальным было их расставание. Не было прощальных слов. Оба сидели потупившись на лавке во дворе интерната. Оба понимали, что, возможно, прощаются друг с другом навсегда. Старший брат встал и, взглянув на часы,



Литературная газета  
28 ЛИТЕРАТУРА  
УСЛОВИЯ ПОСЫЛКИ

### Пульс наручных часов

О ратном подвиге казахского писателя-фронтовика Кемеля Токаева

Кемель Токаев (1923–1999) известен как крупный талантливый журналист, публицист, прозаик и поэт. А когда-то он был солдатом и фронтовиком, солдатом и фронтовиком, солдатом и фронтовиком...



Восстановлено по фотографиям Кемеля Токаева. В центре — Кемель Токаев, в окружении друзей и коллег. Справа — Кемель Токаев в военной форме.

Тогда война в нас зрела... Кемель Токаев был солдатом и фронтовиком, солдатом и фронтовиком, солдатом и фронтовиком... Он был солдатом и фронтовиком, солдатом и фронтовиком, солдатом и фронтовиком...

Восстановлено по фотографиям Кемеля Токаева. В центре — Кемель Токаев, в окружении друзей и коллег. Справа — Кемель Токаев в военной форме.

сказал Кемелю, что пора ехать. А потом растегнул ремешок своих наручных часов и надел их на руку брата:

— Носи на память! У меня будут командирские...

Они крепко обнялись, и Касым направился к грузовику, в котором уже сидели новобранцы.

Вернувшись поздно вечером в барак для детей-сирот, Кемель всю ночь проплакал, и только пульс наручных часов напоминал ему о брате, ушедшем на войну. На долгие годы памятью о нём стали для Кемеля эти скромные часы. А через полтора года настала и его очередь отправиться на фронт. Кемель Токаев был отправлен на краткосрочные сержантские курсы, после окончания которых стал бойцом Советской армии.

Его старший брат Касым погиб в бою подо Ржевом 22 февраля 1942 года. В похоронке сообщалось, что он пал смертью храбрых при защите социалистической Родины — СССР. И только спустя десятилетия благодаря сотрудникам Посольства Казахстана в России и архивам общества «Мемориал» было найдено точное место захоронения — деревня Трубино Ржевского района Тверской области. Воистину «Никто не забыт — ничто не забыто!».

Эшелон с новобранцами, среди которых был и сержант Кемель Токаев, обстреляли вражеские бомбардировщики еще на подступах к фронту. Он вместе с другими однополчанами залёг в открытой степи. Один из немецких самолётов пролетел очень низко над прижавшимся к земле Кемелем и выпустил длинную пулемётную очередь. Она прошла буквально в нескольких сантиметрах от молодого сержанта. Это стало боевым крещением.

В своей книге «Солдат ушёл на войну» Кемель Токаев писал, что полк, в котором ему пришлось воевать, было многонациональным. Молодой сержант в составе своего подразделения входил в группу танкового десанта. Если танкисты были защищены бронёй, то десантники оставались беззащитными. Кемель Токаев вспоминал, что после трёхдневных боёв его рота осталась без съестного. Нужно было что-то делать. Под утро он вместе с двумя однополчанами пошёл в сторону хутора. Здесь они наткнулись на умирающую лошадь, попавшую под шальную снаряд. Решение было принято мгновенно. Кемель стал быстро разделять тушу лошади, ведь он в интернате в часы дежурства помогал поварам заготавливать мясо на суровую зиму. Бойцы были благодарны своему однополчанину-казаху за смекалку. В ответ он отшучивался, что накормил их национальным блюдом. А потом решил приготовить казахский деликатес — колбас из конины (казы). Кемель уложил набитую мясом оболочку на раскалённую броню танкового двигателя, чтобы колбаса как следует прокоптилась.

Так, в составе танкового полка Кемель Токаев прошёл по боевым полям Белоруссии, Украины и Польши, а до этого участвовал в обороне Сталинграда. К концу 1944 года будущий писатель был награждён двумя орденами Отечественной войны и многими медалями за мужество и отвагу. В свои 20 лет гвардии сержант Кемель Токаев отвоевал на территориях четырёх стран.

До Берлина он не дошёл: был тяжело ранен в одном из боёв на польской земле. Он стал живой мишенью для немецкого снайпера, который высмотрел в оптический прицел сидящего на танке солдата-азиата. Враг разрывной пулей ранил сержанта Кемеля Токаева в правую ногу. Кемель пал с танка и остался лежать на земле без сознания. Очнулся он от едва слышного тиканья часов старшего брата. В это время какие-то звёздные звуки поплыли в ночном небе. Звуки своей мощью напоминали голос кобыза из родного аула Кальпе, откуда в голодные годы он шёл вместе с братом в люди, в странствия по Южному Казахстану. Все родные погибли в те страшные годы, а звуки эти остались в памяти. На раненого наплывали незримые аккорды. Это в польском костёле играл на органе ксёндз... После десяти часов забытья Кемеля положили на носилки военные санитарки и отнесли в этот костёл, ставший на время пунктом приёма раненых. Ранение оказалось тяжёлым. Врачи хотели ампутировать ногу, но молодой сержант молил их не делать этого. Его настойчивые просьбы убедили военных врачей в том, что, лишив молодого бойца ноги, они тем самым лишат его будущего. И он очнулся в военном госпитале Гомеля, где смог прийти в себя после большой потери крови. А затем были долгие месяцы лечения в Омском госпитале. Кемель Токаев попал в поле зрения молодого хирурга, который в те годы уже проводил эксперименты по вытягиванию костей. Спустя тридцать лет этот метод стал известен в мировой медицине как метод Илизарова. Его автор — хирург из Кургана Гавриил Илизаров — был удостоен за это изобретение Ленинской премии. А тогда, в конце войны, молодой врач работал на свой страх и риск; по сути дела, он проводил клинические испытания и сказал Кемелю Токаеву, что попробует сохранить ногу, наложив на разбитую кость специальный аппарат — шину со спицами. Более трёх месяцев раненый провёл на больничной койке. После Омска его направили в военный госпиталь Алма-Аты, где он под наблюдением опытного врача академика Александра Сызганова продолжил курс лечения.



Он потянулся к окну, к подоконнику, и впервые за долгое время ступил всей ступнёй на дощатый пол, подсвеченный божественным светом луны. В одно мгновение вспыхнули воспоминания. Он очнулся и, вцепившись в подоконник, продолжал стоять — впервые без костылей, в больничном халате, освещённый тем самым светом полной луны, которая с самого детства вела, исчезала и вновь возвращалась молодым месяцем. Это было победой, преодолением прошлого, жизненных испытаний войны, сиротства, ранения.

Он вспомнил, как в далёком детстве старики в ауле говорили, что ночное светило притягивает к себе светлые и тёмные силы души человеческой. После ухода из земной жизни душа ещё парит над всем сущим сорок дней и сорок ночей. И первая небесная стоянка — это Луна. К ней можно перебраться на крыльях былой мечты, а можно невидимым старцем зацепиться за край месяца, когда он выплывает из темноты. А там сам небесный смотритель вершит судьбы человеческих душ. И вся прожитая жизнь, со всеми грехами и светлыми чувствами, предстаёт перед тем, как переселиться навеки на обратную сторону ночного светила. И мы с детства, с юности поверяем месяцу и луне свои мечты и желания, всю жизнь преклоняемся перед этим светом, глядя в свои раскрытые ладони, а когда покидаем мир, месяц над нашим прахом несёт в себе несбывшиеся наши желания.

В тот же год он добился того, о чём мечтал его погибший брат Қасым: поступил на первый курс филологического факультета Казахского государственного университета. Поступал туда в военной форме, на пока что не отбросенных окончательно костылях.

Среди экзаменаторов был Мухтар Омарханович Ауэзов, знаменитый классик. В одной из статей о казахском фольклоре он подчёркивал, что не только сказочно-фантастическое начало присутствует в казахском эпосе и преданиях, но и занимательный сюжет, интриги и приключения в вечном противостоянии добра и зла, где плетут свои козни демоны, а ангелы побеждают в этой схватке. Быть может, отчасти это и помогло молодому тогда студенту Кемелю Токаеву после уроков и лекций великого мастера художественного слова найти свою, и только свою тему для будущих книг в жанре приключений и детектива. И книги Кемеля вскоре начали выходить многотысячными тиражами. Эти книги любили и ценили читатели Казахстана и других стран. А ведь для писателя главное — найти своего читателя!

Но всё это будет потом — во второй половине двадцатого столетия. Будет радость писательского озарения по ночам и повседневная работа журналиста, редактора республиканских газет, главного редактора «Ведомостей Президиума Верховного Совета Казахской ССР», а затем куратора и литературного консультанта Совета по военно-патриотическому воспитанию при Союзе писателей Казахстана. И незабываемый запах типографской краски, которой пахли страницы его книг...

А хронометр старшего брата не раз менял ремешки и браслеты в послевоенные годы. Кемель верил, что Қасым подарил ему своё время, так и не прожитое им сполна на этой прекрасной и яростной земле.

Главным праздником для писателя-фронтовика всегда был День Победы. В издательстве «Жибек Жолы» вышло несколько книг, посвящённых ратному подвигу Кемеля Токаева: «Сила духа и творческий талант», «Верное служение народу», «Письма Победы». Невозможно без волнения читать эти книги...

А ученики средней школы имени Кемеля Токаева собрали письма фронтовиков и провели международную акцию «Письма Победы». В небольших письмах-треугольниках словно бы зазвучала переключка поколений. Школьники писали послания для ветеранов войны. В каждом из них — гордость за своих прадедушек и прабабушек, которые ценой собственной жизни подарили нам этот прекрасный мир, подарили право на Жизнь. На этих листках — ответы на многие вопросы о цене и ценностях Победы, к которой шли с бесстрашием и мужеством наши родные и близкие. В их числе и писатель-фронтовик Кемель Токаев.

«Литературная газета», 3-9 июня 2020 года



## «ЕСКІ ГВАРДИЯМЕН» КЕЗДЕСУ

Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ

Сейдахмет «Жақыпжан, машинаға отыра бер» деп, өзі газет киоскісіне қарай бет алды. Артқы орынға жайғаса бергенімде, шопыр Василий:

— Куда едем, Жаке? — деп суыртпақтап сұраған болды.

— Я и сам не знаю, — дедім шынымды айтып. Сейдағанның кейбір мінезі маған да жұмбақ боп көрінеді.

Бірде Медеу шатқалына апаратын бұралаң жолға түстік. Жоғары өрлеп келе жатқанымызда Сейдахмет шопырға «осы жерде тоқта» деп белгі берді. Көліктен түскесін жүксалғыштан бір бума газет алды да, Николайға: «Бір сағаттан соң бізді алып кет», — деді. Жол жиегінен шеткерірек биіктеу жерге қолындағы буманы жазып, жалпақ етіп төсеніш қылды да: «Жақыпжан, кел, отыр», — деп, қасынан орын берді. Үн-түнсіз отырмыз. Сүтпісірімдей уақыт өткенде шыдай алмай:

— Сәке, маған бір әңгіме айтпақшы ма едіңіз? — деп сұрадым.

— Әңгімеден басқа әңгіме жоқ па? Тыныштықта отырып ойға берілейік, — деді ол алыстағы көкжиектен көз алмастан.

Келесі сәтте өзім де қалайша терең ойға шомып кеткенімді сезбей қалдым. Қайтар жолда басыма қызық ойлар келді.

«Пәлі, оңаша отырып ойлану мен кісімен бірге отырып ойға бату екі түрлі нәрсе екен ғой, өзі. Сырт қараған адамға медитация жасап отырғандай болып көрінер. Әйтсе де йогамен айналысатын адамдардың медитациясының жөні бөлек қой. Медитация кезінде алдыңа белгілі бір мақсат қоятының түсінікті. Ал біз еш мақсатсыз, жай ғана ойға шомып, жайбарақат отырдық. Сейдаған екеуіміз әрқайсымыз өз жөнімізбен әртүрлі ойда отырсақ та, бейне бір іштей сұхбат құрып сырласқандай болдық» деп ғажаптандым.

Осы сәтте Сейдахмет келді де:

— Коля, на Медеу, ресторан «Жайлау», — деді алдыңғы орынға жайғасып жатып. Менің сұраулы жүзіме қарап:

— Жақыпжан, бүгін лениншілжастық «ескі гвардиямен» кездесу болады. Кемел ағаң мен Шерхан ағаңды (Тоқаев пен Мұртазаны айтады) шақырып

отырмын. Әңгіменің байлауын осы екі мықты ағаңнан күтейік, — деп жұмбақтады.

«Ескі гвардия» дегені қызық екен. Кемекеңе меңзегені ме? Олай болса Сейдағаң өзінің құрдасы Шерағанды да «ескі гвардияға» қосып отыр ма? Әлде маған қаратып: «Сендер «жас гвардия» болсаңдар, біз «ескі гвардиямыз» деп әзілдегені ме?» деген ой келсе де, сұрауды ыңғайсыздау көрдім.

Артынша ол:

— Кемел ағаңның кітаптарын оқып па едің? — деп сұрады.

— Былтыр ғана шыққан «Сарғабанда болған оқиға» кітабын оқыдым, Сәке, — дедім еш ойланбастан тақ ете түсіп.

— Е-е, әрине, сен жассың ғой, біле де қоймассың, — деп, Сейдағаң бір әңгіменің басын қылтитып қойды. — Ертеде Кемекеңнің бір повесі жарияланған «Лениншіл жасты» Мойынқұмдағы бір бас бухгалтердің үйінде жұрттың жапатармағай оқып жатқанын көріп таңғалып едім. Сонда өзім «Қазақстан пионері» газетінің редакторы болатынымын. Көркем тілмен жазылған очерк, деректі әңгіме, повестің жұрттың назарын айрықша аударатынын ойға түйдім. Қанша дегенмен біздің көзіқарақты оқырман қауым көркем дүние мен деректі сөздің, яғни документалистиканың аражігін ажырата алады ғой.

— Кемел аға жазушылардың ішінде документалистика емес, детектив жанрын игергенімен ерекшеленіп отырған жоқ па? — деп сұрадым мен Сейдағаңның айтқан уәжімен келісіңкіремей.

— Иә, Кемекең — қазақ әдебиетінде детектив жанрын тұңғыш рет терең игерген жазушы. Бірақ документалистикаға ең жақын жанр да — осы детектив, — деді ол мені едәуір ойландырып қойып. Жол бойы «расында да, солай ма» деген сұрақтың жетегінде қала бердім.

«Шынында да, ә дегенде жұртты еліктіре жөнелетін шытырман оқиғалы шығармалардың көбі нақты дерекке құрылатыны бесенеден белгілі емес пе? Осы өзіміздің милицияның күнделікті тіршілігінде өтіп жататын оқиғаларды алып, белгілі бір қисынға салса, детектив емей, немене? Әрине, оқырманды түрлі шырғалаң жолдарымен жетелеп отыратын шым-шытырық оқиғаларға толы шығармалардың өзіндік ерекшелігі болатыны рас. Детективте нақты деректер мен дәйектер басым болып келеді. Суреттеу аз. Ал шығармадағы суреттеудің аздығы жазушы ойының жайдақтығын не тілінің жұтаңдығын білдірмесе керек. Ол бар болғаны жанр ерекшелігінен туындайды. Суреттеймін деп отырып, бір сәтте оқырманды зеріктіріп алуың да әбден мүмкін ғой. Десе-дағы, детективті шығармалар да көркем әдебиетке қойылатын талаптарға бағынышты. Мұны осы жанрда жазатын Кемел ағамыз жақсы біледі. Оның ойының тереңдігі де, тілінің байлығы да жетерлік. Жазушының шеберлігі әсіресе оның өз кейіпкерлерін сомдауынан, шынайы диалогтар құра білуінен айқын көрінеді. Қай шығармасын оқысаң да, ә дегеннен тереңіне тарта жөнеледі».

Осы сәтте Сейдахметтің оқыстау шыққан даусы ойымды бөліп жіберді.

— Жақыпжан, «Жайлау» ресторанын қалап алғаны несі деп ойлап келе жатқан шығарсың? — деп сұрады ол маған бұрыла қарап.

— Жұрт көзіне түспей, қаланың у-шуынан аулағырақ болуды мақсат тұтқан шығарсыз, Сәке, — дедім мен түспалдап, қапелімде қойылған сұраққа өзімше жауап іздеп.

— Әрине, ол да бар. Десе-дағы, «Жайлау» ресторанының жөні басқа ғой. Жайлау десе, көңіліміз өрекіп тұрады емес пе? Ат мініп, жайлау аралап, қы-

мыз ішіп, қыз-қырқынды айтып, желпініп қайтқанға не жетсін! Шіркін-ай де-сейші! — деп, өз қиялына өзі риясыз күліп алды.

Сейдағанның «қыз-қырқынды айтып» дегені — ұйқастыра айтқан сөзінің мәтелі ғана. Әйтпесе оның Күләтай жеңгемізден басқа әйелді көзге ілмейтіні-не мен куә.

...Сейдахмет екеуіміз күле сөйлесіп, ресторан залына жадырай кірдік. Бізді күтіп алған даяшы әйел лыпылдай жүріп алдымызға түсіп, алдын ала тапсырыс беріп қойған орынға алып келіп жайғастырды.

Біздің үстеліміз түкпірде орналасқанымен, залдың ішін түгелдей шолып отыруға ыңғайлы болып шықты. Байқаймыз, кісі аз: әр жерде екеу-үшеуден шүйіркелесіп отыр.

Осы сәтте ақ көйлектің үстінен қара пиджак киген Шерхан жарқ етіп кіріп келді. Ақ сұр шалбары қара пиджакпен үйлесіп-ақ тұр. Оның лып етіп қасына жетіп барған даяшы әйелге бірдеңе айтқанын байқап отырмыз. Келесі сәтте даяшы оны біздің үстелге ертіп келді.

— Әй, Сейдеш, сен өзі қай кезде шақыруды білесің. Бүгін одақтың бітпейтін бір шаруаларынан шаршап кетіп, алаңсыз демалғым келіп еді, — деп, Шерхан алдынан шыққан Сейдахметті құшақтай алды.

— Пәлі, Шереке, екінші хатшы «сен шаршадым» десең, бірінші хатшы Әнуардың (Әлімжановты айтады) не жаны қалады? — деді Сейдахмет оны арқасынан қағып.

— Е-е, Әнуарда шаршау бар ма? Оның «жүрегі ұйықтауды білмейді», — деп күлді Шерхан.

— Ол да «интернат нанын» жеген ғой, Шереке, — деді Сейдахмет жымып. Екеуінің әдемі әзіліне аузым ашылып қапты.

Сөйтіп тұрғанда оң аяғын сылти басып Кемел ағамыз келіп қалды. Үстіне жаздық жұқа костюм-шалбар киіп, галстук тағыпты. Бәріміз жапырлай қол алысып амандастық.

Мен Кемекеңді бұрын сырттай ғана танитынмын. Бірде Жазушылар одағына Мұқағали Мақатаевты іздеп барғанымда кіреберіс есік алдында әңгімедүкен құрған бір топ ақын-жазушының ішінде тұр екен. Көзге оқшау көрінетін ұзын бойлы, кең кеуде, тік иықты, аласы аз, қарасы мол жанарынан өзгеше бір жылылық лебі ескен еңсесі биік адамды көргенде оның Кемел Тоқаев екенін білген жоқпын. Көп сөйлемейтін, сыпайы кісі екенін аңғардым.

— Жігіттер, кешіккен жоқпын ба? — деп сұрады Кемел баяу ғана.

— Е-е, кемеліне келген ақын-жазушы ағаларымыздың кешігіп жүретін әдеті емес пе? — деді Шерхан әзілдеп.

— Кемеке, уайымдамаңыз. Басқалардың кешігіп жүретін әдеті бар шығар. Бірақ сіздің уақтысынан бұрын жүретініңізді білеміз, — деді Сейдахмет өзіне тән әдемі жымыспен.

— Ұлым Қасым-Жомарт Сингапурдан кешке хабарласамын деп еді. Соның телефон соғуын күтіп қалдым, — деп ақталғандай болды Кемел.

— Ұлыңыз Сингапурда ма еді? — деп сұрады Шераған.

— Иә, ол былтыр оқуын бітіргесін СССР сыртқы істер министрлігіне жұмысқа қабылданған. Сосын, оны Сингапурдағы елшілікке жіберді ғой, — деді Кемел асықпай, байыптап түсіндіріп.

— Әп, бәрекелді! Кемеке, қазақ жастарының биіктен көріне беруіне бек қуанамыз, — деді Шерхан.

— Рақмет! — деді Кемел көңілі жадырап. — Осыдан алты жыл бұрын Қасым-Жомартымды Мәскеуге шығарып салып тұрып, қолына Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» үнсіз ғана ұстатып едім. Менің өзіне сынап қарағанымды сезіп: «Түсіндім, әке», — деді. Оқу бітіріп үйге келгенінде баяғы мен берген кітапты чемоданынан шығарып алып көрсетті де: «Бұл кітапты мен оқып қана қоймай, өзімнің бойтұмарымдай сақтап жүрмін, әке», — деді. Кейін сол кітапты Сингапурға өзімен бірге ала кетті.

— Міне, азамат! — деді Шерхан тебіреніп кетіп.

— Бұл басқосудың мәні не деп отырған боларсыздар? — деп сұрады да, ізінше өзі жауабын берді. — Дабырайтып көрсететіндей емес, десе-дағы, осыдан елу бес жыл бұрын қазақ баспасөзінің тарихында маңызды бір оқиға өткен екен. Сол кезде Түркістан АССР-інің астанасы Ташкент қаласында комсомол ұйымының бірінші хатшысы Ғани Мұратбаев «Жас алаш» газетін ашып, өзі редакторы болды. «Есіл ер-ай» десеіші, сол кезде бар болғаны он сегіз жаста ғана көрінеді.

— Ол газетті «қағаз жоқ, қаржы жоқ» деген желеумен жарты жылға жеткізбей жауып тастады ғой, — деді Шерхан.

— Иә, шынына келгенде, «басылымға «Алаш» қозғалысы зиянды әсерін тигізіп отыр» деп есептеп, өздерінше жау көріп, шығаруын тоқтатты. Дегенмен одан Ғани Мұратбаевтың қызметіне нұқсан келген жоқ, — деп қосты Кемел.

— Менің білуімше, бар-жоғы жиырма екі жыл өмір сүрген Ғани Мұратбаевтың туғанына келесі жылдың маусым айының дәл осы күнінде жетпіс бес жыл толады, — дедім мен еске түсіріп.

— Солай ма? — деп сұрады Шерхан қасын керіп. — Сен бала айтулы дата-ларға жүйрік екенсің. Сейдеш, сенің бізді дәл осы күнге орайластырып шақыруыңда бір мән бар екен ғой.

— Шыны керек, бұл дата тіптен ойымда жоқ еді, — деді Сейдахмет басын шайқап. — Кездейсоқтық болар, бәлкім. Әлде бір тылсым дүние ме?

— Сейдеш, кездейсоқтықтың өзінде белгілі бір заңдылықтың бар екенін айтады ғалымдар. Солай болуы да мүмкін-ау, — деп тұжырымдады Кемел.

Осы сәтте даяшы әйел Сейдахметтің тапсырысын тап-тұйнақтай орындап, тәбетіміздің ашылуын тілеп кетті.

— Кемеке, сіздің кезіңізде «Ленжастың» шекесінде «1922 жылдан шыға бастады» деген титтей дерек болатыны есіңізде ме? — деп сұрады Сейдахмет Кемелге мойын бұрып.

— Неге есімде болмасын? Кейін Шерхан редактор боп отырғанда оны «1921 жылғы 22 наурыздан шығады» деп өзгерткенін де жақсы білемін. Көзі ашық, көкірегі ояу оқырман да бұл деректі жақсы қабылдаған сыңайлы, — деді Кемел басын изеп.

— Бәлкім, байыбына бара бермейтін әлдекімдерге бұл ұсақ-түйек боп та көрінер. Бірақ осының өзі біздің тарихымыздың тұтас бір беті емес пе? Шереке, сен сол деректі қалай өзгерткенінді қысқаша әңгімелеп берсең қайтеді? — деп өтінді Сейдахмет Шерханнан.

— Ол деректі тапқан мақалаларын екі тілде жаза беретін Сейілхан Асқаров деген журналист ағамыз, — деп бастады әңгімесін Шерхан. — Сол кезде ол Ғани Мұратбаевтың өмірін түбегейлі зерттеп жүрсе керек. Болат Бодаубаевқа келіп, Ғани шығарған «Жас алаш» газетінің көшірмесін көрсетіп, өз ойын

ашық айтыпты. Мен нөмірі №2 деп көрсетілген сол газеттің материалдарымен жете танысып, мұқият қарап шыққасын Болатқа: «Сен Ташкентке барып қайт. Архивті түгел ақтарып, газеттің табылған нөмірлерін суретке түсіріп әкел», — деп тапсырдым. Болат командировкада бір аптадай жүріп, олжалы боп оралды: газеттің біраз нөмірін тауып әкелді. Мен оларды кириллицаға көшіртіп, Орталық комитеттің үгіт-насихат бөліміндегі Шерияздан Елеукуенов пен сондағы жігіттерге — ертеректе «Ленжаста» жұмыс істеген Сапар Байжановқа, Кәкімжан Қазыбаевқа апарып көрсеттім. Сөйтіп, ақылдаса келе, газеттің шығу мерзімі туралы бұл мәселені Мәскеудегі кітап палатасы арқылы шешкенді дұрыс көрдік. Обалы не керек, біз өзімізше қанша күдіктенсек те, Мәскеудегі кітап палатасы біздің жазған өтініш-хатымызға оңды жауабын берді. Қуанышымызда шек болмады. Оқырманнан арнайы сүйінші сұрамасақ та, бірінші бетке «Оқушылар назарына» деген атпен шағындау мақала басып, газеттің қысқаша тарихынан хабардар еттік.

— Ашық айтылмаса да, «Лениншіл жастың» Ғани шығарған «Жас алаш» газетінің заңды мұрагері екенін оқырмандар түйсінеді ғой, — деді Кемел.

— Кемеке, ол солай ғой. Бірақ мен «Ленжастың» тарихи атауын қалпына келтіріп, «Жас алаш» деген өзінің ежелгі атымен жарқырап шығатын күнді армандаймын! — деп қызуланды Сейдахмет.

— Әй, Сейдеш-ай, ондай күнді армандамайтын қазақ бар ма?! Ол күнді армандамаса, оның қазақ атануға қақысы жоқ! — деді Шерхан жұлып алғандай қабағын қарс түйіп.

— Жігіттер, асығып-аптықпаңдар, қазақтың бағына арайлы таң да атар. Ақ түйенің қарны жарылатын күнді жақындата түсу үшін адал қызмет ете беруден айнымасақ болғаны, — деп түйіндеді Кемел.

— Әй, дегенмен «Ленжастың» беделі де, тиражы да күннен-күнге артып келеді. Әлі есімде, әлгінде атап өткен арнау-мақаламызда біз әр жылдардағы газет тиражы жайлы айта келіп, оның 185 мың данаға жетіп отырғанын жазған едік. Сейдеш, сен газет тиражын 400 мыңға жеткізіпсің. Мықтысыңдар, ей! — деді Шерхан қасын керіп.

— Иә, бұл қазақ баспасөзінің тарихында бұрын-соңды болмаған тираж. Мақтауға тұрарлық еселі еңбек. Менің тағы бір байқағаным — биылғы 22 наурызда шыққан нөмірді «Көктем күні» деп көк түспен белгілепсіңдер. Өте батыл қадам. Ол күннің қазақтың ежелден тойлап келе жатқан, кейін партия тарапынан атап өтуге тыйым салынған Наурыз мейрамы екенін оқырман қауым да жақсы түсінді, — деп өз пікірін білдірген Кемел Сейдахметтен:

— Орталық комитет осыған байланысты түсініктеме талап еткен жоқ па, Сейдеш? — деп сұрады.

— Жоқ, Кемеке, Орталық комитет әзір үнсіз. Алда-жалда сұрай қалса:

«Ол дегеніміз — көктем келіп, еңбекшілердің егіс даласында бастайтын ұлы еңбегін паш ету» деген сыңайдағы жалтарма жауабымызды дайындап қойған едік. Сол тұста Орталық комитетке бір барғанымда шетелдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі Өзбекәлі Жәнібековке кезігіп қалған едім. Жымиып, қолымды қысты, — деді Сейдахмет.

— Өзбекәлі — мәрт жігіт, өзі. Ол Қазақстан ЛКСМ орталық комитетін басқарып тұрған кезінде «Ленжастың» бастамасымен Шымкент қаласында Ғани Мұратбаевқа ескерткіш орнаттырды, — деп Шерхан басын кекжитіп қойды.

— Расында да, ескерткіштің ашылуы республика өміріндегі елеулі оқиға болып еді. Оған марқұм Құрманбек Жандарбеков ағамыз көп еңбек сіңірді. Ол ескерткіш салуға қаржы жинау үшін Шымкент паркінде 101 әннен тұратын концерт қойды. Қатарынан жетпіс үш ән айтқаннан кейін тамағы кеуіп, салқын сусын ішем деп, ғажайып даусынан айырылған-ды, — деді Кемел байыптап.

«Не деген жанкештілік» деп, бәріміз бір ойда отырғандай бір сәт үнсіз қалдық. Сәлден соң Сейдахмет:

— Менің бір ойым, келесі жылы Ғани Мұратбаевтың жетпіс бес жылдық мерейтойын республика, тіпті бар ғой, Одақ көлемінде тойлауды бастама етіп көтеру, — деп өз жоспарын жайып салды.

— Несі бар, Сейдеш, өте жақсы бастама. Оның үстіне Ғанидың мүрдесі Мәскеудегі Ваганьков қорымына жерленген. Соны алға тарту керек. Дұрысы, ол жерде ескерткіш орнату туралы мәселені көтеру керек, — деді Шерхан.

— «Лениншіл жастың» беделі бар ғой. Шерхан, сен айтқандай, үкіметке Ғани Мұратбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде нақты ұсыныстарды айтып жеткізген абзал — деп Кемел де өз ойын білдірді.

— Менің тағы бір ойым — осы дүрмекті пайдаланып, «Жас алаш» газетінің тарихын қайта-қайта қаузау, — деді Сейдахмет. Сөйтті де, маған қарап қойып: — Мүмкін, әлгінде айтқан «Көктем күні» сияқты жасырын бастамамыздай «Жас Алаш» деген жазуды газеттің қалпағына сыйдырып жіберерміз, — деп қосты.

— Фотосын клише етіп, елеусіздеу енгізіп жіберуге болады, — дедім мен.

— Ондай кулыққа барам десендер, өздерің білесіндер, — деді Шерхан кеңкілдей күліп.

— Шераға, көзіңізше мақтағандай болсам да, «Ленжасты» сіз басқарған тұста аты шыққан қаламгер-журналистерге «Шерағанның шекпенінен шыққандар» деп ен тағу үйреншікті іске айналып келеді, — дедім мен қарап отырмай. — Бір ғана Оралхан Бөкеевтің, Фариза Оңғарсынованың аты не тұрады!? Сол тұстағы газетті ашып қалсаң, алдымен Ораған мен Оңғарсынованың жазған очерктері жарқ етіп көзге түседі.

— Әй, сен бала менің «Қара маржаныма» лайықты баға беріпсің. Оған алғысым бөлек.

— Жоқ, Шераға. Жаңатас қаласына арнайы командировкаға барғанымда қарапайым инженер досыңыз Нұрмұхан бір түн бойы сіздің «Қара маржаныңыз» туралы жазған тұтас бір трактатын көрсетті. Лайықты баға деп соны айтсаңыз болады.

— Бірақ мені жер-көкке сыйғызбай мақтап, менің шекпенімнен шыққандарды шекесінен шертіп тізебергенше, өз тәлімгерің Бердікүловтың бешпентінен түлеп ұшқандарды түгендемейсің бе? — деді Шерхан жорта кіжінгендей күліп қойып.

— Шераға, оп-оңай, — дедім мен. — Жазған материалдарын қоса тізіп айтсам, Сейітқазы Досымовтың «Айхой, жиырма бесі», Жомарт Әбдіқалықовтың «Аққайың арманы», Жұмагүл Солтиеваның «Тыңға өскен гүлі», Жақау Дәуренбековтің «Ескерткіш ел тұлғасын таныта ма?», Марат Қабанбаевтың «Үш түйін. Үш тағдыры», Ақселеу Сейдімбековтің «Күз ырғақтары», Жарылғап Бейсенбаевтың «Альпінің күнгейі мен теріскейі», Эрнест Төрехановтың «Футбол — сарқылмас қиял қайнарысы», Бақыт Сарбалаевтың «Ақ кеме алысқа тартып барадысы», Жанболат Аупбаевтың «Мен сені іздеп ке-

лемі», Кәдірбек Сегізбаевтың «Арайға айтарым бары», Төлен Қауынбаевтың «Соңғы рейсі», Әшірбек Көпішевтің «Ақшәуліде бұлт жатыры», Қайырбек Асановтың «Шәкирасы», Серік Әбдірайымовтың «Айдалада айлы түні», Ырым Кененбаевтың «Бұлақ көрсең, көзін ашы», Орысбай Әбділдаевтың «Адамгершіліктің ақ жолын аттамасыны» өз оқырманын елең еткізгені шүбәсіз. Осылар бір төбе болса, Мағира Қожахметованың мораль тақырыбына жазғандары бір төбе.

— Әне, айттым ғой, редактор ретінде Сейдеш менен озып тұр деп, — деді Шерхан Сейдахметке иек қағып. — Талай балағының биті бар қыз-жігіттер Бердікұловтың бешпентінен шыққан. Оны айтасың, бұлардың тіпті партия съезіне жеделхат жіберіп, алты пәтер жұлып алған жоқ па?!

### Қолтаңба

«Біз жараттық мынау ғажап ғасырды,  
Тарихы оның біздерменен ашылды.  
Біздің мына қолтаңбамыз басулы».

*Мұқағали*

Әңгіме қыза түскен. Шерхан Кемелдің қоңырқай жүзіне көз салып:

— Кемеке, былайғы жұрт, тіпті мына Сейдеш те, сізді «Лениншіл жастың» шекпенінен шыққан деп ойлайды, — деді қасын керіп. — Шеттетуім емес, бәлкім, өзім жамбылдық болғасын, сізді жақын тұтып өзімсінуім шығар, мен сіздің алғаш қолға қалам ұстағаннан бері өз еңбек жолыңызды Жамбыл облыстық «Сталиндік жол» газетінен бастағаныңызды айтамын. Ол кезде мен Жамбыл қаласындағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінің жоғары кластарында оқимын. Сіздің жарияланымдарыңыз жарқ етіп көзге түсіп жүретін. Мектеп бітіріп, Мәскеуге оқуға кеткенше фамилияңызды газет бетінен жиі кезіктіріп жүрдім. Әсіресе кино туралы рецензияларыңызды қызыға оқыдым. Ал енді анық-қанығын өзіңіз айтыңызшы, осы айтқаным тура ма?

— Оның мәнісі былай ғой, Шерхан, — деп жымия сөйледі Кемел. — Мен Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің (ол кезде журналистика мамандығы осы факультеттің бір бөлімшесі болатын) соңғы курсына оқып жүріп, «Лениншіл жас» газетінің қызметкері болып жұмысқа қабылдандым. Ал университет бітіргесін жолдамамен Жамбыл облыстық «Сталиндік жол» газетіне бардым да, бір жылдан кейін «Лениншіл жасқа» қайта оралып, өз еңбек жолымды жалғастырдым. Одан кейін «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жауапты қызметтер атқардым. Сосын барып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Ведомостарының» бас редакторы болып тағайындалдым.

— Әй, бәсе, мен де аса мүлт кетпесем керек, — деп масаттанды Шерхан.

— Шамасы, біздің білгіштер сіздің Жамбылда өткізген сол бір жылыңызды «Лениншіл жастың» есебіне қосып жіберген-ау.

— Кемеке, зады, мен сіздің «Сталиндік жол» газетінде жұмыс істегеніңізді білгенім жоқ. Сіздің ертеректе жазған «Көшкен үйдің қонысы қайда?» деген повесіңізде Жамбыл қаласы аталғандықтан, сізді бір кезде «Лениншіл жастың» Жамбыл облысы бойынша тілшісі болған екен деп ойлады, — деді Сейдахмет ақталғандай.



— Расында да, мен «Лениншіл жастан» мүлдем қол үзіп кеткен жоқпын, — деп түсіндірді Кемел байсалды қалпынан аумай. — Жамбыл қаласында өткен сол бір жылдан астам уақыт та текке кеткен жоқ. Сол тұста мен өзімнің жеке шығармашылық жұмыстарыммен айналысуға талпына бастадым.

— Кемеке, Сейдештің жадына оралып отырған сіздің әлгі повесіңізді мен, неге екенін, күллі Жамбыл өңіріне «Қара мысық» деген атпен танылған деп айтуға бейілмін. Ойпырмай, «Қара мысық» десе, жерлестерім қарадай қорқып отыратын, — деді Шерхан ежірейе түсіп. — Ұмытпасам, ол повесіңіз «Тасқын» атты жинағыңызға енді ғой деймін.

— Иә, «Көшкен үйдің қонысы қайда?» повесі «Тасқын» атты повестер жинағына енген-тұғын. Ал алғашқы жинағым «Жұлдызды жорық» атты әңгімелер жинағы болатын, — деп еске алды Кемел.

— Пәлі, Кемеке, мен сіз шығарған кітаптарыңыздың санынан жаңылдым. Қазақшасы бар, орысшасы бар, әйтеуір, жүдә көп. Соның өзінде кітап дүкені сөрелерінде жатып қалмай, тез арада сатылып кетеді. Кітапханадан болмаса, кітап дүкенінен бір данасы да табылмайды ғой, — деді Сейдахмет таңғалып.

— Сейдеш, оны айтасың, бірде бүкіл баспа ісін басқарып отырған Шерияздан Елеукуенов Кемекеңнің 450 мың данамен тараған бір кітабын мысалға келтіре отырып: «Әуезов шығармалары да мұндай тиражбен шықпаған еді», — деген-ді.

«Рас па?» — деп сұрадым. «Рас, Тоқаев кітаптарының 50 мың данадан кемі жоқ», — деп растады. Кемеке, соны өз аузыңыздан бір естийкші, — деп өтінді Шерхан.

— Иә, Шерияздан шындығын айтып отыр. Менің кітаптарым жоғары сұраныстың барына байланысты бірнеше рет қайта басылады. Оны аз десеңіз, менің кітаптарымның есебінен баспалар кейбір «классик» жазушылардың еңбектерін жариялаудан шеккен өндірістік шығындарын жабады, — деді Кемел әзіл-шынын араластыра.

— Кемел аға, сонда тираждың көптігі детектив жанрында жазылған шығармалардың өтімділігіне байланысты ма? — деп сұрадым мен.

— Менің ойымша, жанрға байланысты емес, кез келген жақсы жазылған шығарма өтімді. Мен детектив жанрын, кейбіреулер қате ойлайтындай, оның «жеңілдігі» үшін таңдап алған жоқпын. Керісінше, оқиғалы жанрда жазу өте ауыр. Жалпы, жазушылықтың өзі ауыр еңбек екенін Шерхан мен Сейдахмет екеуің жақсы білесіңдер ғой. Детективтік шығармалар, негізінен, өмірде болған оқиғаларға, бұлтартпас деректерге сүйеніп жазылады. Түптің түбінде оқушы қауым осы тарихи немесе деректі кітаптарды көбірек оқуға қарай ауатын болады, — деді Кемел байыпты түрде.

Лирикалық шегініс. «Жазушы» баспасынан Кемел Тоқаевтың «Соңғы соққы» романы шыққан кез. 49 мың данамен шыққан кітапты жұрт жапатармағай талап әкетті.

— Оқыдың ба? — деп сұрады Сейдаған.

— Оқыдым, сұмдық екен! — дедім мен алған әсерімнен арыла алмай.

— Не ойың бар?

— Авторына жолығып, аздаған сұхбат жасасам деймін, Сәке.

Кемекең Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болып жұмыс істейтін. Мені көріп, бірден таныды. Келген шаруамды айтып едім, шамалы ойланып қалды да, басын изеп: «Сыртқа шығып сөйлесейік», — деді.

Екеуіміз аллея ішінде серуендеп келеміз. Кемекеңнің «сыртқа шығып сөйлесейік» дегені — «жұрт көзіне түспей, оңаша әңгімелесейік» дегені екен.

— Менің романымда кейбір даулы мәселелердің бар екенін байқаған шығарсың? — деп сұрады ол.

— Мәселе атаман Дутовтың көзін кімнің жойғанына тіреліп тұр ғой, аға. Сіз Дутовты атып өлтірген Қасымхан Чанышев емес, Махмұд Қожамияров деп, бұлтартпас дәлел келтіріпсіз, — дедім мен.

— Аристотельдің «Платон — менің досым, бірақ шындық қымбатырақ» деген әйгілі сөзі бар емес пе? Мен нешеме жыл архив ақтарып жүріп тапқан деректерді бұрмалап, Дутовты атып өлтірген Қасымхан Чанышев десем, оным көпе-көрінеу жұрттың ыңғайына жығылу болып шығар еді. Мен ондай өтірікке ешқашан бара алмас едім. Фильмдегі нұсқадан ауытқымауға арым жібермес еді.

— Аға, сіз өз романыңызда ойға алған мәселелерді көрсете алдыңыз ба? — деп сұрадым ақырын ғана.

— Оның мүмкін еместігін өзің де білесің ғой, — деді ол жеңіл күрсініп. — Көп жайтты астарлап жеткізуге тырыстым. Әрине, сөз бостандығына не жетсін! Жазушының еркі тұсаулы болса, одан әдебиет, халық ұтылады.

Айтқандай, менің романымдағы кейбір деректер қызықтырса керек, маған АҚШ конгресінің кітапханасы мен Иллинойс университетінен кітабымның екі данасын салып жіберуді өтінген хаттар келді. «Сырт көз — сыншы» деген осы шығар.

Асыл ағаның болмыс-бітімін мен оның «Солдат соғысқа кетті» атты романын оқыған соң, өзі прототипі болған бас кейіпкері Махмұдтың тұла бойынан таныдым. Бір өкінішім — өз қолтаңбасын басып берген сол кітабын сақтай алмадым.

«Қызыл жолбарыс» Кемел бәрімізге жағалай бір қарап өтті де, жылы күлімсіреп:

— Жігіттер, орыстардың бір анекдоты бар ғой: «Что мы все обо мне да обо мне. Давайте о вас! Как я вам?» — деген. Сол айтқандай, «Лениншіл жас» газетінен басталған әңгіменің ауаны маған ауып, менің шығармашылығымның төңірегінен шыға алмай-ақ қалдық қой. Шерхан, Сейдахмет, сендер де білдей жазушысындар, ендігі сөзді өздеріңнің жеке шығармашылық жұмыстарыңа ойыстырайық. «Ағамыз жай ғана әуестік танытып отыр» демеңдер, не жазып жүрсіндер, не жоспарларың бар? — деп сұрады шын пейілмен.

— Кемеке, шыны керек, мен газетке редактор болғалы тиіп-қашып түртінектейтінім болмаса, жеке шығармашылығыммен айналысуды сиреттім, — деді Сейдахмет кінәлі адамдай бүгежектеп.

— Кемеке, әлгінде сіз оқушы қауымның тарихи немесе деректі кітаптарды көбірек оқуға қарай ауатынын айтып өттіңіз ғой. Ол сөзіңіздің жаны бар. Илияс Есенберлиннің тарихи романдары жұрт қызығушылығын тудырып отырғаны соған дәлел. Дұрыс. Тарихты білу керек. Алайда өз басым арғы тарихқа тереңдемей-ақ, дүниенің астан-кестеңін шығарған өз ғасырымызды суреттесем деймін. Ашығын айтқанда, атышулы отыз жетіде «халық жауы» атанып, араға жиырма жыл салып ақталған аяулы Тұрар Рысқұловтың ғұмырлық жолын зерттеп жүрмін. Әзір екі кітаптан тұратын романымның алғашқы тарауларын қағазға түсіріп те қойдым, — деп, Шерхан өз жоспарын жайып салды.

— Шереке, Мұхтар Әуезовтің атақты «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі Бақтығұлдың прототипі Тұрардың әкесі Рысқұл емес пе? — деп сұрады Сейдахмет.

— Иә, «Қараш-қараш оқиғасы» Рысқұлдың басынан кешкен оқиғалары бойынша жазылған-тұғын.

— «Қараш-қараш оқиғасы» бойынша түсірілген фильмде басты рөлде ойнаған Сүйменкүл Чокморов Бақтығұлдың бейнесін сәтті алып шыққан, ә? — деп үн қостым мен.

— Сүйменкүл «Көксеректегі» Ақанғұлды да шынайы шығарған, — деді Сейдахмет.

— Бақтығұл да, Ақанғұл да нағыз халықтық образдар ғой. Екеуі де ашынған халықтың бейнесін береді, — деп пікір білдірді Кемел.

Лирикалық шегініс. Жуалы ауданының орталығы. Жамбыл жұрты Шерағаңның алпыс жасқа толуына байланысты мерейлі тойын өткізуде. Күздің басталғанын білдіргендей жаңбыр құйып тұр.

Марат досым (Барманкұлов) екеуміз Шерағаң отырған ақ боз үйді тауып, есігінен сығалай қарадық. Ырду-дырду. Ине шаншыр жер жоқ. Еш саспадық. Мараттың қолында су жаңа жапондық камера бар. Екеуміз соны малданып келгенбіз. Бірден төрге озып, Шерағаңның алдына жетіп бардық. Телевизор алдыртып, дереу камераны қоса қойдық та, тойдан «тікелей телерепортаж» жасауға кірісіп кеттік. Шерағаң мәз. Онысы оң қабағының кілт көтеріліп, қасының керіліп барып басылғанынан байқалды.

— Міне, техниканың кереметі! — деп екпіндете дауыстап қояды.

Сөйтіп, Марат досымыз екеуміздің азғантай қулығымыздың арқасында «есіктен кіріп, төрге озып» шыға келдік.

Бір күні бастығым Камал Смайылов маған «сені Шерхан ағаң іздеп жатыр» дегесін, Шерағаңа хабарласып едім, «Түнеукүнгі менің мерейтойымда бірге болған оператор досыңды ертіп келші», — деді. Шерағаңның «Егемен Қазақстаннан» «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокомпаниясына ауысқан кезі-тұғын.

Шерағаңның екеумізді іздеп жатқанын айтып едім, Марат:

— Старик (өзінен көп кіші болсам да, мені өзімсініп «старик» деу әдеті), он нас раскусил. Что ж, придется отвечать за свои не совсем детские шалости. Если что, интервью (тойдағы сұхбатты айтады) почти готово, — деп орысша жауап қатты.

Шерағаң аздап қобалжыңқырап барған Марат екеумізді күлімсірей қарсы алды.

— Егіз қозыдай екеуіңнің қайсың тісқаққан «телевизионщиксің»? — деп әзілдей сұрады.

— Шераға, мына Марат ініңіз телевизияның жілігін шағып, майын ішкен адам. Өзі ашқан радио және телевизия кафедрасын басқарады, ғылым докторы, профессор атағы бар, — деп, иегіммен қасымда қатар тымпиып отырған Маратты нұсқадым.

— Ендеше, Марат, мен сені қасыма кеңесші етіп алайын. Кафедрадағы жұмысыңды, лекцияларыңды қатар алып жүре бер. Жоғарыдағы басшыларға «мен телевизияны қақпаймын ғой» десем де, қоярда-қоймай осы қреслоға әкеп қонжитты, — деп көпке созбай, тоқетерін бір-ақ айтты.

Қоштасарда Марат онымен қол алысып жатып өзіне тән турашылдығымен:

— Шераға, вы красный тигр казахской журналистики, — деді жымып қойып.

— Ой, профессор сабазым-ай, маған «қазақ журналистикасының қызыл жолбарысы» деп анықтама беріп отырсың ба? Бұның енді ғылым тіліне жүдә томпақ келеді. Жарайды, патша көңіліне рақмет, — деп күлді Шерағаң.

Түнеукүнгі мерейтойындағы Марат екеуіміздің қулығымыз жайлы білсе де білмегендей, бір ауыз сөз айтпады. Мәрт мінезді еді ғой Шерағаң.

Шіркін-ай десеңші, ардақты ағаларымызбен осындай кездесулер мен сұхбаттардың өзі қаншалықты қымбат екенін кезінде білмеппіз-ау!

«Таң жұлдызы», 18 наурыз 2021 жыл



## ПИСАТЕЛЬ-ДЕТЕКТИВ

Майрагуль МАГЗУМОВА

Не много времени прошло с тех пор, как я познакомилась со своим очередным героем, приравненным к участникам Великой Отечественной войны как лицо, непосредственно участвующее в испытаниях ядерного оружия, кавалером орденов «Кұрмет» и «Парасат», членом президиума Казахстанского совета ветеранов органов внутренних дел и Национальной гвардии, почетным ветераном Министерства внутренних дел, полковником милиции в отставке Кемелом Айткалиевичем Жумашевым.

Судьба этого легендарного человека очень интересна, о нем я готовлю отдельный материал. Пока скажу о том, что Кемел Жумашев в настоящее время много сил уделяет общественной работе, укреплению правовой и социальной защиты ветеранов, воспитанию молодого поколения в духе казахстанского патриотизма, любви к Родине, верности служебному долгу.

При разборке архивных материалов в его доме я невольно обратила внимание на большую библиотеку. И поняла, что он страстный библиофил. У него очень большая и хорошая коллекция книг советского периода, в том числе и отечественного издания. Коллекцию составляют философские и политические трактаты, классические исследования по экономической истории и политической экономии, географии и этнографии, литературоведению и искусству. Есть книги и военной тематики, определенных лиц высшей когорты советского времени, академиков и министров, а также художественная литература почти всех писателей Советского Союза и писателей мирового значения. В наличии имеются энциклопедические словари всех томов и другие знаменитые справочные издания. Книгами заставлены все стены кабинета хозяина.

В советское время книги в доме являлись признаком интеллигентности его хозяев. Они представляли высокую ценность уже только потому, что являлись книгами, а не из-за своего содержания или волшебного чувства, возникающего при соприкосновении ума талантливого писателя с сознанием увлеченного читателя.



# Писатель-детектив

Уроженец Ала-Аты  
У. М. Мазмулов, 1992  
г. № 63-13-63



Кемель  
ТОКАЕВ

УЗТЭП. Т. Ала-Аты. С. 07. 2043-208. 13.03

...Как человек бескомпромиссный, он весьма походил на своих кристально чистых, неспособных к лести героев. Поэтому его жизненный путь был тернист и полон невзгод, начиная с самого детства. Впрочем, уже при жизни автор увидел поклонников и благодарных читателей своего творчества и таланта. Знакомьтесь: первый и пока единственный в Казахстане писатель приключенческих детективов Кемел Токаев.

Майрауль Мазмулова



Не много времени прошло с тех пор, как я познакомилась со своим очередным героем, приравненным к участникам Великой Отечественной войны как лицо, непосредственно участвовавшее в испытании аэродинамического оружия, кавалером орденов «Курмет» и «Парасат», членом президиума Казахского совета ветеранов органов внутренних дел и Национальной гвардии, почетным ветераном Министерства внутренних дел, полковником милиции в отставке Кемелом Айткалиевичем Жумашевым.

Губа этого легендарного человека очень интересна, о нем я готовлю отдельный материал. Пока скажу о том, что Кемел Жумашев в настоящее время много сил уделяет общественной работе, укрепилению правовой и социальной защиты ветеранов, воспитанию молодого поколения в духе казахстанского патриотизма, любви к Родине, верности служебному долгу. При разборе архивных материалов в его доме я невольно обратила внимание на большую библиотеку. И поняла, что он страстный библиофил. У него очень большая и хорошая коллекция книг советского периода, в том числе и отечественного издания. Коллекцию составляют философские и политические трактаты, классические исследования по экономической истории и политической экономии, география и этнография, литературоведению и искусству. Есть книги и военной тематики, определенных лиц высшей когорты советского времени, академиков и министров, а также художественная литература почти всех писателей Советского Союза и писателей мирового значения. В наличии имеются энциклопедические словари всех томов и другие знаменитые справочные издания. Книжки заставлены все стены кабинета хозяина.

В советское время книги в доме являлись признаком интеллигентности его хозяев. Они представляли высокую ценность уже только потому, что являлись книгами, а не из-за своего содержания или волшебного чувства, возникающего при соприкосновении к таланту великого писателя с сознанием увлеченного читателя.

— Вы видите лишь часть тех нескольких тысяч книг из моих библиотек, у меня до сих пор сохранилась слепая любовь к печатным изданиям. Однако ничто в этом мире не сможет лишить меня привязанности к интере-

сным сюжетам, письменному слову и аргументам. Мне так и не удалось издаться от фетишизации печатных изданий, ведь они имеют историческую ценность. Мы должны сберечь эту книгу: они хранятся, чтобы продемонстрировать некоторые идеи из нашего прошлого, — сказал Кемел Айткалиевич, замигав мной интерес. Хотя иногда приходят такие мысли, когда я не вижу никакого смысла в складировании истории, которую уже никому не интересны, научных знаний, устаревших на целые десятилетия, размыслений о будущем, которое так никогда не наступило, информации, на которую наложилось время свой отпечаток. Однако прежде всего я не могу расстаться с идеями о том, что книги просто в силу своего существования являются бесценным достоянием, которое никогда не утратит своей пользы. Сейчас цивилизация переживает тревожащий исторический момент в своем отношении к книгам. По мере того, как каждое последующее поколение уделяет все меньше внимания чтению, а контент с нарастающим темпом переходит в цифровую форму, мы все больше начинаем почитать книги в качестве предмета культуры.

— Кемел Айткалиевич, я вижу, в Вашей библиотеке тоже есть книги Кемела Токаева — выдающегося писателя советского Казахстана. В детстве я прочитала многие из его детективов. А у Вас они с автографом писателя, даже с домашним адресом, телефоном, выходит. Вы были знакомы с ним? — с интересом спросила я, на что Кемел Айткалиевич пояснил: «Вы же видите, какое почетное место занимают в моей библиотеке книги моего друга. Да, я был знаком с Кемелом Токаевым. Он — неординарная личность своего времени.

С писателем-тезкой я встретился где-то в 1979–1980 годах, когда работал в Мангистау. Кемел Токаев приехал к нам собирать материал о 28 погибших в этих краях чекистах в неравном бою с беглоардцами в 1917–1918 годах. Там же я попорочил красивые комиссары. Это место находится на пересечении территорий Байганинского района Актюбинской и Бейнеульского районов Мангистауской области. И поскольку расстояние сопровождал писателя на вертолете по особому разрешению тогдашнего руководителя Прикаспийского горно-металлургического комбината Кузнецова. Мы дважды летали туда. Кемел-

ага, кажется, хотел увидеть эти места своими глазами, искал доводы для сюжета новой книги. Правда, не знаю дальнейшую судьбу этой книги, помню только то, что он поехал в Москву в поисках архивных данных. Мы, руководители подразделения, пользовались его приездом, приглашали на встречи с личным составом городского гарнизона милиции. И он находил время для беседы с публикой. Встреча нравилась людям. От любимого писателя исходила скромность и обаяние».

По словам Кемела Айткалиевича, многие ветераны МВД считают писателя Токаева своим коллегой, настоящим другом, потому что он столько сделал для казахстанских правоохранительных органов. Трудно сосчитать, сколько молодых, честных и смелых парней, прочитав его книги, пришли в милицию, проникнувшись романтикой службы в органах правопорядка.

Кемелу Жумашеву почастиливось знать его лично, общаться с ним, и он думает, было бы правильным, если бы в праздник, посвященный казахстанской милиции, а также в канун Дня журналистов, мы вспомнили этого замечательного человека.

Оказалось, общаясь с писателем, тезкой и другом по духу, полковник Кемел Жумашев знает и биографию Токаева как никто другой. Кемел Токаев родился 2 октября 1923 года в Каратайском районе Талды-Курганской области. С детства он познал сиротскую долю, нужду и голод. Хорошо учился и освоил рабочую профессию. Он очень любил творчество Абая, и поэтому, наверное, ему легко давалась в школе казахский язык и литература. Юный Кемел с детства мечтал быть журналистом или ученым-историком. Он также успешно справлялся с судьбой, уготовившей ему страшное испытание — войну. Он ее начал с тяжелых боев под Сталинградом, который стал поворотным в истории Второй мировой. Кемел Токаев — сержант Красной армии в составе танкового десанта сражался с врагами до победного конца. Его танковый полк освобождал Украину, Белоруссию и Польшу, когда наш герой был несколько раз ранен. А одна из тяжелых ран заставила ходить его на костылях. Имея многие боевые награды, он после войны поступил в Казахский государственный университет.

Кемел Айткалиевич вспоминает о том, что война всегда была жива в воспоминаниях Токаева. Он знал цену Великой Победы и часто рассказывал, как они, переборав страх, шли на атаку с врагом. Несмотря на все трудности, всем народом разгромили врага. И однажды Кемел Токаев написал жизненную правду — изложил свое видение, свои мысли по дороге на фронт, желание выжить в своем романе «Солдат ушел на войну».

Позже будущий писатель сменял тему на правоохранительную работу. Окончив вуз, Кемел Токаев многие годы своей жизни посвятил журналистике, успешно работая в газетах «Ленинши жас», «Казахстан пионер», «Социалистический Казахстан», а также являясь главным редактором «Ведомостей Верховного Совета Казахской ССР». Талантливый писатель со временем стал литературным консультантом и членом правления Союза писателей Казахстана. Первой его книгой стал «Звездный поход», посвященный казахстанским пионерам. Далее были произведения о партизанах в тылу врага, о мужестве и находчивости советских чекистов в борьбе с иностранной разведкой.

Кемел Токаев не побоялся взяться за тему о ликвидации одного из ярчайших врагов советской власти — атамана Дутова. О судьбах той эпохи — Ораза Джандосова, Василия Давыдова, Махмуда Комармурова рассказал в своем романе «Последний удар».

Следует отметить, что большинство литературных героев Токаева — это все-таки сотрудники казахстанской милиции. Об их непростом каждодневном труде писатель рассказывал на страницах своих повестей и романов: «Почтовый выстрел», «Случай в Саргаване», «Таинственный след», «Меченое золото», «Убийство перед закатом» и других. Как создатель советского приключенческого детектива Кемел Токаев хорошо известен и русскому, и казахскому читателю советского периода. Как автор сложного художественного сюжета, бестселлера «Конец атамана» — советскому телезрителю и поклоннику театра — как автор пьесы «Кто ты, солдат?» — казахскому театру.

Говоря о творчестве друга, мой собеседник отметил, что казахстанский детектив много лет назад имел своего значимого автора — писателя в том числе сотрудников правоохранительных органов. По его произведениям в последующие годы создавались театральные пьесы и снимались кинофильмы. В них героически и одновременно романтически притягательным персонажем неизменно был сотрудник советской милиции.

Кемел Токаев никогда не работал в правоохранительных органах. Он писателем, журналистом, редактором, общественным деятелем и всегда — памятным патриотом профессии милиционера. Поэтому не случайно, что за преданность своей теме творчество в зрелые годы он получил награду как действующий сотрудник органов внутренних дел — награду «Отечественный милиционер». К 70-летию Великой Победы в МВД вышла книга «Дорогами Победы», где были увековечены имена и фамилии участников Великой Отечественной войны — сотрудников органов внутренних дел республик. Успехом Кемела Айткалиевича в этот список по праву был включен и Кемел Токаев.

Кемел Айткалиевич Жумашев с благодарностью вспоминает годы, проведенные вместе с великим родоначальником детективной литературы в Казахстане Кемелом Токаевым. Он до сих пор благодарен ему за отеческую заботу.

— После знакомства я, будучи

студентом филиалов Карагандинского кооперативного института в Алма-Ате и Высшей школы милиции МВД СССР, не раз встречался со своим другом в столице. С 1979 по 1982 год я учился заочно в этих вузах. Тогда были проблемы с проживанием в общежитии. Мы находились в Алма-Ате по 40–45 дней и снимали квартиры. И вот в один погожий день Кемел-ага позвонил мне: легендарным Рахымжаном Кошкарбаевым, воздвигшим наше Красное знамя над Рейхстагом. Рахымжан-ага в то время был директором гостиницы «Алма-Ата». Поговорив с ним, он устроил меня в гостиницу. Впоследствии они уже вторично — с героем-партизаном Кайсыном Кайсеновым опекали меня поочередно, как родного друга. Они очень красиво дружили. Часто находились вместе с нами, я не раз слышал их общие рассказы о войне. Несмотря на то что они являлись легендарными личностями, я не видел с их стороны чванливости, хвастовства и лести.

Мы с супругой не раз посещали спектакли великого писателя-детектива, проживавшего в театрах Алма-Аты. Были почетными гостями друга на его юбилеях в честь 60- и 65-летия. Когда наша писательница, другиня братушки из жизни, мы в полной мере осознали значимость его многолетнего труда. Он остается первым и единственным писателем, посвятившим свое творчество теме работы органов правопорядка. Мне довелось прочесть все его книги, изданные при жизни. Но эти книги читал не только я.

Его произведения были и остаются ценными для кадровой и воспитательной работы в органах внутренних дел, несомненно будут иметь безусловную практическую ценность. А еще всегда актуальна тема воспитания молодежи в милицеских походах. Хотелось бы подражать братьям своим пример. Это качество писателя — иметь безусловную практическую ценность. А еще всегда актуальна тема воспитания молодежи в милицеских походах. Хотелось бы подражать братьям своим пример. Это качество писателя — иметь безусловную практическую ценность. А еще всегда актуальна тема воспитания молодежи в милицеских походах. Хотелось бы подражать братьям своим пример. Это качество писателя — иметь безусловную практическую ценность.



— Вы видите лишь часть тех нескольких тысяч книг из моих библиотек, у меня до сих пор сохранилась слепая любовь к печатным изданиям. Однако ничто в этом мире не сможет лишить меня привязанности к интересным сюжетам, письменному слову и аргументам. Мне так и не удалось излечиться от фетишизации печатных изданий, ведь они имеют историческую ценность. Мы должны сберечь эти книги: они хранятся, чтобы продемонстрировать некоторые идеи из нашего прошлого, — сказал Кемел Айткалиевич, заметив мой интерес. — Хотя иногда приходят такие мысли, когда я не вижу никакого смысла в складировании историй, которые уже никому не интересны, научных знаний, устаревших на целые десятилетия, размышлений о будущем, которое так никогда и не наступило, информации, на которую наложило время свой отпечаток. Однако прежде всего я не могу расстаться с идеями о том, что книги просто в силу своего существования являются бесценным достоянием, которое никогда не утратит своей пользы. Сейчас цивилизация переживает тревожный исторический момент в связи с отношением к книгам. По мере того, как каждое последующее поколение уделяет все меньше внимания чтению, а контент с нарастающими темпами переходит в цифровую форму, мы все больше начинаем почитать книги в качестве предмета культа.

— Кемел Айткалиевич, я вижу, в вашей библиотеке тоже есть книги Кемела Токаева — выдающегося писателя советского Казахстана. В детстве я прочитала многие из его детективов. А у вас они с автографом писателя, даже с домашним адресом, телефоном, выходит, вы были знакомы с ним? — с интересом спросила я, на что Кемел Айткалиевич пояснил: «Вы же видите, какое почетное место занимают в моей библиотеке книги моего друга. Да, я был знаком с Кемелом Токаевым. Он — неординарная личность своего времени.

С писателем-тезкой я встретился где-то в 1979—1980 годах, когда работал в Мангыстау. Кемел Токаев приехал к нам собирать материал о 28 погибших в этих краях чекистах в неравном бою с белогвардейцами в 1917—1918 годах. Там же и похоронены красные комиссары. Это место находится на пересечении территорий Байганинского района Актюбинской и Бейнеуского района Мангистауской областей. И поскольку расстояние дальше, я имел возможность сопровождать писателя на вертолете по особому разрешению тогдашнего руководителя Прикаспийского горно-металлургического комбината Кузнецова. Мы дважды летали туда. Кемел-ага, кажется, хотел увидеть эти места своими глазами, искал доводы для сюжета новой книги. Правда, не знаю дальнейшую судьбу этой книги, помню только то, что он поехал в Москву в поисках архивных данных. Мы, руководители подразделений, пользуясь его приездом, приглашали на встречи с личным составом городского гарнизона милиции. И он находил время для беседы с публикой. Встреча нравилась людям. От любимого писателя исходили скромность и обаяние».

По словам Кемела Айткалиевича, многие ветераны МВД считают писателя Токаева своим коллегой, настоящим сотрудником, потому что он столько сделал для казахстанских правоохранительных органов. Трудно сосчитать, сколько молодых, честных и смелых парней, прочитав его книги, пришли в милицию, проникнувшись романтикой службы в органах правопорядка. Кемелу Жумашеву посчастливилось знать его лично, общаться с ним, и он думает, было бы правильным, если бы в праздник, посвященный казахстанской полиции, а также в канун Дня журналистов, мы вспоминали этого замечательного человека.

Оказалось, общаясь с писателем, тезкой и другом по духу, полковник Кемел Жумашев знает и о биографии Токаева как никто другой. Кемел Токаев родился 2 октября 1923 года в Каратальском районе Талды-Курганской области. С детства он познал сиротскую долю, нужду и голод. Хорошо учился и освоил рабочую профессию. Он очень любил творчество Абая, и поэтому, наверное, ему легко давались в школе казахский язык и литература. Юный Кемел с детства мечтал быть журналистом или ученым-историком.

Он также успешно сразился с судьбой, уготовившей ему страшное испытание — войну. Он ее начал с тяжелых боев под Сталинградом, которые стали поворотными в истории Второй мировой. Кемел Токаев — сержант Красной армии в составе танкового десанта сражался с врагами до победного конца. Его танковый полк освобождал Украину, Белоруссию и Польшу, когда наш герой был несколько раз ранен. А одна из тяжелых ран заставила ходить его на костылях. Имея многие боевые награды, он после войны поступил в Казахский государственный университет.

Кемел Айткалиевич вспоминает о том, что война всегда была жива в воспоминаниях Токаева. Он знал цену Великой Победы и часто рассказывал, как они, переборов страх, шли на атаку с врагом. Несмотря на все трудности, всем народом разгромили врага. И однажды Кемел Токаев написал жизненную правду — изложил свое видение, свои мысли по дороге на фронт, желание выжить в своем романе «Солдат ушел на войну».

Позже будущий писатель сменил тему на правоохранительную работу. Окончив вуз, Кемел Токаев многие годы своей жизни посвятил журналистике, успешно работая в газетах «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан», а также являясь главным редактором «Ведомостей Верховного Совета Казахской ССР». Талантливый писатель со временем стал литературным консультантом и членом правления Союза писателей Казахстана. Первой его книгой стал «Звездный поход», посвященный казахстанским пионерам. Далее были произведения о партизанах в тылу врага, о мужестве и находчивости советских чекистов в борьбе с иностранной разведкой.

Кемел Токаев не побоялся взяться за тему о ликвидации одного из ярких врагов советской власти — атамана Дутова. О судьбах той эпохи — Ораза Джандосова, Василия Давыдова, Махмуда Кожамьярова рассказал в своем романе «Последний удар».

Следует отметить, что большинство литературных героев Токаева — это все-таки сотрудники казахстанской милиции. Об их непросто-м ежедневном труде писатель рассказывал на страницах своих повестей и романов: «Ночной выстрел», «Случай в Саргаване», «Таинственный след», «Меченое золото»,

«Убийство перед закатом» и других. Как создатель советского приключенческого детектива Кемел Токаев хорошо известен и русскому, и казахскому читателю советского периода. Как автор сложного художественного сюжета, бестселлера «Конец атамана» — советскому телезрителю и поклоннику театра — как автор пьесы «Кто преступник?».

Говоря о творчестве друга, мой собеседник отметил, что казахстанский детектив много лет назад имел своего зачинателя в лице скромного труженика пера Кемела Токаева. Как писатель и гражданин Кемел Токаев воспитал читающую молодежь в духе патриотизма, в том числе сотрудников правоохранительных органов. По его произведениям в послевоенные годы создавались

театральные пьесы и снимались кинофильмы. В них героическим и одновременно романтически притягательным персонажем неизменно был сотрудник советской милиции.

Кемел Токаев никогда не работал в правоохранительных органах. Он был писателем, журналистом, редактором, общественным деятелем и всегда пламенным патриотом профессии милиционера. Поэтому не случайно, что за преданность своей теме творчества в зрелые годы он получил награду как действующий сотрудник органов внутренних дел — нагрудный знак «Отличник милиции». К 70-летию Великой Победы в МВД вышла книга «Дорогами Победы», где были увековечены имена и фамилии участников Великой Отечественной войны — сотрудников органов внутренних дел республики. Усилиями Кемела Айткалиевича в этот список по праву был включен и Кемел Токаев.

Кемел Айткалиевич Жумашев с благодарностью вспоминает годы, проведенные вместе с великим родоначальником детективной литературы в Казахстане Кемелом Токаевым. Он до сих пор благодарен ему за отеческую заботу.

— После знакомства я, будучи студентом филиалов Карагандинского кооперативного института в Алма-Ате и Высшей школы милиции МВД СССР, не раз встречался со своим другом в столице. С 1979 по 1982 год я учился заочно в этих вузах. Тогда были проблемы с проживанием в общежитии. Мы находились в Алма-Ате по 40–45 дней и снимали квартиры. И вот в один погожий день Кемел-ага познакомил меня с легендарным Рахымжаном Кошкарбаевым, воздвигшим наше Красное знамя над Рейхстагом. Рахымжан-ага в то время был директором гостиницы «Алма-Ата». Поговорив с ним, он устроил меня в гостиницу. Впоследствии они уже вдвоем с героем-партизаном Касымом Кайсеновым опекали меня поочередно, как родного сына. Они очень красиво дружили. Часто находясь вместе с ними, я не раз слышал их общие рассказы о войне. Несмотря на то что они являлись легендарными личностями, я не видел с их стороны чванливости, хвастовства и лести. Мы с супругой не раз посещали спектакли великого писателя-детектива, проходившие в театрах Алма-Аты. Были почетными гостями друга на его юбилеях в честь 60 — и 65-летия.

...Когда наш писатель, друг и брат ушел из жизни, мы в полной мере осознали значимость его многолетнего труда. Он остается первым и единственным писателем, посвятившим свое творчество теме работы органов правопорядка. Мне довелось прочесть все его книги, изданные при жизни. Но эти книги читал не только я.

Его произведения были и остаются ценными для кадровой и воспитательной работы в органах внутренних дел, имели и будут иметь безусловную практическую ценность. А еще всем героям в милицейских погонах хотелось им подражать, брать с них пример. Это качество писателя хочу подчеркнуть особо. В сегодняшнем искусстве, например, образ полицейского часто совсем иной. Жизнь выдвигает нам новые реалии. На постсоветском пространстве появился новый художественный герой — криминальный мафиози. Поле его деятельности — международное пространство. Кто противостоит ему в мире литературы, кино и театра суверенного Казахстана из полицейских? Кто создаст неувыдающий, яркий образ современного положительного героя-полицейского, противостоящего вызовам преступного мира? — завершает рассказ вопросом, который пока еще остается открытым, мой собеседник, друг Кемела Токаева — писателя и Гражданина с большой буквы.





## ӘКЕ АМАНАТТАҒАН ӘДІЛДІК

Махат САДЫҚ,  
журналист

Әдебиет — халықтың рухани өмірінің ең күрделі әрі маңызды бөлігі. Әйгілі жазушы, аса көрнекті мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев: «Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес едім. Суреткер болмасам, күрескер де болмас едім. Бұрын суреткер ретінде толғандырып жүрген мәселелер — мені азамат ретінде толғандырып жүрген мәселелер еді», — деген.

Қоғамдағы халық қалайтын игілікті өзгерістер, көпке ұлағатты сөзі өтер зиялы жұрттың арасындағы өткір пікірталас арнасында қалыптасады. Біз сөзге жақын елміз. Сөз бен уәжге тоқтаған қазақпыз. Жазушы — сөз зергері. Ұлтының келешегін күйттеген қаламгердің бірден-бір қаруы — қаламы. Басты мұраты — ел мен қоғам тағдырына қатысты толғақты да көкейкесті талқыда — парасатты пайымы қалыптасқан өз пікірін жазғанда оқырманының жүрегін селт еткізу. Өмірлік өзекті құбылыстарды қағазға түсіріп, қазақтың мақсат-мұратын қазақ қабылдап ұғынатындай ұлттың жанын сөзбен иландырып өрнектеу. Елінің ертеңгі ережесін қиялға салып суреттегенде ежелгі жырларда айтылатын әділдікті ту еткен, жаны таза, ары таза салт-дәстүрімізге, өнеге, тәрбиеге тұнып тұрған даналық пен ұлағатты келешек ұрпаққа ғибрат ету. Мұндай өсиет-өнегені оқырманына айтар жазушының қалыптасқан өз көзқарасы болары анық.

XX ғасырдың екінші жартысында әдебиетімізге мықты жазушылар келді. Біршамасының шығармаларын бүгінгі буын қызығып оқиды. Көпшілігі елеусіз, ескерусіз қалуда. Содан бері де ғасыр ауысты. Мыңжылдық тоғысы қарсаңында тәуелсіздік алдық. Қоғам өзгерді, заманға сай оқырман да өзгерді. Егемен еліміздің мерейлі отыз жылдығын жақын күндері мерекемен атап өтеміз. «Елу жылда — ел жаңа». Жас мемлекетіміздің жаңа ұғымдағы жастарына атадан қалған асыл сөзді жеткізер әдебиетімізді сараптайтын уақыт та жеткен тәрізді. Кешегі классик аталып, қазірде кітаптары кітапхана сөрелерінде ашылмай тұрған жазушыларымыздың творчествосына тереңірек үңіліп, жауапкершілікпен сараптасақ, әлі де ғибрат алар асыл ой-толғауларды табарымыз сөзсіз.

Әуелден келісіп алар бір ақиқат бар. Тәрбиелік мәні зор, басымызды біріктіруге септігі тиер сол жазушылардың шығармаларын айтқанда, пікірімізге құлақ аспай, ол жағымпаздық деп дұрдараздыққа кетіспейік. Тоғыз тарам жолдан келешекке керегін таңдайық. Жасыратын құпия емес, соның бәрі жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жарияланған кітаптарды бүгінгі күн талабы тұрғысынан талқыламағанымыз, тіптен сол кітаптарды қолымызға алып қайталап оқымағанымыз!

Мақаламда жазушы Кемел Тоқаевтың творчествосын сөз етпекпін. Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкесі.

2019 жылдың 9 маусымында елімізде кезектен тыс президент сайлауы өткені баршамызға аян. Сол кезде президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауда жеңіске жетіп, Мемлекет басшысы болған жағдайда «Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты үш бағыттан тұратын бағдарлама ұсынғанын білеміз.

Бүгінгі әңгімеміз айтулы үш бағыттың бірі — әділдік хақында. Әке жазушы — әр шығармасында оқырмандарына ту еткен әділдік формуласының, сол оқырмандары таңдап сайлаған ел Президенті ұлының — халқына ұсынған басты бағдарламасына айналуының сарабдал саясатына арналмақ.

Кейінгі он жылда майдангер жазушы Кемел Тоқаевтың шығармаларын екі рет оқып шыққан екі адам болса, соның бірі мен шығармын. 2007-2008 жылдары Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың баспасөз хатшысы болғандықтан, ол менің қызметтік міндетім еді. Он жылдан соң қайталап оқуым Кемел Тоқаев туралы түсірген «Кемел келешек» телефильмінің сценарист-режиссерлік жұмысындағы жауапкершілігім саналады.

Сонда нақты байқағаным, Кемел Тоқаевтың шығармалары, детектив жанрындағы жылдам өзгерістерге толы шым-шытырық оқиғаларға мол көріністерде бас кейіпкерлер әділдік іздеп сарсаңға түседі. Көрініс деуімнің себебі — 60-70 жылдары оқырмандары танысқан «Тасқын», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Көмескі із», «Таңбалы алтын», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» кітаптарындағы сюжеттерді қазіргі жағдайға бейімдеп көркем фильм, телевизиялық сериалдар түсірсе болатындай. Әр сюжет кино көріп отырғандай, көз алдында тізбектеліп өтіп жатады. Сценарийге айналдыру жеңіл. Заман дағдысы кітапты фильм нұсқасында тамашалайтын уақыт талабында — туған ел, туған жерге қатысты ұлттық идеяның кәусар бұлағын, кемел келешекке ұмтылған бүгінгі ұрпақ табары мені иландырды. Енді соған тоқталайын.

Жазушылық өнердегі азапты машақат — кейіпкердің ұлттық мақсат жолындағы жан толқыныстарын бейнелеу. Ұлттық характерді, ұлттық образды дәл тауып, сәтімен суреттеу әдебиеттегі ең қиын да күрделі процесс делінеді. Кемел ағамыз әрбір шығармасында оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанысын қазақтың әділдік дейтін адамгершілік идеясына бағындырады. Бұл қаламгердің өмірлік позициясы екенін барлық туындыларын оқығанда толық сезіндім.

Әрбір шығармасындағы оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанысын өрбіте отырып, қазақ діліне тән идеяны көпұлтты қазақстандық идеологияға сабақтастырған қаламгердің өмірлік танымы мен талғамы, сараптауы мен саралауының темірқазығы — оның ғұмырлық құбылыстарға өз көзқарасы.

Кемел Тоқаевтың «Ұясынан безген құс» романында ұлы Абайдың «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос» тағылымын дамытады. «Қазақы ұямыз — таза, пәк ұя. Содан безсең — азғындайсың» деген идеяны мұрат еткен құқық қызметкерлері қазақ ұлтының ар-ұятты мал-жаннан биік қоятын мораліне сүйеніп, өз міндеттерін абыроймен орындайды. Жазушы сол кездегі әдебиетте айтылмайтын ұлт тақырыбына тоқталып, ағайынның ала болмауын кейіпкерлерінің әрекетімен баяндайды. Қазақтың бір-біріне әділетті қарым-қатынасы ел бірлігін, ынтымағын, ұлт ұясын қадірлеп-қастерлеуге бастайды деген көкейкесті ойын романдағы сюжеттермен жеріне жеткізе пісіреді. Жағымды кейіпкерлерінің барлығы дерлік қазақ ұлтынан болуы да соның дәлелі.

Социалистік реализм негізіне құрылған советтік әдебиет теориясы — ол кезде ұлт мәселесін тек ұлы орыс халқымен достық, интернационализм төңірегінде сипаттаумен ұйытылатын. Бұл проблеманы сол кезеңде жазушылар қауымы айтты да, жазды да. Негізінен, Қазақстан жазушылар одағы басшылығы мен Қазақстан Компартиясы орталық комитетіндегі идеологтар арасындағы белгілі дүрдараздық осы түйткілдерден бастау алатын. Коммунизм мүддесіне орайластырған «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» девизи Москва бекіткен социалистік реализм шеңбері белгілі еді. КСРО цензурасының таптық принцип талабы ұлттың бүгінгісін айту былай тұрсын, өткен тарихын да жазуға рұқсат бермейтін. Илияс Есенберлин мен Мұхтар Мағауиннің тарихи романдары цензорлардың тізгініне түсіп, сан мәрте қайта жазылып жатқан уақыт. Міне, осы шырғалаң кезде Кемел Тоқаев шытырман оқиғалы детектив шығармаларында қылмысты қасақана жасайтын баукеспелер мен социалистік мүлікті ар-ожданнан аттап ұрлайтын жемқорлардың атын атап, түсін түстейді. Көбінесе оларды мансап жолында қазақ топырағын пайдаланып, асын ішіп, ыдысын итеріп, әдет-ғұрпын, дәстүрін аяқпен теуіп, кейін байласаң тұрмайтын, жақсылықты білмейтін, алғысы жоқ өзге ұлыстың пасық пенделер сыпатында айшықтап береді.

Онысын жазушылық шеберлікпен жымдастырып жібереді. Цензордың темір тырнағына ілікпеу үшін қылмыстық деректерді мемлекеттік ресми органдардың архивінен алғанын хроникамен сабақтастырады. Елді мекен атауларын өзгертпей пайдаланады. Содан да шығар, дайын кітаптары жүздеген мың тиражбен қазақ және орыс тілдерінде оқырмандарына жетіп жатты. Шет тілдеріне аударылды. Осылайша оқырманы ең көп жазушыға айналып, есімі елге танылған қаламгердің әріптес інісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баққожа Мұқай: «Қызметес болғанда орыс тіліндегі бір

кітабы «Қазақстан» баспасынан бес жүз мың данамен шықты. Жақсы ағаның қамқорлығын көп көрдік», — деп жазады.

Өкінішке қарай, табиғат бойына қабілетті мол берген адамды күншілдік ешқашан кешірмейді. Әділдігі адал бәсекелестікке айналмаған сан тарап қоғамдық құрылыстардағы заманалар сыры осындай. Ендеше сегіз қырлы, бір сырлы ондай талантпен қалай күресіп, қалай жеңеді. Оның пендешілік кәнігі жолы, бірақ тәсілі бар — орынды-орынсыз қудалау. Соңынан өсек тарту, астыртын әрекет жасау, айнала беріп, арқасынан қамшы сілтеу. 1978 жылы «Жалында» жарияланған Кемел Тоқаевтың жаңа романының үзіндісіндегі бір сөйлем жазушыға қарсы науқанға желеу болды. Орталық комитеттен түскен шұғыл нұсқаумен журналдың сол нөмірі өртелді. Барлық шығын қаламгердің қалтасынан төленді. Министрлік деңгейіндегі қызмет есептелетін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының «Жаршы — Ведомости» Бас редакциясының бас редакторы лауазымынан босатылды. Бұл аз дегендей, ЦК бөлімдерінің дөкейлері майдангер жазушыны партиядан шығаруды ұсынды. Ешкім сол фактінің Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында жазылғанын елемеген. Дауылпаз ақын-жазушының сол шығармасы еш өзгерту енгізілмей, дүкендерде сатылып, кітапхана сөрелерінде тұрғанын елемеген. Бұл деректердің мұрағатта ашық тізімде тұрғанын да ескергісі келмеген...

Жазушының әр кітабын зерделей оқып, сын тезіне салғанда оның сол кезеңде қалыптасқан таптық таптаурын сюжеттерден бойын аулақ салып, қазақ халқының ар-ұятты мал-жанынан биік қоятын адамгершілік мораліне сүйеніп сипаттайды. Жақсыдан үйрену, жаманнан жирену, әдептен озбау, біреудің ала жібін аттамау, ата салтын бойына сіңіру — Кемел Тоқаев туындыларындағы жөн-жосық қағидасының қазығы осы. Сол советтік заманда ұлттық руханиятты іздеп жүріп, бір-біріне айта жүріп табатын оқырмандар қаламгердің кітаптарын дүкенде көп тұрғызбайтын.

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов майдандас замандасының творчествосына берген бағасында: «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаев болды. Ол қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлердің бірі саналды. Оқырмандарының өтініші бойынша Кемелдің кітаптары үш-төрт реттен қайта басылып отырды» деп жазған.

Қилы-қилы тосын уақиғалар, ізі көрінсе де, шешімі түспалдауға да қиын сан тарау қылмыстың жасалуы мен әшкереленуін, шиеленіскен жұмбақ жағдайларды бір-бірлеп суыртпақтап тізбелеп баяндайды. Сюжет штрихтары қазақ жеріндегі әділетті қоғамдық ахуалға разы күштердің күн-түн тынбай ізденуінің нәтижесінде наразы кертартпа күштерді түптің түбінде жеңуімен аяқталып отырады. Ал қылмыскерлер болса Қазақстанға күнкөрістерін оңай жолмен жақсартып, тек нәпақа табуға келген келімсектер образында есте қалады. Негізінен, осы детективті кітаптарын жазу үшін болған жайттарды Ішкі істер министрлігінің ресми хроникасынан іріктеп алған жазушының бұл шығармалары жыл аралатып осы органның үздік детективті туындыларға арналған конкурстарында бас бәйгені иеленіп отырған. Бұл туралы жазушының әріптесі, отставкадағы полковник Қалмұқан Исабаевтың 1998 жылдың 23 қазаны күні «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Тоқаевтың үш сыйлығы» деген естелік мақаласында жан-жақты жазылған.

Қазақ халқы ХХ ғасырда талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Сол сынақтарда рухы жеңілмеген халықтың тағдыры — әрбір көшелі қазақтың тағдыры. Қилы кезеңнің суығына шыдап, ыстығынан өткен кейіпкеріміздің ғұмыры да ел тағдырымен еншілес. Өмірде еш нәрсе із-түзсіз кетпейді. Өткен жолын жетік білетін халық қана алдағы алар асуларын айқын елестете алмақ. Бағзы заманда бабаларымыз бітік тастарға ойып, қашап жазып кеткендей, өз Отаның, бұл дүниедегі қорғаның мен тірегің болмаса — тағдырың тамырсыз, тұрлаусыз қаңбақ сияқты.

Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романының эпиграфында «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан политрук Қасым Болтаевқа арнаймын» делінген. Соғыс деректері жинақталған кейінгі жылдарда жарияланған мәліметтерде: «186-шы атқыштар дивизиясының 290-шы атқыштар полкі көлік ротасының саяси жетекшісі Қасым Болтаев 1942 жылы 22 ақпан күнгі ұрыста ерлікпен қаза тапты», — деп жазылған Қасым жазушының жалғыз ағасы еді...

Өлім мен өмір айқасын көзбен көрген Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романының стилі соғыстың суық та сұрқай шындығын боямасыз қазақалпында сипаттайды. Ал стиль деген — адам. Әдебиеттің киелі қасиетін қадірлейтін — жазушының жаны.

Ұлы Отан соғысы, бүгінде Екінші дүниежүзілік соғыс аталатын сол сұрапыл майданға қатысқан жауынгерлердің естелігін мектепте жүргенде көз көргендерден естіп өстік. Талай кітаптарды оқыдық, киноларды тамашаладық. Бәрінде де фашистерді тым-тырақай қуып, қырып тастайтын солдаттардың ғажап ерліктеріне кәміл сендік. Иландық. Соғыс тек адам өлтіру майданы деп қабылдадық.

Ал жазушының «Солдат соғысқа кетті» романын оқығанда мән-жайдың жер мен көктей айырмашылығы барын байқадым. Жазушы әдеттегідей соғыс романтикасына кіріп кетпейді. Қан майданда да жұмыр басты жандардың пендешілігін, адамгершілікті ұмытып, адалдықтан аттап өте беретінін көрсетеді. Соғыс та қарабайыр қарапайым тіршіліктің бір беті. Жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік араласып қатар жүреді. Романның алғашқы тарауларында-ақ біреудің атып түсірген жау ұшағын награда дәметкен абыройсыз иеленіп кеткісі келеді. Соғыс сәтіндегі күңгей мен көлеңкеде бас кейіпкер бірде өзі, бірде ағасы Қасым болып әділдікті орнатуға күш салып жүреді. Сонысымен де роман адамзаттық құндылықтарды паш еткен, «ура, алға» сипаттағы даңғазалықтан ада, адами биік сананы дәріптейтін психологиялық күрделі шығарма. Туындының өн бойы әділдіктің ақ туы қара қылды қақ жарғанда жеңіс күні жарқырап келеріне күмәнсіз сендіреді.

«Егемен Қазақстан», 25 қазан 2021 жыл

## ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІН ҚАШАН ОҚИМЫЗ?

Амангелді КЕҢШЛІҚҰЛЫ

Детектив деп аталатын, шым-шытырық оқиғалар желісіне құрылған әдебиеттің ерекше жанрының дүниеге келуі Эдгар Аллан По есімімен тікелей байланысты екені көпшілікке мәлім. Осыдан 160 жыл бұрын әйгілі қаламгердің «Морг көшесіндегі өлім» шығармасы детективтің бағын ашып, уақыт өте келе Артур Конан Дойл, Агата Кристи, Джеймс Хедли Чейз, Уилки Коллинз, Чарльз Диккенс секілді талантты жазушылар оны одан әрі дамыта түсті.

Детектив жазу тәсілі Эдгар По заманынан бері аса қатты өзгеріске ұшырай да қойған жоқ. Бас кейіпкері де ағаштың қисық біткен бұтағындай қоғамнан оқшауланып, оқиғаға қатысты адамдарды сыртынан бақылап, іс-әрекеттерін ой елегінен өткізіп, қылмыскерді жаңылмай тауып, құрықтап жатады. Бір қызығы, сюжеттері ұқсас болып келетініне қарамастан, детективке деген оқырман сұранысы бір сәтке де толастамапты. Эдгар Поның Огюст Дюпенінен басталып, Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон, Эркюль Пуаро, мисс Марпл, комиссар Мегрэ, Ниро Вульфтармен жалғасқан із кесушілердің образдары миллиондаған оқырманның жүрегін жаулап алып, детектив әлемдегі ең көп пайда әкелетін бизнеске айналды. Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойл детектив жазудан жүйкесі тозып, оқырмандардың сүйікті кейіпкеріне айналған Шерлок Холмсты ақыры өлтіріп тынғанда халық наразы болып көшеге шықты. Амалы құрыған қаламгердің Холмсты қайта тірілтіп алудан басқа амалы қалмады.

Әлемнің ең ұлы суреткерлері – Сервантес, Бальзак, Моппсан, Флобер мен Толстой романдары да дәл детектив туындыларындай сұранысқа ие болған емес. Агата Кристи тек қана Эркюль Пуароның бағын ашқан 33 романдан бөлек, 55 әңгіме жазды. Детективті әдістің негізін қалаған Артур Конан Дойлды басқа жанрға жолатқызбай қойған Шерлок Холмс туралы хикаяларда есеп жоқ. Тұмсығын тықпайтын жері қалмаған мисс Марпл 12 роман мен 20 әңгіменің кейіпкері болса, Жорж Сименон комиссарға арналған 76 роман мен 30-ға тарта әңгіме жазды. Мегрэ осылайша жазушы ғұмырының 41 жылын бір өзі еркін жайлап-төстеген екен.

Жалпы, детективті бір ұлттың қанжығасына байлап қою орынсыз болғанымен, қазақ детективіне келгенде не айтарымызды білмей дағдарып қалатынымыз жасырын емес. Неге біздің әдебиетімізде осы жанрдың бесаспап мамандары тумай жатыр? Әлде детектив біздің ұлттық табиғатымызбен үйлеспейтін жанр ма?



Амангелді  
КЕҢШЛІҚҰЛЫ

### Қазақ детективін қашан оқимыз?

Детектив деп аталатын, шым-шытырық оқиғалар желісіне құрылған әдебиеттің ерекше жанрының дүниеге келуі Эдгар Аллан По есімімен тікелей байланысты екені көпшілікке мәлім. Осыдан 160 жыл бұрын әйгілі қаламгердің «Морг көшесіндегі өлім» шығармасы детективтің бағын ашып, уақыт өте келе Артур Конан Дойл, Агата Кристи, Джеймс Хедли Чейз, Уилки Коллинз, Чарльз Диккенс секілді талантты жазушылар оны одан әрі дамыта түсті.

Детектив жазу тәсілі Эдгар По заманынан бері аса қатты өзгеріске ұшырай да қойған жоқ. Бас кейіпкері де ағаштың қисық біткен бұтағындай қоғамнан оқшауланып, оқиғаға қатысты адамдарды сыртынан бақылап, іс-әрекеттерін ой елегінен өткізіп, қылмыскерді жаңылмай тауып, құрықтап жатады. Бір қызығы, сюжеттері ұқсас болып келетініне қарамастан, детективке деген оқырман сұранысы бір сәтке де толастамапты. Эдгар Поның Огюст Дюпенінен басталып, Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон, Эркюль Пуаро, мисс Марпл, комиссар Мегрэ, Ниро Вульфтармен жалғасқан із кесушілердің образдары миллиондаған оқырманның жүрегін жаулап алып, детектив әлемдегі ең көп пайда әкелетін бизнеске айналды. Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойл детектив жазудан жүйкесі тозып, оқырмандардың сүйікті кейіпкеріне айналған Шерлок Холмсты ақыры өлтіріп тынғанда халық наразы болып көшеге шықты. Амалы құрыған қаламгердің Холмсты қайта тірілтіп алудан басқа амалы қалмады.

Әлемнің ең ұлы суреткерлері Сервантес, Бальзак, Моппсан, Флобер мен Толстой романдары да дәл детектив туындыларындай сұранысқа ие болған емес. Агата Кристи тек қана Эркюль Пуароның бағын ашқан 33 романдан бөлек, 55 әңгіме жазды. Детективті әдістің негізін қалаған Артур Конан Дойлды басқа жанрға жолатқызбай қойған Шерлок Холмс туралы хикаяларда есеп жоқ. Тұмсығын тықпайтын жері қалмаған мисс Марпл 12 роман мен 20 әңгіменің кейіпкері болса, Жорж Сименон комиссарға арналған 76 роман мен 30-ға тарта әңгіме жазды. Мегрэ осылайша жазушы ғұмырының 41 жылын бір өзі еркін жайлап-төстеген екен.

Жалпы, детективті бір ұлттың қанжығасына байлап қою орынсыз болғанымен, қазақ детективіне келгенде не айтарымызды білмей дағдарып қалатынымыз жасырын емес. Неге біздің әдебиетімізде осы жанрдың бесаспап мамандары тумай жатыр? Әлде детектив біздің ұлттық табиғатымызбен үйлеспейтін жанр ма?

Осыған орай, жалғыз түйесін жоғалтқан келейдің алдынан жолыққан жолашуылармен болған әңгімесі есіме түсіп отыр. Көзімен көріп, қолмен ұстамаса да жоғалған түйені бір көзі соқпар, аяғы ақсақ, құйрығы шолағын жазбай тану нағыз детективке тән тәсіл емес пе? Немесе, тіпті, Еростіктің елге қайтып келе жатып, Сорқұндықтың басына сорға бола қонынан келген қиындықтар баяндалып, қияға ерік беретін ертегідегі баяндалатын әңгімелерде детектив жанрының желісі жатқан жоқ па? Үлкен заманын қоржымында қалып қойған ертегі-аңыздарымызды түрлендіріп, өзгеше дем беріп, жаңа қырымен жарқ еткізіп шығаруға неге болмаса? Жазушылар Олғаның жұл сайын өтетін жаныларында неге қазақ детективі туралы бір ауыз сөз айтылмайды?

Детектив дегенде Қалмұқан Исабаевтың «Ажал құрсауында», «Комеданттың жазбалары», Кемел Тоқайтың «Түнде атылған оқ» хикаялары сияқты санаулы туындылар ғана жадымызға оралады.

Әкінішке қарай, бұл жанрды классикалық дәрежеге жеткізген ғалым жазушы Кемел Тоқайтың кейін, оны дамытуға әдебиетімізді құлықсыз болып қалып, тәуелсіздік жылдарында халық біржола шетел детективін оқуға құныға кірісіп кетті. Бір кездері Кемел ағамыздың «Сарабанда болған оқиға» кітабындағы шығармалардың өз заманының бестселлері болғанын, жұртты қызыққа батырған кітапты кезекке тұрып оқығанымызға қазір ешкімді сендіре алмайсың.

Былтыр Ресей мемлекеті «Орыс детективі» деген байқау жариялады, мақсаты – әдебиет және кино қызметкерлерін детектив жанрын дамытуға итермелеу, әдеби қауымдастық арасындағы оның мәртебесін арттыру, оған оқырмандар мен қоғам назарын аудару. Ал Қазақстанда мұндай бастамалар қашан қолға алынады? Әлде, біздің елімізде детектив жанры әдебиет есігінен сығалмай алмай, әлі де талай жыл далада тұра бере ме?

Осыған орай, жалғыз түйесін жоғалтқан кедейдің алдынан жолыққан жолаушылармен болған әңгімесі есіме түсіп отыр. Көзімен көріп, қолымен ұстамаса да, жоғалған түйенің бір көзі соқыр, аяғы ақсақ, құйрығы шолағын жазбай тану нағыз детективке тән тәсіл емес пе? Немесе, тіпті Ер Төстіктің елге қайтып келе жатып Сорқұдықтың басына сорға бола қонуынан келген қиындықтар баяндалып, қиялға ерік беретін ертегідегі баяндалатын әңгімелерде детектив жанрының желісі жатқан жоқ па? Біқылым заманның қоржынында қалып қойған ертегі-аңыздарымызды түрлендіріп, өзгеше дем беріп, жаңа қырымен жарқ еткізіп шығаруға неге болмасқа? Жазушылар одағының жыл сайын өтетін жиындарында неге қазақ детективі туралы бір ауыз сөз айтылмайды?

Детектив дегенде, Қалмұқан Исабаевтың «Ажал құрсауында», «Коменданттың жазбалары», Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» хикаяттары сияқты санаулы туындылар ғана жадымызға оралады.

Өкінішке қарай, бұл жанрды классикалық дәрежеге жеткізген талантты жазушы Кемел Тоқаевтан кейін оны дамытуға әдебиетіміз құлықсыз болып қалып, тәуелсіздік жылдарында халық біржолата шетел детективін оқуға құныға кірісіп кетті. Бір кездері Кемел ағамыздың «Сарғабанда болған оқиға» кітабындағы шығармалардың өз заманының бестселлері болғанын, жұртты қызыққа батырған кітапты кезекке тұрып оқығанымызға қазір ешкімді сендіре алмайсың.

Былтыр Ресей мемлекеті «Орыс детективі» деген байқау жариялады, мақсаты — әдебиет және кино қызметкерлерін детектив жанрын дамытуға итермелеу, әдеби қауымдастық арасындағы оның мәртебесін арттыру, оған оқырмандар мен қоғам назарын аудару. Ал Қазақстанда мұндай бастамалар қашан қолға алынады? Әлде біздің елімізде детектив жанры әдебиет есігінен сығалай алмай, әлі де талай жыл далада тұра бере ме?

«Егемен Қазақстан», 28 сәуір 2021 жыл



## ҚАЛЫҢ ЕЛ ОҚЫҒАН ҚАЛАМҒЕР – БАҚЫТТЫ ЖАЗУШЫ

Қазыбек ИСА

Кезінде қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін салушы Кемел Тоқаевтың кітаптарын іздеп жүріп оқымаған адам жоқ шығар.

Қазақ прозасындағы осы бір жаңа жанрдың қазығын қағып, шаңырағын көтеруші Кемел Тоқаевтың шытырман оқиғалы шығармаларын оқып өстік. Ауыл кітапханасындағы жаңа түскен жақсы кітаптарды ең бірінші алып кетуші адам — ең олжалы оқырман болатын ол кезде. Кітапханадағы көркем әдеби кітаптың бәрін оқып тауысып, жаңа кітаптар келуін асыға күтіп жүретінбіз.

Жақсы кітап келсе бүкіл ауыл кезекке тұрып, таласып оқитын. Сондай ең көп оқылған кітаптардың бірегейі жазушы Кемел Тоқаевтың детективті шығармалары еді. Бұны қазіргі жастардың шытырман оқиғалы фильмдерді іздеп жүріп, тауып көретін үрдісімен салыстыруға болады. Ал Кемел Тоқаев-

тың қалың ел қалап оқыған шытырман оқиғалы шығармаларының миллиондар көретін қызықты фильмдерден артықшылығы – өмірден алынған оқиғаларға құрылған, өмірде бар кейіпкерлер еді.

Әсіресе «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға», «Көмескі із» кітаптарын біз ауыл болып таласып-тармасып, қызыға оқыдық. Қой бағып жүргенде дорбамызда нанымызбен бірге сол кітабымыз да жүретін. Үйге келгенде де, ата-анамыздың жұмсауы көбейіп кеткенде шөптің үстіне шығып оқитынбыз...

Өйткені ол үздік шығармалар еді. Сондықтан да 1956 жылы Қазақстан жазушылар одағы мен Ішкі істер министрлігі бірігіп өткізген ең алғашқы жабық конкурста бірінші бәйгені жеңіп алуы тегін емес. Осы байқауда тағы да үш рет (1972, 1977, 1980) жеңімпаз болады.

Аталмыш байқаулардың әділқазылар алқасының тұрақты мүшесі болған белгілі жазушы Қалмұқан Исабаев «Кемел бірінші бәйге алды. Бірақ өзі қандай таза, адал адам десеңізші» деп таңғалыпты. Байқаудың қорытындысы жарияланған соң Кемелге: «Бірге істеп жүрміз, маған неге ескерте салмадың», – десе, Кемел: «Жабық сайысқа қатысқан соң олай істеуге болмайды ғой», – депті. Қазір күндіз шам алып іздесең табылуы қиын қандай шынайы адалдық, кіршіксіз тазалық, нағыз әділеттілік десеңізші...

Қалың ел қалап оқыған қаламгер – бақытты жазушы.

Кемел Тоқаевтың кемел шығармалары сол кездегі чекистердің, тәртіп сақшыларының тәлімді жанқиярлық ерліктері мен тапқырлық істерін тамаша суреттеген туындылар еді.

Сондықтан да ол «Милиция қызметінің үздігі» белгісімен марапатталған тұңғыш, бәлкім, жалғыз жазушы шығар. Милицияның ел сүйсінер ер образдарын күшті жасап, шебер сомдағандықтан да, сол заманда көп жастар тәртіп сақшысы болуға ұмтылды. Бізге дәл қазір құқық қорғау органы қызметкерлері туралы патриоттық тұрғыда сомдалған сондай шынайы шығармалар жетіспейді. Сондықтан да біздің қоғамда қазір полицияның образы ойдағыдай емес, қайта керісінше қалыптасу байқалады.

Біздің полициямыз қазір митингідегі шал-кемпірлерге «шабуылымен» жағымсыз бейнелерге айналуға. Патриоттық тәлім-тәрбиені күшейтіп, ел тыныштығын қорғауды жастарға үлгі-өнеге ету үшін бізге қазір Кемел Тоқаевтың жаңа ізбасарлары керек. Ол үшін қазір қазақ әдебиетінде кенжелеп қалған детектив жазушыларды қалыптастыруды жолға қоятын Кемел оқулары керек болып тұр.

Детектив жазушылар үшін Кемел Тоқаев атындағы сыйлық тағайындалса, бұл оларды жақсы қолдау болар еді.

Кейін Алматыға арман қуып келгенде Жазушылар одағынан әйгілі ақын-жазушылардың ішінен өзіміз кітабын жастанып оқыған Кемел Тоқаевты да көргіміз келгені рас. Бірақ ол кісіні одақта кездестірген емеспіз. Үш жыл бұрын Жазушылар одағында өткен 95 жылдық асына қатысқанымыз бар еді. Енді, міне, Ұлттық кітапханада шығармашылық залының ашылу салтанатына қатысып, лебізімізді білдіріп жатырмыз.

Кемел Тоқаевтың шығармашылық залы шынайы оқырмандар игілігіне жарай берсін деп тілейміз!

«Ел жатса да, енекем жатпайды» дегендей, Ұлттық кітапхананы рухани ордаға айналдырған, ізденісі мен идеясы зор Үмітхан Дәуренбекқызына Жеңіс мерекесін жемісті шараға айналдырғаны үшін алғыс айтамыз.

«Қазақ үні», 13 мамыр 2021 жыл





Қалыбек ИСА, ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

### ҚАЛЫҢ ЕЛ ОҚЫҒАН ҚАЛАМҒЕР – БАҚЫТТЫ ЖАЗУШЫ

Қалыбек ИСА, ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Қалың ел ұраны шығармалар өміріне қаламгерге 1958 жылы Қазақстан Жазушылар одағының Іскер Қалыбековтің ұстазы болып табығанын білгеннен бері өзінің жазушылық жолындағы бағытын айқындап берген. Оның жазушылық жолындағы бағытын айқындап берген. Оның жазушылық жолындағы бағытын айқындап берген.

Қалың ел ұраны шығармалар өміріне қаламгерге 1958 жылы Қазақстан Жазушылар одағының Іскер Қалыбековтің ұстазы болып табығанын білгеннен бері өзінің жазушылық жолындағы бағытын айқындап берген. Оның жазушылық жолындағы бағытын айқындап берген.

### Үмітхан МҰҢАЛБАЕВА, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры

### БАСТЫ МАҚСАТ – ЖАСТАРДЫ ЕРЛІКKE БАУЛУ

Жеңіс мерекесі күні майдандағы басты мақсат жастарды ерлікке баулу. Қазіргі таңда қазақ прозасының кенжелеп қалған детектив жанрын жаңғырту басты талаптың бірі болып тұр.

Жеңіс мерекесі күні майдандағы басты мақсат жастарды ерлікке баулу. Қазіргі таңда қазақ прозасының кенжелеп қалған детектив жанрын жаңғырту басты талаптың бірі болып тұр.

## БАСТЫ МАҚСАТ – ЖАСТАРДЫ ЕРЛІКKE БАУЛУ

Үмітхан МҰҢАЛБАЕВА,  
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры

Жеңіс мерекесі күні майдандағы басты мақсат — жастарды адалдыққа, ерлікке, отансүйгіштікке баулу. Ерлерге құрмет көрсетуге, үлгі алуға, үлгілі болуға тәрбиелеу.

Кемел Тоқаев қазақстандық детективтің негізін салып, осы жанрдың рухани көшбасшысы мен әдеби бастаушысына айналды. Ішкі істер министрлігінің көптеген ардагерлері жазушы Кемел Тоқаевты өздерінің әріптесі деп санайды. Себебі ол қазақстандық құқық қорғау органдары үшін үлкен тәрбиелік, рухани істер атқарды. Кезінде жазушының кітаптарын оқып, полиция қызметкері болуды армандап оқуға түскен қаншама батыл, ержүрек жастар бұның нақ дәлелі. Қазіргі таңда қазақ прозасының кенжелеп қалған детектив жанрын жаңғырту басты талаптың бірі болып тұр. Өйткені қазақ көркем прозасында бірлі-жарым шығармалар болмаса, шытырман оқиғаларға толы детектив жанры күнделікті тыныс-тіршілікте, адамдардың ойлау жүйесіне, дүниетанымы мен өмірлік көзқарасына қатысты мәселелерге қатыспай, әлі күнге толық қамтылмай жатқан тақырып. Осыған орай, Ұлттық академиялық кітапхана оқырмандардың үнемі оқитын шығармаларына мониторинг жүргізу нәтижесінде детектив және фантастика жанрындағы кітаптарға деген сұраныс жоғары екенін анықтады.

Мақсатымыз — детективтік жанрдағы шығармаларды оқуға оқырмандардың қызығушылығын ояту және оның дамуына серпін беру. Өз кезінде кітаптары жүз мыңдаған данамен оқырмандарына жол тартқан қаламгердің рухани мұрасы жастар бойындағы патриоттық сезімін оятуға өз септігін тигізери сөзсіз.

«Қазақ үні», 13 мамыр 2021 жыл



## КЕМЕЛ АҒАНЫҢ КЕҢДІГІ

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ

Кемел Тоқаев ағамыздың есімін алдымен, әрине, кітаптары арқылы білдік. Ол кісінің милиция туралы кітаптары халық арасында өте жақсы тарап кетті. Қолдан-қолға өтетін. Қызығып оқитынбыз. Неге десеніз, детектив шығармаларды – Шерлок Холмс, Эдгар По, орыс детективтерін, тағы да сондай шетелдік дүниелерді оқыдық. Детектив киноларды да көрдік қой. Күпия, шытырман оқиғаға құрылған дүниелер, әсіресе милицияның өмірі жөнінде жазылған шығармалар қызық көрінетін. Оның ішінде өзіміздің қазақ жазушысы қазақ милицияларын суреттеген, қазақтар туралы қазақтың жазған шытырман оқиғасы болғандықтан, Кемел ағаның кітаптары өте қызықты болды.

Кейін Алматыға келіп, оқуға түсіп, алғашқы мақалалар жазып жүрген кезімде, бір күні ұстазымыз Сағат Әшімбаев маған бір әңгіме айтты. «Қазір дүниежүзінің оқушыларының қызығып оқитыны детективтік шығармалар екен. Осыларды бір жүйелеп жазсаң, қазақ әдебиетінде де детектив шығармалар ептеп бар ғой, мысалы, Кемел Тоқаев ағамыз. Негізінде, сол кісі көп жазып жүр бұл жөнінде. Және Қалмұқан Исабаевтың, Жұмабек Еділбаевтың, Әділ Дүйсенбековтің шығармаларында да кейбір детективтік сарындар бар екен, осылардың барлығын қосып, бір мақала жазып көрсең» деп тапсырды. Мен осының бәрін тізіп, талдап, детективтік шығармалар жөнінде үлкен бір мақала жаздым. Ол кезде бесінші курста оқимын. Мақаламды бітіріп бердім. Бізді әскери екі айлық жиынға Қырғызстанға, Ош қаласына алып кетті. Содан жаздығүні, 1977 жылы маусым-шілде айының бірінде менің үлкен мақалам «Лениншіл жасқа» шығыпты. Ол кезде «Лениншіл жасқа» мақала

Кемел Тоқаев – дарға тұрған

шығу деген, оның ішінде әдеби талдау, әдеби сын зерттеу мақаланың шығуы деген студент бала үшін өте үлкен мәртебе. Сыншылардың өзіне ондай көлем бере бермейді. Бір бетке жақын, «Детектив дидары» деп ат қойыпты. Сағат аға қойған ғой. Мен бесінші курсты жаңа бітірген студентпін. Сол мақаламды Кемел аға Тоқаев оқиды ғой. Сөйтіп, мені таба алмайды, білмейді, ол кезде қалта телефоны жоқ. Сағат Әшімбаев ағамызға рақмет айтыпты. Ол кезде Сағат аға «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары, редакторы Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз. Содан Кемел аға звондап, риза болып:

«Мына баланың қарымы қалай өзі, жақсы жазған екен. Мүлдем ескеру-сіз, айтылмай жүрген тақырыпты көтеріпті», — деп, үлкен кісі өзінің ағалық ризалығын білдіріпті. Одан кейін мен «Лениншіл жаста», «Қазақ әдебиетінде», «Жұлдыз» журналында жұмыс істедім. Ол кісімен дәл қай күні жүздесіп, қай күні танысқаным қазір анық есімде жоқ. Бірақ 1983-тің аяғы, 1984 жылдың басы болу керек. Мен «Жұлдыз» журналында жұмыс істеп жүрген кезім, Кемел Тоқаев аға 60 жасқа толды. Бір күні маған хабарласып, звондап, әдейі іздеп келді: «Саған бір әңгімем бар», — деді. Сөйтіп, маған қолқа салды. «Мен алпыс жасқа толып жатырмын. Маңғыстауға, сосын Қызылордаға барып, оқырмандарыммен кездесу өткізсем деймін. Басшыларымен, бәрімен келістік. Енді менің қасыма серік болатын әрі менің шығармашылығым жөнінде пікір айта алатын адам керек. Сенің баяғыдағы менің шығармашылығым туралы жазған мақалаңды білемін, жалпы өзіңді бақылап жүрмін. Маған серік болып, барып қайтсаң осы сапарға. Көп адамның керегі жоқ. Екеуміз-ақ барайық. Мен саған сеніп, әдейі келіп отырмын, айналайын!» — деді. Ол кісі соғысқа қатысқан адам, менің әкем Тақан да соғысқа қатысқан. Әкем 1921 жылғы, бұл кісі 1923 жылғы, әкемдей кісі ғой. Сондықтан: «Кемел аға, сіздің бұл сөзіңізді қуана қабыл аламын, сізбен бірге барамын!» — дедім. Содан ол кісі біздің редактор Бекежан Тілегеновпен, редактордың орынбасары Ғафу Қайырбековпен, жауапты хатшымыз Ахат Жақсыбаевпен, бәрімен өзі сөйлесіп, келістіріп, одақтың барлық басшылығымен сөйлесіп, билеттің бәрін алып, дайындап, екеуміз тәуекел деп, «Ал, Маңғыстау, Ақтау қайдасың?» деп Алматыдан ұшпаймыз ба! Алматыдан ұшып, енді Ақтауға қонатын болдық. Бір кезде ұшағымыз қайта көтеріліп кетті. Қонбады Ақтауға. Не жағдай екенін білмейміз. Бір кезде қонатын уақыттан асып кетті. Төмендеген ұшағымыз қайта көтеріліп кетті. Жұрт тым-тырыс, үн жоқ ұшақтың ішінде. Кемел аға екеуміз бір-бірімізге қараймыз. Бұл не ғажап болды? Уайымдай бастадық. Бұл не нәрсе? Кеш батқан, түн іші. Сөйтсек, Ақтау қабылдамаған ба, Атырауға бұрыпты ұшақ. Атырауға қондық. Атыраудың аэропортына қонғаннан кейін Кемекең күледі. «Жүр, буфетке барайық», — деді. Сол жерден дәм таттық. Кемел аға: «Фронтной жүз грамм деген болады. Осы дәм бізге бұйырған шығар, Атыраудан бір жапырақ нан жеуге», — деп сабырмен күледі. Бір кезде қайтадан ұшып, Ақтауға келіп қондық-ау!

Ақтауда Маңғыстау облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып Саламат Мұқашев ағамыз жұмыс істеді, кейін республикада үлкен басшы болды. Жоғарғы советтің бастығы болды. Ол кісі Кемел ағаны үлкен құрметпен қарсы алып, Мұсташ Құсайынов деген бөлім меңгерушісі бізді бірге алып жүріп, Маңғыстауды аралатты. Бұл менің Маңғыстауға бірінші келуім.

Бұрын Маңғыстау дейтін жер бар, бір бөлек дүние, бөлек әлем деп еститінмін. Ол жөнінде оқығанымыз бар ептеп. Адайлар туралы естігеніміз

бар. Бекет атаның есімін алғаш Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» деген кітабынан оқығанбыз – әулие Мұңал Бекет ата деп жазған. Талай-талай адай жігіттерімен жолдас болғанмын. Қыдырғали Әдеков деген адай жігіт курстасым болған, марқұм, қайтыс болды кейін. Маңғыстау деген маңғаз өлке, маң дала, керемет дүние деп естіп жүретінмін. Міне, дәм жазып, Кемел ағамен бірге сол топыраққа аяқ бастым. Содан кейін сол әсерден мен «Бекет атаның үйі» деген өлең жаздым.

Сапарға ең әуелгі үлкен себеп  
Кемел аға Тоқаев алпысқа кеп.  
Маған қолқа салғаны: «Бірге жүріп,  
Сыншым да, жыршым да өзің боласың», – деп...  
Маңғыстау – түйелі жер, киелі жер,  
Жолынан жығылмаған жүйелі жер,  
Көргендер жердің түбі, судың түбі,  
Ғажайып екі әлемнің жиегі дер,  
Көнекөз, жел мүжіген домбырадай,  
Шанағы – жыр, шегі – сыр, тиегі – шер,  
Суреті, серті бөлек, сұсы басым,  
Тасы – ою, құмы – өрнек, сүйегі – зер,  
Әуесіне әулие рухы сіңген,  
Тегіннен тегін басын иеді ме ел?!  
Керемет дүниемен кеп таныстым,  
Дүбірін естіп талай аттаныстың,  
Түбінде Қарақия ойға батып,  
Басынан Шерқаланың құстай ұштым,  
Адайдың қыздарымен әзілдесіп,  
Апайтөс ұлдарымен төс қағыстым.

Міне, осылай Маңғыстауды араладық. Шерқаланы көрдік. Керемет бәрі. Қарақиянның ойына түстік. Әулие Шопан ата, Масат ата, Қошқар ата бейіттерін көрдік. Бекет атаның бір тастағы мешітін көрдік. Сөйтіп, не керек, аудандарды араладық. Ералиев ауданы, Маңғыстау ауданы, Шетпені көрдік.

Әлқисса, Ералиев ауданына келдік. Ералиев ауданының бірінші секретары Пірімтай Арыстанов деген кісі екен. Аудан ауылдарын аралап келе жатып, бір ауылға келіп түстік. Шеткі ауыл екен. Ол жерде бір әңгіме болды. Ауыр әңгіме. Сөзді бірінші секретарь Пірімтай Арыстанов бастады. Совхоздың директорының аты – Еркемай, ұмытпасам. Ауылдық советтің төрағасы ақсары, асықтай ғана жұқа кісі екен, Сәке деп отырды, аты есімде қалмапты. Дастарханда отырғанда Пірімтай Арыстанов: «Ал енді обкомда, ЦК-да сөз болып жатыр. Бекет атаның басына үй салыпсындар. Халық әлгі үйге қонады екен, түнейді екен. Бұл үлкен әңгіме болып жатыр, саясатты өздерің білесіңдер. Енді сол үйді тез арада алып тастау керек», – деді. Бекет атаның бейіті ме, жоқ әлде Бекет атаның салған мешітінің жанында ма? Анығын білмеймін, әйтеуір, Бекет атаға зиярат етіп келушілер түнейтін жерде, соның басына салынған үй. Ералиев ауданының шетінде, әлгі совхоздың жерінде тұр екен. Хатшы директорға қаратып айтты: «Анау үйді сен бұзып таста!» деді. Директор қашты: «Мен қалай ол үйді бұзамын? Менің мойнымдағы міндет – осы

совхоздың шаруашылығы. Менен соны сұраңыздар. Ал жаңағы салынған үй, салынған тағы басқа нәрселер — оның барлығы мынау сельсоветтің қолында. Оны селсәбет қарасын, мына Сәкеңе тапсырыңыз», — деді. Ана кісіге қарай аударды. Сөйтіп еді, селсәбет шықты шырылдап: «Бұл қалай болады Пірімтай Арыстанович? Менің қолымда техника жоқ, күш жоқ. Менің қолымда қағаз ғана бар, қаулы ғана бар. Күші бар, тракторы бар, техникасы бар директор, міне, отыр. Осы директор сол үйді бұзсын!» деді. Басқа жұртшылық та, Кемел аға екеуміз де үндемей отырмыз. Сонда секретарь: «Сен қалай бұлай деп айтасың?» деп қадалды. Директор селсәбетке, селсәбет директорға сілтеп, екеуі сөз аяғын лыпылдатуға айналды. Пірімтай Арыстанов, негізі, Шымкенттің жігіті екен. Өзі мұнайдың жайын жақсы біледі. Қабағын түйіп, шындауға айналды: «Сендер, не, бұл? Райкомның сөзі ойыншық па? Мен еріккеннен айтады дейсіңдер ме? Обком солай шешіп отыр. ЦҚ біледі. Ертең саяси үлкен әңгіме болады. Анау үйді салған кім, сендер тып-тыныш соларды табындар да, өздеріне алғызындар. Не болмаса халыққа білдірмей, өздерің бір түнде сыпырып тастандар», — деді. Токетері, бір кезде кесіп, қадап айтты: «Жарайды, былай болсын. Селсәбет қаулысын шығарсын, заңдастырып қағазға жазсын: жұрттың келіп түнейтін үйі бұзылсын деп! Сен, директор, селсәбетке техника бер, тракторыңды бөл, кісілеріңді бөл. Сәке, сіз барыңыз да, анау үйді алып тастаңыз. Болды әңгіме осымен, енді соза бермеңдер!» деді. Сөйтіп еді, селсәбет, Сәкең деген ақсары кісі қып-қызыл болып ашуланды. Бір кезде айтты: «Әй, Пірімтай! Селсәбет пен партбилетті қазір қайтарып алсаң да мейлің, мен атамның басына халқымның салған үйін бұзып, халқыма қарабет бола алмаймын!» — деді. Бұл 1984 жылдың басы. Советтің, партияның дүрілдеп тұрған кезі. Ол кезде райкомға бұлай сөйлеу деген ақылға сыймайтын нәрсе. Сөйтіп еді, мен Кемел ағаға қарадым, қызық болғанда, келісіп алғандай, Кемел аға екеуміз қолды соқтық. Кемел аға ол кезде Жоғарғы Кеңесте істейді. Бірақ жаңағыдай дегенде, үлкен кісі екеуміз қолды соғып жібердік, халық та қолды соғып жіберді. Пірімтай Арыстанов, бірінші секретарь қызараңдап, ары қарай ештеме айта алмады. Сонымен әңгіме бітті. Одан ары не болғанын білмейміз. Қайсар мінез, өткірлік деген, міне, осы! Кеңес өкіметінің, Компартияның дүрілдеп тұрған кезінде айтқан адайдың ақсақалының жаңағыдай сөзін көзімізбен көріп, құлағымызбен естідік. Сондай риза болдық. Әрмен қарай дастарханда сыйласып, асымызды ішіп, әңгіме-дүкен құрып, өлең айттық, мен жыр айттым, сол жақтың әншілерін тыңдап, сөйтіп, жақсы тарадық. Кейіннен «Бекет атаның үйі» деген өлеңіме осы оқиға арқау болды.

Ал Пірімтай Арыстанов адай мен мұнайдың әңгімесін айтқанда майын тамызады екен. Әсіресе мұнай алудың технологиясын сипаттап айтқаны есімде қалыпты. Өмірі мұнайдың қалай алынып, қалай шығатынын көрмеген маған бәрі қызық.

— Әуелі жерді тесіп, бұрғылап, мұнайға жеткен соң, өзінің қысымымен аспанға атылып шығады. Мұнай судың астында емес, судың түбі жердің астында. Және ол су сияқты, теңіз болып толқып тұрмайды. Жерге сіңіп, араласып, капилляр қан тамырлары сияқты түтікшелерде жабысып тұрады. Әуелі жердің қысымымен құбырдан атылып шығып, артынан қоры азайған соң басылады. Сол кезде жерге сұйықтық су ма, басқа бірдеме ме, ұмыттым, соны жіберіп кәшәлаймыз! Газ жіберіп кәшәлаймыз! Сонда мұнай қысыммен

кәдімгі шампан шарабы сияқты быжылдап атылып шығады! — деп еді. Маған «кәшәлаймыз» деген сөзі қызық көрінді — качать, выкачивать деген орыс сөзінен қазақшалап алған кәсіби термин сияқты есімде қалды. Әсіресе жер астында тұнып жатқан мұнайды газ жіберіп, шампан сияқты бұрқыратып алатындары қызық көрініп еді. Жеріміздің байлығын маңдай терін төгіп жүріп ала білген мұнайшылардың адал еңбегі үлкен құрметке лайық қой, шынында. Сапар ретімен Шетпе ауданында болдық. Шетпе аудандық партия комитетінің бірінші секретары Сақып Керелбаев деген жергілікті азамат екен. Сол уақытта ол кісі отыз жеті-ақ жаста. 1947 жылы туған, біздің барғанымыз 1984-тің басы. Отыз жеті жасар аупарткомның бірінші хатшысын бірінші рет көрдік. Өзі сөзге жүйрік екен, ағып тұрған азамат. Жақында ғана бірінші хатшы болған. Сонда көрген бір қызығымыз: бір үйге түсіріп, қонақ қылады ғой. Кемел аға екеумізді, қонақпыз, төрге отырғызып, құрметтеп, тік тұрып күтеді. Ал ауданның бірінші хатшысы ауылдың ақсақалдарынан төмен, анадай есік жақта отырады. «Бірінші хатшымын, қызметім бар» деп төрге шығып кетпей, үлкендерге құрмет көрсетуі адайлардың салт-дәстүрді совет заманының өзінде мықты ұстанғандығы. Ауданның бірінші басшысы үлкендердің алдына түсіп, жоғары шыққан жоқ, ана жақта отырды. Ол да бір тәрбиенің үлгісі деп бағаладық. Ал Сақып ағамыздың өзі қазақ тілінің патриоты екен. Сөйлегенде білімдар, елдің тарихынан, жердің тарихынан әңгіме соққанда керемет қылып айтады.

Сол ауданда ма, басқа жақта ма, Амангелді Жүнісбаев деген совхоз директоры болды, өзі күйші екен. Домбыраны керемет тартады. Болдыхан деген ауылдық советтің төрағасы есімде. Ауылдан бізді шығарып сап тұрып, Амангелді ағамыз былай деді: «Мынау жерге, біздің елге анау жылы Хамит Ерғалиев ағамыз келіп еді. Хамит Ерғалиевтің қасында Мұрат деген баласы бар, екеуі келіп, содан елімізде болып, кездесулер өткізген соң, біз ол кісілерге үлкен құрметпен еліміздің атынан мына бір төбені сыйладық. Сөйтіп, бұл төбеге «Хамамұрат» деп ат бердік» деді. «Енді, Кемел аға, алпыс жасқа толып, елімізге келіп жатырсыз. Қасыңызда жас ініңіз Баянғали бар. Екеуіңізді бөлмей, осы өздеріңіз жанында тұрған төбені сіздердің атыңызға береміз. Мына сельсовет төрағасы Болдыхан қаулысын шығарып, қағазға жазып, мөрлеп әкелді. Енді бұл төбенің атауы «Кемел-Баян» болады», — деді. Кемел аға екеуміз әбден риза болып қалдық. Мінекей, сөйтіп, Маңғыстауда Кемел аға екеуміздің «Кемел-Баян» деген төбеміз бар. Бәрі қол соғып құттықтап, біз рақметімізді айтып, өте бір риза сезіммен аттанғанбыз.

Тағы бір ауданда қызық болды. Алпыс жасқа толған ағамызға барған жерде қазақы дәстүрмен сый-сияпат көрсетеді. Ол кезде партия, совет заманы. Жеңіл-желпі домбыра, шапан, сағат сыйлайды дегендей. Содан бір ауылда Кемел ағаға қолсағат сыйлады. Кейін қонақта отырған кезде жұрттың алдында Кемел аға маған әлгі қолсағатты: «Айналайын, халыққа рақмет айтамын, мені сыйлап жатырсыздар. Жанымдағы Баянғали інім әдебиетке жаңадан келіп жатқан жас», — деп мені көтермелеп, біраз мақтады да:

«Бүгінгі сыйлыққа алған сағатымды Баянғали ініме байлаймын. Естелік болсын!» деп сағатты ұсынып, менің алдыма қойды. Рақметімді айтып, алдым. Ол кезде әлі айтысқа шыққан емеспін. Бірақ суырып салып, өлең айта беремін, қызыңқырап, шабыттанған кезімде. Содан, жаңағы жерде өлең айттым:

Кемеке, алпысқа кеп болдың ата,  
 Ініңе жұрт алдында бердің бата.  
 Ерекше тақырыпқа еркін бардың,  
 Қазақты құпиямен шырындата.  
 Еселі еңбегіңе ел риза,  
 КГБ, милиция және ЧеКА.  
 Өлеңді соза беріп неғыламын,  
 Қолсағатқа осы да жетер пока! —

дедім.

Жұрт ду күліп, сондай бір қызық естелік болған.

Маңғыстауды аралап болған соң, Кемел аға айтты: «Енді Қызылордаға, Жалағаш ауданына барамыз», — деді. Ақтаудан пойызбен Бейнеу арқылы Қызылордаға түсетін болдық. Ол кезде поезд екі тәулік жүреді. Сонымен, барлығы поездға келіп, Ақтаудан бізді құрметтеп шығарып салып жатыр. Енді мінеуін деп тұрғанымызда бір келбетті, жүзінен нұры төгілген, әдемі, жақсы киінген биязы кісі, қасында бірер адамдары бар, қасымызға келіп, Кемел ағаға сәлем берді. Олар Кемақа деп сөйлейді ғой. «Кемақа, ассалаумағалейкум! Мен Бейнеу ауданының бірінші секретары Дүйсенбі Әріпов деген ініңізбін. Енді сіз біздің аудан арқылы, Бейнеу арқылы өтесіз. Сізді жол бойы шығарып салу міндеті менде», — деді. Өзіміз ана жақтан шаршаңқырап шыққан адамдармыз. «Жарайды» деп, поездға міндік. Вагонға отырғаннан кейін Дүйсеақаң келді. Қасында бір-екі азаматы бар. Дастархан жайды, дәмдері бар. Келіп отырды. Кішкене отырып әңгімелескеннен кейін Кемел аға айтты: «Баянғали, сен бір-екі ауыз жыр айтып берші, мына Дүйсенбі сөз түсінетін адам сияқты ғой», — деді. Кемел ағамызға сыйға берілген домбыраны алдым. Шаршап келеміз енді. Неше күн қонақ болғанбыз, ұйқы да шала дегендей. Домбыраны алып, партияның бірінші секретары, ескі жырды қайтеді дейсің деп, ақырын бастап, қысқа қайырып, «Арқалық батырдың» бір үзіндісін айттым. Сөйтіп, қоя салармын деп ойлағанмын, негізі, біздің қысқа айтқанымыздың өзі біраз болады ғой. Солай қысқа қайырып, тоқтатып едім, әлгі Дүйсенбі ағамыздың көзі жанып: «Баянғали, мынау бір мен естімеген жыр екен. Бұл Арқалық батырды мен тыңдағым кеп отыр. Әрі қарай айта түсші!» — деді. Ой, одан кейін жыршыда қандай бөгелу бар? Тыңдайтын, ұғатын құлақ болса, «тыңдаймын» деп тұрса, өзі жасы үлкен аға, өзі бірінші секретарь болса. Өйтіп ықылас білдіріп, тыңдаймын дегеннен кейін әлгі шаршағанымның бәрі қайда кеткенін білмеймін, шабыттанып, қара шәйдан ұрттап алып, ақ шәйдан ұрттап алып дегендей, ал кеттім гүпілдетіп! Арқалық батырды арқаланып соғайын біраз. Кемекең де, Дүйсекең де риза болды. Өлең-жырдың сөзіне, иірімдеріне, Арқалық батырдың мінезіне, қалмақ батырларымен қарым-қатынасына, ерлердің мәрттігіне — бәріне сондай керемет риза болып, қозғалақтап кетіп, өзі сабырлы, салмақты адам, тіпті орнынан тұрып кете жаздайды.

Жыр аяқталды, түннің бір уағы. Дүйсекең қалтасынан бір балық сияқты жылтыраған әдемі шап-шағын бәкіні алып шықты да: «Баянғали айналайын, жол үстінде кездестік, саған менен бір естелік, сыйлық болсын, осыны қабыл ал!» — деді. Сол кезде Кемел аға айтты: «Қазақ бәкі сыйламайды ғой, пышақ сыйламайды!» — деді. Дүйсекең оған: «Бұл енді пышақ емес қой, сувенир ғой» деп жауап берді. Сонда Кемел аға: «Сувенир болса да, бұның

суевериеcін жояйық!» деп, қалтасынан бір сом темір ақшаны алып шығып, Дүйсекеңе берді. «Сатып алған болайық!» деді. Дүйсекең қалтасына салып қойды. Кейін бір кездескенде ол кісі: «Кемел ағаның берген бір сомы әлі күнге менде сақтаулы» деді. Ақтаудан аттанарда вокзалдың басында суретке түскенбіз. «Сол суреттерді бертінде, Маңғыстауға келгенде Қасым-Жомарт Кемелұлына ресми кездесуде, жұртшылықтың көзінше атап тұрып бердім. Риза болып, қуанып қалды», – деді Дүйсекең. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әке туралы естелік кітабында біздің сол сапарда түскен төрт суретіміз бар.

Әлқисса, әлгі поездан Дүйсекеңдер «таң ата біз түсіп қаламыз» деп, қоштасып кеткен. Біз ұйықтап қалдық. Бір кезде таң ата, таңғы сағат жетіде ме, біреу купені қағады. «Кемел Тоқаев ағамыз бар ма екен осында?» дейді. Купеде ағай екеуміз-ақ келе жатырмыз. Есікті аштық. Сөйтсек, бір қойдың етін көтерген, шұбат, қымызы бар, тағы басқа дәмдері бар, дастарханды көтеріп адайдың арыстандай азаматтары арсалаңдап кіріп келсін. Бірінші секретарь Дүйсенбі Әріпов тапсырған көрінеді. Тоқтаған станциямыз Бейнеу ауданының шекарасындағы ең соңғы станция екен. «Ары қарай басқа облысқа кетесіздер. Мына біздің ауданның жерінен өтіп бара жатқанда бір малдың басын мүжіп кетсін деп, Дүйсенбі басшымыз әдейі жіберді» деп қарап тұр қасқалар. Даладай дархан жігіттердің түнімен қой сойып, дайындалып, дастархан әкеліп тұрған ықыласы көңіл толқытты. Поезд ол жерде 20-30 минут аялдады. Содан сөйлесіп, танысып, білістік. Кемел ағаны бәрі біледі екен, кітаптарын, шығармаларын оқыған. Ақсақал ағамыз алғысын айтып, ары қарай аттанып кете бардық.

Сонымен, әлқисса, Кемел аға екеуміз Қызылордаға келдік. Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қазантаев қарсы алды. Ол жерде газеттің редакторы, жазушы Зордан Салықбаев бізбен бірге жүрді. Кітап дүкендеріне барғанда қазақ жазушыларының біраз кітаптары сөреде тұрады ғой. Жаңа түскені бар, өтпей тұрғаны бар деген сияқты. Сонда Кемел аға күледі: «Менің кітаптарым мұнда табылмайды, менің кітаптарым тұрмайды, тез сатылып кетеді» дейді. Шындығында да солай еді, ол кісінің кітаптары тез сатылып кететін.

Сонымен ауданның ауыл-ауылдарын аралап, кездесулер өткіздік. Барған жерімізде Кемел Тоқаевтың оқырман қолында жүріп, жұлым-жұлымы шыққан кітаптарын көреміз. Ол кісі өзі ақырын сөйлейтін, салмақты, байсалды жан, нағыз зиялыға тән әдеп, сабырынан бір жаңылмайды. Әр сөзін орнымен, ретімен айтатын. Көтеріп, жазып жүрген тақырыбының өзі қиын ғой. КГБ, ЧК жөнінде жазып жүрді. Ар жағына тереңдетіп жібермейді ғой. Мысалы, милиция жөнінде жазғанда да бәрібір советтік цензура бақылап отыр, Компартияның, Совет өкіметінің саясаты бар. Оны былай басқаша көрсетуге болмайды, тек жақсы жағынан көрсету керек. Соның өзінде амалын тауып, ағамыз детективтік шығармалар жазды. Ал енді ЧК жөнінде, КГБ жөнінде жазған еңбектерінің ішінде кейіннен тарихи жағына да барды бұл кісі. Кішкене тақырыбы ашылған кезде ме екен, ЧК-ның да біздің халқымызға жасаған қиянаттары жөнінде ептеп әңгіме қозғады-ау деймін. Тұрсын Жұртбай бір сөзінде айтып еді, Жетісу бойында болған бір оқиғаларға қатысты сондай әңгімелерді айтты деп. Кемел аға архив деректерімен жұмыс істеген ғой. Ол кісілерге КГБ рұқсат беріп, онда да баратын, көретін жеріне дейін ғана жі-



береді, ар жағын ашпайды ғой. Құпиялар, талай нәрселер жатыр ғой. Мұны айтып келе жатқан себебім — Қызылорданың Жалағаш ауданында, бір ауылда кездесу болды. Кездесуде Кемел аға сөйледі, барлау жөнінде, барлаушылар жөнінде әңгіме айтты. «Ал енді бір тақырыпты қаузап, соны тексеріп жүрмін. Жазып жатырмын, шығара алмай жүрмін әлі. Бір қазақ барлаушысы болған екен. Құпия тапсырмамен шетелге кетіп, сол жақта көп жұмыстар істеген. Өте ірі барлаушы болған. Соның тағдыры, соның жолы мені қызықтырады», — деп әңгіме айтты. «Аты — Ғали. Ғали деген атына қарағанда, Кіші жүз болу керек», — деп күлді. Залдағы жұртшылық та күліп жіберді. «Өйдөйт, керейт болуы керек онда!» — десті. Жетіруда керейттер бар ғой. Міне, сол әңгіме есімде қалыпты.

Ғали туралыны ол кісі кейін жазып шығара алды ма, шығара алмады ма, білмедім. Оны кітаптарынан, кейінгі жазған дүниелерінің арасынан іздеп көру керек шығар. Міне, осындай бір қазақтың барлаушы болған азаматының құпия, шытырман ерлік жолын ол кісі жұрт алдындағы әңгімесінде қозғап еді. «Бұл Абель сияқты үлкен тұлға, үлкен барлаушы. Тұтқынға түсіп қалған Абельді шетелдік ұшқыш Пауэрске ауыстырды ғой. Ғали да сондай тұлға. Әлі күнге оның есімі құпия сақталады. Құпиясы ашылмайды. Өйткені айтуға болмайды. Барлау деген қиын нәрсе ғой. Ол кісі дүниеден озып кетсе де, мүмкін, оның араласқан, қарым-қатынаста болған адамдарына зияны тие ме, я барлау жұмысының бір құпиялары ашылып қала ма, кім білсін? Әйтеуір, шамалары келгенше бәрін секретте, құпияда ұстап тұрады ғой!» — деген еді. Міне, Кемел ағаның айтқан бір үлкен әңгімесі. Арғы жағын көп ашып айта алмайтын заманда барлау дегеннің не екенін, детектив дегеннің қандай қиын, шырғалаң жол екенін емеурінмен ептеп қана меңзеп түсіндіріп еді. Сөйтіп, екі аптадай сапарлас, сырлас болып, Алматыға оралып едік.

Содан кейін Алматыда бір күні Кемел аға: «Дүйсенбі Әріпов келіп жатыр. Сен кел, бірге отырып қонақ бол», — деді. Жазушылардың Шығармашылық үйінде біз Дүйсенбі Әріпов ағаны қарсы алдық. Сол кезде Қасым-Жомарт Кемелұлын көрдім. Кемел аға: «Менің ұлым — Қасым-Жомарт. Москвада аспирантурада оқиды», — деп бізді таныстырып еді. «Бірнеше шет тілін біледі», — деп баласына риза болып, әкелік мақтанышпен айтты. Оның бәрін айта берсек, үлкен әңгіме. Біз Кемел ағамен сыйласып, жақсы қарым-қатынаста болдық. Кейін мен елге көшіп кеттім. Ол кісі өмірден озды. Қазақ әдебиетіндегі детективтік шығармалар көшін бастаған асыл аға Кемел Тоқаевтың жарқын бейнесі менің есімде парасатты, ізгі жан ретінде қалды. «Бекет атаның үйі» деген өлеңімде Кемел ағаның жарқын бейнесі бар. Міне, бұл да бір айтылмаған, қырық жылдай есте жүрген ұмытылмас естелік.

«Қазақ үні», 17 мамыр 2021 жыл



Рақымжан ТҰРЫСБЕК  
филология ғылымының докторы, профессор

# АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ

(Қаламгер К.Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы хақында)

● **Редакцияда:** Қазақ Адабиятында әдептив жазғандардың шығармаларының негізгі қаламгері Қасым Тұрсынұлы Әлімбаевтің қолымен жазылған «Солдат соғысқа кетті» романының басылымдарының бірі болып табылатынын атап өтуге тиіс. Бұл романның авторы – қазақ әдебиетінің аса талантты жазушысы, профессор Рақымжан Тұрысбектің қолымен жазылған. Оның бұл шығармасын оқығандарға қаламгердің өзінің өмірі мен тәртібі туралы кеңірек білетіндеріне қызығушылық туғызып отыр.



# және СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ

«Солдат соғысқа кетті» романының авторы – қазақ әдебиетінің аса талантты жазушысы, профессор Рақымжан Тұрысбектің қолымен жазылған. Оның бұл шығармасын оқығандарға қаламгердің өзінің өмірі мен тәртібі туралы кеңірек білетіндеріне қызығушылық туғызып отыр. Бұл романның авторы – қазақ әдебиетінің аса талантты жазушысы, профессор Рақымжан Тұрысбектің қолымен жазылған. Оның бұл шығармасын оқығандарға қаламгердің өзінің өмірі мен тәртібі туралы кеңірек білетіндеріне қызығушылық туғызып отыр.

дегі таңқаларлық жағдайлар туралы білгендеріне қызығушылық туғызып отыр. Бұл романның авторы – қазақ әдебиетінің аса талантты жазушысы, профессор Рақымжан Тұрысбектің қолымен жазылған. Оның бұл шығармасын оқығандарға қаламгердің өзінің өмірі мен тәртібі туралы кеңірек білетіндеріне қызығушылық туғызып отыр.

## АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ (Қаламгер К. Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы хақында)

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,  
филология ғылымының докторы, профессор

Қазақ әдебиетінде детектив жанрында жазылған шығармалардың негізін қалаған Кемел Тоқаев — Екінші дүниежүзілік соғыстың тереңіне бойлап, психологиялық қатпарын ашып берген қаламгер. Оның кейіпкерлері майданға қатардағы азамат болып аттанып, кескілескен күрес күндерінде қаһармандарға айналады. Жазушы ура — патриотизмнен аулақ. Өйткені совет солдаттарының ішінде Власов сияқты алаяқтар да бар. Құрметті оқырман, сізге филология ғылымының докторы, профессор Рақымжан Тұрысбектің шолу мақаласын оқып шығудың мүмкіндігі туып отыр. Бұл өзі шолу сипатында жазылғанымен, «Солдат соғысқа кетті» романының тұтас мазмұнын үздік үзінділермен кестелеп, оқырманды жетелеп отыратын салмақты дүние. Егер сіз «Солдат соғысқа кеттіні» бұрын оқымаған болсаңыз, онда төмендегі мақала сізді романмен толық танысып шығуға шақырады.

Қаламгер К.Тоқаевтың шығармалар жинағының алғашқы кітабына «Солдат соғысқа кетті» романы және екі повесі енген. «Солдат соғысқа кетті» романының бастапқы бөлігінде: «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан полтурок Қасым Болтаевқа арнаймын», — деген

Кемел Тоқаев — ертегі мұрагері

эпиграф берілген. Кейінгі кезекте «Солдат күнделігінен» деген қысқа жазбалар орын алып, онда әскери училище курсанттарының лейтенант атағын алу үшін емтиханға әзірленуі, жаттығу сәттері, майдан алдындағы дайындықтары баяндалады.

Романдағы шағын жазбалар жиынтығы — «Жауға атылған алғашқы оқ», «Ұзақ жолда», «Айқас алдында», «Олар жетеу еді», «Жау тылында», «Ерекше тапсырма», «Солдат өмірі осындай», «Ашылмай қалған сыр» атты ішкі бөліктерден тұрады.

Романның «Жауға атылған алғашқы оқ» атты бірінші бөлімінде әскери дабылдан кейінгі батальон, взвод, ротаның айқас алдындағы әрекет-қимылдары, ел-жер жайлы толғаныстары, Отан мен отбасы төңірегіндегі сағыныш-сүйіспеншіліктері шынайы сыр шертеді. Бөлімше командирі Котов, взводтың алғы сапындағы Мұхамед пен Мейірманов, старшина Власов, ефрейтор Демин, мұғалім Сатрапинский және басқалар әр тұстан әңгіме-дүкен құрып, ортаны қыздыра түседі. Еске түсірсек, мұғалім Сатрапинский мен Власов арасындағы қысқа тілдесуден олардың өмір-тұрмыс, тіпті мамандық хақындағы таным-түсініктері әр қырынан көрініс береді. Сатрапинскийдің ой-сезім жүйесінен білгірлік мен білімділік, кеңдік пен кішілік, ұстаздық ұлағаты терең танылса, Власов сөзінен қызбалық пен кекесін, өзімшілдік пен ой жұтандығы аңғарылар еді. Керісінше, Мұхамед пен Мейірманов арасындағы өзара әңгіме өрісінен ортақ мақсат-мүдде бірлігіне, өткен күн мен қилы кезеңнің, сындарлы уақыттың елесті тұстарына, белгі-ерекшеліктеріне, отбасылық тарих пен тағдыр талқысына көп мән беріледі. Екеуара әңгімеден күрделі кезеңнің келеңсіз көріністеріне байыппен қарау, өмір мен тарих тағылымына жіті көз, сергек көңілмен мән беру, байыпты бағалау-саралау сынды сипат-сырлар айқын аңғарылады. Тиісті тұста Мұхамед пен Мейірманов отбасылық ахуал мен жастық кезеңнің ауыртпалықтарын да еске түсіреді. Әулиеата, Меркі, Пішпектегі өмір, тұрмыс суреттерін де, ондағы жақын-жуық, бауыр-туыс төңірегіндегі өкінішті-өксікті жайларды да орынды сөз етеді. Бастысы, Мұхамед пен Мейірманов арасындағы адами қарым-қатынас, достық көңіл, сыйластық сырлары, басқа да ұнамды сипаттар романның мазмұн жүйесінен, оқиға желісінен, даму үрдістерінен де терең танылады.

Роман табиғатына ден қойсақ, күндіз-түні дамылсыз жүрген пойыз кенеттен жедел тоқтаған-ды. Лейтенант Қоршуновтың жанталаса айқайлағанынан аңғарылғаны, жау самоләті жербауырлап ұшып, вагондарға, солдаттарға қарсы оқты тоқтаусыз жаудырған екен. Ұзын составтың бойымен жанамалай ұшып, жүгері алаңына қарай бет түзегені байқалады. Өз кезегінде Мейірманов жау самоләтін де, ұшқышын да анық аңғарды. Жақындағанын, оңтайлы сәтті күтті. Мейірмановтың жауға атқан алғашқы оғы мүлт кетпеді. Осы сәтте: «Жалын аралас қара түтін бұрқ етіп аспанға көтерілді». Қысқа уақыт аралығында Власов жүгері арасынан шығып: «Жау самоләтін қираттым. Атып түсірген — мына мен!» — деп атын шығарып, мадақ сезімге бөлене бастады. Бастапқы тұста төңірегіндегілер сеніп, дауыс қосып, көтермелеген еді. Бүкіл батальонға «Власов ерлігі» тарап та үлгерген-ді. Алайда Мұхамед старшина Власовтың айтқаны өтірік, ерлігі жалған екенін дәлелді дәлдіктермен жүйелі жеткізіп, байыпты баяндайды. Тіпті тиісті тұста: «Ствол таза, оқ атылмаған!» — деп, дәлелін көпшілік алдында анық та қанық етіп жеткізеді. «Ал мынау — сержант Мейірмановтың винтовкасы. Дәрінің ізі де, иісі де

бар!» — деп бастапқы ойларына екпін түсіріп, нақтылы сөз етеді. «Власов ерлігі» жауынгерлер тарапынан аяқасты етіледі.

Романның «Ұзақ жолда» бөлімінде батальонның айқас алдындағы қарбалас шақтары, күндіз-түні майдан шебіндегі тоқтаусыз жүрген мазасыз сәттері, азап-бейнетпен қазылған окоптар сөз болады. Бұдан басқа, жауынгерлер арасында, әсіресе Қойбағаров пен Бабахуновтың қиын кез, сындарлы сәттердегі ортақ түсіністігі, Власов, Рогов, Демин сынды азаматтық борыш пен жауапкершілік жүгін терең сезінбейтіндердің астыртын әрекеттері, ауырдың үстімен жүруге бейім «қабілеттері», ұсақ сөз, арзан қулыққа жақын жат қылықтары сәт сайын сезілді. Бас шайқап, бармақ тістеп, кеш түсінген дәрменсіз халдері де танылады. Жалған атақ, әсіре мадақтың «жалын-жылуы» жоқ «қысқа ғұмыры» да жұртқа белгілі болады. Өтіріктің өрісінің қысқа болатыны, жалған сөздің жарға жығатыны айғақталады. Маңыздысы, Власов сынды «астыртын әрекет, жымысқы жүрісті» жауынгерлердің өмірдегі қалпы, соғыстағы сиқы сәт сайын әшкереленіп, алға басқан аяқтары кері кетіп, адымдарын аштырмайды. Қоғамға керексіз «көлеңкелі адам» ретінде де, ұнамсыз бейне ретінде де есте қалып қояды.

«Айқас алдында» атты бөлімде от пен өрт көріністеріне кеңінен тоқталады. Батальон комиссары Алиев пен Мұхамед арасындағы қысқа әңгімеде солдат өмірі, соғыс барысындағы қиындықтар сөз етіледі. Әңгіме арасында Мұхамед ағасы туралы бірқатар деректерді Алиев аузынан естиді. Онда әсіресе: «...Мен училищені бітіріп, сонда сабақ беріп жүргенде ол курсант болатын. Ерекше естияр, салмақты жігіт еді. Оқығандарын жадында түгел сақтайтын, қай кітаптың бетінде не жазылғанын жатқа айтатын. Қайсы бетте әріп қателерінің кеткенін де білетін. Осылай жүріп достасып кеттік. Неміс самолеті жайында әңгіме қозғалғанда сені алғаш рет көрдім ғой. Жүзің таныс көрінген. Екеуің бір-біріңнен айнымайсыңдар», — дегені, оны өзіне жақын тартып, ортақ мүдде бірлігіне икемделгені ойға қонымды баяндалады.

Келесі тұста екі дос — Мұхамед пен Мейірмановтың әңгімесі өмір мен өлім төңірегінде өрбиді. Мейірманов училищедегі тактикалық сабақтар тұсында «Тұла бойына тұтас ақ жамылған» бейтаныс бейнені жиі көретінін ауызға алады. Қайсыбір тұста оның: «Балам, 28 октябрьге дейін мәулет берем. Одан әрі қарғыстан арашалап ала алмаймын!» — деген сөзі жадынан шықпайды. Жазмыш мәні, тағдыр ісі дегенге ден қояды. Адам мұраты, өмір мәні төңірегіндегі ойларға негізделген сыр-сұхбат құрады. Адам орны, дүние дидары, дін сипаты жөнінде де ортақ ойлар тоғыстырады.

Романның «Олар жетеу еді» атты бөлімінде 0,85 биіктікті бағындыру, бекіністі басып алу жөніндегі арнайы тапсырма бөлімше командирі Мұхамедке жүктеледі. Бастапқыда 0,85 биіктік немістердің бақылау пункті болса, кейінірек нағыз ұрыс алаңына айналады. Сол себепті «Өшіккен жау ызалы, үздіксіз шабуыл жасауда көрінеді... Немістер тынымсыз атқылап жатыр. Ракета жиі көтеріледі». Осындай сын сағаттарда Мұхамед және оның қарамағындағылар өзара берік байланыс орнатып, ортақ жауға қарсы күресте табандылық пен төзімділік танытады. Мұндайда, әрине, қырағылық басты өлшем болады.

«Арнайы тапсырма» алған Мұхамед бөлімшесін баяу болса да, алға бастап келеді. Әр тұстан көтерілген ракеталар, пулеметтің сақылдаған үні, үздіксіз атқылаған оқ пен өрттің алау-жалыны да алға басқан аяққа кедергі

келтіріп, тұсау болады. «Айналаның бәрі бір түсті көріністер: қираған танктер, машиналар, жыпырлаған кісі өлігі...»

Мұхамедтің бөлімшесіндегілер жау жақты қырағы бақылап, әр қадамын аңдып басты. Әр оқтың нысанаға дөп тиюіне жауапты болды. Әрбір әрекет, қимыл-қозғалыс қатаң бақылауға алынды. Көкке көтерілген ракеталар, танк маңы мен солдаттар қатары да назардан тыс қалмады. Фрицтердің бағыты мен әрекет-қимылдары да жіті бақыланды. Әсіресе «Катюша» алғаш атылып, немістер жан сауғалап, кері шегініп, құты қашқан сәттер әсерлі суреттелген. Сержант Мейірмановтың «шартты күні» өмір сапарының аяқталуы көптің көңілін алаң етеді. «Шартты күнгі» өлімнің себеп-сырына: «Мұхамед командованияның ерекше тапсырмасын орындау кезінде, Польша жерінде, Ломда қаласының түбінде Мейірмановты өлтірген жаудың жаназасымен бетпе-бет кездесті».

Анығында, 0,85 биіктікті алу жолындағы жанкешті ұрыста лейтенант Коршуновтың жауынгерлермен берік байланысы, Қойбағаров, Демин, Фаткуллиннің ерлік өлімі, Бабахунов, Исаев, Иванов, Чумаков т.б. кейіпкерлердің соғыстағы ерлік істері, ішкі қарым-қатынастары көркем көрініс тапқан. Майдандағы жеті өлшеп, бір кесетін дәлдік пен нақтылық, сабырлылық пен шыдамдылық, ұстамдылық сынды белгі-ерекшеліктер де кеңінен сөз болады.

Романда Сталинград шайқасынан кейінгі майдан жорықтары мен қилы көрініс-оқиғалар да нанымды әрі жан-жақты бейнеленген. Мұхамедтің қарамағындағылар ерекше тапсырманы әлденеше рет орындады. Алдыңғы шепте де болды. Жау тылына да барды. Майдан даласында лейтенант Кароев пен оның жақтастары Власов пен Роговтың жылпостығы, опасыздығы ашылды.

Романдағы оқиғалардың баяндалу барысы еркін де жүйелі өріс алған. Майдан даласы, жорық жолдары. Жауынгерлердің жан қатпары, соғыс сәттеріндегі оқиғалар желісі — бәрі-бәрі тарихта болған, ақиқат биігінен көрінетін жайттар. Әскери училище курсанттарының жаттығу мен тактикалық сабақтар тұсындағы әңгімелері, шайқас барысындағы диалог пен монологтары қызықты да тартымды сипаттарымен ерекше әсер қалдырады. Әскерилердің майдан даласындағы әрекет-қимылдарынан, гвардиялық танк бөлімінің қиын да сындарлы сәттердегі тыныс-тіршілігінен, «ерекше тапсырманы» орындау кезіндегі жауапкершіліктері мен жанкештіліктерінен, «жұмбақ әйелдің» астыртын, жасырын жүріс-тұрысы төңірегіндегі қилы қимыл-қозғалыстардан өмір шындығына көз жеткізуге әбден болады. Ал роман мазмұнының мәні мен мәтін құбылысы, композициялық құрылым жүйесі, сөз жоқ, жазушы шеберлігін танытады. Бастысы, автор тақырыпты еркін меңгергендіктен, соғыс шындығын, әрқилы көрініс-құбылыстар сырын, жауынгерлердің болмысы мен мінезін сенімді суреттеп, жүйелі жеткізеді.

Романдағы кейіпкерлер жүйесін еске алғанда, алдымен, әрине, Мұхамед пен Мейірмановтың етене жақын қарым-қатынасын, содан туындаған адами байланыс пен терең достығын айрықша атар едік. Мұның өзі әуелде атқыштар дивизиясы қайта құрылып жатқан тұстан-ақ айқын аңғарылады. Тіпті екеуі бір взвод құрамында болып, 1-2 бөлімшенің командирі болып тағайындалған тұста-ақ ұнамды белгі-ерекшеліктерімен жіті танылады. Мейірмановтың осы тұста: «Екеуіміздің бірге болғанымыз қандай жақсы болды», — деп, өзін емен-жарқын сезініп, кіршіксіз көңілін бүкпесіз білдіруі, олардың ортақ мақсат-мүдде бірлігін терең түйсінгендерін аңғартады. «Солдат күнделігінен»

атты жазбалар жиынтығының алғашқы беттерінде бұдан басқа тактикалық сабақ мәні, Сталинград майданының бағыты, соғыс алдындағы жаттығулар сипаты терең де қанық айқындалады. Бұдан кейін Мұхамед пен Мейірманов взводтарының соғысқа аттану сәттері, сын сағаттағы оқыс тапқырлық әрекеттері сөзге арқау етіледі.

Мұхамед пен Мейірмановтың өмірдегі, майдандағы адами һәм жауынгерлік бейнелері қарапайым қарым-қатынастан басталып, Отан мен отбасылық ортақ мұрат-мүддеге ұласады. Адами һәм азаматтық болмыс-бітімі, өмірлік бағыты мен жауынгерлік ұстанымдары да ұнамды сипат алады. Мұхамед пен Мейірманов бейнелеріндегі адамгершілік белгілері, олардың жауынгерлік жолы осыған келіп саяды.

Роман оқиғасы мен даму желісінде жиі көрінетін өзге ұлт өкілдерінен тұратын: батальон комиссары — Алиев, бөлімше командирі — Котов, майорлар — Решетников, Стальский, капитандар — Колодкин, Сергеев, Федоров, Хуторкин, лейтенанттар — Кароев, Қоршунов, Головин, Одеров, ефрейтор — Демин, старшиналар — Гадалкин, Власов, жауынгерлер — Бабахунов, Исаев, Иванов, Қойбағаров, Маслов, Сатрапинский, Фаткуллин, Чумаков, «жұмбақ әйел» — Елена Горшкова т.б. майдан даласындағы жорық, шайқас, ұрыс үстінде әр қырынан, түрлі сипаттарда көрінеді. Олардың бір-біріне ұқсамайтын қырларын зор суреткерлікпен ашу, әрине, қаламгердің шеберлігіне тікелей қатысты.

«Солдат күнделігін» жетілдіре келе автор: «Бүгін алтыншы күн. Солдаттар жөнді көз шырымын алған жоқ. Біздің батальон полктың басқа бөлімшелеріне қосылмай, алда оқшау, бөлек келеді. Барлаушы бас колонна іспетті. Түні бойы сарт-сұрт жүріс. Аялдау, тоқтау аз. Түн қараңғысында немістің самолеттеріне көрінбей ұзақ жер жүріп қалу керек. Бұйрық солай. Күндіз тоғай арасына, бұталы, қалың жынысты терең сайға кеп паналайды. Тыным жоқ. Күні бойы тырбанып окоп қазады. Тамақ тапшы. Күндік норма — жарты котлек ботқа, төрт сухари, екі шақпақ қант. Эшелонды бомбалағанда мол запас жойылып кетсе керек. Түнгі ұзақ жүріс, күні бойы тырбаңдап окоп қазу солдаттардың титығына жетіп келеді. Жол азабы қашан бітеді? Оны ешкім білмейді...» — деп соғыс ауыртпалығын көз алдына елестетеді.

Бұдан майдан даласы, жауынгерлер өмірі, соғыс шындығы танылса, келесі тұста қос өкпесі қабынған, денсаулығы сыр беріп, демі бітіп, тынысы тарылған жаралы жауынгер, солдат сырқаты былай беріледі: «...Ұрты солып, жүзі қатты тотығып кеткен. Бет-аузын сидіған мұрт, қалың сақал басқан. Көзі әрмен кетіп шүңірейе түскен. Шинелінің омырауы мен жағасы қап-қара сірне. Саусақтарының буындары баттасқан күс. Созылмалы кесел мен тамақ тапшылығы әбден қажытқан».

Қиын кез, қиналған мезетте жауын суын дәкеден өткізіп, шай ішкен тұстар да болған. Мұны автор: «...Қайнаған суға тұз қосса жүрек жалғарлық нәрі, құдіреті бар. Көз қарауытпайды», — деген жолдармен тіптен айшықты етіп бедерлеген.

Лейтенант Қоршуновтың адами әлемі, елдік сыны, өмір мәні, өлім сиқы төңірегіндегі таным-түсініктерінен көрген-түйгені, тәлім-тәжірибесі жан-жақты танылады. «Кісінің тағдыры шешілер қиын шақта оған болысу, шама-шарқынша көмектесу, төнген қатерден құтқарып алу — әрине, жақсы қасиет. Арыстан жүректі арлы жігіт солай істей алады. Сенің қисық істеріңді түзу ғып

ұғатыным, бәлкім, осы мінезінді білгенім шығар. Бірақ кейде отпен ойнап кетесің. Тәуекел түбі жел қайық емес, әрдайым өтіп кете бермейсің. Бір сәтте, өзің ойламаған кезде басыңа үлкен мін тағылып, өмірден біржолата өшіп, жоғалып кетуің мүмкін. Тіпті ескерген күннің өзінде, абыройдан айырылып, мұқалып, шаншылып қаласың. Соғыс заңы, соғыс тәртібі дегеніміз осындай, бауырым! Соғыстың лайсаң толқыны жалмап, жұтып әкетпесін деймін. Ал бізге өмір сүру керек. Шынын айтсам, өлгім келмейді. Өлсең де, қор өлімнен аулақ бол!» — дейді ол тағылымға тартып.


Романның мазмұны мен мәтін құбылысынан мұндай тұстарды, үзік-үзінділерді көптеп кездестіруге әбден болады. Жазушы-майдангер Қ.Исабаевтың айтқанындай, жазушы «Солдат соғысқа кетті» повесінде «Солдат күнделігінің» әр күнін даралап, талдап, соғыстың мән-жайын өзінің көруі, сезінуі бойынша жаза білген». Қаламгер шығармашылығы турасындағы Қ.Қайсенов, С.Қирабаев, Ш.Елеуенов, Ә.Нұршайықов, Ә.Тарази, Р.Ниязбек, Қ.Сәрсекеев, Б.Сарбалаұлы, Ж.Дәуренбеков, Н.Ақыш т.б. естеліктерінің де оқырмандарға берері мол.

Тұтастай алғанда «Солдат соғысқа кетті» романында жауынгерлердің жаттығу кезеңінен бастау алған соғыстың мың сан көріністері, күрделі кезеңнің қилы сәттері нақтылы жағдаяттар негізінде нанымды ашылып, жүйелі де әсерлі суреттеледі. Қаламгер Қ.Тоқаевтың бұл туындысы соғыс шырғандарының, елдік пен ерліктің, адамдық борыш пен азаматтық қасиеттің, жауынгер-солдаттардың өмірі мен қилы кезеңдегі тағдыр-талайының көркем шежіресі десек, артық айтқандық емес.

«Qazaq adabietі», 7 мамыр 2021 жыл







Қ.Тоқаевтың жеке іс парағы.  
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан

## О П И С Ъ

документов, имеющихсЯ в личном деле № \_\_\_\_\_

ТОВ. Тоқаев Жемеш  
(фамилия) (имя) (отчество)

№№ п/п	НАИМЕНОВАНИЕ ДОКУМЕНТОВ	Количест. листов	Дата изъятия документа	Кем изъят документ и по какой причине
1	Отпись о документах	1		
2	Заявление	1		
3	Автобиография	1		
4	Заявление	1		
5	Автобиография	1		
6	Политическая справка	1		
7	Справка	1		
8	Письмо	1		
9	Журнал совещания	1		
10	Копирование	1		
	<i>Секретарь Рубанова</i>			

К.Тоқаевтың жеке іс парағы тізімдемесі.  
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан

Камал Тоқаев - дара мұрас



Автобиография. 3

Я, Тоқаев Камал родился 1923 году в Карагандинском районе, Ялма-агитской области, в семье крестьянина-бедняка. 1932 году поступил в Меркентский район Карагандинской области. С 9 лет начал безотрывно. Начальную школу окончил в 1935 году в Карагандинском районе (там же область).  
 После окончания начальной школы ил начал учиться в Беджуровской туркестанской школе (там же область), где я окончил 1937 году.  
 После окончания Беджуровской школы ил начал учиться в Чимкентской школе продолжительное время.  
 С 1937 года по 1940 года учился в Карагандинской средней школе ил Чимкентской областной школе.  
 1939/40 учебном году окончил среднюю школу, сейчас преподаю в школе Ялма-агитской области.  

Камал Тоқаев

14.02.42

К.Тоқаевтың автобиографиясы. 14.02.1942 ж.  
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан



Әл-Фараби атындағы. 5

Қ. Тоқаев қаласында 1926. 9-мамырда туған. Алматы қаласында  
 Қарағай атындағы р.к. орта мектебінің бітірушісі.  
 9 жасынан бастап бес жыл бойы ақпарат және  
 өнер және өнерінде. 1931. 10-1940-ж. Қазақстанда  
 9-жылдық және орта мектепте оқыды. 1939-40 оқу жылына  
 қазақ. 1940-41 оқу жылына қазақ тіліндегі Қазақ  
 зерттеу институтына, 1 курс, 2 курс және 3-курс.  
 1942. 1-курсқа қазақ тіліндегі оқытушының  
 қызметіне, 1-курсқа қазақ тіліндегі оқытушының  
 заңгерлік және өнерінде бағытталды.  
 На фронтқа шақырылды. Қазақстанда  
 Әл-Фараби атындағы орта мектепте "Әл-Фараби атындағы  
 Ә. Тоқаев", Әл-Фараби атындағы "Заңгерлік"  
 және "Заңгерлік" Сіңірісі.  
 қызметі және қалғандық және қалғандық  
 отандық және қалғандық және қалғандық  
 Сірә, о қалғандық және қалғандық.  
 Тоқаев Тоқаев  
 17. VII. 45

К.Тоқаевтың автобиографиясы. 17.07.1945 ж.  
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан

6

Партияға характеристика  
 на чл. ВКП(б) Тоқсанов Кемел  
 партистан с.т.н. 1944г. № партибилет 6984271  
 Қайыптылықтың қауып, 1943 жылы ретінде  
 оқыған 10 км. Учасында отарлық соғысқа  
 За время пребывания в партийной организа-  
 ции 7 лет, в. м.т.н. т.т.т. т.т.т. т.т.т.  
 тов. Тоқсанов зарекомендовал себя активным,  
 политически грамотным и дисциплинированным  
 коммунистом. Тов. Тоқсанов на протяжении  
 2-х лет вел такую ответственную работу  
 общественной-политической работы как колхоз  
 работ автомобильной, член комсомольского  
 бюро колхоза и первый заместитель  
 колхоза колхоза, в своем отношении  
 тов. Тоқсанов вел себя честно и добросовестно  
 как член коммунистической организации  
 среди этих заслуг тов. Тоқсанов по  
 заслугам партийный и комсомольский

К.Тоқсановтың мінездемесі.  
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан







31. История большевистской печати..... ХОРОШО  
 32. История русской периодической прессы..... ОТЛИЧНО  
 33. Спецкурс по теории и практике советской печати..... ОТЛИЧНО  
 34. Производственная практика..... ОТЛИЧНО  
 35. Военно-физическая подготовка..... ОСВОБОЖДЕН  
 36. Биографии В. И. Ленина и И. В. Сталина..... ЗАЧЕТ

Государственные экзамены сдал по следующим дисциплинам с оценками:

1. Основы марксизма-ленинизма..... ХОРОШО  
 2. Теория и практика советской печати и история большевистской печати..... ХОРОШО

Защитил дипломную работу на тему " Вопросы воспитания молодежи в газете "Ленинжил Жас"

с оценкой ХОРОШО

Ректор Университета

(Т. ТАКИБАЕВ)

Декан историко-филологического факультета


(доцент Ф. А. ЖЕРГЫЯТ)

Секретарь

Регистрац. № \_\_\_\_\_  
 гор. Алма-Ата, 1948 г.

тп2


К.Тоқаевтың диплом қосымшасы.  
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан



Қ.Тоқаевтың жеке іс парағы.  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ архиві қорынан



Қ.1038. Оп. 1. 69-іс. Кемел Тоқаев әскери сарбаздармен. ҚР ОММ



ЖОМАРТ!

Получили твои письма. Спасибо за доброе слово. Ты прав, что уровень культуры любой нации определяются по художественным произведениям. Если честно говорить я писал для вас, для своих детей, на что способен их отец. Поэтому-о, я избрал жанр приключенский теперь именуемый военно-патриотическим жанр. Путь был долгий трудный, тернистый. Чтобы создать хорошую книгу требовалась помощь квалишированных специалистов. Без хвастовств можно говорить с опомощью товарищей 4 ОСЛ. удар" получилась хорошая книга (на енна достоверности), и своей документацией и книга считается ценне актуал. время не берет а наоборот хххх кк. !уеуец  
 рр  
 -ах

Қ.1038. Оп. 1. 52.Л.115-іс. Қ.Тоқаевтың ұлына жазған хаты. ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 70. Л.1-іс. К.Тоқаев, К.Тұрғанбаев, Т.Алмағамбетов.  
С.М.Киров атындағы ҚазМУ. ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 73.Л.1-іс.  
С.М.Киров атындағы ҚазМУ журналистика бөлімінің түлектері. ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 76.Л.10-іс. Қ.Тоқаев. 4-сынып оқушысы. ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 73.Л. 13-іс. Кемел Тоқаев (ортада). ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 76.Л. 16.-іс. Қ.Тоқаев ұлымен.  
Алматы, 1954 ж. ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 76.Л.31-іс.  
Кемел Тоқаев жұбайы Тұраш және оның құрбысымен. 1952 ж. ҚР ОММ



Қ.1038. Оп. 1. 76.Л.50-іс. Кемел Тоқаев жұбайымен.  
1951 жыл қазан. ҚР ОММ



ҚФ.1038. Оп. 1. 76. Л.75 – іс. К.Тоқаев отбасымен.  
1954 ж. ҚР ОММ



### III бөлім

#### Қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Кемел Тоқаев шығармаларының библиографиялық көрсеткіші

##### КІТАПТАРЫ

**Тоқаев К.** Жұлдызды жорық. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1954. – 75 б.

**Тоқаев К.** Тасқын; Көшкен үйдің қонысы қайда? – Алматы: Қазмемкөркемәдеб-  
бас, 1958. – 204 б.

**Тоқаев К.** Замандас сыры: журналистің жол дәптерінен – Алматы: Қазақстан,  
1965. – 259 б.

**Тоқаев К.** Особое поручение: повести; пер. с каз. П.Якушева. – Алма-Ата:  
Жазушы, 1968. – 198 с.

**Тоқаев К.** Түнде атылған оқ. – Алматы: Жазушы, 1971. – 229 б.

**Тоқаев К.** Көмескі із. – Алматы: Қазақстан, 1972. – 208 б.

**Тоқаев К.** Ночной выстрел: повести; пер. с каз. Б.Момыш-улы. – Алма-Ата:  
Жазушы, 1973. – 268 с.

**Тоқаев К.** Сарғабанда болған оқиға. – Алматы: Жазушы, 1975. – 332 б.

**Тоқаев К.** Таинственный след: повести; пер. с каз. Б.Момыш-улы и П.Якушев.  
– Алма-Ата: Қазақстан, 1976. – 408 с.

**Тоқаев К.** Таинственный след [Текст]: повести; пер. с каз. Б.Момыш-улы и  
П.Якушев. – Алма-Ата: Қазақстан, 1976. – 480 с.

**Тоқаев К.** Соңғы соққы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 296 б.

**Тоқаев К.** Солдат соғысқа кетті. – Алматы: Жазушы, 1983. – 400 б.

**Тоқаев К.** Таудағы жаңғырық. – Алматы: Жалын, 1987. – 392 б.

**Тоқаев К.** Солдат соғысқа кетті. – Астана: Елорда, 2000. – 432 б.

**Азамат Кемел Тоқаев:** Өмірі мен тағдыры – Алматы: Парасат, 2003. – 432 б.  
1-бөлім: Қ.Тоқаев. Әке туралы толғанys. 2-бөлім Деректер сөйлейді. 3-бөлім За-  
мандастар лебізі

**Тоқаев К.** Түнде атылған оқ. – Астана: Елорда, 2007. – 368 б.

**Тоқаев К.** Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 296 б.

**Тоқаев К.** Таңдамалы / Кемел Тоқаев. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 293 б.

**Тоқаев К.** Әке туралы ой-толғау = Слово об отце: [Қазақ әдебиетінде детектив  
жанрының негізін қалаған К.Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында] /  
Қасым-Жомарт Тоқаев. – 2-бас., доп., перераб. – Алматы: Дәуір, 2008. – 256 б.

**Тоқаев К.** Таңдамалы / Кемел Тоқаев. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 248 б.

**Тоқаев К.** Таңдамалы / Кемел Тоқаев. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 312 б.

**Тоқаев К.** Таңдамалы / Кемел Тоқаев. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 312 б.

**Тоқаев К.** Шығармалары / Кемел Тоқаев. – Алматы: Ана тілі, 2017. – 384 б.

##### ГАЗЕТ МАҚАЛАЛАРЫ

**Тоқаев К.** Темекі егушілердің еңбегі: Қордай ауд. «Талапкер» колхозы туралы] // Сталиндік жол. – 1948. – 28 сентябрь.

**Тоқаев К.** Пионерлер мен мектеп оқушыларының газеті. [«Қазақстан пионері» газеті шыға бастағанына 25 жыл толуына орай] // Социалистік Қазақстан. – 1955. – 16 апрель.

**Тоқаев К.** Көмескі із: [повесть] // Лениншіл жас. – 1955. – 21, 28, 30 январь, 2, 6, 9, 18 февраль.

**Тоқаев К.** Адам туралы ойлар: [Мемлекеттік пенсия туралы] // Социалистік Қазақстан. – 1956. – 30 сентябрь.

**Тоқаев К.** Дүмше мұғалімдер туралы // Социалистік Қазақстан. – 1956. – 18 июль.

**Тоқаев К.** Секретарьды мадақтаумен өткен бір кеңес: [Талдықорған обл.] Қыдырбаев // Социалистік Қазақстан. – 1956. – 21 апрель.

**Тоқаев К.** Сәтсіз сапар: [жас жазушы К.Тоқаевтың «Көшкен үйдің қонысы қайда?» атты повесінен үзінді] // Социалистік Қазақстан. – 1957. – 14 сентябрь.

**Тоқаев К.** Тасқын: [милиция қызметкерлерінің өмірінен жазылған повесінен үзінді] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1957. – 24 январь.

**Тоқаев К.** Бұған кінәлі кім?: [Талдықорған обл. Қаратал ауд. «Сталин» колхозында малшыларға қамқорлық нашар] // Социалистік Қазақстан. – 1958. – 14 февраль.

**Тоқаев К.** Сапар сәтсіздігі: [очерк жазудағы тәжірибелерінен] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1958. – 31 июль.

**Тоқаев К.** Аржақтағы арпалыс: [повестен үзінді] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 10, 13, 14 сентябрь.

**Тоқаев К.** Малайсары қойнауында: [Алматы обл. Гвардия ауд. «Сарыбұлақ» совхозы] // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 6 январь.

**Тоқаев К.** Болашақ туралы ойлар: [Целиноград қ. туралы] / К.Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 23 сентябрь.

**Тоқаев К.** Семья қуанышы: [Алматы обл. Панфилов ауд. «Калинин» колхозының озат жүгерішісі Т.Сайлаубаев туралы] // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 14 май.

**Тоқаев К.** Сүтпен бірге ет те қажет: [Алматы обл. Кеген ауд. «Кеген» совхозы туралы] // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 28 август.

**Тоқаев К.** Сенім: [тігінші З.Косованова туралы] / К.Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1963. – 15 февраль.

**Тоқаев К.** Мәжілістен бұрын: [Қызылорда обл. Сырдария өндіріс басқ., «Амангелді» совхозы партия ұйымының жұмысынан] / К.Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1964. – 12 сентябрь.

**Тоқаев К.** Жұмбаққыз: әңгіме // Социалистік Қазақстан. – 1965. – 19–20 октябрь. Тоқаев К. Күтпеген қонақтар: [«Замандас сыры» атты көркем суретті очерктен үзінді] // Қазақстан мұғалімі. – 1965. – 1, 9, 13 май.

**Тоқаев К.** Соғыс соқпағында: [повестен үзінді] // Социалистік Қазақстан. – 1965. – 11 апрель.

**Тоқаев К.** Жаңа аудан жерінде: [Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. мәдениеті мен экономикасының дамуы жайында] // Қазақ әдебиеті. – 1966. – 17 июнь.

**Тоқаев К.** Түнде атылған оқ: [кино-повестен үзінді] // Социалистік Қазақстан. – 1967. – 25, 27, 28 июль.

**Тоқаев К.** Жетіжол қойнауында: [Алматы обл. Қаратал ауд. «Жетіжол» совхозы туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1967. – 12 май.

**Тоқаев К.** Заң терминдері хақында: [тіл мәдениеті мәселесі] // Қазақ әдебиеті. – 1968. – 14 декабрь.

**Тоқаев К.** Қыз арманы: [Қызылорда теміржол милиция бөлімінің инспекторы Р.Байтанова туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1969. – 27 декабрь.

**Тоқаев К.** Бұқара жетекшісі: [Ә.Патсаханов, Шымкент обл. Алғабас ауд. Жамбыл сельсоветінің председателі] // Социалистік Қазақстан. – 1969. – 13 декабрь.

**Тоқаев К.** Жыл әуені: [Алматы обл. Кеген ауд. шаруашылықтары жайлы] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1970. – 4 октябрь.

**Тоқаев К.** Түнде атылған оқ: [әңгіме] // Қазақ әдебиеті. – 1970. – 31 июль.

**Тоқаев К.** Азамат: [Қызылорда обл. Терезек ауд. Шіркейлі ауылдық советінің председателі М.Жақсылықов туралы очерк] // Социалистік Қазақстан. – 1970. – 13 январь.

**Тоқаев К.** Ел шырайы: [Солтүстік Қазақстан обл. а. ш. туралы]. Сапар Байжанов // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 22 сентябрь.

**Тоқаев К.** Қара чемодан: [«Сарғабанда болған оқиға» атты кітабынан үзінді] // Қазақ әдебиеті. – 1973. – 12 октябрь.

**Тоқаев К.** Сарғабанда болған оқиға: [осы повестен үзінді] / Кемел Тоқаев // Қазақстан мұғалімі. – 1973. – 13, 20 июль.

**Тоқаев К.** Сарғабанда болған оқиға: [повесінен үзінді] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1973. – 25, 27 март.

**Тоқаев К.** Тұйық жол: [әңгіме] // Қазақ әдебиеті. – 1973. – 9 февраль.

**Тоқаев К.** «Мен дайын, жолдас полковник!»: [«Сарғабанда болған оқиға» повесінен үзінді] // Лениншіл жас. – 1973. – 6 март.

**Тоқаев К.** «Қызыл қыран» операциясы: [романнан үзінді] // Қазақ әдебиеті. – 1977. – 2 сентябрь.

**Тоқаев К.** Қырық жылдан кейін: [«Таңбалы алтын» атты повестен үзінді] // Социалистік Қазақстан. – 1977. – 29–30 апрель.

**Тоқаев К.** Замана дастаны: [Л.И.Брежневтің «Кіші жер», «Қайта өрлеу» атты кітаптары жайлы] // Қазақ әдебиеті. – 1978. – 18 август.

**Тоқаев К.** Дәуір бейнесі: [Л.И.Брежневтің «Тын», «Қайта өрлеу» атты кітаптарының жарыққа шығуына орай] // Қазақ әдебиеті. – 1978. – 22 декабрь.

**Тоқаев К.** Талант өрісі: Владимиров повестері туралы / Кемел Тоқаев // Қазақ әдебиеті. – 1979. – 13 апрель.

**Тоқаев К.** Таудағы жаңғырық: деректі әңгіме / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан. – 1979. – 26–28 январь.

**Тоқаев К.** Әдебиет. Мораль. Право: [Совет милициясы күніне орай, Ташкент қ. өткен СССР Ішкі істер м-трлігінің жауапты қызметкерлерімен өткен конф. әсері] // Қазақ әдебиеті. – 1979. – 7 ноябрь.

**Тоқаев К.** Қиындықты жеңгендер: [Целиноград обл. астық жинау жұмыстарынан] // Қазақ әдебиеті. – 1980. – 24 октябрь.

**Тоқаев К.** Сиқырлы сырлар: [«Ұясынан безген құс – азғын» романынан үзінді] // Қазақ әдебиеті. – 1980. – 26 сентябрь.

**Тоқаев К.** Сұлуқөл суреттері: [Қостанай обл. Семиозер ауд. «Сұлуқөл» асыл тұқымды мал заводындағы егін орағы жайлы] // Социалистік Қазақстан. – 1981. – 29 сентябрь.

**Тоқаев К.** Нан туралы сөз: [Қостанай обл. Семиозер ауд. диханы] // Социалистік Қазақстан. – 1981. – 22 сентябрь.

**Тоқаев К.** Тайғақ жол: [«Ұясынан безген құс – азғын» атты романнан үзінді] // Социалистік Қазақстан. – 1981. – 15, 17 февраль.

**Тоқаев К.** Түндігіңнен түңілме: [шығармадан үзінді] // Лениншіл жас. – 1982. – 1, 6–7 январь.

**Тоқаев К.** «Егінші – мәрт, жер – жомарт»: [Қостанайдың мол астығы жайлы] // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 15 октябрь.

**Тоқаев К.** Пысық жігіт болу айып па?: [Қазақ әдебиетінің 1982 ж. 2 июлі күнгі нөмірінде жарияланған М.Құлкеновтің мақаласына пікір] // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 30 июль.

**Тоқаев К.** Қатерлі жеті тәулік: романнан үзінді // Орталық Қазақстан. – 1983. – 5–6, 8 ноябрь.

**Тоқаев К.** Ашылмай қалған сыр: «Солдат соғысқа кетті» атты романнан үзінді // Социалистік Қазақстан. – 1983. – 2–7 октябрь.

**Тоқаев К.** Олар жетеу еді: [«Солдат соғысқа кетті» үзінді] // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 21 январь.

**Тоқаев К.** Ерекше тапсырма: [«Солдат соғысқа кетті» романынан үзінді] / Кемел Тоқаев // Жетісу. – 2003. – 26 сәуір.

**Тоқаев К.** Елдің транзиттік әлеуетін дамыту экономиканы өркендету үшін аса маңызды шарт болып табылады: [Алматыда ашылатын теңізге шығатын жолы жоқ және тасымал жолында орналасқан дамушы елдердің проблемасы туралы халықаралық конференция] // «Егемен Қазақстан». – 2003. – 28 тамыз.

#### АВТОР ТУРАЛЫ

**Дәуренбеков Ә.** Жазушымен кездесу: [жазушы Қ.Тоқаевтың творчествосы] / Ә.Дәуренбеков // Октябрь туы. – 1983. – 17 декабрь.

**Тоқаев К.** Последний удар: роман / Кемель Тоқаев; пер. с каз. Р.Петрова. – Алма-Ата: Жазушы, 1986. – 272 с.

**Ысқақ Қ.** Соңғы кездесу: [жазушы Қ.Тоқаев туралы эссе] / Қ.Ысқақ // Парасат. – 2000. – № 6. – 20–21, 34 б.

**Әлжанов Х.** Кемеліне келген Кемел еді: [жазушы Қ.Тоқаев туралы] / Х.Әлжанов // Заң газеті. – 2000. – 4 қазан.

**Әлжанов Х.** Кемеліне келген Кемел еді: [Жазушы Қ.Тоқаев туралы] // Заң газеті. – 2000. – 4 қазан.

**Сәрсекеев Қ.** Тектілік: [жазушы Қ.Тоқаев туралы: естелік] / Қ.Сәрсекеев // «Егемен Қазақстан». – 2001. – 20 қазан

**Сәрсекеев Қ.** Тектілік: [Жазушы Қ.Тоқаев туралы: Естелік] // «Егемен Қазақстан». – 2001. – 20 қазан.

**Рамазанова Б.** Дара тұлға еді: [Қоғам қайраткері, жазушы Қ.Тоқаевтың туғанына – 80 жыл] // Қазақстан-Заман. – 2003. – 21 ақпан.

**Төлепберген М.** Елдіктің еңсерілген белестері: [Қ.Тоқаевтың «Преодоление» кітабы туралы] // «Егемен Қазақстан». – 2003. – 8 наурыз.

**Нұршайықов Ә.** Дос: [Жазушы Қ.Тоқаев туралы] // Егемен Қазақстан. – 2003. – 7 наурыз.

**Қожамұратқызы Ә.** Талант тәлімі: [Жазушы Қ.Тоқаевтың 80 жылдығына орай] // Жетісу. – 2003. – 16 тамыз.

**Ыдырысов Ә.** Темірқазық жұлдызым: [Жазушы Қ.Тоқаевтың туғанына 80 жыл] // Жетісу. – 2003. – 27 қыркүйек; Орталық Қазақстан. – 2003. – 23 қыркүйек.

**Кешин К.** Мастер нравственного сюжета: [Вечер памяти каз. прозаика К.Тоқаева] // Казахстанская правда. – 2003. – 24 октябрь.

**Реунова Б.** История жизни и страны: [О кн. К.К.Тоқаева «Преодоление»] // Вечерняя Алматы. – 2003. – 15 марта.

**Елеуқенов Ш.** Аты да, таланты да Кемел: [Тоқаевтың творчествосы жайлы] / Ш.Елеуқенов // Ақиқат. – 2003. – № 6. – 73–77 б.

**Қожамұратқызы Ә.** Талант тәлімі: [жазушы Қ.Тоқаевтың 80 жылдығына орай] / Ә.Қожамұратқызы // Жетісу. – 2003. – 16 тамыз.

**Ыдырысов Ә.** Темірқазық жұлдызым: [жазушы Қ.Тоқаевтың туғанына 80 жыл] / Ә.Ыдырысов // Жетісу. – 2003. – 27 қыркүйек; Орталық Қазақстан. – 2003. – 23 қыркүйек.

**Әлдібаев Н.** Детектив жанрының жаһұты: [жазушы Қ.Тоқаевтың туғанына 80 жыл толуына орай] / Н.Әлдібаев // Жетісу. – 2003. – 30 қазан.

**Баратқызы А.** «Таңбалы алтынды» тапқан қаламгер: [Қ.Тоқаевтың туғанына 80 жыл толуына орай] / А.Баратқызы // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 3 қазан.

**Ниязи Н.** Ұлағатты ұстаз еді: [Жазушы Қ.Тоқаевтың туғанына 80 жыл толуына орай] / Н.Ниязи // Жетісу. – 2003. – 11 қазан.

**Тарази Ә.** Еркектің құрғақ көз жасы: [Жазушы Қ.Тоқаевтың туғанына 80 жыл толуына орай: естелік] / Ә.Тарази // Егемен Қазақстан. – 2003. – 22 қазан.

**Нұршайықов Ә.** Дос: [жазушы Қ.Тоқаев туралы] / Ә.Нұршайықов // Егемен Қазақстан. – 2003. – 7 б.

**Рамазанова Б.** Дара тұлға еді: қоғам қайраткері, жазушы К.Тоқаевтың туғанына 80 жыл / Б.Рамазанова // Қазақстан-Заман. – 2003. – 21 ақпан.

**Қирабаев С.** Сырбаз: [Жазушы К.Тоқаев туралы] // Түркістан. – 2004. – 6 мамыр.

**Қирабаев С.** Сырбаз: [жазушы К.Тоқаев туралы] / С.Қирабаев // Түркістан. – 2004. – 6 мамыр.

**Тоқаев Қ.** Әке туралы толғаныс = Слово об отце [Мәтін]: [қаламгер К.Тоқаев пен Т.Шабарбаева туралы] / Қ.Тоқаев. – Алматы: Парасат, 2005. – 248 б.

**Әке туралы толғаныс** – Слово об отце. Алматы: Парасат, 2005. – 248 б.

**Мәмет С.** Атадан ұл боп туған ұл: [Қоғам қайраткері, дипломат К.Тоқаевтың «Әке туралы толғаныс» атты кітабынан] // Егемен Қазақстан. – 2006. – 10 наурыз.

**Кенжина А.** Вся его осознанная жизнь: [О кн. К.Тоқаева «Слово об отце»] // Экспресс К. – 2006. – 19 января.

**Муканова Г.** Книга об отце: [о кн. К.Тоқаева «Слово об отце»] / Г.Муканова // Мысль. – 2006. – № 5. – С. 74–75.

**Мұқанова Р.** «Беласу» – сыртқы саясат шежіресі... [Көрнекті мемлекет қайраткері К.Тоқаевтың дипломатиялық қызметі туралы кітабына үңілгенде] // Түркістан. – 2007 – 25 қазан.

**Әке туралы ой-толғау** – Слово об отце. – Алматы: Дәуір, 2008. – 256 б.

**Қожахметова М.** Қазақ детективі дегенде ең алдымен Кемел Тоқаев есімі ойға оралады // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 22 тамыз.

**Жайлаубаев Ж.** Тағылым: [Жазушы К.Тоқаевтың 85 жылдығына орай] // Жетісу. – 2008. – 22 қараша.

**Қыдырбек Ә.** Кемел тұлға: [Көрнекті жазушы К.Тоқаев туралы деректі фильм] // Егемен Қазақстан. – 2008. – 3 желтоқсан.

**Қожахметова М.** Қазақ детективі дегенде ең алдымен Кемел Тоқаев есімі ойға оралады / М.Қожахметова // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 22 тамыз.

**Жайлаубаев Ж.** Тағылым: [жазушы К. Тоқаевтың туғанына 85 жылдығына орай] / Ж.Жайлаубаев // Жетісу. – 2008. – 22 қараша.

**Тоқаев Қ.-Ж.** Әке туралы ой-толғау: [қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған К.Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында] / Қ.-Ж. Тоқаев. – Алматы: Дәуір, 2008. – 256 б.

**Қыдырбек Ә.** Кемел тұлға: [көрнекті жазушы К.Тоқаев туралы деректі фильм; режиссерлері Н.Жұманиязов, Д.Қамзанова, Ж.Үмбетова; сценарийін жазған продюсер М.Садық] // Егемен Қазақстан. – 2008. – 3 желтоқсан

**Мырза Әли Қ.** Жазушы мұраты: [К.Тоқаев туралы] // Егемен Қазақстан. – 2009. – 12 наурыз.

**Рахимова Ж.** Аты да, заты да – Кемел...: [жазушы Тоқаевтың туғанына 90 жыл толуына орай] / Ж.Рахимова // Алаш айнасы. – 2013. – 1 наурыз.

**Сұлтанов Қ.** Ел беделі: [ҚР Парламенті Сенатының спикері Қ.К.Тоқаевтың өмір жолынан] // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 2 тамыз.

**Әкімжанов М.** Жақсылығын жар салмаған жан: [жазушы К.Тоқаев туралы] // Егемен Қазақстан. – 2013. – 25 қыркүйек.

**Әйтілеуұлы Ә.** Кемел ағаның қимас досымен кездесуі: [жазушы Тоқаев] // Айқын. – 2013. – 20 желтоқсан.

**Арин А.** Писатель, воин, гражданин: [памяти Кемеля Токаева] / Амре Арин // Казахстанская правда. – 2013. – 11 окт. – С. 14-15.

**Мыктыбаева Ж.** Встреча, согревающая сердца: [к 90-летию со дня рождения писателя Кемеля Токаева] / Жанар Мыктыбаева // Огни Алатау. – 2013. – 29 окт. (№ 121). – С. 3.

**Толмачева Н.** Славный сын Жетысу: [памяти писателя Кемеля Токаева] / Наталья Толмачева // Огни Алатау. – 2013. – 19 окт. (№ 118). – С. 3.

**Мирлан В.** «Жаһандық бәсекеге төтеп беруіміз керек»: [ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевтың Маңғыстау обл. барған жұмыс сапарынан] // Айқын. – 2014. – 5 ақпан.

**Айтжанбай Г.** Текті буыннан шыққан тұлға: [жазушы К.Тоқаевтың туғанына 90 жыл толуына орай] // Айқын. – 2014. – 30 сәуір.

**Атыхан Е.** Кемел ғұмырлы Кемел: [жазушы К.Тоқаевтың туғанына 90 жыл толуына орай] // Айқын. – 2014. – 24 сәуір.

**Ескендір Қ.** Қазақ детективінің ізашары: [жазушы К.Тоқаевтың 90 жылдығына орай] // Егемен Қазақстан. – 2014. – 26 сәуір.

**Әріпұлы Д.** Ата дәстүрін асқақ тұтқан: [Қ.Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» атты кітабынан] // Маңғыстау. – 2014. – 3 сәуір (№ 53–54). – 4-5 б.

**Сәрсекеев Қ.** Жұлдыздар алыстаған сайын айқын көрінеді: [жазушы К.Тоқаевтың шығармалары хақында] // Қазақ. – 2014. – 18 сәуір (№ 16–17). – 6 б.

**Қараман Қ.** Тың тақырыпқа түрен салған: [детектив жанрының көшбасшысы, майдангер жазушы К. Тоқаевтың шығармалары жайында] // Жетісу. – 2014. – 12 шілде (№ 80). – 8 б.

**Сәттібайұлы К.** Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев қаламының қарымы Жамбыл өңірі тарихында // Ақ жол. – 2015. – 17 ақпан.

**Сәттібайұлы К.** Жолбасы: [жазушы К.Тоқаевтың өмір жолынан] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 15 сәуір.

**Сәттібайұлы К.** Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев қаламының қарымы Жамбыл өңірі тарихында // Ақ жол. – 2015. – 17 ақпан (№ 20). – 5 б.

Таран О. Пусть каждый исполнит свой долг: [памяти писателя Кемела Токаева] // Казахстанская правда. – 2015. – 26 июня. – С. 22.

**Ақыш Н.** Соғыс шындығының ұшқындары: [майдангер-жазушы К.Тоқаевтың шығармалары жайында] / Н. Ақыш // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 8 мамыр (№ 17–18). – 7 б.

**Қасымов Д.** Өшпес өнеге иесі: [Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі қазақ жазушысы К.Тоқаев туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 6 мамыр.

**Қасымов Д.** Өшпес өнеге иесі: [Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі қазақ жазушысы К.Тоқаев туралы] / Д.Қасымов // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 6 мамыр (№ 19). – 7 б.

**Сәттібайұлы К.** Тұңғыш: [детектив жанрының тұңғышы, жазушы К. Тоқаевтың шығармалары жайында] / К. Сәттібайұлы // Алматы Ақшамы. – 2016. – 16 маусым (№ 71). – 16-17 б.

**Сәттібайұлы К.** Тұңғыш: [жазушы К. Тоқаевтың шығармалары жайында] / К.Сәттібайұлы // Ақ жол. – 2016. – 2 маусым (№ 64). – 5 б.

**Қасымов Д.** Война и мир: Рассекреченные документы архива Министерства обороны России позволяют по-новому взглянуть на биографию Кемеля Токаева // Литер. – 2016. – 5 мая (№ 66). – С. 6.

#### ЖУРНАЛ МАҚАЛАЛАРЫ

**Тоқаев К.** Жас шеберлер: [балалар техникалық станциясының жұмысы туралы очерк] // Пионер. – 1953. №6. 16–17 бб.

**Тоқаев К.** Қала тарихымен танысқанда: [әңгіме] // Пионер. – 1952. №8-9. 9–10 бб.

**Тоқаев К.** Кек жолында: әңгіме // Әдебиет және искусство. – 1952. – № 3. – 52–59 бб.

**Тоқаев К.** Ізші: повесть // Жұлдыз. – 1957. – № 7, 31. – 61 бб.

**Тоқаев К.** Жасыл алаң: очерк // Пионер. – 1955. – № 6. – 11–13 бб.

**Тоқаев К.** Ажар: әңгіме // Сталин жолы. – 1954. – № 3. – 19–20 бб.

- Тоқаев К.** Нұрлы жол: әңгіме / Кемел Тоқаев // Пионер. – 1954. – № 15. – 17 б.
- Тоқаев К.** Кеңестен кейін: [Алматы обл. Панфилов ауд. «40 лет Октября» колхозының жүгері өсіру тәжірибесінен] // Жұлдыз. – 1961. – № 9. – 120–123 бб.
- Тоқаев К.** Коммунистің ойлары: очерк: [Алматы обл. Кеген өндірістік басқ. «Кеген» ет-сүт совхозының дир. І.Жұмағұлов туралы] // Қазақстан коммунисті. – 1963. – № 11. – 62–67 бб.
- Тоқаев К.** Қар үстіндегі қан: [Отан соғысы кезіндегі партизандар өмірінен] // Қазақстан мектебі. – 1965. – № 5. – 34–39 бб.
- Тоқаев К.** Сарғабанда болған оқиға: повесть / Кемел Тоқаев // Жұлдыз. – 1973. – № 12. – 58–102 бб.
- Тоқаев К.** Таңбалы алтын: повесть / Кемел Тоқаев // Жұлдыз. – 1977. – № 5. – 23–71 бб.
- Тоқаев К.** Ел ырысы еселенді: [Қарасу автотранспорт кәсіпорнының астық тасу науқанындағы жетістіктері жайлы] // Қазақстан ауыл шаруашылығы. – 1979. – № 11. – 17 б.
- Тоқаев К.** Милиция – қорғаның: бір актілі, екі көріністі пьеса // Мәдениет және тұрмыс. – 1981. – № 7. – 8–11 бб.
- Тоқаев К.** Ұясынан безген құс: роман // Жұлдыз. – 1983. – № 9. – 23–79 бб.
- Дәуренбеков Ә.** Жазушымен кездесу: Жазушы К.Тоқаевтың творчествосы // Октябрь туы. – 1983. – 17 декабрь.
- Елеукенов Ш.** Аты да, таланты да Кемел [Кемел Тоқаевтың творчествосы жайлы] // Ақиқат. – 2003. – №6. – 73 – 77 бб.
- Иманғалиев Р.** Кемел ой мен жылы жүрек: Қараман Қ. [Мемлекет және қоғам қайраткері К.К.Тоқаев туралы] // Ақ Ертіс. – 2009. – №3. – 3-7 б.
- Муканова Г.** Книга об отце: [О кн. К.Токаева «Слово об отце»] // Мысль. – 2006. – № 5. – С. 75 – 76.
- Тоқаев К.** Жол азабы: хикая / Кемел Тоқаев // Жұлдыз. – 2007. – № 8. – 3–17 бб.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқы рухани жағынан әлемдегі өте бай халықтардың біріне жатады. Оның мыңдаған жылдар бойы жинақтаған рухани байлығы мен баға жетпес құндылықтары халықтың этникалық болмысы мен дәстүрлі ұлттық дүниетанымында, ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелдерінде керемет көрініс тапқан. Кезінде бір қазақ ғұламасының «Қазақтың әр мақал-мәтелі бір докторлық диссертация тақырыбына сай келеді» деп айтқан сөзі осы рухани байлығымыздың қадір-қасиеттерін тереңнен түсінгендіктен туған деп санаймыз. Халқымыздың болмысындағы асыл қасиеттерінің біріне — тек, тектілік жатады. Халық ауыз әдебиетінде оның мәні мен маңыздылығын көрсететін көптеген мақал-мәтелдер сақталған. Солардың бірі тектілікке қатысты былайша айтылады:

«Текіден текті туады,  
Тектілік тұқым қуады.  
Тектілердің тұяғы,  
Таңдайды күз-қияны.  
Шын тектілер халқы үшін,  
Өлімге басын қияды.  
Жақсы, жаман деместен,  
Жанына жұртын жияды...»

Тарихымызда тектілік қасиеттің ұрпақтан-ұрпаққа дейін жалғасқанын дәлелдейтін мысалдар өте көп. Қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпақтары, Төле бидің ұрпақтары, Әйтеке бидің ұрпақтары, Жолбарыс бидің ұрпақтары, Орта жүздің бес тірегінің бірі болған, Абылай ханның әділ әрі тура айтатын билерінің бірі — Қу дауысты Құттыбай бидің ұрпақтары жеті атаға дейін өз бойлары мен болмыстарында тектілік қасиеттерін сақтап келген екен. Қажет десеңіз, қазақтың әрбір отбасынан тектіліктің іздерін табуға болады.

Бұл жинақ сондай текті әулеттің атасына айналған, қазақ халқына белгілі жазушы, қазақ әдебиетінде жаңа бағыт — детектив жанрына алғашқы боп тыңнан түрен салған әдебиетші, журналист, Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі Кемел Тоқаевтың өмір жолы мен шығармашылығына арналған. Онда жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы замандастарының, әдебиет сыншыларының, шәкірттерінің әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған сирек кездесетін мақалалары, сондай-ақ жазушы Кемел Тоқаевтың майданға дейін және майданнан кейін Қазақ ұлттық университетінде оқыған кезеңінен айғақтар беретін архивтік құжаттар берілген.

Жинақ екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім — «Қаламгер мұрасы». Бірінші бөлімде 40-қа жуық мақала топтастырылған, олардың жазылған уақыты 2003-2021 жылдар аралығын қамтиды. Мұндағы Кемел Тоқаев туралы жазылған мақалалар, біріншіден, жазушының 80 жылдығына, 90 жылдығына, 95 жылдығына арналған мақалалар мен естеліктер, екіншіден, жыл сайынғы 9 Мамыр қарсаңында жарық көрген жеңімпаз жазушы-майдангер туралы



мақалалар, үшіншіден, соңғы жылдары (2018-2021 жж.) жазылған мақалалар жатады. Осы бөлімдегі мақалалардың бір бөлігі жазушыны көзі көріп, онымен араласқан, жақсы қарым-қатынаста болған, шығармашылық жағынан үндес болған, дәмдес болған, жақсылығы мен шарапатын көрген қаламгер аға-інілерінің, замандастарының естеліктері, эсселері болса, келесі бір бөлігі қазіргі жас жазушылар мен журналистердің, жас әдебиет зерттеушілерінің Кемел Тоқаевтың шығармашылығына арналған зерттеу мақалалары болып табылады.

Жинақтың осы алғашқы бөлімінде жазушы-ақындар: Қалихан Ысқақтың «Соңғы кездесу», Қоғабай Сәрсекеевтің «Жұлдыздар алыстаған сайын айқын көрінеді», Шерияздан Елеукуновтің «Аты да, таланты да Кемел», Баянғали Әлімжановтың «Кемел ағаның кеңдігі», Данияр Қасымовтың «Өшпес өнеге иесі», филология ғылымының докторы, профессор Рахымжан Тұрысбектің «Авторлық ұстаным және соғыс шындығы» (Қаламгер К.Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы хақында), Нұрдәулет Ақыштың «Соғыс шындығының ұшқындары», Жақау Дәуренбековтің «Қаламгер қазынасы», Рафаэль Ниязбектің «Қазақ детективінің атасы — Кемел Тоқаев», Несіпбек Айтұлының «Кемел ағаны кеңінен тани түстік», Бақыт Сарбалаұлының «Адалдықты аманаттап...», Жақыпбек Нұрғожаевтың «Ескі гвардиямен» кездесу және орыс тілінде жазушы-журналистер Б.Қанапияновтың «Пульс наручных часов», И.Карякинаның «Основоположник детективного жанра в Казахстане», О.Таранның «Пусть каждый исполнит свои долг» және тағы басқа көптеген естелік, эссе, зерттеу мақалалары берілген.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған жинақтағы екінші бөлімде Орталық мемлекеттік архивінде сақталған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әкесі Кемел Тоқаевтың қиын да күрделі өмір жолындағы белестерін айғақтайтын материалдар берілген. Жазушы, қазақ әдебиетіндегі тың бағыт — детективті жанрдың негізін салушы Кемел Тоқаевтың Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанғанға дейінгі студенттік кезі мен соғыстан кейінгі жылдары оқуын қайта жалғастырып, «журналист» мамандығын алғанға дейінгі жылдарынан сыр шертеді.

Құжаттар жинағына Кемел Тоқаев өмірінің ұлттық университет қабырғасында өткерген өмірі кезеңіне қатысты 10 құжат берілген. Әрбір құжат Кемел Тоқаевтың қандай студент, қандай адам, қандай азамат, қандай тұлға болғанын көрсетеді.

Уақыт жағынан алғанда құжаттар 1942 жылдың 14 ақпанынан басталып, 1948 жыл аралығын қамтиды. Ал Кемел Тоқаевтың жеке ісі 1955 жылдың 14 мамырында жасақталып, архивке өткізілген екен. Ондағы құжаттардың 5-уі — 1942 жылы, 3-уі — 1945 жылы, 1-уі — 1948 жылы және 1-уі — 1955 жылы жазылған.

Енді әрбір құжаттағы мәліметтерге назар салып көрсек.

№1. Құжаттар тізімі. Ол бойынша К.Тоқаевтың жеке ісінде 10 құжаттың тіркелгені, олардың қанша беттен тұратыны көрсетілген. Хатшы Рубанованың қолы көрсетілген.

№2. Өтініш. Онда Кемел Тоқаев 1942 жылдың 14 ақпанында университет ректорының атына өзін филология факультетінің журналистика бөліміне экстерн қабылдауды өтінген. Университеттің оқу бөлімінің бастығы өтінішті қанағаттандырған. Құжат орыс тілінде.

№3. Өмірбаян. Кемел Тоқаев өтінішпен қатар, өмірбаянын бір күнде жазған. Өмірбаянда оның қай жылы, қай өңірде туғаны, әлеуметтік жағдайы, білімі туралы қысқаша баяндалады. Құжат орыс тілінде.

№4. Өтініш. Майданнан оралған бұрынғы студент К.Тоқаев университет ректорының атына өзін студенттер қатарына қабылдау туралы өтініш білдірген. Арыз 1945 жылдың шілдесінде жазылған. Өтініште автор өзінің 1942 жылдың қыркүйек айына дейін университетте оқығанын, 1942 жылдың қыркүйегінен 1945 жылдың мамырына дейін майданда болғанын, жарақаттар алғанын, орден-медальдармен марапатталғанын атап көрсетеді. Құжат орыс тілінде.

№5. Өмірбаян. 1945 жылдың 17 шілдесінде жазылған. Өмірбаян авторы бір бетке өзінің бүкіл өмірін толтырып жазған. Құжат орыс тілінде.

№6. Партиялық мінездеме. 1945 жылдың 9 наурызында Кемел Тоқаевқа берілген. Екі беттен тұрады. Мінездемеде К.Тоқаевтың жағымды жақтары айтылып, дербес комсомолдық басшылық қызметке тағайындауға болатыны айтылған. Құжат орыс тілінде.

№7. Анықтама. 1942 жылдың 4 мамырында берілген. Онда К.Тоқаевтың филология факультетінің журналистика бөлімінің студенті екені айтылған. Құжат орыс тілінде.

№8. Бұйрық. 1942 жылдың 24 ақпаны. Ректордың Кемел Тоқаевты университеттің филология факультетінің студенті қатарына қабылдау туралы.

№ 478 бұйрығының көшірмесі. Құжат орыс тілінде.

№9. 1942 жылғы емтихан қағазы. Онда К.Тоқаевтың «қазақ тілі» пәнінен «жақсы» деген баға алғаны берілген. Құжат орыс тілінде.

№10. Дипломның қосымшасы. 1948 жылы жазылған. Екі беттен тұрады. Онда Кемел Тоқаевтың С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті тарих-филология факультетінің журналистика бөлімінде оқыған кездері мынадай пәндерді тыңдады және емтихан тапсырды деп, 36 пәннің атауы беріледі. Олардың ішінде барлық оқылған пәндердің 16-сы – «үздік», 14-і – «жақсы», 5-уі – «зачет», 1-уі босатылған. Ол – «Әскери-физикалық дайындық» пәні. Сондай-ақ мемлекеттік емтихандарды «жақсы» деген бағаға қорғап, «Лениншіл жас» газетіндегі жастар тәрбиесі мәселесі» деген тақырыпта диплом жұмысын да «жақсы» деген бағаға қорғағаны айтылған. Дипломның қосымшасында университет ректоры Т.Тәжібаевтың, факультет деканы мен хатшының аты-жөндері жазылған. Құжат орыс тілінде.

Жинақтағы 10 құжаттың мәліметтері көрсетіп отырғандай, Кемел Тоқаев Қазақстандағы тұңғыш университет – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып, студент кезінде майданға аттанып, жеңістен кейін оқуын қайта жалғастырғанын көреміз. Оқуын «жақсы» және «өте жақсы» деген бағалармен аяқтаған Кемел Тоқаев облыстық, кейіннен республикалық газеттерде тілші, жауапты хатшы, редактор, бас редактор қызметтерін атқарады. Кейіннен біржолата жазушылыққа бет бұрып, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт – детектив жанрының негізін қалайды, сол бағытты дамытуға күш салады. Әріптестері мен әдебиеттанушы мамандардың бағалауынша, Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының қарлығашы, детектив жанрының негізін салушы, тіпті Нүрдәулет Ақыштың пікірінше, «Кемел Тоқаев – қазақ детективінің атасы» деген атқа ие болады. Ол үш роман, бес повесть және үш әңгімелер жинағын – барлығы 11 кітап жазып, қалың оқырмандардың ыстық ықыласына бөленеді, атаққа да, абыройға да ие болады,

танымал жазушы атанады. Жазушы К.Тоқаевтың бірнеше кітабы оқырмандар сұрауына орай қайта басылып шығады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен жақсы білім алған К.Тоқаев жақсы отбасын құрып, жақсы ұрпақ тәрбиелейді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп қазақ атам айтқандай, текті отбасында тәрбие көріп, адалдық, әділдік, шыншылдық, турашылдық, қайырымдылық секілді тектілерге тән қасиеттерді бойына сіңірген Кемел Тоқаевтың ұлы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі күнде Қазақстан Республикасының Президенті қызметінде еліне адал қызмет етуді жалғастырып жатыр.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
---------------	---

### I бөлім. ҚАЛАМГЕР МҰРАСЫ

Ниязбек Р. Қазақ детективінің атасы — Кемел Тоқаев .....	6
Дәуренбеков Ж. Қаламгер қазынасы .....	9
Толмачева Н. Славный сын Жетысу .....	11
Қанапиянов Б. Гвардия сержанты (Жазушы-майдангер Кемел Тоқаев туралы толғау) .....	14
Ысқақ Қ. Соңғы кездесу .....	20
Мыктыбаева Ж. Встреча, согревающая сердца .....	25
Амре А. Писатель, воин, гражданин .....	27
Ақыш Н. Соғыс шындығының ұшқындары .....	35
Қасымов Д. Өшпес өнеге иесі .....	38
Ибрайымов А. Кемел Тоқаев туралы бір ой .....	43
Ахмет Ж. «Түнде атылған оқ» — детектив жанрының төресі .....	46
Сәрсенхан Б. Детективтің Кемелі .....	49
Әкімжанов М. Жақсылығын жар салмаған жан .....	51
Ботбай О. Қасым-Жомарт Тоқаевтың әке туралы бір үзік сыры .....	56
Айтұлы Н. Кемел ағаны кеңінен тани түстік .....	59
Нұрғалымұлы Ұ. Майдан тудырған сөз .....	61
Тойбек А. ҰОС ардагері, жазушы, қазақ дарабозы — Кемел Тоқаев .....	66
Қарякина И. Основоположник детективного жанра в Казахстане .....	68
Сарбалаұлы Б. Адалдықты аманаттап... ..	70
Таран О. Пусть каждый исполнит свои долг .....	87
Қасымов Д. Война и мир .....	90
Муканова Г. Жолбарыс .....	95
Айжігітов Б. Кеменгер Кемел аға .....	99
Есенжол А. Қазақ детективінің дарабозы .....	100
Қанапиянов Б. Пульс наручных часов .....	101
Нұрғожаев Ж. «Ескі гвардиямен» кездесу .....	105
Магзумова М. Писатель-детектив .....	115
Садық М. Әке аманаттаған әділдік .....	120
Кеңшілікұлы А. Қазақ детективін қашан оқимыз? .....	125
Иса Қ. Қалың ел оқыған қаламгер — бақытты жазушы .....	126
Мұңалбаева Ү. Басты мақсат — жастарды ерлікке баулу .....	128
Әлімжанов Б. Кемел ағаның кеңдігі .....	129
Тұрысбек Р. Авторлық ұстаным және соғыс шындығы (Қаламгер К.Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы хақында).....	137

### II бөлім. АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ СЫР ШЕРТЕДІ

### III бөлім. ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

Қорытынды .....	167
-----------------	-----

Ғылыми-танымдық басылым

**КЕМЕЛ ТОҚАЕВ – ДАРА ТҰЛҒА**

Басуға 31.05.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 <sup>1</sup>/<sub>12</sub>.

Қөлемі 14,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 71

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.